The period will be longer in size; it will be divided into the thematic part and the narrative part in composition; the transmitted thought will be more complete; the tone of voice will continue to rise and fall when spoken; and it will have its own compositional and stylistic features. The article has demonstrated that the period is also found in the artistic style, in journalism, and bureaucratic language, and has demonstrated its characteristics in the Kazakh language. Using specific examples, the form and structural features of the language unit have been analyzed. It has been shown that in this period, there is a part that is counted, stacked, and convenient, and there is a subheading or generalizing part that lives in a common relationship with them. It has thus been found that period linguistics is one of the levels of expression of a convenient relationship, and the importance of its study is made clear.

Conflict of interests, acknowledgements and funding information
The author declare that the article contains no conflict of interest.

Contribution of the authors. O.M. Amandykov contributed in terms of the work design; Zh.A.Zhakupov wrote the text and/or critically reviewed its content, approved the final version of the article for publication, Zh.Zh. Ibrayeva dealt with collection, analysis or interpretation of the results of the work.

References

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2009. – 348 б.

2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш / А.Байтұрсынұлы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

3. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 352 б.

4. Тіл білімі сөздігі / Құраст. Э.Д. Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.

5. Jakobson, R. Language in Literature. – London: Harvard University Press, 1987.

6. Валгина, Н.С. Современный русский язык: Синтаксис: Учебник/Н.С. Валгина. - 4-е изд., испр. - Москва: Высшая школа, 2003. – 416 с.

7. Ломоносов М.В. Русская грамматика. – Москва: Издательство Московского университета, 1755. – 213 с.

8. Шапиро А.Б. О периодической форме речи // Русский язык в школе, 1951. – №1. – С. 26-36.

9. Chomsky, N. Syntactic Structures. – The Hague: Mouton, 1957.

10. Zhakupov Zh. The concept of the period // Tiltanym. – 2013. – №2. – Pp. 67-72.

11. Жақыпов Ж.А. А. Байтұрсынұлының «Шұбыртпалы сөйлемін» жандандыру // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2013. – № 1-2. – Б.179-185.

12. Pirmanova K.K., Tokmyrzaev D.O., Pirmanova A.A. Application of the National Corpus of The Kazakh Language in Linguistic Research // Journal of Ecohumanism. – 2024. –№ 3 (7). – Pp. 2806-2814

13. Kurmanbekova, Z.R., Sarekenova, K.K., Oner, M., Malikov, K.T., Shokabayeva, S.S. A Linguistic Analysis of Social Network Communication // International Journal of Society, Culture and Language. – 2023. – №11(1). – Pp. 119-132.

О.М. Амандыков[1], Ж.А. Жакупов[2], Ж.Ж. Ибраева[3]
[1,3] Quantum STEM School, Астана, Қазақстан
[2] Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Қазақ синтаксисіндегі период ұғымы

Аңдатпа. Қазақ тіл білімінде зерттеушілер ескермей жүрген синтаксистік бірліктер бар. Осындай синтаксистік бірлік – период. Бұл синтаксистік бірліктің қазақ тіл білімінде зерттелуі А.Байтұрсынов пен Н.Сауранбаев еңбектерінен бастау алса да, бүгінде лингвистикада әлі де толық орныққан жоқ. Осы мақалада период категориясы жан-жақты қарастырылып, оның тілдік ерекшеліктері анықталады. Мақалада осы периодтың әртүрлі дискурс стильдерінде, соның ішінде көркем, журналистік және ресми коммуникацияда болуын қарастырады, бұл оның күрделі сөйлемдерді құрылымдаудағы маңызды рөлін көрсетеді. Нақты мысалдар осы периодтың мәтіннің үйлесімділігі мен риторикалық экспрессивтілігін қалай арттыратынын көрсетеді. Периодта санамаланып, қатарласа, ыңғайласа келетін бөліктің болуы, оларға ортақ қатынаста тұратын тақырыпша я қорытушы бөліктің болатыны көрсетіледі. Сонымен қатар зерттеу барысында қазақ тіл біліміндегі период классификациясын кеңейтіп, синтаксистік және стилистикалық функцияларды жетілдірген Ж.Жақыповтың материалдары пайдаланылды. Сондай-ақ, басқа да тілдердегі зерттеулер, атап айтқанда Якобсон, Н.С. Валгина, Михаил Ломоносов, А.Б. Шапиро, Эдвард Сапир және Ноам Хомскийдің еңбектеріне сүйене отырып, осы периодтың жалпы тіл білімі теориясындағы маңыздылығы көрсетілді. Егжей-тегжейлі құрылымдық және синтаксистік талдау жасай отырып, бұл зерттеу қазақ тіліндегі периодты және олардың тілдік рөлін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Түйін сөздер: период, стилистикалық фигура, параллелизм, протазис, аподазис, синтаксистік құрылым.

О.М. Амандыков[1], Ж.А. Жакупов[2], Ж.Ж. Ибраева[3]
[1,3] Quantum STEM School, Астана, Казахстан
[2] Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Период в казахском синтаксисе

Аннотация. В казахском языкознании есть синтаксическая единица, которая в значительной степени игнорируется исследователями: период. Изучение этого синтаксического явления в казахском языкознании восходит к работам А. Байтурсынулы и Н. Сауранбаева. Однако, несмотря на свои исторические корни, это понятие остается недостаточно изученным и не было полностью закреплено в современных лингвистических исследованиях. В данной статье представлен всесторонний анализ периода, выявлены его структурные и функциональные особенности в различных лингвистических контекстах. В исследовании рассматривается присутствие периода в различных стилях дискурса, включая художественную, журналистскую и официальную коммуникацию, демонстрируя его важную роль в структурировании сложных предложений. Конкретные примеры иллюстрируют, как период повышает связность текста и риторическую выразительность.

Исследуется синтаксическая структура периода, выделяются его составные, счетные и смежные элементы, а также включение обобщающего сегмента. Кроме того, в исследовании использованы материалы Ж. Жакупова, который расширил классификацию периода в казахской лингвистики, изучил синтаксические и стилистические функции. В исследовании также сравниваются аналогичные структуры в других лингвистических традициях, опираясь на работы Романа Якобсона, Н.С. Валгиной, Михаила Ломоносова, А.Б. Шапиро, Эдварда Сепира и Ноама Хомского, чтобы контекстуализировать значимость периода в более широкой лингвистической теории. Предоставляя подробный структурный и синтаксический анализ, это исследование способствует более глубокому пониманию периодических структур в казахском языке и их роли в языковой организации.

Ключевые слова: период, стилистическая фигура, параллелизм, протазис, аподазис, синтаксическая структура.

References

1. Baitursynuly A. Til-kural [Language as a tool] (Sardar Publishing House, Almaty, 2009) [in Kazakh]

2. Baitursynuly A. Adebiet tanytkysh [Literature Guide]. In: A.Baitursynuly. Shygarmalary [Works] (Zhazushy, Almaty, 1989) [in Kazakh]

3. Sauranbayev N.T. Kazak til biliminin problemalary [Problems of the Kazakh Linguistics]. Tandamaly [Selected Works]. (Gylym, Almaty, 1982) [in Kazakh].

4. Til bilimi sozdigi [Dictionary of Linguistic Terms]. Ed. E.D. Suleimenova (Gylym, Almaty, 1998) [in Kazakh].

5. Jakobson, R. Language in Literature (Harvard University Press, London, 1987).

6. Valgina N.S. Modern Russian language: Syntax (Higher School, Moscow, 2003, 416 p.)

7. Lomonosov, M. V. Russian Grammar (Moscow University Press, Moscow, 1755).

8. Shapiro A.B. O peridicheskoj forme rechi [On periodic speech form]. RYASH, 1б 77-85 (1951) [in Russian].

9. Chomsky, N. Syntactic Structures. (Mouton, The Hague, 1957).

10. Zhakupov Zh. The concept of the period. Tiltanym, 2, 67-72 (2013).

11. Zhakupov Zh. Revival of the «Compound phrase» by A. Baitursynov. Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute, 1, 179-185 (2013).

12. Pirmanova K.K., Tokmyrzaev D.O., Pirmanova A.A. Application Of the National Corpus Of The Kazakh Language In Linguistic Research. Journal of Ecohumanism, 3 (7), 2806-2814 (2024)

13. Kurmanbekova, Z.R., Sarekenova, K.K., Oner, M., Malikov, K.T., Shokabayeva, S.S. A Linguistic Analysis of Social Network Communication. International Journal of Society, Culture and Language, 11(1), 119-132 (2023).

Information about authors:

Amandykov O. – Kazakh teacher, Quantum STEM School, Astana, Kazakhstan**.** E-mail: amandykovolzhas@gmail.com , ORCID: 0000-0003-3013-116X.

Zhakupov Zh. – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: zhan.zhak58@gmail.com, ORCID: 0000-0002-8141-5501.

Ibrayeva Zh. – English teacher, Quantum STEM School, Astana, Kazakhstan**.** E-mail: zhainagul.ibraeva@quantum.edu.kz , ORCID: 0009-0008-1279-2443.

Амандыков О.М. – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Quantum STEM School, Астана, Қазақстан. E-mail: amandykovolzhas@gmail.com , ORCID: 0000-0003-3013-116X.

Жакупов Ж.А. – филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан. E-mail: zhan.zhak58@gmail.com, ORCID: 0000-0002-8141-5501.

Ибраева Ж.Ж. – ағылшын тілі пәні мұғалімі, Quantum STEM School, Астана, Қазақстан. E-mail: zhainagul.ibraeva@quantum.edu.kz , ORCID: 0009-0008-1279-2443.

Амандыков О.М. – учитель казахского языка и литературы, Quantum STEM School, Астана, Казахстан. E-mail: amandykovolzhas@gmail.com , ORCID: 0000-0003-3013-116X.

Жакупов Ж.А. – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: zhan.zhak58@gmail.com, ORCID: 0000-0002-8141-5501.

Ибраева Ж.Ж. – учитель английского языка, Quantum STEM School, Астана, Казахстан. E-mail: zhainagul.ibraeva@quantum.edu.kz , ORCID: 0009-0008-1279-2443.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.21.07 *DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-37-48*
Ғылыми мақала

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі «уақыт» ұғымы

Д.М. Әбітай[1], Ф.К. Исмаилова[2]
[1] *Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
[2] *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан*

(E-mail: [1] abitaydinara@mail.ru, [2] fari1996@mail.ru)

Аңдатпа. Ағылшын және қазақ мақал-мәтелдеріндегі «уақыт» ұғымы екі түрлі тіл мен мәдениеттегі уақытты қабылдаудың мәдени және философиялық аспектілері жөнінде қызықты зерттеу жұмысын ұсынады. Уақыт – әмбебап тұжырымдама, алайда оның интерпретациясы мәдени контекстке орай айтарлықтай өзгеріп отыруы мүмкін. Мақал-мәтелдер халық даналығының көрінісі ретінде түрлі ұлттардың уақытты қалай қабылдайтынын және бағалайтынын түсінудің маңызды құралы болып табылады. Бұл мақалада уақыт ұғымы екі мәдениеттің мақал-мәтелдерінде қалай көрініс тапқаны зерттеліп, олардың танымында уақытты қабылдаудағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі уақыт туралы мақал-мәтелдерді салыстырмалы талдау уақыт ұғымын түсіну тәсілдемелеріндегі айырмашылықтарды ғана емес, оның маңыздылығы мен қайтымсыздығын түсіну секілді жалпы белгілерді де анықтауға мүмкіндік берді. Ағылшын лингвомәдениетінде уақыт көбінесе тиімділікке, жетістікке қол жеткізу жолындағы басты фактор ретінде көрінсе, қазақ халқы уақытқа философиялық мән жүктейді. Екі халықтың дүниетанымындағы осындай көзқарастар мен ұстанымдарды анықтау барысында салыстырмалы зерттеу әдісі басшылыққа алынды. Нәтижесінде, бұл зерттеу мәдени айырмашылықтар мен ұқсастықтарды тереңірек түсінуге ықпал етеді, сонымен қатар, тілдің мәдени құндылықтарды таныту құралы ретіндегі рөлін айқындайды. Зерттеу жұмысы мәдени антропология мен лингвистика саласындда әрі қарай зерттеулер жүргізуге негіз бола алады, тіл, мәдениет және белгілі бір ұлт дүниетанымының байланысын түсінуге жаңа мүмкіндіктер ашады.

Түйін сөздер: лингвомәдениет, уақыт, философия, дүниетаным, мақал-мәтелдер, халық даналығы, мәдениет.

Түсті: 29.03.2025; Жөнделді: 18.05.2025; Мақұлданды: 31.05.2025; Онлайн қолжетімді: 25.06.2025

Кіріспе

Мақал-мәтелдер паремияның түрі ретінде белгілі бір халықтың тәжірибесі мен сол халық үшін маңызды деп танылатын тұрмыстық, әлеуметтік, тарихи және рухани идеялар мен түсініктерді бейнелейді. Олар халық даналығының жарқын үлгісі іспеттес, сондай-ақ, түрлі мәдениеттердің өзгешелігі мен тілдік санасының бірегей ерекшеліктерін де танытуға тікелей ықпал етеді. Уақыт ұғымы – күллі адамзаттың өмірі мен дүниетанымының іргетасын құрайтын ең негізгі аспектілердің бірі. Ол өмірдің барлық дерлік саласын қамтып, халықтардың тілдері, мәдениеттері мен салт-дәстүрлері арқылы көрініс табады. Қазақ және ағылшын тіліндегі уақыт туралы мақалдар бұл халықтардың күнделікті тұрмыс-тіршіліктері мен өмірлік тәжірибелері жайлы ғана емес, сонымен қатар, уақытты қабылдауға қатысты белгілі бір ұстанымдары мен құндылықтары туралы да маңызды ақпарат ұсынады.

Белгілі бір халықтың тілдік әрі мәдени мұрасы, әрі сол халыққа тән діл, ұлттық болмыс, бірегей құндылықтар мен дүниетанымның көрінісін танытатын мақал-мәтелдерді лингвомәдени феномен ретінде қарастыру ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін түсінуге, сонымен қатар, түрлі халықтар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдерде кодталған мәдени құндылықтар түрлі ұлттардың адамгершілік, қоғамдық қатынастар мен олардың өмірге және табиғатқа деген ұстанымдары туралы түсініктерді қалыптастырады. Олар коммуникативтік немесе прагматикалық функцияны ғана атқарумен шектелмей, аға буын мен өскелең буын арасында білім мен өмірлік тәжірибені тасымалдау құралы ретінде де қызмет етеді. Мақал-мәтелдер халықтың тарихи, мәдени және әлеуметтік тәжірибесінің өзіндік айнасы тәрізді. Бүгінгі таңда қарқынды түрде орын алып жатқан өзгерістер мен даму жағдайында мақал-мәтелдер тұрақты құндылықтарды насихаттаудың негізгі тәсілдерінің бірі болып қала береді. Оларды зерттеу әрбір ұлт үшін айрықша маңызға ие мәдени бірегейлікті сақтау жолында үлкен рөлге ие.

Ғылыми зерттеудің басты мақсаты – қазақ және ағылшын тілдеріндегі уақыт ұғымына қатысты мақал-мәтелдерге салыстырмалы талдау жүргізу. Біз осы мақсатта уақыт туралы түсініктерді қалыптастыруға түрлі мәдени контекстер қалай ықпал ететінін айқындап, қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдер арқылы ортақ немесе өзгеше ерекшеліктерді анықтайтын боламыз.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай міндеттер қойылды:

1. Қазақ және ағылшын мәдениетіндегі «уақыт» ұғымын қарастыру;
2. Қазақ және ағылшын тіліндегі «уақыт» ұғымына байланысты мақал-мәтелдерді жинау және талдау жүргізу;
3. Екі мәдениеттегі уақыт ұғымына қатысты негізгі тақырыптар мен мотивтерді анықтау.
4. Мақал-мәтелдер мазмұнындағы уақыт ұғымына қатысты мәдени ұстанымдар мен философиялық тұжырымдарға салыстырмалы талдау жүргізу.

Зерттеу нысаны – қазақ және ағылшын тілдеріндегі уақыт ұғымына қатысты мақал-мәтелдер.

Зерттеу пәні – мақал-мәтелдер.

Зерттеудің өзектілігі – түрлі мәдениеттер арасында өзара ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететін негізгі факторларды айқындау жолында мәдениетаралық зерттеулер жүргізуге қызығушылықтың артуына негізделген. Уақыт жөніндегі мақал-мәтелдерді зерттеу қазақ және ағылшын тілі мен осы тілдерде сөйлейтін халықтардың мәдениеттері туралы біздің таным көкжиегімізді кеңейтіп қана қоймай, мәдениетаралық коммуникация орнату бойынша дағдымызды дамытуға да ықпал етеді.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Зерттеу материалдары ретінде қазақ және ағылшын тіліндегі «уақыт» туралы мақал-мәтелдер қарастырылды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін Г. Мамырбекова, Л.Н. Уткина, Д.С. Ковалевич, Ю.А. Сорокин, М. Джусупов, К.Е. Алибекова, Ш. Мажитаева, А.Д. Паизбекова, С.А. Чугунова, А. Амирова, А. Бейсенбай, Ж. Өмірбекова Т.Г. Орлова, Е.Э. Хлебникова, Л.В. Никитинская және Д.А. Разоренов секілді зерттеушілер мен ғалымдардың мақал-мәтелдер және уақыт ұғымы мәселелері жөніндегі еңбектері құрады.

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі уақыт ұғымын зерттеу мына әдістерді қамтыды:

Мақсатты іріктеу, зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес қазақ және ағылшын тіліндегі уақыт ұғымына қатысты мақал-мәтелдер іріктелді.

Салыстырмалы әдіс, мақаланы жазу барысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жүргізілді.

Лингвомәдени талдау әдісі, мәтін, біздің жағдайда мақал-мәтелдер мәдени құбылыс ретінде қарастырылып, мәдени ақпараттың тілдік және жалпы мәтіндік қабылдануына талдау жасалды.

Осы әдістерді қолдану нәтижесінде қазақ және ағылшын тіліндегі уақыт ұғымы туралы әр ұлтқа тән соны көзқарастар мен ортақ ұстанымдар анықталды.

Осылайша, бұл зерттеу жұмысы халық даналығы тұрғысынан қазақ және ағылшын тілдерінде «уақыт» туралы бірегей тұжырымдамалар қалай қалыптасқанын анықтауға бағытталған. Зерттеу жұмысының нәтижесі түрлі мәдениет өкілдері арасындағы өзара іс-қимылды арттыруға және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға өз үлесін қосады деген сенімдеміз.

Талқылау және нәтижелер

Әрбір халыққа тән өзіндік мәдениетті тану барысында оның тіліне, тарихына, әлеуметтік жағдайына, географиялық орналасу аймағына, ділі мен дініне кешенді талдау жүргізіледі. Біздің зерттеуіміздің нысаны – уақыт жөніндегі мақал-мәтелдер болғандықтан, біз осы ұғымдарға байланысты тілдік және мәдени аспектілерге баса назар аударды. Амированың пікірінше «мақал-мәтелдер – ұлттық сана мен болмыстың, талғам мен тәжірибенің, ұлттық танымдағы әлем картасының тілдік көрсеткіші» [1, 9]. Ал «уақыт» ұғымы – кез келген тілде түрлі тәсілдер арқылы көрініс табатын концептуалдық жүйенің маңызды компоненті. Өйткені «уақыт» ұғымы белгілі бір кезеңдегі менталитет, ұстанымдар, тарихи оқиғалар туралы дерек ұсына алады. Яғни бұл түсінік «салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік, мәдениет, күнделікті өмір, нормалар туралы білімді кодтайтын жан-жақты менталды білім мен көп қабатты құрылымның (этимологиялық,

универсалдық, ұлттық қабаттар)» кешені [2, 100]. Бұл турасында Джусупов «ұлттық-мәдени кешен – тілдің паремиологиялық құрамының ажырамас құрамдас бөлігі» [3] деген тұжырым жасайды. Уткина уақыт ұғымына «әлемнің тілдік және ғылыми бейнесінің негізін қалайтын абстрактылы ұғым және феномен» [4, 83] деген анықтама берсе, Сорокин ««уақыт» концептісін – әлемнің концептуалдық көрінісін құрайтын негізгі және күллі адамзатқа ортақ маңызды концептілердің бірі» [5, 112] ретінде қарастырады.

«Уақыт» ұғымының грамматикалық концептісінің табиғаты «этникалық өзгешелікке» ие болуы әрбір ұлттың географиялық орналасуына, ата-баба дәстүріне, дінге, этникалық ортасына, мәдени байланыстарға, тілдік ерекшеліктерге негізделеді. Мәселен, ағылшын тілінде грамматикалық уақыт әдеттегі уақыттың аудармасы «TIME» емес, «TENSE» сөзі арқылы беріледі. Разоренов бұл жөнінде «XIV ғасырда ағылшындар өздерінің «этникалық көршісі» Францияның ықпалы мықты болғандықтан, уақытты грамматикалық тұрғыдан белгілеу мақсатында олардан осы сөзді кірме сөз есебінде қабылдаған» [6, 331] деген пікір білдіреді. Қазіргі таңда ағылшын тілінде етістіктің шақтарын белгілеу үшін *Past, present, and future tenses* категориялары қолданылады. Қазақ тілінде де уақыт ұғымының грамматикалық категориясы осыған ұқсас құрылымда көрініс табады. Мәселен, осы шақ, өткен шақ, келер шақ. Мұндағы «шақ» сөзі уақыт ұғымын айқындайтын анықтамалардың бірі. Мамырбековаңың «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде» араб тілінің «уақт» деген сөзінің қазақ тіліне уақыт ретінде еніп, мынадай мән-мағыналарды білдіретіні жазылған:

1. Шақ, сәт.
2. Маусым, мерзім.
3. Мезгіл, кезең [7, 560].

Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымы лингвомәдениеттану тұрғысынан қарастырғанда жан жақты талдауды талап ететін көп қырлы аспект. Ол тілдің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар мәдени, тарихи және әлеуметтік контекстерді де қамтиды. Көшпелі өмір салтымен және табиғатпен тығыз байланысты қазақ мәдениетінде уақыт ұғымы үлкен маңызға ие. Яғни жоғарыда айтылған факторлардың негізінде бұл ұғымды бірнеше негізгі аспектілер арқылы қарастыруға болады.

Көшпелі өмір салты үздіксіз көшіп-қонуды білдірген, яғни ежелде қазақтар уақыт өзгеруіне, яғни мезгілдердің ауысуына орай кеңістікті де ауыстырып отырған. Мысалы, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшкен. Қазақ өркениеті мен мәдениетінде бұл ұғым жан-жақты, күрделі әрі мәдени бояуларға қанық түсініктер. Бұл ұғым қазақ халқының тілінің байлығын, дәстүрі мен халық даналығын, олардың әлемнің тілдік бейнесін қабылдаудағы бірегейлігін көрсетеді.

Ағылшын тіліндегі «уақыт» олардың уақыт туралы ұлттық түсініктерін, мәдени салт-дәстүрлері мен әлеуметтік нормаларын бейнелейтін көп қырлы лингвомәдениеттік ұғым. Ағылшындар уақыт ұғымына қандай да бір жетістікке, табысқа жету жолындағы ресурс ретінде қарайды. Яғни ағылшындықтарда уақыт ақылмен, есеппен сарапталып, барынша тиімді жұмсалуы тиіс құбылыс ретінде қабылданған. Еуропалықтарда, оның ішінде ағылшындарда «уақыт» ұғымы әрдайым қозғалыс контексінде қарастырылады. Д. Лакофф пен М. Джонсон бұл жөнінде «Адам бір-бірінің орнын басатын оқиғалар тізбегі, яғни қозғалыс арқылы уақыт туралы түсініктерін қалыптастырды» [8, 28] дейді. Енді қазақ және ағылшын тіліндегі осы ұғымның бірнеше аспектілерін қарастырайық:

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

1-кесте. Қазақ және ағылшын лингвомәдениетіндегі «уақыт» ұғымы

Ағылшын лингвомәдениеті	Қазақ лингвомәдениеті
Уақыттың кезеңділігі, қайталымдылығы	
Ағылшындар уақыт ұғымын тізбек сипатында қабылдауға бейім, бұл түсінік олардың мәдениеттері мен тілдерінде айқын көрініс табады. Яғни, олардың түсініктеріне сәйкес, оқиғалар бірінен кейін бірі орын алады, әрбір оқиғаның соңынан жаңасы басталады. Уақыт циклдық, қайталымды құбылыс ретінде қабылданатын мәдениеттермен салыстырғанда, ағылшындарда уақыт үздіксіз даму, алға жылжу арқылы өзгешеленеді.	Қазақ мәдениетінде уақыт қайталымды құбылыс ретінде қабылданады. Бұл жыл мезгілдерінің ауысуы, жыл құстарының ұшып кетуі – қайта оралуы, көшпелі өмір салтына сай жазда төрт түлікті жайлауға, қыста қыстауға айдауы секілді табиғи циклдарға байланысты болуы мүмкін.
Лексикалық ерекшеліктер	
Ағылшын тілінде уақыт ұғымына қатысты мынадай түсініктер мен сөз тіркестері бар: Мысалы: Time – түрлі контексте қолданыла алатын, уақытты белгілеуге арналған жалпы сөз; Tense – тілдегі уақыттық қатынастарды белгілейтін грамматикалық категория. ***Time is money*** (Уақыт – ақша) – ағылшын мәдениетінде уақыт тиімді пайдалануды қажет ететін бағасыз ресурс ретінде қарастырады. Сондай-ақ, Time flies (Уақыт – зымыран); Killing time (Уақытты өлтіру) деген тіркестер мен мәтелдер уақыттың жылдамдығын, оның қайта орнына келмейтінін сипаттайды.	Қазақ тілі уақыт ұғымына қатысты көптеген түсініктер мен сөз тіркестеріне бай. Мысалы: Уақыт – түрлі контексте қолданыла алатын, әлдебір кезеңді немесе мезгілді белгілеуге арналған негізгі сөз. Шақ – белгілі бір іс-әрекеттің орындалу уақытын білдіру мақсатында қолданылатын грамматикалық категория. «Уақыт – алтын» – уақыттың баға жетпес құндылығын білдіретін сөз тіркесі. «Кеш», «кеше» және «ертең» – нақты уақыт кезеңдерін білдіретін сөздер, бұл сөздердің мәдени мәні бар. Мәселен, «кеш» сөзі кешкі уақытты білдіріп қана қоймай, «кеш қалмау, кеш қалу» секілді басқа мағынаны да білдіреді. Бұл сөз тіркестері қазақтар уақытты қалай бағалап, оның маңызын пайымдай алатынын көрсетеді.
Уақыт және дәстүр	
Уақыт ұғымы ағылшындарда ұлттық сәйкестендіру не бірегейлендіру барысында маңызды рөлге ие. Салт-дәстүрлер, мерекелер мен тарихи оқиғалары уақытқа қатысты ұжымдық жадты қалыптастырады. Мысалы, Жаңа жылды немесе Рождествоны тойлау мәдени байланыстарды нығайтатын белгілі бір уақыт шеңбері мен ритуалдарына тікелей байланысты.	Қазақ мәдениетінде уақыт белгілі бір салт-дәстүр және әдет-ғұрыптармен тікелей байланысты. Мәселен, көптеген жөн-жоралғылар мен мейрамдар белгілі бір мерзімге немесе уақыт шеңберіне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл буындар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді (Жыл басы – Наурыз; Әз Наурыз болмай жаз болмайды, Жаз болмай, мәз болмайды).
Уақыт философиясы	
Ағылшындардың танымындағы әлемнің тілдік бейнесінде «уақыт» ұғымы ежелгі ағылшын тіліндегідей «Уақыт/Time» секілді гүлдену, өрлеу және молшылық секілді түсініктермен түйіскен созылыңқылықты білдіреді және оған сызықтық, желілік сипат тән [6, 330].	Уақыт ұғымына қатысты қазақ философиясы шыдам, сабыр, күту секілді сөздерді де қамтиды (Мысалы, «Сабыр түбі – сары алтын»; «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа»; «Асықпаған арбамен қоян алар»). Уақыт түсіністік пен құрметті талап ететін әлдебір құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл табиғатпен үйлесімділік және ата-бабаларға құрмет секілді мәні терең мәдени құндылықтардың көрінісі іспеттес.

Яғни, қазақ және ағылшын тіліндегі «уақыт» ұғымы күрделі әрі көп қырлы түсінік. Бұл ұғым мәдени құндылықтарды, тілдік ерекшеліктер мен өмір философиясын қамтиды. «Уақыт» түсінігін лингвомәдениет контексі тұрғысынан зерттеу қазақ және ағылшын халықтарының дүниетанымын және олардың қоршаған ортамен орнатқан айрықша, бірегей байланыстарын түсінуге мүмкіндік береді.

2-кесте. Уақыт ұғымына қатысты қазақ және ағылшын тіліндегі ұқсас мақалдар

Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер	**Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер**	**Мағынасы**
Time is money	Уақыт – алтын	Уақыт құндылығы жайлы
Better late than never	Ештен кеш жақсы	Бір іс-әрекетті ешқашан жасап көрмегеннен гөрі кеш те болса жасап көрген дұрыс
A stitch in time saves nine	Еріншектің ертеңі бітпес	Әрбір дүниені уақытында жасаған жөн
Time flies when you're having fun	Жас кездегі бір минут – қартайғандағы бір жыл	Жас кезде уақыт көз ілестірмес жылдамдықпен өтетіні жөнінде
Time is a great healer	Уақыт – емші	Уақыт өте уайым-қайғының сейіліп, жан жарасы жазылатыны жайлы
Other times, other manners	Елу жылда ел жаңа	Уақытпен қатар қоғамның дамуы, өзгеруі жөнінде
Time will tell	Уақыт – сыншы Уақыт төреші	Әр нәрсенің парқына уақыт төрелік ететіні туралы
The darkest hour is that before the dawn	Батар күннің атар таңы бар	Бүгін ертеңмен жалғасатыны, қандай жамандық болса артынан жақсылық жүретіні жайлы
There is a time for everything	Сабақты ине сәтімен	Қандай да бір істің уақыты келгенде оң бағытта өрбитіні туралы
Old age is a malady of which one dies	Кәрілік – дауасыз дерт	Кәрілікке ешбір шара жоқ екені жөнінде

Яғни біз жоғарыдағы кестеде қазақ тілі және ағылшын тіліндегі «уақыт» ұғымына қатысты мән-мағынасы бойынша ұқсас, өзара үндес мақал-мәтелдерді топтастырдық. Т.Г. Орлова бұл жөнінде «мақал-мәтелдердің бейнелік құрылымы, бейнелік уәждемесі мен ішкі формасының ұқсас болуы адам санасындағы бейнелік және ассоциативтік байланыстардың ұқсас екенін дәлелдейді, ал олардың арасында айырмашылықтардың болуы тарихи және мәдени дәстүрлерге байланысты» [9, 1249] деген пікір білдіреді. Ал Е.Э. Хлебникова мен Л.В. Никитинская «уақыт» жөніндегі кейбір ағылшын мақал-мәтелдерінің шығуы тарихи оқиғалар мен өнеркәсіптік өзгерістерге байланысты екенін айтады. «XIX ғасырда өнеркәсіптік революция дамып, уақыттың құндылығы жайлы түсінік өзекті бола түсті» [10, 66]. Мәселен, «*Time is money*» мақалы капитализмнің берік орнығуына байланысты жаңа экономикалық көзқарасты бейнелейді. Сондай-ақ, кейбір мақалдардың мазмұнында уақыт туралы сөз болмағанымен, контекст арқылы бұл мақалдың белгілі бір тарихи кезең жөнінде екенін ұғамыз. Мысалы, «*All roads lead to Rome*». Бұл мақал

Британияға христиан дінінің енуіне байланысты. Б.з.д. 597 жылы Британияны жалпы христиандандыру басталды. Осы уақытта Рим шіркеуінің өкілдері монах Августиннің аралына бет алды, мұның нәтижесінде англо-саксондар бірте-бірте христиан дініне өтті [11]. Ал қазақ тілінде «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес, қара қайыста соққан түйенің табы кетпес» деген мақал бар. Бұл мақал қазақ халқының XX ғасырда басынан өткерген қиын-қыстау кезеңін еске түсіреді. Сондай-ақ, уақыт туралы кейбір мақалдар қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпы және қоғамдық қарым-қатынастары жайынан хабар береді. Мәселен, «Бір күн дәм татқан жерге қырық күн сәлем», «Құда – мыңжылдық, күйеу – жүзжылдық».

Сондай-ақ, қазақ және ағылшын тілдерінен ақпан айына қатысты мақалдарды таптық. Мәселен, ағылшын тілінде «February fill dyke, be it black or be it white, «If in February there be no rain, 'tis nether good for hay nor grain» секілді ақпан айына байланысты мақалдар бар. Ағылшын тіліндегі бұл мақалдар нақты бір айға, яғни ақпанға арналған және олардың қалыптасуына ағылшындар орналасқан географиялық аймақ, ол аймақтағы табиғат, климаттық жағдайлар әсер еткен. Англияда ақпан айы әдетте жаңбыр мен қар толассыз жауатын ай ретінде есептеледі. Бірінші мақалдағы жердің не балшықтан қап-қара, не қардан аппақ болатыны осыған қатысты айтылған. Ал екінші мақалдан адамдардың ақпандағы күн райына қарап өз шаруашылықтары жөнінде болжам жасағанын біле аламыз. Өйткені, қыс соңында жаңбыр жеткіліксіз мөлшерде жауса, егіннің түсіміне теріс әсер етеді деп есептеген [12].

Қазақ тілінде «Ақпан-дақпан алты күн, аяғымен жеті күн», «Үт келді, жұт келді», «Үт кірді, үсік шықты», «Үт кірді, үйге құт келді», «Қыстың соңы – жеті тоғыс» деген мақалдар бар. Мұндағы «Үт» сөзі қазақ тіліндегі ақпан сөзінің көнерген нұсқасы. «Үт – зат. көне. Ақпанның 22-нен наурыздың 21-не дейінгі мерзім, сиыр шуақ басталған кез» [13]. Бұл мақалдарға көз жүгіртетін болсақ, қазақ тіліндегі «ақпан» айына қатысты мақал-мәтелдер бір жағынан ызғарлы мезгілдің жайсыз мінезін ғана айтып қоймай, сонымен қатар ертеңгі күнге деген үмітті де білдіреді. «Үт келді, жұт келді» деп ақпан айы соңындағы боранды бұрқасындар мен долы дауылдарды меңзесе, «Үт кірді, үсік шықты», «Үт кірді, үйге құт келді» деп көктем келіп, тіршілік оянып, жылы әрі жақсы күндердің бастау алғанын білдірсе керек.

Сонымен қатар, жастық пен кәрілік те «уақыт» ұғымын білдіретін сөздер. Ағылшын тіліндегі «кәрілік» жайлы мақалдарда теріс коннотация басым екені байқалады, сондай-ақ, олар егде жастағы адамдарды түрлі жан-жануарларға (ape, bees, dog, goose) теңейді. Мәселен, «*Age breeds aches*» – кәрілікпен сырқаттар қоса келеді; «Old age is sickness of itself» – кәріліктің өзі бір ауру; «Old age is a malady of which one dies» – кәрілік адамға ажал әкелетін ауру; «When bees are old, they yield no honey» – кәрі аралар бал әкелмейді; «An old ape has an old eye» – кәрі маймылдың көздері де көрмес; «An old fox needs not to be taught tricks» – кәрі түлкіні оқыта алмайсың; «You cannot teach an old dog new tricks» – қартайған итке жаңа нәрсе үйрете алмайсың; «*An old man's end – to keep sheep*» – Қарияның жолдың соңында қой бағу ғана күтеді; «*There's no fool like an old fool*» – кәрі ессізден асқан ессіз жоқ; «Old men are twice children» – бір қария екі балаға татиды; «Old age doesn't protect from folly» – қарттық ақымақтыққа қарсы келе алмайды. Бұлар ер адамдардың қартаюына қатысты мақал-мәтелдер. Ал әйел адамдардың жасына қатысты мақал-мәтелдерінде негативті реңк қана емес, әзіл-сықақ, мысқыл да кездеседі: «The hell of women is old age» – кәрілік – әйелдің тозағы; «The longest five years in a woman's life is between twenty nine and thirty»

– әйелдің өміріндегі ең ұзақ бес жыл – жиырма бес пен отыздың арасы. Сонымен қатар, «Old age is no fun»; «Old age is not a blessing»; «Old age is a trying stage» секілді қарттықты өмірдің мәнсіз, көңілсіз кезеңіне теңейтін мақалдары да бар. «Youth lives on hope, old age on remembrance» – жастар үмітпен, қарттар естеліктермен өмір сүреді; «Young people don't know what age is, old people forget what youth was» – жастар кәріліктің не екенін білмейді, қарттар жас болудың не екенін ұмытады; «A young man looks into the *future as an old man into the past*» – Жастар болашаққа, ал қарттар өткеніне көз салады. Бұл мақалдар жастық пен кәрілікті антитезалық салыстыру арқылы жастардың келешектен күтері көп, ал қарттар тек өткенін аңсаумен болатынын баяндайды. Дегенмен кейбір мақалдарда қарттықтың даналыққа теңестірілгені аңғарылады. Бірақ олардың негізін қарттардың жан-жануарлар ретіндегі метафоралары құрайды. Жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдерде қарттар жан-жануарлар ретінде ұсынылып, оларды ақымақ деп сипаттаса, бұл мақалдар легінде оң коннотация байқалады. Мысалы, «Old foxes need no tutors» – кәрі түлкіге ұстаз керек емес; «*You can't catch old birds with chaff*» – кәрі құсты алдай алмайсың; «An old dog barks not in vain» – кәрі ит себепсіз үрмейді. Ал енді жастыққа қатысты мақалдарға келсек, онда көбінесе жастардың тәжірибесіздігі, өздеріне деген сенімділіктері жайлы баяндалады: «Youth is easily deceived because it's quick to hope» – жастарды алдау оңай, өйткені олар сенгіш; «Never send a boy to do a man's job» – еркектің жұмысын ешқашан балаға тапсырмаңыз; «Youth and age will never agree» – жастық пен қарттық ешқашан келісімге келмейді; «Young folks think old folks to be fools, but old folks know young folks to be fools» – жастар кәрілерді ақымақ деп ойлайды, ал қарттар жастардың ақымақ екенін біледі.

Ал қарттық туралы қазақ мақал-мәтелдері мүлдем басқа сипатта. Қазақ халқының түсінігінде қарттық мол өмірлік тәжірибемен, даналықпен теңестіріледі. Мәселен, «Жас жүрген жер – мереке, қарт жүрген жер – береке»; «Шалға қарттық, жігітке жастық жарасады»; «Қарты бардың жұрты бар, кемпірі бардың құрты бар»; «Қарттың айтқанын істе, Жастың тапқанын же»; «Бүгінгінің қартымыз, кешегінің артымыз»; «Қарты бар елдің қазынасы бар, қызы бар елдің базынасы бар»; «Шалды шақыр, асыңа келсін, шалдығына күл, басыңа келсін»; «Алтыға дейін бала ерке, алпыстан кейін шал ерке»; «Жасында байқары жоқтың, Жасы жеткенде айтары жоқ»; «Өсетін елдің қарты қазына болар, өспейтін елдің қарты қазымыр болар»; «Жақсы қартайса, жазып қойған хаттай, жаман қартайса, бықсып жанған оттай»; «Жасыңда жалықпасаң – қартайғанда тарықпайсың»; «Кәрілік – дауасыз дерт»; «Жастықта жиған білімің – қарттыққа жұмсар мүлігің»; «Адам өзінен кейінгілерді көріп қартаяды»; «Парасат көрсең – қарттықтан, тамаша көрсең – жастықтан»; «Уақыт — білгенге қазына, білмегенге — быламық»; «Жасқа – қызмет, қартқа – құрмет»; «Тәліміне қарай кәрілігі». Бұл мақал-мәтелдерде қарттықты сипаттау үшін жастық шақпен салыстырған. Алайда осы тақырыптағы ағылшын мақал-мәтелдерінен айырмашылығы – жастарға көп үміт артылады, қарттықтың мағыналы, мазмұнды, молшылықта болуы – жастық шақтағы еңбекке тікелей байланысты екені баяндалады. Яғни қарттықты айта отырып, жастарды еңбекке, жақсы істер жасауға баулиды. Сондай-ақ, қарттықтың парасатты не парықсыз болуының негізі жастық шақта қаланатынын мәлімдейді. Демек, ағылшын мақал-мәтелдерінде қарттық әлсіздік, күштің таюы, дәрменсіздік және ақылсыздық, аурушаңдық секілді түсініктер арқылы сипатталады, ал қазақ мақал-мәтелдеріндегі қарттық даналық, байыптылық, парасаттылық секілді оң коннотациядағы ұғымдар арқылы көрініс табады. Жастық туралы мақал-мәтелдерде ағылшындар жастарды тәжірибесіз көрсе, қазақтар жастарға үлкен жауапкершілік жүктейді.

Қорытынды

Мақал-мәтелдер кез келген халықтың мәдени мұрасы ретінде айрықша маңызға ие, олар сол халыққа тән ұлттық дүниетанымның, салт-дәстүр мен тұрмыс-тіршілігінің жарқын үлгісі. Қазақ және ағылшын тіліндегі уақыт ұғымына қатысты мақал-мәтелдер осы екі халықтың өмірлік құндылықтары мен ұстанымдарының ерекшеліктерін, сондай-ақ, тарихи және әлеуметтік жағдайға негізделген айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Уақыт жөніндегі қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерін талдау барысында екі мәдениетте де уақыт құндылығы маңызды рөл атқарғанымен, олардың бұл ұғымға қатысты тәсілдемелері өзгеше. Қазақ мақал-мәтелдерінде көшпелі өмір салтына, табиғи циклдарға қатысты ұстаным болса, ағылшын мақал-мәтелдерінде уақыттың материалдық құндылығы мен тиімділігіне баса назар аударылады. Бұл айырмашылықтар мен ұқсастықтар осы екі мәдениеттегі уақытқа қатысты түрлі философиялық тұжырымдар мен мәдени түсініктерді айқындайды. Мақал-мәтелдер әрбір халықтың сан ғасырлық даналығы мен өмірлік тәжірибесін көрсететін бірегей тілдік бірлік болғандықтан оларды зерттеу түрлі халықтар арасындағы мәдениетаралық диалогты нығайтуға ықпал етеді. Осылайша, қазақ және ағылшын тіліндегі уақыт туралы мақал-мәтелдерді зерттеу – уақыт ұғымына қатысты екі халықтың көзқарастарын айқындап қана қоймай, сонымен қатар, екі ұлт арасында өзара ынтымақтастық пен мәдени байланыстар орнатып, ұлттық құндылықтарды сақтауға және дәріптеуге үлкен үлес қосады.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Д.М. Әбітай мақала тақырыбы бойынша материалдарды жинақтау және іріктеу ісімен айналысты, сондай-ақ, мақаланың негізгі бөлімін жазды, жинақталған материалдарға талдау жүргізді. Ф.К. Исмаилова мақаланың кіріспе және қорытынды бөлімін жазды, түзетулер енгізіп, техникалық рәсімдеумен айналысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Амирова А., Бейсенбай А., Өмірбекова Ж. Қазақ паремиологиялық кеңістігіндегі «билік» субконцептісінің семантикалық өрісі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №2 (147). – Б. 8-17.
2. Паизбекова А.Дж. Репрезентация национально-культурной специфики концепта «ВРЕМЯ» // Вестник РУДН. – 2015. – №2. – С. 100-109.
3. Джусупов М., Алибекова К.Е., Мажитаева Ш. Специальная лексика и пословицы (лингвоконтрастивные и методические аспекты). – Ташкент: MERIUS, 2013. — 140 с.
4. Уткина Л.Н., Ковалевич Д.С. Концепт «время» в англоязычных пословицах и поговорках // Язык и текст langpsy.ru. – 2018. – Том 5. № 2. – С. 82–90 doi:10.17759/langt.2018050214
5. Сорокин Ю.А. Этническая конфликтология. – Самара: Лицей, 2001. – 96 с.
6. Разоренов Д.А. Лингвокультурные особенности концепта «Время» в английском языке // Известия ТулГУ. Гуманитарные науки. – 2010. – № 1. – С. 329-335.

7. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б.

8. Lakoff G., Johnson M. Philosophy in the flesh: The embodied mind and its challenge to western thought. – New York: Basic Books, 1999. – 624 p.

9. Orlova T.G. Structural. and Semantic Features and National Specificity of English and Russian Proverbs with the Meaning 'Old', 'Young' // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2023. – Т. 14. № 4. – С. 1235–1252. – URL: https://doi. org/10.22363/2313-2299-2023-14-4-1235-1252 (дата обращения: 02.02.2025)

10. Хлебникова, Е.Э. Концепт ценности времени в английских пословицах / Е.Э. Хлебникова, Л.В. Никитинская // Молодой ученый. — 2024. — № 2 (501). — С. 65-69.

11. Христианизация Британии [Электронный ресурс]. — 14.03.2025. – URL: https://time.graphics/ru/period/1569064 (дата обращения: 02.02.2025)

12. The Oxford Dictionary of Proverbs [Электронный ресурс] – 14.03.2025. – URL: https://books.google.ru/books?id=GtBxCgAAQBAJ&printsec=frontcover&hl=ru#v=onepage&q&f=false (дата обращения: 02.02.2025)

13. Ут [Электронды ресурс]. – 14.03.2025. – URL: https://sozdikqor.kz/soz?id=459916&a=%C3%9AT (дата обращения: 02.02.2025)

D.M. Abitay[1], F.K. Ismailova[2]

[1] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

[2] Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The concept of 'Time' in Kazakh and English proverbs

Abstract. The concept of 'Time' in English and Kazakh proverbs is an interesting object of research in the context of cultural and philosophical aspects of time perception. Proverbs, as an expression of folk wisdom, are an important tool for understanding how different nations perceive and value time. This paper explores the reflection of the concept of time in proverbs, identifying similarities and differences in its perception. Comparative analysis of proverbs about time in English and Kazakh languages has revealed not only differences in approaches to its understanding, but also common features, such as awareness of its significance and irreversibility. While in English linguoculture time is often seen as a key factor on the way to efficiency and success, Kazakh people give time a philosophical significance. In analysing the views and positions reflected in the worldviews of the two peoples, a comparative research method was used. This study contributes to a deeper understanding of cultural differences and similarities, as well as determines the role of language as a means of expressing cultural values. The work can serve as a basis for further research in the field of cultural anthropology and linguistics, as well as open new perspectives for studying the relationship between language, culture and worldview of a particular nation.

Keywords: linguoculture, time, philosophy, worldview, proverbs, folk wisdom, culture.

Д.М. Абитай[1], Ф.К. Исмаилова[2]
[1] Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[2] Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Понятие «время» в казахских и английских пословицах

Аннотация. Понятие «время» в английских и казахских пословицах представляет собой интересный объект исследования в контексте культурных и философских аспектов восприятия времени в двух разных языках и культурах. Время — это универсальная концепция, однако его интерпретация может значительно различаться в зависимости от культурного контекста. Пословицы как выражение народной мудрости являются важным инструментом для понимания того, как разные нации воспринимают и ценят время. В данной статье исследуется отражение понятия времени в пословицах двух культур, выявляются сходства и различия в его восприятии. Сравнительный анализ пословиц о времени на английском и казахском языках позволил выявить не только различия в подходах к его пониманию, но и общие черты, такие, как осознание его значимости и необратимости. В то время как в английской лингвокультуре время часто рассматривается как ключевой фактор на пути к эффективности и успеху, казахский народ придаёт времени философское значение. При анализе взглядов и позиций, отражённых в мировоззрении двух народов, использовался метод сравнительного исследования. В результате данное исследование способствует более глубокому пониманию культурных различий и сходств, а также определяет роль языка как средства выражения культурных ценностей. Работа может послужить основой для дальнейших исследований в области культурной антропологии и лингвистики, а также открыть новые перспективы для изучения взаимосвязи языка, культуры и мировоззрения определенной нации.

Ключевые слова: лингвокультура, время, философия, мировоззрение, пословицы, народная мудрость, культура.

References

1. Amirova A., Beisenbai A., Omirbekova Zh. Kazak paremiologialyk kenistigindegi «bilik» subkonseptisinin semantikalyk orisi [Semantic field of subconsciousness ‘authority’ in Kazakh paremiological space]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series Philology, 2 (147), 8-17 (2024) [in Kazakh]

2. Paizbekova A.J. Reprezentacija nacional’no-kul’turnoj specifiki koncepta «VREMJA» [Representation of national-cultural specificity of the concept ‘TIME’]. Vestnik RUDN, 2, 100-109 (2015) [in Russian]

3. Dzhusupov M., Alibekova K.E., Mazhitaeva Sh. Special’naja leksika i poslovicy (lingvokontrastivnye i metodicheskie aspekty) [Special vocabulary and proverbs (linguocontrastive and methodological aspects)]. (Tashkent, MERIUS, 2013, 140 p.) [in Russian]

4. Utkina L.N., Kovalevich D.S. Concept ‘time’ in English proverbs and sayings. Language and Text langpsy.ru, 5(2), 82–90 (2018). DOI: https://doi.org/10.17759/langt.2018050214 [in Russian]

5. Sorokin Ju.A. Jetnicheskaja konfliktologija [Ethnic conflictology]. (Samara, Licej, 2001, 96 p.) [in Russian]

6. Razorenov D.A. Linguo-cultural peculiarities of the concept “tense” in the English language. Izvestiya Tula State University. Humanities, 1, 329-335 (2010) [in Russian]

7. Mamyrbekova G. Kazak tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of Arabic, Persian words in the Kazakh language]. (Almaty, Memlekettik tildi damytu instituty, 2017, 656) [in Kazakh]

8. Lakoff G., Johnson M. Philosophy in the flesh: The embodied mind and its challenge to western thought. (New York, NY, Basic Books, 1999, 624)

9. Orlova T.G. Structural and Semantic Features and National Specificity of English and Russian Proverbs with the Meaning 'Old', 'Young'. Vestnik Rossijskogo universiteta druzhby naro dov. Serija: Teorija jazyka. Semiotika. Semantika, 14, 4, 1235–1252 (2023). DOI: https://doi.org/10.22363/2313-2299-2023-14-4-1235-1252

10. Khlebnikova, Ye.E., L.V. Nikitinskaja Koncept cennosti vremeni v anglijskih poslovicah [The concept of the value of time in English proverbs]. Molodoj uchenyj, 2 (501), 65-69 (2024) [in Russian].

11. Hristianizacija Britanii [The Christianisation of Britain] [Electronic recourse]. – 14.03.2025 – URL: https://time.graphics/ru/period/1569064 (assessed: 02.02.2025) [in Russian]

12. The Oxford Dictionary of Proverbs [Electronic resource] – 14.03.2025. – URL: https://books.google.ru/books?id=GtBxCgAAQBAJ&printsec=frontcover&hl=ru#v=onepage&q&f=false (assessed: 02.02.2025).

13. Ut [Electronic resource]. – 14.03.2025 – URL: https://sozdikqor.kz/soz?id=459916&a=%C3%9AT (assessed: 02.02.2025) [in Kazakh]

Авторлар туралы мәліметтер:

Әбітай Д.М. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: abitaydinara@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1387-9793.

Исмаилова Ф.К. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: fari1996@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9685-6791.

Abitay D.M. – Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: abitaydinara@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1387-9793.

Ismailova F.K. – Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: fari1996@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9685-6791.

Абитай Д.М. – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: abitaydinara@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1387-9793.

Исмаилова Ф.К. – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан. E-mail: fari1996@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9685-6791.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.01.00 *DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-49-61*
Ғылыми мақала

Қарым-қатынастағы бейвербалды амалдар: амандасу рәсімінің түрлері

М.П. Ешимов[1*], С.Р. Нұртілеуова[2], Г.Ә. Мұсаева[3]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: [1] mukhtar.yeshimov@gmail.com, [2]sandu_210380@mail.ru, [3] gulbagizamusaeva@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада қарым-қатынаста қолданылатын бейвербалды амалдардың қатары мен контекстегі, коммуникациядағы мағынасы айқындалады. Коммуникациядағы белгілі бір амалдар жасалу жағынан ұқсас болмағанымен, семантикасы тұрғысынан бір мағынада қолданылады. Сонымен бірге қарым-қатынаста қолданылатын бейвербалды амалдардың қатары мен мәнмәтіндегі, коммуникациядағы мағынасы айқындалады. Қарым-қатынастағы бейвербалды амалдар әртүрлі дене мүшесі арқылы жасалынып, белгілі бір мағына береді. Мысалы, басын изеу, қол алысу, қолын қысу, төс қағыстыру, қолын көтеру, сүйісіп көрісу, қолын бұлғау т.б. бейвербалды амалдар – амандасу мағынасын білдіреді. Қарым-қатынаста осы сынды ым-ишаралар күнделікті тұрмыста көп қолданылады. Әрине, адам баласы қарым-қатынасқа түскенде ым-ишараны қолданбай қатынас жасай алмайды. Себебі, бейвербалды амалдар айтайын деген ойын, сөзін нақтылап, оған қосымша мағына үстеп, ойды дәл әрі нақты жеткізуге септігін тигізеді. Авторлар коммуникацияда амандасу рәсіміндегі ым-ишараттардың жасалу жағынан ұқсас болмағанымен, семантикасы тұрғысынан бір мағынада қолданылатын ым-ишаралар әртүрлі бейвербалды амалдар арқылы берілетіндігі туралы, соның ішінде қол, бас және т.б. қимылдарымен берілетін ым-ишаралардың болатындығы туралы және де олардың барлық халықта бірдей мағынада қолданылатындығы, сонымен қоса кейбір халықта ғана қолданылатын, яғни амандасу рәсімінде де ұлттық ым-ишараттың кездесетіндігі туралы да сөз етеді. Қарым-қатынаста амандасу рәсімінде қолданылатын бейвербалды амалдарды көркем шығармалардан алынған нақты мысалдар арқылы талдаған.

Түйін сөздер: паралингвистика, бейвербалды амалдар, кинема, ым-ишара, ым тілі, қарым-қатынас.

Түсті*: 26.03.2025;* Жөнделді*: 25.05.2025;* Мақұлданды*: 05.06.2025;* Онлайн қолжетімді*: 25.06.2025*

Кіріспе

Паратілдік амалдарға барлық тіл маңындағы амалдар, ал бірінші кезекте қимыл мен бет қимылы жатады. Паратілдік амалдар қосымша ақпарат жеткізеді; қарым-қатынаста вербалды амалдың орнын толықтырып тұрады; вербалды амалдармен сол мағынаны нақтылай түсу үшін қолданылады.

Адам баласының бір-бірімен пікір алысу, қарым-қатынас жасаудағы ең басты құралы –дыбыстық тіл. Адамдар қарым-қатынаста тек сөздер арқылы ғана емес, дененің түрлі қимыл-қозғалысы секілді амалдары арқылы да бірін-бірі түсінісе алады. Дүниеде қайталанбас тұрақты бір тіл бар. Ол – ұлтты, жынысты таңдамайтын, адамзатқа ортақ ишара, іс-әрекет, қозғалыс тілі. Бет-әлпеті, дене қалыбы, аяқ-қолдың, тіпті саусақтардың сәл қимылынан-ақ адамның ішкі ойларын оқуға болады.

Қарым-қатынас сөйлеу әрекетінің басталуынан бұрын туындайды, демек, оған дейін қарым-қатынас жасаушылар белгілі бір ара-қашықтықты сақтап, дене қалыбын ұстайды. Осы жағдайға лайық бет әлпетін өзгертіп, сәлемдесу дистантты дене қимылдарымен (қол алысу, бас изеу т.б.) алмасады. Осы аталған формалар сөйлеу әрекетіне түсу үшін қолайлы жағдай жасап, қарым-қатынас жасаушылардың қарым-қатынас орнатуға дайын екендігін анықтауға мүмкіндік жасайды. Бұндай элементтер сөйлеумен етене жақын, онан дара болуы мүмкін емес. Яғни дене қимылдары, ым, көзқарас қатынастың мағыналық жағын толықтыру функциясын атқарады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазіргі ұлттық әдеби тілімізде мен, менен тұлғасының жергілікті ерекшелікке байланысты нұсқалары да бар және мұны ауызекі сөйлеу тілінің нәтижесі деп қарауымыз керек. Бұған Ш.Сарыбаевтың көмектес септік жалғауының *-мынан, -бынан, -пынан, -бан, -пан, -ман* нұсқалары жөніндегі пікірі – дәлел: «Көмектес септік жалғаудың бұл варианттары оңтүстік аймақтарының кейбір аудандарында кездеседі. Мысалы: Арбамынан келдім – арбамен келдім. Ол бұрын балдақпан жүретін (Шымк., Сарыағ.). Ілгеріде қолтіс жасап, қос атпан, *түйе*ман жер жыртатынбыз (Жамб., Шу). Бұл бала осы бойымынан диірменге барып келді (Шымк., Ленг.)» [19, 50-51]. Ғалым Қазан төңкерісіне дейінгі баспасөз мұраларының грамматикалық ерекшелігі жөнінде былай дейді: «Қазіргі әдеби тілде көмектес септік жалғаудың немесе шылаудың көбінесе *-мен, -бен* түрі қолданылатын болса, бұрынғы әдебиет нұсқаларында олардың толық варианттары (менен, бенен, пенен) жиі қолданылады. Бұдан басқа *-мынан, -бынан (-пынан)* сияқты диалектілік тұлғалар да кездеседі. Мысалы: сонымынан, *поез*бынан, *ат*пынан т.б.» [19, 171].

Қолда бар деректерде көмектес септігінің жуан *-ман, -бан, -пан* нұсқаларының Абай шығармалары тілінде де бар екені мәлім болып отыр: «Әрине, бұл жалғаулардың Абайдың қазіргі жазуымызға түсірілген шығармаларында кездеспейтіндігі рас. Ал араб жазуы негізінде жазылған түпнұсқада осы жалғаулардың ұшырасып қалатындығына кәміл сенімдеміз. Себебі Шығыс Қазақстан облысы қазақтарының ауызекі сөйлеу тілінде аталған жалғау түрі күні бүгінге дейін өте жиі қолданылады» [20, 25].

Сонымен, бұл жалғаудың сөйлеу тіліміздегі толық нұсқасы мынадай: *-мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен, -ман, -бан, -пан, -мынан, -бынан, -пынан*. Ал түркі халықтарындағы нұсқасы мұнан әлдеқайда көп: бірлен, бірле, біле, бірлән, бірлә, білә, бирлән, билән, пирлән, пилән, пыла, біллән, біләп, билан, біллә, булан, илән, илә, лә, илен, иле, ле, ло т.б. Десе де мұның барлығы бірдей жалғау ретінде танылa бермейді.

Мұнан шығатыны – сол: көмектес септік жалғауы қазақ тілінде ғана бар деу – біржақты ұстаным. Түркологиялық зерттеулерде айтылып жүргендей, өзге түркі тілдерінде творительный падеждің балама термині болмауы мүмкін, алайда бір кездегі бірлән тұлғасының эволюциялық жолмен қазірде құралдық қызметтегі жалғауға айналғанын көріп отырмыз. Мәселен, алтай тіліндегі септік жүйесі жайлы мақаласында зерттеуші А.Р.Тазранова септеуліктердің аффикске айналу құбылысын растайды. Оған мысал ретінде алтай, тува, қазақ, чуваш және т.б. тілдерде сөзге құралдық, ортақтық мән үстейтін септік жалғаулары бар екенін келтіріп, алтай тіліндегі дәл осындай ***-ла*** қосымшасы жайлы былай дейді: «Если в 40-е гг. аффикс *-ла* еще не совсем сформировался как падежный показатель и находился в приграничной зоне между послелогом и аффиксом, то в современных школьных учебниках и грамматике нет даже намека на то, что он когда-то был служебным словом» [10, 258].

Білән сөзі күні бүгінге дейін қолданысында бар түркі тілдерінде мұның құралдық, ортақтық мағына үстейтін септеулік шылау деп қаралатынын жоққа шығармаймыз. Біздің айтып отырғанымыз – бірлән сөзінің өзгеріп түрленуі арқылы аффикске айналған тұлғалар. Басқаша айтқанда, түркі тілдерінде сөзге құралдық, ортақтық мағына қосатын аффикстердің қай-қайсысында да комитативтік не инструменталистік сипат бар. Мәселен, Ш.Сарыбаев еңбегінде Ж.Досқараевтың оңтүстік-шығыс сөйленістерінің грамматикалық ерекшелігі ретінде жатыс септік орнына ***-лы*** қосымшасының жұмсалатыны жөнінде жазғаны айтылып, «жұмысқа уақытылы келеді (жұмысқа уақытында келеді деудің орнына)» деген мысал көрсетілген [19, 101]. Біздіңше, мұндағы ***-лы*** тұлғасы да – ертеректегі бірлән сөзінің сарқыншағы. Олай дейтініміз – мұны жұмысқа уақытымен келеді деп те айтуға болады. Хакас тілінің диалектісіндегі **-ла, -ло** нұсқаларымен салыстырыңыз.

Осыған ұқсас, алайда қос сөздер құрамындағы **-лы** аффиксін Г.Рамстедтің де көмектес септігінің жалғауы деп қарағаны және А.М.Щербактың бұл аффиксті құралдық, ортақтық мағына үстейтін **-ын** тұлғасымен параллель жұмсалған деп санағаны жөнінде М.Томановтың еңбегінде айтылады. «Дегенмен осы екі қосымшаның арасында пәлендей үлкен айырмашылық жоқ. Щербак келтірген бізүміле, *ілі*ле сөздері контекстік мағынасы жағынан Малов транскрипциясындағы беглі-*қатунлы* сөзінен алшақ емес. Қазіргі қазақ тілінің нормасы бойынша, бұларды бізбен, *қолы*мен, *бек қатыны*мен (екеуі) деп айту керек болады. Сөйтіп, бұл екі топ (*-лы* мен *-ле*) бір ғана мағынаны – бірлестік, біргелік мағынасын ғана береді. Мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да бұл тұлғалар бірле шылауының құрамындағы ***-ле*** морфемасымен үйлес, үндес келіп жатады», – деген ғалым «аталған тұлғалардың бір ғана генезистен тарағанына» назар аудартады және қазіргі тіліміздің мынадай мысал келтіреді: Ертелі-*кеш*, *тайлы-таяғы*, *ерлі-байлы*, *аттылы-жаяулы*, *ерсілі-қарсылы*, *азды-көпті*, *ертелі-кеш*, *әкелі-балалы* (әкесі мен баласы) [9, 167-168]. Автордың пікірінше, мұндай қос сөздер құрамындағы ***-лы*** – сын есім жасайтын қосымша емес. Сол сияқты, қазіргі қолма-*қол* деген қос сөздегі -ма да – мен тұлғасының ертеректегі нұсқасы [16, 475]. Салыстырыңыз: қолма-*қол* ~ *қол* мен қол.

Түркі халықтарында құралдық, ортақтық мағына үстейтін септеулік шылау танылып жүрген әр түрлі тұлғадағы білән сөзі болса, бізде – бірге сөзі. Айта кетерлігі – бұл екі сөз де түбірлес, яғни екеуінің де түбірі – бір сан есімі. Э.В.Севортян мұның біргерү деген сөзден қалыптасқанын, ал **-ге** тұлғасының бағыттылықты білдіретін **-қару** аффиксінің қазіргі үлгісі екенін айтады [7, 149]. Бұл септеулік қазіргі қазақ тілінде (өзбек тілінде де: сен билан бирга бораман) көмектес септігімен ғана тіркеседі.

Жоғарыда мен тұлғасының қалыптасу тарихы жайлы біраз дерек келтірілді. Түркілік тілдердегі қазіргі тұлғалары мен қызметі турасында да азды-көпті баян етілді. Түйіні – түркі тілдерінің біразында мұны әлі септеулік шылау деп қарайды. Ал біздің тілде септік жалғауы ретінде әбден орнығып болған және грамматикалық функциясы да едәуір кеңейіп отыр.

Екінші мәселе, яғни мен тұлғасының қазіргі грамматикалық функциясы. Мен тұлғасының қазіргі қазақ тіліндегі қызметі аса ауқымды. Ең әуелі әйткенмен, сөйткенмен, өйткенмен, дегенмен, қайткенмен тәрізді жалғаулықтардың, қайткенмен? не еткенмен? сұрау есімдіктерінің қалыптасуына ықпал етті. Ертемен, таңертеңмен, күнімен, түнімен, жайымен, ретімен, кезекпен, өздігімен, шынымен, қалпымен, жөнімен, түйдегімен, толығымен, әрмен, бермен тәрізді үстеулер, сонымен, не дегенмен, қалай дегенмен тәрізді оқшау сөздер, *-ысымен (-ісімен)* тәрізді көсемше тұлғасын қалыптастырды. Мен тұлғасының көнеленуі арқылы делексикаланған сөздердің мұнан да гөрі толығырақ нұсқасы зерттеуші А.Байдәулетованың еңбегінде келтірілген: зат есімге жалғануы: алдымен, әупіріммен, бетімен, есесімен, расымен, шамамен; сын есімге жалғануы: түгелімен (есімдік. – Авт.), *тұтасымен, зорымен, тегісімен;* қос сөздерге жалғануы: бас-басымен, жұп-жұбымен, жентек-жентегімен, жан-тәнімен, бет-бетімен, арба-марбасымен, бесік-месігімен, рет-ретімен, кез-кезімен [21, 20]. Дегенмен мұндағы қос сөздерді түгелдей делексикаланып болды, яғни мен тұлғасы көнеленген деуге асықпаған жөн. Себебі бұл сөздердің пысықтауыштық мағынасы мен тұлғасында о бастан бар, басқаша айтқанда, синтаксистік мағынасынан көрінуі – қалыпты құбылыс.

Мен тұлғасының жоғарыдағылармен қоса көлемдік септік көрсеткіші ретіндегі полисемантикалық сипаты және бар. Талдап көрелік.

Профессор Қ.Жұбанов септік жалғауы сипатындағы құралдық, мекендік және мезгілдік, ортақтық мағыналарын көрсетсе [2, 380; 492], Ы.Маманов құралдық, мекендік, көліктік, амалдық, бірлестік мағыналарын [5, 210; 624], А.Ысқақов «іс-амалдың құралы мен тәсілін, мекені (жолмен жүру) мен мезгілін, ортақтасу, бірлесу, астасу, ұштасу сияқты жай-күй қатынастарын және басқа әр алуан мағыналарын білдіретінін» [6, 64] көрсеткен. Н.Оралбай бұл аталғандарға қоса салыстыру мағынасын (желмен тең) [22, 18] көрсетсе, «Қазақ грамматикасында» мақсаттық мәнде (Ол мұнда бір оймен келді) және мезгіл мағыналы сөзге жалғану арқылы үстеулік мәнде (күнімен, *түні*мен), есімше тұлғасына жалғану арқылы қарсылық мәнде (Ол сені көргенмен, *мені көрген жоқ*) [23, 458] жұмсалатыны келтірілген. Ал С.Аманжолов 11 түрлі қызметін сипаттайды: зат есімге жалғану арқылы құралдық (сүмбімен тазалай түсті), көмектестік (жәрдемімен жеңіп шығамыз), бос еместік (қап ұнымен тұр), біргелестік (құрбыларымен бас қосқанда оқта-текте көңіл көтеріп айтатын) және объектілік (кіммен соғыспақсыңдар?), мекендік (бәйгенің алдымен келді), тәртіп және мөлшерлік (топ-тобымен, *лек-легі*мен), сындық (байыппен қарап келеді), жолдық (жолмен, *төбе-төбе*мен, арықтармен), етістікке жалғану арқылы мезгілдік (болысымен, *келісі*мен), себептік (біреудің жамандауымен жаман болмайды), қарсылықтық (естігенмен) [4, 77-78].

Біз ғалым С.Аманжоловтың «заттың көмектес болуын көрсететіні» жайлы Оның жәрдемімен жолдағы қиыншылықтың бәрін жеңіп шығамыз (С.Бабаевский) мысалындағы, «істің (заттың) тәртібін, мөлшерін көрсететіні» жайлы топ-тобымен, *лек-легі*мен мысалындағы, «істің себебін көрсететіні» туралы Жақсы кісі біреудің жамандауымен жаман болмайды мысалындағы, «заттың мекенін білдіретіні» турасында келтірген Ат

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

бәйгенің алдымен келді мысалындағы, «қимылдың сынын білдіретіні» жөнінде ұсынған Жақып байыппен қарап келеді (Ғ.Мұстафин) және Үзілмей, қатаймай, бір қалыппен желпіп соққан әдемі салқын қоңыр жел қандай рақат (С.М.) мысалындағы мағынаны амалдық мағына деп, ал «жүрістің жолын көрсететіні» жөнінде келтірген жолмен, *төбе-төбе*мен, *арықтар*мен мысалындағы мағынаны контекстегі жұмсалымына қарай мекендік не амалдық мағына деп, сондай-ақ «заттың бос еместігін көрсететініне» келтірген Қап ұнымен тұр мысалындағы мағынаны модальдық сипатына қарай амалдық не құралдық мағына деп танимыз.

Сонымен, жалғау әрі жұрнақ сипатындағы -мен тұлғасының қазақ грамматикасындағы мағынасын жоғарыда келтірілгендерді саралай отырып былайша топтастырамыз:

1) Құралдық мағына: атпен келу, балтамен бұтау т.б.
2) Ортақтық мағына: менімен кездесті, атасымен бірге келді т.б.
3) Мекендік мағына: орталық көшемен өтті, қыратпен жүрді т.б.
4) Мезгілдік мағына: досы келісімен, бұл жинала бастады т.б.
5) Амалдық мағына: байыппен әңгімеледі, бір қалыппен тербеді т.б.
6) Салыстырушылық мағына: желмен тең, қайықпен тең т.б.
7) Мақсаттық мағына: ол мұнда бір оймен келді т.б.
8) Қарсылықты мағына: бұл танығанмен, ол танымады т.б.

Байқап отырғанымыздай, мен тұлғасының аффикстік қызметі көбіне сөз тіркесі деңгейінде немесе баяндауыш құрамында танылады. Сонымен қатар орны жағынан біршама тұрақтана бастаған күрделі етістік те жасайды және сөйлемде көбіне есімше тұлғасында түйдегімен түрлі грамматикалық мүше қызметінде жұмсалуға бейім, қараңыз: сөйлеумен болды, түсініспікпен қарады т.б.

С.Исаев мен, менен тұлғалы жалғау қызметінің кеңеюін кеңестік кезеңдегі баспасөздің дамуымен байланыстырады, себебі кезінде ұлттық баспасөз тіліне орыс тілі айтарлықтай ықпал етті. «Совет дәуіріндегі мерзімді баспасөз тілінде көмектес септігінің де жандана түсуі байқалады. Көптеген сөздер (етістіктер) көмектес септігін меңгеру арқылы жаңа тіркес құрай отырып, соның негізінде өз ішінде біршама семантикалық өзгерістерге ұшырайды, жаңа мағынада немесе мағыналық реңкте қолданылады», – деген ғалым онан әрі «пайдалану» сабақты етістігінің орыс грамматикасының ықпалымен көмектес тұлғалы сөздерді меңгере бастағанына 1920 жылдардағы «Қызыл Қазақстан» журналынан бірнеше мысал келтіреді: Ауыл әлі ұйқыда: өз керегін өзі білмей Совет закондері мен пайдалана алмай отыр (ҚҚ, №4, 1922). Бұл күнге шейін біздің ауылдағы жастарымыз газет-журналды оқып, олар мен пайдалануды білмейді (ҚҚ, №4, 1922) [24, 411].

Бұл мысалдардағы мен тұлғасының сабақты етістікке меңгерілуі грамматикалық калька екені меңмұндалап тұр. Ал «Айқап» журналынан келтірілген келесі мысалдардың жайы бөлек: Жаны жақсы тәрбиеленіб, әлпеш менен өсдірілген кісі (А, №19, 1913). Міне, осы жер торғ (пәсеке) менен сатылашақ (А, №12, 1912). Алхасил һәр кім «Айқап» журналына һәр түрлі қарау менен қарады (А, №12, 1911). *...төте оқу* менен оқытуға қарсы тұрдық, аз күнде көп нәрсені жеңіл жол менен білдіруді көбсіндік (А, №10, 1913). Халық оған қалыбды театрға кірген секілді билет менен жиналды (А, №13, 1913). Енді хазіргі уақытда замана ғылымы менен тәрбиеленуб шықған жасдарымыздың бұ хақиқатны сөйлеу турасында фікірлері екі түрлі (А, №3, 1913). Сол науқаста ғылым тәжірибесі менен шығарылған һәр падшалы жұртда егетұғын дәру бар (А, №3, 1913). Дүнияның дөрт бұрышы менен тезде телеграмм менен хабарласды (А, №8, 1912). Ғалым осындағы өсірілу, сатылу, қарау, оқыту,

білдіру, тәрбиелену, шығарылу, хабарласу етістіктерінің көмектес септік тұлғалы сөзді меңгеруін де орыс тілінің ықпалы деп санайды: «...тіліміздe бұрын ұшырасып отыратын тілдік құбылыс болса да, *дәл* мысалдағы сөздермен көмектес септігі арқылы байланысу – осы кезде негізінен орыс тілі әсерінен пайда болған құбылыс» [24, 576].

Мұнан біз жалғау сипатындағы мен, менен тұлғасының қазіргі тіліміздегі полисемантикасы тарихи даму барысында әлеуметтену жолы арқылы, онан әрі кеңестік кездегі баспасөз ықпалымен дами бастағанын және белгілі бір деңгейде орыс грамматикасының да әсері болғанын аңдадық. Бұған дейін, жалпы, мен тұлғасының көнетүркілік нұсқасының қолданысы әлдеқайда тар еді. Әлбетте, *ол* кезеңде қазіргі көмектес септік тұлғасы да басқа болды.

Қазіргі қазақ тіліндегі **-мен** жалғауының келесі ерекшелігі – арқылы септеулігімен грамматикалық синоним болатыны. Мысалы: көпірмен өттім – көпір арқылы өттім, телефонмен сөйлесу – телефон арқылы сөйлесу т.б. Көмектес септіктің -мен жалғауы және мен жалғаулығы грамматикалық қызметіндегі ұқсастығына орай синтаксистік синоним жасайды. Осыған орай зерттеуші П.Медетпековаңың мына пікіріне біз де қосыламыз: «Жазира Асқармен ақылдасты және Асқар мен Жазира ақылдасты деген сөйлемдердің семантикасында, қалай дегенмен де, іс-әрекеттің атқарылуы екі адамның бірлестігінде жүзеге асады» [12, 33].

Үшінші мәселе, яғни мен тұлғалы жалғау мен жалғаулық қызметіндегі ортақ сипат. Ғалым М.Томановтың пікірінше, «біле шылауының *-мен* көмектес жалғауына және мен (менен, пенен) шылау сөзіне ажырауы – халықтың ауызекі сөйлеу тілінің құрамында өткен процесс» [9, 166].

Қазірде ең бастысы – қазақ тіліндегі тұлғалас жалғау мен шылау бір ғана генезистен қалыптасып отыр. Сондықтан мұның салдарсыз болмауы да заңды. Ғалым Р.Әміровтің тілімен айтқанда: «Кейбір сөйлемдердің ішінде меннің жалғаулық немесе септік жалғау екенін ажырату өте қиын болады. Мысалға мына сөйлемдерді алайық:

Екі ата, екі ру *ел* – қазақ, қалмақ,
Асықпай түгел тыңда, батыр, бірақ.
Мұнда Көбік, Кәпімен, *онда Құсан*
Бұл жауыздар жағушы ед кімге, шырақ? (И.Байзақов)

Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай,
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай (Абай).

Сөйлемдердің ішінде асты сызылған менді септік жалғау деп те немесе орны ауысып келген жалғаулық деп те түсінуге болады» [3, 20].

Абай өлеңіндегі келесі тармақтарға назар аударайық:

«Сенімен мен тең бе?» деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі – ол баяғы.

Мысалдың алғашқы тармағындағы арнайы қоюлатылған мен тұлғалары да осындай сипатта. Осының салдарынан көп басылымда «Сені мен мен тең бе?» деп мақтанасың боп қате жарияланып жүргені де – шындық. Дұрысында, мұндағы мен – жалғау, сондықтан бірге жазылуы тиіс. Сұрағы – кіммен? Ал «Оны құлатпай, сені мен мен сияқтыларға жарық өмір жоқ», – деп отырады (С.М.) деген сөйлемдегі мен – шылау, сондықтан осылай бөлек жазылады. Сұрағы – кімдерге? Және бір назар аударарлығы – мен тұлғасы шылау қызметінде бірыңғай есімдіктерді байланыстырғанда да алдыңғы сөздің ілік

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

септігінде тұруын қажет етеді. Алдыңғы есімдікке жалғанатын **-ы/-і** нұсқаларын көне ілік жалғауының рудименті деп есептейміз [3, 20]. Яғни жалғаулық мен және септік жалғауы ***-мен*** тұлғаларының төркіндес болуы оларды қазіргі ұлттық әдеби тіліміздe де осылай грамматикалық қызметі жағынан жуықтатып тұрады. Осыдан барып қазіргі жазу нормасында мұндай бірыңғай мүшелер арасына мен жалғаулығын емес, және жалғаулығын жазу нормаланып келеді, қараңыз: сен және мен сияқтыларға.

Жалпы, мен жалғаулығының грамматикалық қызметі – бірыңғай мүшелерді тең дәрежеде байланыстыру. Онда да сөз таптарынан грамматикалық мағынасы тең болатын зат есім сөздерді немесе субстантивтенген сөздерді, сондай-ақ есімшелер мен қимыл есімдерін ғана байланыстырады. Р.Әміровтің сөзімен айтқанда, мен жалғаулығымен байланысқан «бірыңғай мүшелер біріне-бірі қатысы, байланысы бар заттарды білдіреді. ...Бұл – оның ерекше қызметі» [3, 37-38]. Нақты мысал келтіріп көрейік:

1. Зат есімдерді байланыстырады: Қалың топтың о шеті мен бұ шетіне дейін «Аумин!» деген бір-ақ сөз гуілдеп өтті де, жүздеген қол бет сипап, сақалға қарай аққан судай төгілді (Ш.А.).

2. Субстантивтенген сөздерді байланыстырады: Шырғалаңы мен бұралаңы мол ұзақ өмір осылай басталып еді, енді, міне, ақырына таянды (Ш.А.).

3. Есімшелерді байланыстырады: Әр махаббат өзінше жеміс береді. Әрине, егер алмасу, өзара қатынас, алмақ пен салмақтың теңгерімі тең болса (kazgazeta.kz).

4. Қимыл есімдерін байланыстырады: Тууы мен өлуі бірдей адамның бір-бірінен артықтығы кәне, тек осыны ұқсаңыз болды (О.Б.).

Мұның өзін зат есімнің семантикалық топтарына қатысты бірыңғай мүшелерді, субстантивтенген әр сөз табына қатысты бірыңғай мүшелерді, сондай-ақ есімшенің әрбір тұлғасына қатысты бірыңғай мүшелерді және қимыл есімін жасайтын грамматикалық тұлғаларға қатысты бірыңғай мүшелерді байланыстыратыны жөнінде ұлғайта беруге болады. Дегенмен осы жерде зерттеуші А.Исановаңың мен жалғаулығының және жалғаулығына қарағанда мақал-мәтел мен тұрақты тіркес құрамындағы бірыңғай мүшелерді байланыстыруда өнімді жұмсалатыны жайлы пікірі барын да айта кеткен жөн [25, 39]. Біздіңше, тек сөз бен сөзді ғана байланыстыратынын мен шылауының жұмсалым жиілігі әдеби тілдің функционалды стильдерінің қай-қайсысында болсын сөйлем мен сөйлемді де байланыстыра беретін және шылауынан анағұрлым белсенді [26, 122]. Грамматикалық қызметін және жалғаулығымен салыстырар болсақ, тағы да Р.Әміровтің мына бір пікіріне тоқтауға тура келеді: «Мен» жалғаулығының екі мүшені ғана байланыстыруы тіліміздe стильдік мақсат үшін жұмсалады. Бір сөйлемнің ішіндегі бірыңғай мүшелердің саны өте көп болғанда, оның тізбегін шұбалаңқы етпей, шоғырландырып айту үшін олар екі-екіден жұпталады. Әр жұпқа кірген бірыңғай мүшелер «мен» жалғаулығы арқылы байланысады да, олардың арасын «және» жалғастырады немесе жалғаулықсыз-ақ қатар тұра береді» [3, 38]. Қараңыз: Тау мен тас, өзен мен көл және аспан мен жер – бәрі-бәрі беймағлұм жылулықпен іш тартатындай. Сөйлемдегі және шылауының бірыңғай жұптардың соңғысын ғана байланыстыруынан да мен шылауының бірыңғай мүшелерді салаластыруда о бастан белсенді екенін аңғартып тұр.

Тағы бір маңызды жайт – мен жалғаулығы арқылы байланысқан бірыңғай мүшелердің тек соңғы сыңары ғана септеледі: Ырғақ – ой мен сезімнің, жан мен тәннің қосылып салар әні (Ғ.Мүсірепов). Бұл жағдайда соңғы сыңардың септелуін тұлғалық септелу деп қараған жөн, себебі септіктің мағынасы қос сыңарға да тән.

Қорытынды

Жоғарыдағы азды-көпті шола салыстырыла талданған жайттардан мынадай түйінді жинақ шығады:

– қазіргі мен тұлғасының арғы түбірі – бір сан есімі, оған қосылған іл етістігінен көнетүркілік бірлән септеулігі қалыптасқан. Сонда қазіргі тіліміздегі **-мен** жалғауы да, мен жалғаулығы да осы бірлән септеулігінен шығып отыр. Кезінде құралдық, ортақтық мағынада жұмсалған бірлән септеулігінен әуелі **-менен** жалғауы, онан соң менен жалғаулығы орнығып, тілдік үнем заңының ықпалымен бір буыны ықшамдалған;

– көмектес септігінің жалғауы қазақ тілінде ғана бар деген – біржақты ұстаным, себебі түркі халықтарының біразында бірлән септеулігінің әр түрлі өзгеріске ұшыраған тұлғалары қазірде аффикс ретінде орныққан;

– құралдық мағынада жұмсалған бірлән септеулігінің түрлі тұлғадағы рудименті бүгінгі ұлттық әдеби тіліміздегі кей сөз құрамында дәл сол құралдық мағынасында әлі де бар;

– мен(ен) тұлғасынан қазіргі тілімізде үстеу, жалғаулық, есімдік (сұрау) және оқшау сөздер, сонымен қатар көсемше жұрнағы қалыптасып отыр;

– жалғау қызметіндегі **-мен** қосымшасының қазіргі тілдегі грамматикалық мағынасы көнетүркілік **-ын, бірле, -лы** тұлғаларынан анағұрлым кеңейген, оған XIX-XX ғасырлардағы баспасөз ісінің дамуы, сондай-ақ белгілі бір деңгейде орыс тілі грамматикасы да ықпал еткен;

– (**-мен**) жалғауының қазақ тілінің территориялық аймақтарында осы күні грамматика теориясында көрсетіліп жүрген тұлғаларынан басқа да нұсқалары бар;

– арқылы септеулігінің қызметі **-мен** жалғауының қызметімен грамматикалық жағынан синонимдес. Сонымен қатар тұлғасы бірдей жалғау мен жалғаулық та өзара синтаксистік синоним жасайды;

– мен жалғаулығы тек бірыңғай мүшелерді ғана байланыстырады, сонымен қатар салаластырғыш қызметінің өзіне тән ерекшеліктері қалыптасқан;

– бір генезистен тараған мен тұлғасының бірі жалғау, бірі жалғаулық болғанына қарамастан, олардың грамматикалық мағынасында ортақ белгі сақталған. Осындай ортақ мағына салдарынан кейде мен тұлғасының жалғау не жалғаулық екенін айыру қиын;

– мен тұлғалы жалғау мен жалғаулық арасында грамматикалық мағына сақталғанмен, екеуі екі бағытпен дамып бара жатыр, себебі екеуі – қазіргі тілімізде екі түрлі категория.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. Б.Жүнісова мақала тақырыбы және дереккөздер жайлы ақпарат беріп, теориялық мәліметтер жинақтауға әрі ғылыми стильде жазылуына атсалысты. Ж.Баймұрынов теориялық мәліметтерді жүйелеп, практикалық материалдармен қабыса өрілуіне, мақаланың құрылымы мен мазмұнына, деректердің дұрыстығына жауапты болды. Л.Күлейменова сілтемелерді аударуға, техникалық ресімделуіне үлес қосты. Жалпы, үш автор да мақаланың композициялық әр бөлімін ақылдаса отырып тең дәрежеде еңбек етті.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 448 б.

2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд., 3-бас. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 608 б.

3. Әміров Р. Қазақ тіліндегі жалғаулықтар. – Алматы: Қазақстан, 1959. – 70 б.

4. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы (Оқулық). – Алматы: «Санат», 1994. – 320 б.

5. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.

6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

7. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Т.2. – Москва: Наука, 1978. – 350 с.

8. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1960. – 448 с.

9. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1988. – 262 б.

10. Тазранова А.Р. Падежная система в алтайском языке (на материале трех научных грамматик алтайского языка) // Сибирский филологический журнал. №4. – Новосибирск: НГУ, 2017. – 296 с. DOI: https://doi.org/10.17223/18137083/61/23

11. Токмашев Д.М. Язык бачатских телеутов в системе алтайских диалектов – фонология и морфонология (На материале Das Altaitürkische О.Прицака) // Вестник Томского государственного университета. Филология. №74. – Томск: ТГУ, 2021.– С.158-187.

12. Медетбекова П.Т. Мен vs. және жалғаулық шылауларының лингвостатистикалық талдауы. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2015. – 124 б.

13. Абай Құнанбаев. Т.2. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1968. – 252 б.

14. Тектіғұл Ж.О. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Оқулық. – Алматы: MV-Print, 2012. – 500 б.

15. Zhunussova B., Baimurynov Zh., Kenzhegaliyev S., Sametova Zh., Kenzhebekova A., Balabekova M. The Nature and Function of the Ancient Turkic Functional Word “Birlan” in Modern Turkic Languages (Using the Example of the Kazakh Language) // Forum for Linguistic Studies. – 2024. – Vol.06, No.06. – P.162-171. DOI: https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.6943

16. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. IY том. Соңғы жылдары табылған еңбектері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 580 б.

17. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 192 б.

18. Дмитриева Л.В. Барабинских татар язык // Языки мира: Тюркские языки. – Бишкек: «Кыргызстан», 1996. – 543 с.

19. Сарыбаев Ш. Тіл-ғұмыр. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты, 2018. – 312 б.

20. Түркі тілдері: Ұжымдық монография / «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК. – Астана, 2015. – 456 б.

21. Байдаулетова А. Лексикалық тұлғалар жасалуындағы көнеленген көмектес септік жалғауының орны // Молодой ученый. — 2016. — № 7 (111). — Т.1. — С. 20-23. — URL: https://moluch.ru/archive/111/28200/ (қаралған күні: 22.06.2025).

22. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Оқулық. – Алматы: «Інжу-Маржан полиграфия фирмасы», 2007. – 390 б.

23. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

24. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес және проф. Н.С.Исаева. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.

25. Исанова А. Жалғаулық шылаулардың синоним болуы // Қазақ тілі мен әдебиеті. №10. – Алматы, 2005. – Б.39-45.

26. Жүнісова Б., Баймұрынов Ж. «Йана» тұлғасының қазіргі сипаты мен қызметі // ҚарУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №2 (114). – Б.115-127. DOI: https://doi.org/10.31489/2024Ph2/115-127

Б.А. Жунусова[1], Ж.М. Баймурынов[2], Л.М. Кулейменова[3]

[1] Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

[2] Карагандинский университет Казпотребсоюза, Караганда, Казахстан

[3] Карагандинский технический университет им. А. Сагинова, Караганда, Казахстан

Современный характер и функции служебного слова «бірлән»

Аннотация. Известно, что форма «мен» образована от древнетюркского послелога «бірлән» и по грамматической функции и значению дифференцируется как союз и окончание. Однако известно, что современные варианты послелога «бірлән», общие для тюркских народов, не получили однозначного признания в грамматике тюркских языков. Для этого есть конкретные причины. В статье предпринята попытка составить систематическую характеристику форм, возникших от послелога «бірлән». Для этого были проанализированы этимологические труды отечественных и советских тюркологов и конкретные факты в казахском национальном литературном языке. Форма и функция инструментального падежа в казахском языке сравнивались с вариантами в других тюркских языках, при этом было обращено внимание на то, что грамматический показатель инструментального падежа присутствует и в других тюркских языках. Доказано, что в некоторых тюркских языках современные варианты послелога «бірлән», подвергшегося изменениям, сформировались как аффиксы. Были показаны сходство и различие между союзом и окончанием «мен», образованных из одного генезиса, а также систематизированы их грамматические значения в нашем современном языке. Было определено, в каких случаях в современном языке форма «мен» будет являться союзом, а в каких случаях – окончанием. Грамматические функции были изучены более подробно.

Ключевые слова: бірлан, тюркские языки, историческая грамматика, соединительный союз, функция союзов, орудийно-инструментальный падеж, падежные окончания.

B.A. Zhunussova[1], Zh.M. Baimurynov[2], L.M. Kuleimenova[3]
[1] Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan
[2] Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan
[3] Karaganda Technical University named after A. Saginov, Karaganda, Kazakhstan

Modern character and functions of the function word "and" (birlan)

Abstract. It is known that the functional word "and" is formed from the ancient Turkic particle "birlan" and is differentiated by grammatical function and meaning as a conjunction and ending. However, it is known that modern variants of the particle "birlan", common to the Turkic peoples, have not received unambiguous recognition in the grammar of the Turkic languages. There are specific reasons for this. The article attempts to compile a systematic description of the functional words that arose from the particle "birlan". For this purpose, the etymological works of domestic and Soviet Turkologists and specific facts in the Kazakh national literary language were analyzed. The form and function of the instrumental case in the Kazakh language were compared with the variants in other Turkic languages, and it was noted that the grammatical index of the prepositional case also exists in other Turkic languages. It is proven that in some Turkic languages, modern versions of the particle "birlan", which changed, were formed as affixes. The similarities and differences between the conjunction and the ending "and" formed from the same genesis were shown, as well as their grammatical meanings in our modern language were systematized. It was determined in which cases in the modern language the functional word "and" becomes a conjunction, and in which cases it becomes an ending. Grammatical functions are differentiated in a more detailed way.

Keywords: birlan, Turkic languages, historical grammar, connective conjunction, function of functional words, instrumental case, case endings.

References

1. Baitursynov A. Til tagylymy (kazak tili men oku-agartuga katysty enbekteri) [language lessons (Works on the Kazakh language and education)] (Ana tili, Almaty, 1992, 448 p.) [in Kazakh]

2. Zhubanov K. Kazak tili zhonindegi zertteuler. ond., 3-bas. [Research on the Kazakh language. 3rd edition] (Atamura, Almaty, 2010, 608 p.) [in Kazakh]

3. Amirov R. Kazak tilindegi zhalgaulyktar [Conjunctions in the Kazakh language] (Kazakhstan, Almaty, 1959, 70 p.) [in Kazakh]

4. Amanzholov S. Kazak adebi tili sintaksisinin kyskasha kursy (Okulyk) [Brief course on the syntax of the Kazakh literary language (Textbook)]. (Sanat, Almaty, 1994, 320 p.) [in Kazakh]

5. Mamanov Y. Kazak til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics] (Abzal-Aj, Almaty, 2014, 640 p.) [in Kazakh]

6. Yskakov A. Kazirgi kazak tili. 2-basylymy. Filologiya fakul'tetteri studentterine arnalgan okulyk [Modern Kazakh language. 2rd edition. Textbook for students of the Faculty of Philology] (Ana tili, Almaty, 1991, 384 p.) [in Kazakh]

7. Sevortyan E.V. Etimologicheskij slovar' tyurskih yazykov. T.2. [Etymological dictionary of Turkic languages. Vol.2] (Nauka, Moskva, 1978, 350 p.) [in Russian]

8. Kononov A.N. Grammatika sovremennogo uzbekskogo literaturnogo yazyka [Grammar of the modern Uzbek literary language] (Publishing House of the USSR Academy of Sciences, Moscow, 1960, 448 p.) [in Russian]

9. Tomanov M. Kazak tilinin tarihi grammatikasy [Historical grammar of the Kazakh language] (Mektep, Almaty, 1988, 262 p.) [in Kazakh]

10. Tazranova A.R. Case system in the Altai language (on material of three scientific grammars of the Altai language), Siberian Journal of Philology, 4(296), 253-263 (2017) DOI: https://doi.org/10.17223/18137083/61/23 [in Russian]

11. Tokmashev D.M. Teleut in the System of Altai Dialects – Phonetics and Morphophonology (Based on Das Altaitürkische by Omeljan Pritsak). Tomsk State University Journal of Philology, 74, 158-187 (2021). DOI: https://doi.org/10.17223/19986645/74/10 [in Russian]

12. Medetbekova P.T. Men vs. zhane zhalgaulyk shylaularynyn lingvostatistikalyk taldauy. Monografiya [Linguostaistic analysis of connective conjunctions «men» vs. «zhane». Monograph] (Kazak universiteti, Almaty, 2015, 124 p.) [in Kazakh]

13. Abaj Kunanbaev. T.2. [Abai Kunanbayev. Vol.2] (Zhazushy, Almaty, 1968, 252 p.) [in Kazakh]

14. Tektigul Zh.O. Kazak tilinin tarihi grammatikasy. Okulyk [Historical grammar of the Kazakh language. Textbook] (MV-Print, Almaty, 2012, 500 p.) [in Kazakh]

15. Zhunussova, B., Baimurynov, Z., Kenzhegaliyev, S., Sametova, Z., Kenzhebekova, A., & Merey Balabekova. The Nature and Function of the Ancient Turkic Functional Word "Birlan" in Modern Turkic Languages (Using the Example of the Kazakh Language). Forum for Linguistic Studies, 6(6), 162–171 (2024). DOI: https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.6943

16. Zhubanuly K. Kazak til biliminin maseleleri. IV tom. Songy zhyldary tabylgan enbekteri [Problems of Kazakh linguistics. Vol.IV. Works found in recent years]. (Abzal-Aj, Almaty, 2013, 580 p.) [in Kazakh]

17. Tomanov M. Turki tilderinin salystyrmaly grammatikasy [Comparative grammar of the Turkic languages] (Kazak universiteti, Almaty, 1992, 192 p.) [in Kazakh]

18. Dmitrieva L.V. Barabinskih tatar yazyk [The language of the Barabinsk Tatars], Yazyki mira: Tyurkskie yazyki [Languages of the world: Turkic languages] (Kyrgyzstan, Bishkek, 1996, 543 p.) [in Russian]

19. Sarybaev SH. Til-gumyr. Gylymi makalalar zhinagy [Language is life. Collection of scientific articles] (A.Bajtursynuly atyndagy til bilimi instituty, Almaty, 2018, 312 p.) [in Kazakh]

20. Turki tilderi: Uzhymdyk monografiya [Turkic languages. Collective monograph] («Sh. Shayahmetov atyndagy tilderdi damytudyn respublikalyk ujlestiru-adistemelik ortalygy» RMKK, Astana, 2015, 456 p.) [in Kazakh]

21. Bajdauletova A. Leksikalyk tulgalar zhasaluyndagy konelengen komektes septik zhalgauynyn orny [The place of the obsolete instrumental case affix in the compilation of lexical persons]. Molodoj uchenyj [Young Scientist], 7 (111), Vol.1, 20-23 (2016). – Available at: https://moluch.ru/archive/111/28200/ (accessed date: 22.06.2025). [in Kazakh]

22. Oralbaj N. Kazirgi kazak tilinin morfologiyasy. Okulyk [Morphology of the modern Kazakh language. Textbook] (Inzhu-Marzhan polygraph, Almaty, 2007, 390 p.) [in Kazakh]

23. Kazak grammatikasy. Fonetika, sozzhasam, morfologiya, sintaksis [Kazakh grammar. Phonetics, word formation, morphology, syntax] (Astana, 2002, 784 p.) [in Kazakh]

24. Isaev S. Kazak til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics / The originator: Doc. of Philology G.Anes and the prof. N.S.Isaeva] (Abzal-Aj, Almaty, 2014, 640 p.) [in Kazakh]

25. Isanova A. Zhalgaulyk shylaulardyn sinonim boluy [Synonymy of conjunctive conjunctions], Kazak tili men adebieti [Kazakh language and literature], 10, 39-45, (2005) [in Kazakh]

26. Zhunisova B., Bajmurynov Zh. The modern character and functions of the “yana” form, Bulletin of the Karaganda University. Philology series, 2(114),115-127 (2024). DOI: https://doi.org/10.31489/2024Ph2/115-127 [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Жүнісова Баян Аманжолқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: bayan75-75_75@mail.ru, ORCID: 0000-0003-3570-1010.

Баймұрынов Жанболат Мақсатұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: janbolat_b_m@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4980-1397.

Күлейменова Ләйла Мәдениетқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: laila_k70@mail.ru, ORCID: 0000-0002-5346-0786.

Жунусова Баян Аманжоловна – магистр педагогических наук, старший преподаватель, Карагандинский университет им. Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан. E-mail: bayan75-75_75@mail.ru, ORCID: 0000-0003-3570-1010.

Баймурынов Жанболат Максатович – кандидат филологических наук, доцент, Карагандинский университет Казпотребсоюза, Караганда, Казахстан. E-mail: janbolat_b_m@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4980-1397.

Кулейменова Лайла Мадениетовна – магистр педагогических наук, старший преподаватель, Карагандинский технический университет им. А.Сагинова, Караганда, Казахстан. E-mail: laila_k70@mail.ru, ORCID: 0000-0002-5346-0786.

Zhunussova Bayan Amanzholovna – Master of Pedagogy, Senior Lecturer, Karaganda University named after E.A.Buketov, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: bayan75-75_75@mail.ru, ORCID: 0000-0003-3570-1010.

Baimurynov Zhanbolat Maksatovich – Candidate of Philology, Associate Professor, Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: janbolat_b_m@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4980-1397.

Kuleimenova Laila Madenietovna – Master of Pedagogy, Senior Lecturer, Karaganda Technical University named after A.Saginov, Kazakhstan, Karaganda. E-mail: laila_k70@mail.ru, ORCID: 0000-0002-5346-0786.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

IRSTI 16.21.27 *DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-78-88*
Research article

Empathy in television discourse

Zh.M. Imangalikova[1], **K.A. Kusmanova**[2]
[1] *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*
[2] *Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

(E-mail: [1] zhanerke.imangalikova.94@mail.ru, [2] kusmanova_2014@mail.ru)

Abstract. Pragmatic-oriented research in modern linguistics is increasing. Notably, the use of the term "empathy," which has been applied sporadically in the context of pragmatics, draws attention. It is well known that the term "empathy" belongs to the field of psychology. Currently, its usage in psycholinguistics encompasses the scope of cognitive linguistics. Empathy is frequently observed in the products of television discourse and has become a subject of research in this area. From this perspective, it is possible to highlight the need for and relevance of the development of psycholinguistics and fundamental cognitive studies. The content of the article examines the manifestation of empathy in television discourse and its application in relation to the cognitive natural essence of language. The study aims to draw attention to the peculiar emotional states of individuals and the expression of the "language of feelings" in such moments. To achieve effective objectives, the study sets tasks to analyze empathy in television news and the emotional state of recipients during their perception and feeling of television programs, using linguistic (verbal) and non-linguistic (non-verbal) elements. The research results can be included in theoretical studies that integrate cognitive linguistics and psychology. The findings may have a methodological impact on applied linguistics and psychological studies.

Keywords: television discourse, empathy, multimodality, psycholinguistics, cognition, emotion.

Received: 03.02.2025; Revised: 26.04.2025; Accepted: 12.05.2025; Available online: 25.06.2025

Introduction

With the growing use of digital technologies, the form of media communication is rapidly evolving. The paradigmatic reasons for shifting to the study of the integration of language with information tools have been identified. First, discourse analysts, taking into account today's interactive technologies, are focusing on the emergence of semiotic resources from a semantic perspective. Second, new methodological approaches are being adopted based on multimodal discourse analyses. The application and effectiveness of these approaches are also reflected in the research of foreign scholars, who evaluate multimodality in modern communication from a socio-semiotic perspective [1].

Multimodal analyses have become key to working with information. For instance, new forms of text creation are being implemented comprehensively. It is also worth highlighting the emergence of new communicative-pragmatic approaches to understanding and perceiving texts. Accordingly, the functionality and application of media texts [2], the interrelation of media text and media discourse [3], and issues of media linguistics [4] can be observed in foreign-language research.

For research in this field, linguistic, content-based, discourse, and visual analysis methods are proving increasingly effective. It is well known that communication between people occurs not only through verbal or written texts but also through gestures, movements, facial expressions, glances, tone, as well as various sounds and photographs.

Materials and Methods

Television discourse belongs to the category of complex forms of speech. Speech is a type of purposeful action aimed at the interaction and cognitive mechanisms of communication participants. Television discourse is distinguished by its genre diversity, thematic, structural-compositional, and stylistic features. The function of modern television is manifested through its language. Therefore, the informational function of television discourse is characterized as follows:

- In terms of perception, speech on television is conducted in both oral and written forms (e.g., subtitles, advertising text, running text);
- Television discourse includes oral transpositional forms (e.g., the speech of television hosts and announcers, the speech of characters in telefilms);
- Speech acts in television discourse contribute to the development of communication within the television space, capturing the audience's attention and enhancing their cognitive interest.

Thus, television discourse is a multi-component model involving not only journalists and operators but also specialists in various fields. By evaluating television discourse from linguistic and psychological perspectives, it is possible to observe the level and manner in which communicative acts are implemented. Any type of communication, including television communication, consists of the following elements: the sender (the one who delivers or disseminates the information) and the recipient (the receiver or consumer).

In one foreign study, the role of the television audience in television discourse and the functions of the sender and recipient were analyzed [5, 10]. Research in the field of mass communication over the last decade has been devoted to modeling the functions of mass communication, manipulation technologies, and strategies for influencing audiences.

Researcher E.G. Larina suggests that television discourse can be considered as an integral speech act within television [6]. In communication contexts, speech emerges from the interaction of people. The concept of the speech genre was first introduced by M.M. Bakhtin in 1929 in his work *Marxism and the Philosophy of Language*. He categorized speech genres into everyday, rhetorical, scientific, and literary. Based on these parameters, he further divided genres into primary (simple speech genres) and secondary (complex speech genres) [7, 205].

General Overview of Research

In the study of mass communication, two key aspects are emphasized. First, the material-logical, factual, or intellectual, descriptive, objective, conceptual, and factual information. Second, the pragmatic, evaluative, and subjective information.

The pragmatics of television discourse manifests in three aspects in terms of speech acts. First, the speaker's relationship to the symbols they use. Second, the impact of speech on the listener, specifically the influence on the addressee through the "magic of words," including the strategies and tactics employed in communication. Third, the consideration of the background knowledge between communicators. Background knowledge is reflected not only in linguistic awareness and the meaning of language symbols but also in human behavior and social norms. The system of background knowledge in an individual unfolds during meaningful spoken interaction, dialogue, or conversation. It is also well known that during such conversations, the emotional state of the individual plays a crucial role, linking this phenomenon directly to the fields of linguistics and psychology.

In contemporary science, the study of language in conjunction with psychology has paved the way for fundamental research. According to E. Orazalieva, the stages of research in this direction include the emergence of the young grammarians' school in the 1880s, the development of psycholinguistics in the mid-20th century, and the research in cognitive linguistics starting in the 1980s [8, 76].

The content and expression of human emotions and feelings in language vary greatly. Vocabulary expressing an individual's psychological state can be classified into two categories: linguistic (verbal) and non-linguistic (non-verbal).

In Kazakh linguistics, scholars such as B. Momynova and S. Beysembayeva have noted the role and functions of non-linguistic means of communication, emphasizing that these, like linguistic means, play a unique role in facilitating communication [9, 7].

The delivery of information on television demonstrates its multimodal nature. The outcome of television information often elicits empathy in the audience. Consequently, the issues related to empathy can also be studied as part of the pragmatic aspect of television discourse. Empathy, a term rooted in psychology, is observed at the intersection of psychology, pedagogy, philosophy, and linguistics.

To begin, the term "empathy" refers to genuinely experiencing and sharing another person's emotional state, understanding it, and providing effective support. In the context of communication, empathy reflects mutual understanding, interaction, and relationships between people. Scholarly conclusions (e.g., I.M. Yussupov, E.I. Rogov) highlight that empathy contributes to the balance of interpersonal relationships [10].

Empathy is the ability of individuals to understand others and exhibit empathy in the process of interpersonal communication.

There are assertions that empathy has evolved throughout human history and continues to develop [11]. The concept of empathy began to gain widespread use in the last century. The term was introduced by E. Titchener in 1909. Based on the theoretical foundations of the feeling

of liking, Titchener described empathy as encompassing emotional responses, cognitive understanding through comparison and analogy, and preventive measures to alleviate the causes of distress in others. Earlier, in 1905, Sigmund Freud was among the first to define empathy, stating that it involves placing oneself in the patient's position, taking into account their psychological state [12].

In Russian scholarship, the application of the term empathy has also drawn attention. Among the researchers in this field are S.L. Rubinstein and T.P. Gavrilova, who view empathy as a characteristic of an individual; P.V. Simonov, who sees it as a form of special attention to others; S.B. Borisenko, who considers it an element of an individual's holistic structure; and O.I. Tsvetkova and G.F. Mikhalchenko, who associate empathy with dialogic interaction and behavioral situations. Additionally, researchers such as Y.N. Emelyanov, L.A. Petrovskaya, S.V. Petrushin, and I.V. Bachkov regard empathy as a component of communicative competence and the ability to express indirect emotional opinions about others' feelings in communication processes.

In discussing a model of empathic processes, G.F. Mikhalchenko highlights that the manifestation of empathy in communication is expressed through verbal and non-verbal interactions. He notes, "Without the communicative component, empathy cannot be discussed" [13].

Information is both visual and auditory. The linguistic scholar and Japanese researcher Suzumi Kuno was one of the first to study the connection between the term empathy and text. His 1975 article, *"Empathy and Syntax,"* and its third part, published in 1976 under the title *"Subject, Topic, and Linguistic Empathy,"* link empathy to the linguistic characteristics of communicators [14].

For example, the manifestations of empathy are clearly observed in the delivery of television news within television discourse. Scholars emphasize the various functions of empathy, recognizing it as one of the defining factors of behavior and as a unique emotional form of cognition. T.P. Gavrilova outlines the main characteristics of empathy as follows:

- Understanding the emotions and needs of one's conversational partner;
- Experiencing an event;
- Establishing or detaching from an affective connection with another, including the situation of other groups of people;
- Serving as a professional quality for psychotherapists [15].

The components of empathy can be categorized as:

- Emotional: Recognizing and accepting various emotional states of others, passive sympathy, and effective initiatives;
- Cognitive: The ability to understand thoughts, feelings, and actions of a partner, as well as to comprehend their inner world and show compassionate understanding;
- Behavioral: Mastering communication types, alleviating the psychological condition of another person, and providing assistance.

Empathy plays a significant role in resolving inner conflicts and emotional struggles. From a psychoanalytic perspective, empathy refers to understanding and adequately responding to a patient's feelings and needs. In psychoanalysis, empathy is viewed as a means of focusing on and exploring the patient's inner world.

Empathy is the ability to immerse oneself in another person's cognitive world, to understand, and to feel their emotional state. Derived from the Latin *empathea* (sensitivity), empathy signifies the capacity to comprehend the inner experiences and conditions of others and to show compassion. In psychology, this concept is recognized as a distinctive and frequently occurring human feeling. The manifestation of empathy is reflected in expressions of compassion for

someone's sorrow or difficulties, as well as in experiencing another person's severe psychological state as though it were one's own.

The oppositional relationships between the sounds in the linguistic system reflect the semantic paradigm of the language. Positional pairs of sounds are not only linguistic categories but also concepts that are interconnected with disciplines such as philosophy, logic, and psychology [14, 3].

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

Consonant sounds (bilabial).

Harmonic consonants *п, б, м*: pronounced with a back resonance, and by their auditory features are classified as consonants with back resonance; since they are pronounced with a non-labial (spread-lip) resonance, their auditory feature is considered as *spread-lip* resonance.

Auditory feature: consonants with back spread-lip resonance.

Harmonic consonants *п', б', м'*: pronounced with a front resonance and, by their auditory features, are classified as consonants with front resonance; pronounced with spread-lip resonance, thus the auditory feature is *front spread-lip* resonance.

Auditory feature: consonants with front spread-lip resonance.

Harmonic consonants п°, б°, м°, у°: pronounced with a back resonance and are, accordingly, consonants with back resonance by auditory features; since they are pronounced with a labial (rounded-lip) resonance, the auditory feature is *back labial* resonance.

Auditory feature: consonants with back labial resonance.

Harmonic consonants *п'°, б'°, м'°, у'°*: pronounced with a front resonance and thus are classified as consonants with front resonance by auditory features; as they are pronounced with labial resonance, the auditory feature is *front labial* resonance.

Auditory feature: consonants with front labial resonance.

Other consonants in the Kazakh language are also transformed according to this system.

The 9-member harmony units

Harmony consonants *т, д, н*: These are pronounced with a back unrounded resonance, and according to their acoustic feature, they are classified as back unrounded resonant consonants.

Consonants *т', д', н'*: These are pronounced with a front unrounded resonance and are classified as front unrounded resonant consonants based on their acoustic characteristics.

Consonants *т'°, д'°, н'°*: These are pronounced with a front rounded resonance and are classified as front rounded resonant consonants according to their acoustic property.

Other consonant sounds in the Kazakh language, including the 12-member harmony units, are also transformed according to this system. Without delving into the full visual articulation model of Kazakh phonemes, we have provided only a few illustrative examples. The model clearly demonstrates the role of speech organs and their movement in the articulation of Kazakh sounds. To summarize briefly:

– The tongue's position within the oral cavity is categorized into four zones: tip of the tongue, mid-tongue, back of the tongue, and uvular region.

– The involvement of the lips in Kazakh sound production is also complex, consisting of five types: open lips, compressed lips, rounded lips, blunt lips, and pointed lips.

– The manner of articulation is also intricate, including: open, narrowed, approximant (with subtypes: lateral approximant, trilled approximant, wide approximant, and tight approximant).

– The vocal fold vibration presents four types: non-vibrating, fully vibrating, partially vibrating, and intermittently vibrating.

The analysis of the articulatory base of the Kazakh language shows that there are no front vowels/consonants or back consonants in the language.

It was also revealed that while some consonants share a common place of articulation across their harmony variants, other consonants have distant and differing places of articulation among their harmony variants.

Conclusion

Currently, the phenomenon of synharmonism in the Kazakh language—its phonetic and phonological nature, and its distinctive linguistic features—has been thoroughly studied and analyzed through various scholarly opinions and research. As a result, a phonetic characterization has been established in line with the level of development of contemporary phonetic theories.

Today, the phonetics of modern Kazakh is being examined extensively from the articulatory-acoustic perspective. In addition to articulatory and frequency parameters as physical properties, the auditory nature of speech sounds is also being investigated. There is a growing interest in conducting perceptual experiments on the acoustic features of speech sounds, as researchers seek to identify autonomous methods of phonetic description that could reveal the importance of linguistic signal properties and facilitate the transition to sound analysis. The perception of phonetic features in language plays a crucial role in linguistic communication, and experimental studies of these features is essential in determining the acoustic characteristics of a language.

In this article, we have attempted to comprehensively explore the phenomenon of synharmonism—a feature considered a systemic distinction from other world languages—within the phonetic system of contemporary Kazakh. Due to the lack of consistency in explaining the nature of common features in the sound system of Kazakh, the reasons for their change, distinguishing features, and causes of disruption, this issue remains one of the most pressing topics in contemporary linguistic science.

In recent years, new synharmonic and synharmonophonological theories have emerged within phonological studies. The integration of harmony theories alongside accent-phonemic theories within the broader field of phonology marks a significant achievement not only for Kazakh linguistics but for Turkology and global linguistic science as a whole. Analyzing and characterizing the origins, key concepts, terms, and methodological features of the currently established accent-phonemic and synharmonic theories remains an urgent and important task.

In this study, we have illustrated through examples and tables how Professor A. Zhunisbek was the first to provide a comprehensive phonetic description of the sounds of the Kazakh language, both from the perspective of synharmonism and beyond. During the analysis, consonant sounds in Kazakh were differentiated based on their articulatory features, and the structural forms of the core consonants were identified. The distinctive features of synharmonism were specified according to their phonological and phonetic characteristics and organized into a system aligned with the nature of the Kazakh language.

Today, while the harmonic alignment of vowel sounds is largely undisputed, the consonant harmony in Kazakh remains an unresolved issue. Analytical studies have demonstrated that consonants also play a specific role in a synharmonic language. Many scholars who have investigated the articulatory, acoustic, and auditory properties of sounds through laboratory methods have arrived at this conclusion. Most importantly, we emphasize that synharmonism unites sounds and syllables within a word and connects words in speech, thereby facilitating fluent and natural communication.

Conflict of interests, acknowledgements and funding information

The article contains no conflict of interests.

Contribution of the authors. B.K. Kopbosynov contributed to the research and conclusion of the works of foreign and domestic scientists on the research topic. M. E. Alimbayev participated

in the collection and analysis of the materials of the article. G.I. Serkebaeva critically reviewed the content of the article and was engaged in its design. The authors are equally responsible for all aspects of the study.

References

Современный казахский язык: фонетика и морфология. – Алматы: Наука, 1962. – 452 с.

2. Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 247 б.
3. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы: Ғылым, 1975. – 304 б.
4. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988. – 144 б.
5. Тайлакбаев Б.Ж. Экспериментально-фонетическое исследование шумных смычных согласных казахского языка и сопоставление их переходных участков с соответствующими локусами аналогичных согласных английского языка: филол.ғыл.канд... дисс. автореферат. – Алма-Ата, 1972
6. Бәйімбетова, Ә. Қазақ тілі тоғысыңқы дауыссыздарының фонетикалық түрленімі: филол.ғыл.канд... дисс. автореферат: 10.02.02 - қазақ тілі / Әйгерім Бәйімбетова. - Алматы, 1999. – 24 б.
7. Оразалин І. Қазақ тілі жуысыңқы дауыссыздарының жасалым түрленімі: филол. ғыл.канд... дисс. автореферат. – Алматы, 2001. – 30 б.
8. Баймуханов Б. Қатаң дауыссыз дыбыстардың жасалым және түрленім жүйесі: филол.ғыл.канд... дисс. автореферат. – Алматы, 2005. – 22 б.
9. Жүнісбек А. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 б.
10. Қошқаров А. Фрикативные согласные казахского языка: филол.ғыл.докт... дисс. автореферат. – Алматы, 1996. – 40 б.
11. Молдашева А. Қазақ тіліндегі уяң дауыссыз дыбыстардың үйлесім турленімі: филол.ғыл.канд... дисс. автореферат. – Алматы, 2007. – 22 б.
12. Исаева Ж. Қазақ тіліндегі үнді дауыссыз дыбыстардың үйлесім түрленімі. филол. ғыл.канд... дисс. автореферат. – Алматы, 2007. – 24 б.
13. Джунисбеков А. Есть ли словесное ударение в казахском языке / Звуковой строй языка. – Москва: Наука, 1979. – С. 104-108
14. Serkebaeva G.I., Boranbaev S.R. Binary Oppositions as a Method of Conceptualization: A case of Codex Cumanicus // International Journal of Society, Culture and Language LJSCL. – 2023. – Pp. 2-12. – URL: https://doi.org/10.22034/ijscl.2023.2003011.3038

Б.К. Копбосынов*, М.Е. Алимбаев, Г.И. Серкебаева

Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Характер и сингармонизм согласных в казахском языке

Аннотация. В данной статье речь пойдет об особенностях современного казахского языка, о сингармонии в речи, внутри слов, между словами и звуками. До сих пор исследования доказали, что среди ученых существовали разные мнения о сингармонизме.

Большинство исследователей утверждают, что сингармония – это гармония гласных. В нашей работе мы на примерах доказали, что это относится и к согласным звукам. Мы систематически сгруппировали работы ученых, особенно исследователей, которые лабораторным путем изучали возникновение, произношение и слуховые характеристики звуков. Мы видим, что соответствие как гласных, так и согласных имеет особое значение в определении направления развития личности и значения односложных слов в современном казахском языке. При обработке собранного материала акцент был сделан на функции сингармонии в языке. Примеры были систематизированы и сгруппированы с помощью сравнительного и сопоставительного методов. Участие голосовых связок было основано на производстве знаков, а производство звуков в нашем языке описывалось их вибрационными волнами. Сделан вывод, что если голосовая связка колеблется полностью – гласные, если колеблется больше – тон глухой, если колеблется частично – глухой, а если не колеблется совсем – твердый глухой.

Ключевые слова: казахский язык, согласные звуки, голосовые связки, сингармонизм, фонетика, артикуляция, звуки.

Б.К. Көпбосынов*, М.Е. Әлімбаев, Г.Ы. Серкебаева
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың сипаты және сингармонизмі

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі қазақ тілінің, сөйленістеріндегі, сөз ішіндегі, сөз бен сөздің арасындағы, дыбыстарындағы сингармонизмнің ерекшеліктері жайлы сөз болады. Осы уақытқа дейін сингармонизм жайлы ғалымдар арасында түрлі пікірлердің болғанын зерттеу жұмысы дәлелдеді. Зерттеушілердің көпшілігі сингармонизмді дауысты дыбыстардың үндесуі деген пікірді алға тартады. Біз өз жұмысымызда оның дауыссыз дыбыстарға да қатысы бар екенін мысалдар арқылы дәлелдедік. Өзімізге дейінгі ғалымдардың, әсіресе дыбыстардың жасалым, айтылым, естілім сипатын лабораториялық жолмен сараптаған зерттеушілердің еңбектерін жүйелеп топтастырдық. Қазіргі қазақ тіліндегі моносиллабтардың тұлғалық, мағыналық даму бағытын айқындауда дауыстылардың да, дауыссыздардың да сәйкестігінің маңызы ерекше екенін көре аламыз. Жинақталған материалдарды өңдеу барысында сингармонизмнің тілде атқаратын қызметіне баса назар аударылды. Мысалдар салыстырмалы, салғастырмалы әдістер арқылы жүйеге келтірілді, топтастырылды. Дауыс желбезегінің қатысуымен қазақ тіліндегі дыбыстардың жасалуы желбезектің тербеліс толқындарына байланысы арқылы көрінеді. Дауыс желбезегінің толық тербелуінен – дауыстылар, көбірек тербелуінен – үнді дауыссыз дыбыстар, орташа тербелетін болса – ұяң дауыссыз дыбыстар, ал мүлде тербелмесе – қатаң дауыссыз дыбыстар пайда болады деген тұжырым қорытындыланды.

Түйін сөздер: қазақ тілі, дауыссыз дыбыстар, дауыс желбезегі, сингармонизм, фонетика, артикуляция, дыбыстар.

References

1. Sovremennyj kazahskij jazyk: fonetika i morfologiya [Modern Kazakh Language: Phonetics and Morphology]. (Nauka, Alma-Ata, 1962, 452 p.) [in Russian]

2. Myrzabekov S. Kazak tili fonetikasy [Phonetics of the Kazakh language]. (Kazak universiteti, Almaty, 2004, 247 p.) [in Kazakh]

3. Kenesbaev I., Musabaev G. Kazirgi kazak tili. Leksika, fonetika [Modern Kazakh language. Vocabulary, phonetics]. (Gylym, Almaty, 1975, 304 p.) [in Kazakh]

4. Aralbayev Zh. Kazak fonetikasy bojynsha jetjudter [Etudes on Kazakh phonetics]. (Gylym, Almaty, 1988, 144 p.) [in Kazakh]

5. Tajlakbaev B.Zh. Jeksperimental'no-foneticheskoe issledovanie shumnyh smychnyh soglasnyh kazahskogo jazyka i sopostavlenie ih perehodnyh uchastkov s sootvetstvujushhimi lokusami analogichnyh soglasnyh anglijskogo jazyka: AKD [Experimental phonetic study of noisy consonants of the Kazakh language and comparison of their transitional sections with the corresponding loci of similar consonants of the English language: AKD]. (Alma-Ata, 1972.) [in Russian]

6. Bajimbetova A. Kazak tili togysynky dauyssyzdarynyn fonetikalyk turlenimi: KDA [Phonetic modification of the consonants of the Kazakh language: KDA]. (Almaty, 1999, 24 p.) [in Kazakh]

7. Orazalin I. Kazak tili zhuysynky dauyssyzdarynyn zhasalym turlenimi. Fil. gylym. kand...diss. avtoreferaty [Modification of the formation of consonants of the Kazakh language. Phil. science. cand... dis. abstract]. (Almaty, 2001, 30 p.) [in Kazakh]

8. Bajmuhanov B. Katan dauyssyz dybystardyn zhasalym zhane turlenim zhujesi: KDA [System of formation and transformation of rigid consonants: KDA]. (Almaty, 2005, 22 p.) [in Kazakh]

9. Zhunisbek A. Kazak fonetikasy [Kazakh phonetics]. (Almaty, 2009, 312 p.) [in Kazakh]

10. Koshkarov A. Frikativnye soglasnye kazahskogo jazyka. Avtoref. dis... dok. fil. nauk [Fricative consonants of the Kazakh language. Abstract of the dissertation of the Doctor of Philology] (Almaty, 1996, 40 p.) [in Russian]

11. Moldasheva A. Kazak tilindegi ujan dauyssyz dybystardyn ujlesim turlenimi. Fil. gylym. kand... dis. avtoref. [Harmonization of consonants in the Kazakh language: abstract thesis for … Cand. of Philology] (Almaty, 2007, 22 p.) [in Kazakh]

12. Issayeva Zh. Kazak tilindegi undi dauyssyz dybystardyn ujlesim turlenimi. Fil. gylym. kand... dis. avtoref. [Harmonization of Indian consonants in the Kazakh language: abstract thesis for … Cand. of Philology] (Almaty, 2007, 24 p.) [in Kazakh]

13. Dzhunisbekov A. Est' li slovesnoe udarenie v kazahskom jazyke [Is there a verbal stress in the Kazakh language]. In: Zvukovoj stroj jazyka [The sound system of the language]. (Nauka, Moscow, 1979, 104-108.) [in Russian]

14. Serkebaeva G.I., Boranbaev S.R. Binary Oppositions as a Method of Conceptualization: A case of Codex Cumanicus. International Journal of Society, Culture and Language LJSCL, 2-12 (2023). https://doi.org/10.22034/ijscl.2023.2003011.3038

Information about the authors:

Kopbossynov Bekzhan Komekbaiuly – corresponding author, PhD student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: bekaspan@mail.ru, ORCID: 0009-0001-0158-2968.

Alimbayev Medeu Yerkinuly – Candidate of Philology, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: Medeu.Alimbaev@auezov.edu.kz, ORCID: 0000-0002-5596-737X.

Serkebayeva Gaukhar Yskakbekkyzy – PhD student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: g.serkebaeva@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8423-1129.

Көпбосынов Бекжан Көмекбайұлы – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: bekaspan@mail.ru, ORCID: 0009-0001-0158-2968.

Әлімбаев Медеу Еркінұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: Medeu.Alimbaev@auezov.edu.kz, ORCID: 0000-0002-5596-737X.

Серкебаева Гаухар Ысқақбекқызы – PhD докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: g.serkebaeva@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8423-1129.

Копбосынов Бекжан Комекбаевич – автор для корреспонденции, PhD докторант, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан. E-mail: bekaspan@mail.ru, ORCID: 0009-0001-0158-2968.

Алимбаев Медеу Еркинович – кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова, Шымкент, Казахстан. E-mail: Medeu.Alimbaev@auezov.edu.kz, ORCID: 0000-0002-5596-737X.

Серкебаева Гаухар Искакбековна – PhD докторант, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан. E-mail: g.serkebaeva@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8423-1129.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.21.07 *DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-103-115*
Ғылыми мақала

Проксемикалық амалдардың коммуникацияда қолданылуы

Ж.Т. Қошанова
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан

(E-mail: zhazira29092009@mail.ru)

Аңдатпа. Коммуникация барысында адамдар бір-бірімен сөйлеу тілі арқылы ғана емес, вербалды емес амалдар арқылы да ақпарат алмасады, түсініседі. Вербалды амалдар негізгі ақпарат көзі болса, бейвербал амалдар сөйлеу тілін логикалық, эстетикалық, эмоциялық жағынан толықтыра отырып, сөйлеушінің этномәдени, психологиялық және өзге де ерекшеліктері, яғни коммуникантың көңіл-күйі, ниеті, сөзінің шынайылығы туралы қосымша мәлімет береді. Мақалада вербалды амалдарды зерттейтін паралингвистика ғылымының бір саласы проксемика ғылымы, оның коммуникацияда алатын орны сияқты мәселелер қамтылған. Проксемика кеңістікте орналасуына байланысты адамдардың арақатынасын анықтайтын, кеңістік коммуникациясы, оның құрылымы және функцияларын қарастырады. Зерттеудің мақсаты – қазақ халқының мәдениетінде, ең алдымен, халықтың ұлттық болмысы, дүниетанымы, көшпелі тұрмысынан хабар беретін тәлім-тәрбиенің, мәдениеттіліктің белгісі болып саналатын қарым-қатынастың проксемикалық компонеттері ерекше орын алатынын көрсету. Ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, арақашықтықтың түрлері, өзіндік ерекшеліктері жан-жақты талданды. Сонымен қатар проксемалардың көркем шығармаларда вербалдануы, берілу жолдарына байланысты мысалдар келтіріліп, олардың қазақ халқының коммуникативтік кеңістігінде алатын орны, мәдени, ұлттық спецификасы айқындалып, жүргізілген зерттеулердің негізінде аталған парамалдардың тілдік маркер қызметін атқаратыны дәлелденді.

Түйін сөздер: паралингвистика, лингвистикалық маркер, проксемика, кеңістік, кинесикалық амалдар.

Түсті*: 27.03.2025;* Жөнделді*: 28.05.2025;* Мақұлданды*: 18.06.2025;* Онлайн қолжетімді*: 25.06.2025*

Кіріспе

Өткен ғасырдың соңғы жылдарынан бастап тіл ғылымының ауқымы кеңейіп, көптеген жаңа ғылым салалары қалыптасты. Солардың қатарында гендерлік лингвистика, этнолингвистика, паралингвистика және өзге де ғылыми бағыттарды атауға болады.

Тіл ғылымының жаңа бағыттарының бірі паралингвистиканың негізі XX ғасырдың 60-жылдары қаланды. Паралингвистика ғылымы сөйлеу коммуникациясы барысында тілдік амалдармен қатар қолданылатын вербалды емес амалдарды зерттейді. Тілдік қатынас кезіндегі коммуниканттардың дене қозғалысы, мимикасы, дауыс тонының өзгеруі, кідіріс жасауы, т.б. қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді. Ғалым Альберт Мейерабианның пікірінше, ақпараттың 7%-ы вербалды амалдар арқылы, 38%-ы фонациялық амалдар арқылы (дауыс тонының өзгеруі, дауыс қарқындылығы, т.б.), ал 55%-ы бейвербал амалдар (ым-ишара, дене қозғалысы, т.б.) арқылы беріледі.

Паралингвистиканың экстралингвистикалық компонеттерінің бірі ретінде проксемиканы атауға болады. Бұл ұғым коммуникацияның кеңістікте құрылу заңдылықтарын, сонымен қатар адамдар арасында жеке тұлғааралық қарым-қатынасқа аумақ, қашықтық және ара қашықтықтың әсерін талдап, түсіндіру үшін қолданылады.

«Проксемика» француз тілінен аударғанда, «жақындап келемін, жақындадым» деген мағынаны білдіреді. Ол – бір мәдениет шеңберінде, сондай-ақ әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекеттестігінде тұлғааралық қашықтықпен байланысты адамдардың әдеттері мен сезімдеріндегі айырмашылықтарды зерттейтін ғылыми бағыт [1, 224]. Бұл терминге байланысты ғалымдар әртүрлі пікір айтады.

М.П. Ешимов өз зерттеулерінде проксемиканы: «адам мінез-құлқының кеңістіктегі параметрін қарастыратын ғылым саласы», – деп атайды [2, 32].

Ал белгілі орыс ғалымы Г.Е.Крейдлин «Вербалды емес семиотика» атты еңбегінде коммуникацияның вербалды емес компоненттерін, атап айтқанда, әртүрлі халық өкілдерінің сөйлеу қарым-қатынасы жағдайында проксемаларды зерттеудің қажеттілігін айтып, проксемика ғылымының дефинициясын береді: «Проксемика – это наука о пространстве коммуникации или коммуникативном пространстве, это наука о том, как человек мыслит коммуникативное пространство, как его обживает и использует» [3, 457]. Ғалым проксемиканы вербалды емес семиотиканың бес саласының (паралингвистика, кинесика, окулесика, гаптика, проксемика) бірі ретінде көрсетеді.

Н.Г.Комлевтің зеттеулерінде: «Проксемика – учения о способах структурирования пространства в человеческом межперсональном общении», – делінген [4, 76].

Орыс тілінің түсіндірме-аударма сөздігінде проксемаға: «пространственный фон реализации вербального и невербального коммуникативного поведения», – деген анықтама береді [5, 13].

Қазақ ғалымдары проксемиканың коммуникациядағы түрлі аспектілерін зерттеуге көп көңіл бөлді. С.Бейсембаева халқымыздың көшпелі тұрмысының қазақ тіліндегі проксемалардың қалыптасуына үлкен әсерін тигізгенін айтады. Ал Ж.Өміралиеваның зерттеулеріне сәйкес, коммуникация барысындағы сұхбаттасушылардың арасындағы қашықтық олардың өзара қарым-қатынасына (ресми, бейресми, т.б.) тікелей байланысты. Г.Сүйінова қазақ және орыс халықтарының этномәдениетінде, кеңістік психологиясында «дала» концептісінің алатын орнын өзара салыстырып, зерттейді. Паралингвистиканың экстралингвистикалық компонеттерінің бірі ретінде проксемиканы атауға болады.

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

Бұл ұғым коммуникацияның кеңістікте құрылу заңдылықтарын, сонымен қатар адамдар арасында жеке тұлғааралық қарым-қатынасқа аумақ, қашықтық және арақашықтықтың әсерін талдап, түсіндіру үшін қолданылады.

Психологиялық үлкен түсіндірме сөздігінде ғалым А.Ребер: «Проксемика кеңістік пен оның түрлі әлеуметтік, мәдени жағдайларда қолданылуын зерттейді», – дей келе, жеке кеңістік, орналасу тығыздығы бұл ғылымның негізгі қарастыратын мәселелеріне жататынын айтады.

Американ антропологы Э.Холл: «Проксемика немесе кеңістік психологиясы – қарым-қатынастың кеңістікте қолданылуы», – деген [6].

Қазақ ғалымдары дапроксемиканың коммуникациядағы түрлі аспектілерін зерттеуге көп көңіл бөлді. С.Бейсембаева халқымыздың көшпелі тұрмысының қазақ тіліндегі проксемалардың қалыптасуына үлкен әсерін тигізгені туралы айтса, Г.Сүйінова қазақ және орыс халықтарының этномәдениетінде, кеңістік психологиясында «дала» концептісінің алатын орнын өзара салыстырып, зерттейді. Ал Ж.Өмірәлиеваның зерттеулеріне сәйкес, коммуникация барысындағы сұхбаттасушылардың арасындағы қашықтық олардың өзара қарым-қатынасына (ресми, бейресми, т.б.) тікелей байланысты.

Жоғарыдағы анықтамаларды негізге ала отырып, мынадай тұжырымға келуге болады: проксемика – қарым-қатынас барысындағы адамдардың ұстанатын қашықтықтың сипатына не кеңістікте орналасуына байланысты бейвербал коммуникацияны зерттейтін ғылым саласы.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында жинақтау, талдау, салыстыру-салғастыру, интерпретациялық әдістер қолданылды. Ғалымдардың көптеген еңбектері, зерттеу мақалаларын талдап, пікірлерін салғастыра отырып, ортақ тұжырым жасалды. Салыстыру-салғастыру әдістері арқылы проксемалар әртүрлі сипатына қарай сараланып, жіктелді. Ал интерпретациялық әдіс негізінде қазақ халқының дүниетанымын, болмысын паш ететін кеңістік ұғымдары, олардың коммуникациядағы рөлі айқындалды.

Нәтижелер мен талқылау

Проксемика ғылымының негізін XX ғасырдың 50-жылдары американдық антрополог әрі этнограф Эдуард Холл қалады. Ол мәдениет пен коммуникацияның тығыз байланыста болатындығына назар аударып, сұхбаттасушы адамдардың арасындағы болуы мүмкін арақашықтықтың түрлерін атап көрсетті. Олар: интимдік, тұлғалық, әлеуметтік және қоғамдық арақашықтық. Ұлттық ерекшелікке, климатқа, халықтың орналасу тығыздығына байланысты есептік көрсеткіштері бар әрбір арақашықтық белгілі бір жағдайға байланысты өзгеріп отырады.

Адамдар арасындағы кез келген қарым-қатынас белгілі бір кеңістікте өтеді. Проксемикалық амалдарды сипаттауға ұлттық және мәдени факторлар әсер етеді. Мысалы, Солтүстікамерикалық мәдениетте арақашықтықтың мынадай түрлері қалыптасқан:

- Интимдік арақашықтық. 0-ден 45 см-ге дейінгі қашықтықты қамтиды (ең жақын адамдардың тілдік қатынасы).

- Жеке немесе тұлғалық арақашықтық. 45-тен 120 см-ге дейінгі қашықтықты қамтиды (таныс адамдардың тілдік қатынасы).

- Әлеуметтік арақашықтық. 120-дан 400 см-ге дейінгі қашықтықты қамтиды (ресми кездесулердегі сұхбаттасу).

- Қоғамдық немесе бұқаралық арақашықтық. 400-ден 750 см-ге дейінгі қашықтықты қамтиды (үлкен аудиториялардағы кездесулер).

Психологтардың айтуынша, коммуниканттардың кеңістікте орналасуы, ең алдымен, олардың бір-біріне деген қарым-қатынасына байланысты. Аталған арақашықтықтар адамның жас ерекшелігіне, жынысына қарай өзгеруі мүмкін. Егде адамдар мен балалар және әйелдер (ер адамдармен салыстырғанда) жақын қашықтықты ұстануға тырысады. Ал орта жастағылар мен жастар, сонымен қатар агрессивті адамдар алыс қашықтықтан сөйлескенді ұнатады [6, 132].

Адамдар әлеуметтік қашықтықта барлық адамдармен қарым-қатынасқа түсе береді. Арақашықтық бұзылған кезде, агрессия, жақтырмау, ашулану сынды түрлі қолайсыз жағдайлар туындауы мүмкін. Ал бұқаралық арақашықтықтың ерекшелігі ақпарат берушінің интеллектуалдық қабілетін тыңдаушыға жеткізуде танылады.

Кеңістік психологиясын зерттей отырып, ғалымдар аудиторияның әлеуметтік жағынан біркелкі еместігін байқады. Алғашқы қатарда, әдетте, әлеуметтік мәртебесі жоғары адамдар, қариялар, әйелдер мен балалар және ниеті түзу, қызығушылық танытатын адамдар отырады. Ал соңғы қатарларда әлеуметтік мәртебесі төмен адамдар, жастар, ер адамдар және агрессияға бейім тұратындар жайғасады.

Проксемиканың бірлігі болып есептелетін проксемаларды Н.В.Шестеркина мен Е.М.Шестеркина орналасуына қарай үшке бөліп қарастырады. [7, 139]:

1. Статистикалық – бір адамның өзге адамға қатысты кеңістікте қозғалыссыз тұрғандығын көрсететін проксемалар.

2. Динамикалық – басқа адамдарға қатысты адамның кеңістіктегі қозғалысы.

3. Өтпелі – динамикалық жағдайдан статикалық жағдайға ауысу.

Ал ғалым А.С.Қазмағамбетова проксемаларға қатысты өз тұжырымдамасын ұсынады [8, 38-39].

1. Ақпаратты қабылдаушының алған әсерінің сипатына қарай: визуалды, визуалды-акустикалық, визуалды-тактильді. Мысалы:

Аяғында көмірдей пима, басында түбіт шалы, жұрттың арасынан сытылып шығып, құшақ жая ұмтылды. *Маржандай тісі ақсиып, жүгіріп, бала күнгісіндей мойнымнан қапсыра* құшақтай алды [9, 178]. Бұл жерде «құшақ жая ұмтылды» визуалды проксема болса, «құшақтай алды» қол соматизмі арқылы жасалған, кейіпкердің ерекше сезімін білдіріп тұрған визуалды-тактильді проксема екендігі анық көрініп тұр.

Ал: «Халел, тұра тұр. Бері кел...*Отыршы мына араға..*» [9, 104], – деген мысалда «тұра тұр, бері кел» проксемалары ғалымның айтуынша, визуалды-акустикалық болып келеді.

2. Проксеманың қандай соматизм арқылы жасалғанына қарай: соматикалық. Мысалы: Желкесін бере, жауын астында қолтықтаса қалған *екеуді көргенде іштегі асау арыстан алас ұрды* [9, 104]. «Қолтықтасу» – қол соматизмі арқылы орындалатын кинема. Оның сөйленісі – жақын тарту. Бұл вербалды емес амал дене қозғалысы арқылы іске асқанмен, екі сұхбаттасушының өте жақын арақашықтықта келе жатқанын, жақын адамдар екендігін білдіріп тұр. Сол арқылы «қолтықтасу» амалы проксема қызметін атқарып, лингвистикалық маркер болып келеді.

Менен гөрі бойы ұзындау, тақырбас сұрша бала басқаларды киіп-жарып, тура бетпе-бет *келді. Көзқарасы өткір, осылардың ішіндегі нағыз пәлесі көрінеді.* Бетпе-бетпе келу – бет соматизмі арқылы жасалатын кинема, сөйленісі – өте жақын қашықтықта келу.

3. Гендерлік белгісіне қарай: ер және әйел адамға қатысты проксемалар. Бірімізге біріміз сығылысып, малдас құрып, *жерде отырмыз. Киіміміз былғанады, астымыздан сыз – өтеді деп, қорыншақтайтын біз емес* [9,12]. Малдас құру – ер адамдарға тән кинема.

4. Семантикалық белгісіне қарай: сипаттамалық және экспрессивті: Сол үйдің іші. ***Ортада*** *арыстай сұлап Жәлел жатыр* [9, 215]. Халел сырт киімін сыпырып тастап, жүгіріп отау үйге кірген. Жеңгесін сағыныпты. Теріс қарап отырған *Ақбөпені бара бас салып* құшақтады [9, 25]. Мысалда «ортада» сипаттамалық проксема болса, «құшақтау» экспрессивті проксема болып келеді. Сонымен қатар «теріс қарап отыру» кинемасы «ренжу, ренішін білдіру, өкпелеу» мағынасында жұмсалып, сол арқылы адамның жеке арақашықтықты сақтағысы келетінін, басқа ешкіммен сөйлескісі келмейтінін білдіріп тұр, дәлірек айтқанда, «теріс қарау» екінші коммуникант үшін де, сырттан бақылап тұрған адам үшін де лингвистикалық маркер болып табылады. Бұл ретте «теріс қарау» кеңістік паратілдік амалдың да қызметін атқарады.

5. Морфологиялық белгісіне қарай: етістіктен жасалған проксемалар, үстеуден жасалған проксемалар, шылау-проксемалар.

6. Коммуниканттардың қатысу сипатына қарай: жеке, өзара, топтық. *Есік алдына гүр етіп тоқтаған жеңіл машинадан лып етіп Қосиманов түсті. Даладағы бар аяз бетіне жиналғандай ызғар шашып, екі көзі маңдайды тесіп жіберердей қадалып, Қарасайға* жақындай берді [9, 231].

Лексикографиялық дереккөздерге сәйкес, дене мүшелері алғашқыда қашықтықты өлшеудің құралы болды. Қашықтықтың алыс не жақын екендігін білдіру үшін қол созым жер, иек астында, көз алдында сынды тіркестер қолданылды [9, 47].

Сонау көз ұшынан *адам қарасы көрінсе, үстімдегі киімдерімді дереу шешем де, орап алам* [11, 116] Салқындау қанатпен жай қағынып, сылбыр ұшқандай. Бірақ, түлкі иек асты *жақыннан, төменнен қашқан еді [12, 208].*

Проксемалар коммуниканттардың өзара қарым-қатынасы, мәртебесі және өзге де белгілері туралы қосымша ақпарат беретіндіктен, ауызша және жазбаша коммуникацияның барлық формаларында маңызды рөл атқарады.

Ауызша коммуникация барысында субъектілер кеңістікте түрлі позицияда (жоғары / төмен, алыс / жақын, алды / арты, оң / сол) орналасуы мүмкін.

Коммуниканттар «жақын-алыс» позициясын сөйлеу қарым-қатынасының сипатына байланысты және коммуникативті кеңістіктің бес проксемикалық аймаққа бөлінуіне сәйкес таңдайды. Әңгімелесушілер үшін қарым-қатынас барысында дұрыс қашықтықты таңдау мүмкіндігі оның тиімділігінің маңызды алғышарты болып табылады. Өйткені біз қарым-қатынасымызда ақпаратты тек сөздер мен сөйлемдер арқылы ғана емес, ұлттық-мәдени ақпаратты білдіретін проксемикалық құралдардың көмегімен жеткіземіз.

Абайдың күткені де сол еді. Әлі тосып, бар қозғалысын ***алыстан*** *қарап, әңгіме етіп тұрған шешелерге қарай* бұрылғанда *Абай қайтадан өзінің жасына лайық қуанышты бала қалпына келе қалды. Арт жағында жорға Жұмабай Абайдың бүгін оны қорқытқанын әңгіме қып жатты. Бала енді асығып, өз шешесіне қарай* жақындай беріп еді, *Жұманның қатыны, Қалиқа деген бір жеңгесі:*

– Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау!– деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді. *Тағы бір жеңгесі - Ызғұттың қатыны Тобжан да* сүйді. *Содан кейін үлкен қатындар және осы топтағы үлкен еркектің, ағалардың да бір-екеуі* сүйіп жатыр.

Абайды шын балаға айналдырып жіберген осы сүйістер еді. Ол қысылып қызарғанмен, *қашып та құтыла алатын емес.*

Наразы боларын да, құптарын да білмеді. Бірнеше үлкен қатындардың көзінен жас та көрінді. Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді *[16].*

«Абай жолы» роман-эпопеясынан келтірілген үзіндіден автордың кейіпкердің көңіл-күйін, сезімін, өзгелердің әрекетін оқырманға жеткізу мақсатымен көптеген бейвербал амалдарды сипаттайтын вербалды тәсілдерді шебер қолданғанын байқауға болады.

Бұрылғанда, жақындай беріп еді, шешесіне қарай баса берді кинемалары бас кейіпкердің бірнеше ай бойы көрмеген анасын сағынып, жақынырақ барғысы келгендігін, ұзақ арақашықтықты қысқартқысы келгендігін аңғартады. Бұл жерде құшақтай алу, бетінен сүю – такесикалық амалдар. Жасы үлкен әйелдердің тарапынан орындалған бұл әрекет олардың кейіпкерге қатысты жақсы көзқарасын, ықыласын білдіреді. Бірақ еркінен тыс жеке қашықтықтың бұзылуының салдарынан баланың қысылып қызаруы, наразы боларын не құптарын білмей, сытылып шығуы сияқты кинесикалық амалдар іске асып, сол арқылы оның ішкі қарсылығын көрсетіп тұр. Әрі оқырман үшін лингвистикалық маркер ретінде жұмсалған.

Енді бір мысалдарда:

– Ал, үйге кіріңіздер. Кірдік.

– Төрлетіңіздер!

Төрлетуге *бізде құлық жоқ. Үйдің іші тап-таза, есікке дейін алаша, киіз төселіп тасталған. Әлиман ұстаған үй екені бірден-ақ көрініп тұр. Үстіміздең тамшылаған суды қағып, сілкіп, есік алдына бөгеле бердік.*

– Ештеңе етпейді, жоғары шығыңыздар! [11, 128]

Үлкендер тобына бір жақтан, әкеден төмен *отырып, телміре қараған Абай болса, дәл осы тәрізденіп, барынша бой салып, қарап отырған –ана шеттегі жас жігіт Жиренше* [16].

Жоғарыдағы үзінділерде төр, жоғары, төмен сынды проксемалар берілген. Алғашқы мысалда «төрлетіңіздер», «жоғары шығыңыздар» вербалды амалдары арқылы автор қонаққа келген кейіпкерлердің сыйлы, құрметті адамдар екендігін көрсетіп отыр. Сонымен қатар қазақ халқының дүниетанымында құрметті адамдарға, қонаққа төрін беріп, жоғары жаққа шығаратыны, ал жастардың жасы үлкендерден төмен отыратыны айқын көрініп, оқырманға жеткізіліп отыр.

Проксемикалық амалдардың көрінуі көркем шығармада оқырман үшін, шынайы өмірде коммуникацияға қатысушылар үшін қазақтың әдеп қағидаларының, сыйластығының тілдік маркерлері болып келеді.

Үлкен күмбез ақ үйдің іші ***оң жақ босағадан*** дәл төрдің ортасына *дейін қатар тізіліп,* мықындарын қос қолдарымен таянып, *аңырап жылап отырған қатындарға толы екен.*

Тап ***орта тұста*** *басына қара желек жамылған Бөжейдің бәйбішесі аңырап отыр. Көзінен шын жас, зар жасы бірсін-бірсін ағып жатыр. Одан жоғары төрт-бес қыз дауыс айтып отыр. Үйдің іші бұл кезде тұтас аңырап зарлаған мол* жылау *еді.*

Отырған әйелдердің алдына жылап келген еркектер тізе бүгіп отыра кетіп, құшақтасып көрісіп жылайды. Абай Құдайбердінің артында. Бағанадан бері соның ізімен кезек алып келе жатқан [16].

Проксемикалық амалдардың ұлттық-мәдени спецификасы қазақ халқының рухани болмысы мен ұлттық құндылықтарын паш етіп тұр. Мысал ретінде үзіндіде келтірілген

мықындарын қос қолымен таяну, тізе бүгу кинесикалық амалдары, жылау, көрісу сынды просодикалық амалдар, *оң жақ босаға*, төр проксемалары кісі қайтыс болғанда орындалатын салт-жоралғыны оқырманның көз алдына елестетіп, шығарманың экспрессивтілігін арттырып тұрғаны анық.

Қазақ халқының мәдениетінде қарым-қатынастың проксемикалық компонеттері ерекше орын алады. Өйткені олар, ең алдымен, халықтың ұлттық болмысы, дүниетанымы, көшпелі тұрмысынан хабар беретін тәлім-тәрбиенің, мәдениеттіліктің белгісі болып саналады.

Қазақтың көшпелі өмірі проксемикалық компоненттердің қалыптасуына әсер еткені ғалымдар С.Б.Бейсембаева, Ж.К.Өміралиеваның зерттеулерінде дәлелденген болатын. Ал М.Ешимов қарым-қатынаста кеңістік арақашықтықты білдіретін бейвербал тәсілдерді тік (ассиметриялық) және көлденең, яғни симметриялық және ассиметриялық деп екіге бөліп, оны «төр», «босаға», «оң жақ», «сол жақ», «жоғарғы жақ», «төменгі жақ» сынды ұғымдармен байланыстырып қарайды.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «Төр – үйдің есігіне қарама-қарсы жоғарғы жағы; жасы үлкен адамдар, сыйлы қонақтар отыратын құрметті орын» [10, 25], – деген екі мағынасы берілген.

Төрде, *қалың бөстек үстінде мамық жастыққа шынтақтай жатқан құдасына құшақ жая* ұмтылды [9, 25]. Қазанғапов үйге кіріп, сәлемдесе бергенде, Мырзаш: – Төрлет, *Пернеке! Дөп келдің. Мақтап жүреді екенсің, – деп қойды [11, 205].*

Алғашқы мысалда келтірілген кеңістік ұғымын білдіретін «төр» проксемасы арқылы, біріншіден, сыйлы қонақтарын, құдаларды, туған-туысты құрметтеп отырғызатын, сыйлап күтетін орын екендігін, екіншіден, халқымыздың ұлттық ерекшелігін танытатын паратілдік код екендігін байқауға болады. Сонымен қатар ғалым А.С.Қазмағамбетованың пікіріне сәйкес, «ұмтылу» қимыл ұғымы атауынан жасалған проксемикалық амал арқылы коммуниканттардың бірінің кеңістікте қашықтықты азайту мақсатында қарсы отырған адамға ұмтылған әрекетінен бір-бірімен жақын араласатын, сыйласатын адамдар екендігі көрініп тұр. Э.Холлдың классификациясы бойынша, бұл – жеке (интимдік) қашықтық. Сол себепті «төр» және «ұмтылу» проксемаларын шығарма кейіпкерлерінің қарым-қатынасын айқын көрсетіп тұрған лингвистикалық маркерлер деп айтуға болады.

Халқымыздың құрмет тұтатын адамдарын жолына, жасына, атақ-дәрежесіне қарай төрге шығарып, орын беретіні, қонағын: «төрлет», «төрге шығыңыз», – деп үйге шақыратыны екінші мысалдан анық көрініп тұр.

«Төр» ұғымына қарама-қарсы ұғым – «босаға» ұғымы бар. Сөздікте бұл сөздің мағынасы: «табалдырық, есіктің төменгі жағы; киіз үйдің қасиетті саналатын, төрге қарама-қарсы, есікке жақын жері», – деп берілген [12, 20]. Қонақ күтерде босаға жаққа әдетте жасы мен жолы кіші немесе сол үйдің балалары мен келіндері отырады.

Үш інім, он үш жасар қарындасым Дуняша босағасы *тар, тапал есіктен еңкейе кірген еңгезердей адамның – бірі мойнына, бірі иығына асылып, аяғына оралып, мәз-мейрам боп қалды* [9, 206]. – Бәлем ендігәрі бай ағамның босағасын *аттап көріңдерші. Жаман немелер, жал бітейін деген екен* [9, 74].

Бірінші мысалда «босаға» сөзі есік, кіреберіс мағынасында жұмсалып әрі қазақ халқына, түркі халықтарына тән этноним екендігін айқындап тұр. Екінші сөйлемнен «босағааттау» үй, шаңырақ мағынасында жұмсалған.

Бәлкім, басымнан сипап, бауырына тартар ананың ыстық ықыласын сағынған, көксеген сәтте, Нюра Фадеевнаның ***ақ босағасына*** *тап болуымнан шығар* [13, 206]. Бұл мысалда «ақ босаға» проксемасы ізгілікті, әр отбасы шаңырағының қасиетті болатынын, сонымен қатар әрбір келіннің оны қадір тұту керектігін білдіріп тұр.

Ақ түс – қазақ ұғымындағы ең қасиетті, ең ардақты, ең сүйкімді, ең жұмсақ бояулардың бірі. Сол себепті де *ақ* түс жалпы жақсылық, ізгілік, адамгершілік, пәктік, сүйкімділік секілді ұғымдардың бәрімен де шектесіп, астарласып жатады. [14, 176]. Сол себепті жасы үлкендер: «Босағаңнан береке кетпесін», «Босағаң берік болсын», – деп тілек айтады.

Симметриялық кеңістік ұғымдарына сай келетін «оң-сол» бейвербал амалдардың ішіндегі «сол жақ» проксемасының мағынасы сөздікте: «сол жаққа қарама-қарсы тұс; бойжеткеннің ұзатылғанға дейінгі өз үйіндегі оң жақтағы орны» [15, 98], – деп түсіндіріледі.

Қандай қонақ келмесін үй ішін, ыдыс-аяқты кіршіксіз таза ұстап, өзі мұнтаздай боп қарсы алу оның оң жақта отырғанда-ақ алған тәрбиесі [9, 13]. Өзім *Диканы* жеке отау етіп шығарам. Кім бұған оң жақта отырған қызын бермес екен [9, 98]. *Азат жүрген жігіт пен оң жақта ата-ана бауырында өзінше әлі күнге еркінше жүрген қыз Мәкен, ендігі сәттерде қашқынға айналды* [16, 78]. Жауының қолында өлмей, намысын жер қып кеткен оң жақтағы жесірі Мәкеннің жолында өлмей, тоқтамақ емес [16, 79]. Керімбала бұл күнде осы үйдегі Тобықты қызының ішінде, оң жақта ең көп отырғаны. Бірақ ауылдың, ата-ананың, өзінің де қадір-қасиетін кетірер жаманаты шықпаған.[16, 56]

Келтірілген мысалдар арқылы да «оң жақ» паратілдік амалдың қыз баласына, қыз тәрбиесіне қатысты *лингвистикалық* маркер екендігін нақты айтуға болады.

Сол жақ – киіз үй кеңістігінің дәстүрлі бөліктерінің бірі. Көшпелілердің дуалистік дүниетанымы бойынша киіз үйдің іші екі бөлікке – ер және әйел (төрден қарағандағы оң және сол) жақтарына бөлінеді. Сол жақта ыдыс-аяқ пен тағам қоятын асадал, сөре сияқты үй заттары мен бұйымдары тұратындықтан, ол «қазан-аяқ жақ» деп те аталады. Осыған сай сол жақ «әйелдер жағы», яки әйелдер отыратын орын болып саналады [17].

Үйге кіріп, сол жақ *босаға жақтағы ердің үстіне отыра кеткенде де, үй иесі алдына қымыз ұсынып бәйек болғанда да, «қайыршыдан» қашып құтыла алмады* [13, 56]. Халқымыздың дүниетанымында ыдыс-аяқ, тұрмыстық құрал-жабдықтар киіз үйдің сол жағында жиналып тұратыны, сол жақтың қазақ-ошақ жағы екендігі қалыптасқан. Сол арқылы «сол жақ» проксемасы *лингвистикалық* маркер қызметін атқарып тұр. Мысалдағы ой соны айғақтайды.

Проксемика ғылымы адамдардың кеңістіктегі психологиясын, коммуниканттардың арасындағы қарым-қатынасты немесе әрбір халықтың ұлттық кеңістік ұғымдарын зерттеп қана қоймай, қоғамның кез келген саласында адамның өзін дұрыс ұстау, сөйлеу барысында арақашықтық әдебін сақтауға үйретеді. Осындай салалардың бірі – білім беру саласы.

Қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – педагогтың кәсіби мәдениеті. Сабақ барысында балалармен тиімді қарым-қатынас орнату үшін педагог пен білім алушылардың арасында педагогикалық, психологиялық жағынан оптималды арақашықтықты сақтаған жөн. Оған экстраверсия мен интраверсия, қарым-қатынас мазмұны мен ұзақтығы, сонымен қатар сынып бөлмесінің кеңдігі, жарықтығы сынды көптеген факторлар әсер етуі мүмкін.

Төменде сынып бөлмесінің проксемикалық бірліктеріне және әрбір қашықтықтың атқаратын функциясы көрсетілген:

- Әрбір оқушының персоналды кеңістігі – оның партасы, яғни жеке кеңістігі;
- Мұғалімнің персоналды кеңістігі – мұғалімнің жұмыс үстелі: бағалау функциясы;
- Парта қатарларының арасындағы кеңістік: бақылау функциясы;
- Парта мен қабырға арасындағы қашықтық;
- Парта мен тақта арасындағы қашықтық;
- Тақтаның жанындағы кеңістік: жаңа материалды түсіндіру функциясы;
- Кафедра, тақта және бірінші парта арасындағы арақашықтық: жаңа материалды түсіндіру функциясы [18].

Бұл мәліметтерге сүйене отырып, әрбір мұғалімнің сабақты жоспарлау барысында проксемаларды тиімді қолдана алатындығына көз жеткізу үшін шағын сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 20 педагог қатысты, соның ішінде 2 педагог-шебер, 8 педагог-зерттеуші, 3 педагог-сарапшы, 7 педагог-модератор.

Кесте 1 – Сауалнама. Проксемика

№	Сұрақтар	иә	кейде	жоқ
11	Сабақ жоспарлауда сыныптағы қашықтық элементтеріне назар аударасыз ба?	13	4	3
22	Білім алушыларға әсер ету үшін сынып кеңістігін тиімді қолдана аласыз ба?	11	5	4
33	Жаңа сабақты түсіндіру барысында өз үстеліңіз не тақтаның қасында тұрасыз ба?	17	2	1
44	Жаңа сабақты бекіту кезеңінде оқушылардың қасына барып, тапсырмаларды тексересіз бе?	19	1	0
55	Оқушыларды өз орныңызда отырып, бағалайсыз ба?	17	1	2

Сауалнама қорытындысына сүйене отырып, қазіргі кезде ұстаздардың кеңістік психологиясынан білімі бар екендігін және олардың проксемика ережелерін сабақ барысында тиімді қолдана алатындығын байқауға болады. Заманауи ұстаздар білім беру процесін жетілдіру, білім сапасын арттыру, сабаққа қызығушылықты ояту мақсатында оқушылармен бір орында емес, топтық, жұптық жұмыстар жасайды, жағымды жағдай туғызу үшін шеңбер құрып, тренингтер өткізеді.

Қарастыратын тағы бір жайт – оқушылардың сынып бөлмесінде орын таңдауы. Бастауыш сыныптарда әдетте мұғалім балаларды физиологиялық ерекшеліктерін, денсаулық факторларын ескере отырып, өзі отырғызады. Орта буындарда және жоғарғы сыныптарда білім алушыларға өздеріне орын таңдау құқығы беріледі. Бұл жағдайда сабақты жақсы оқитын оқушылардың алдыңғы партада, ал керісінше, сабаққа немқұрайлы қарайтын оқушылар соңғы партада отыруға тырысады. Сонымен қатар ұяң, интраверт балалар көбінесе жалғыз отырады. Негізінен, оқушылардың пікірін және жоғарыда аталған ерекшеліктерді ескере отырып, мұғалім сыныпта оқушыларды отырғызуда басшылық етуі тиіс. Бұл, біріншіден, білім беру процесінің кедергісіз жүруіне, екіншіден, сыныпта жағымды ахуал туғызуына септігін тигізеді.

Қорытынды

Ғылыми көзқарастар мен көркем әдебиеттен алынған мысалдар негізінде коммуникация барысында вербалды амалдармен қатар жұмсалатын бейвербал амалдардың бір тобы проксемалар мәтінде әртүрлі әдіспен берілу арқылы автордың өзіндік көзқарасын, ұстанымын білдіреді. Сонымен қатар оқырманға халықтың ұлттық мәдениетінен, дүниетанымынан қосымша ақпарат береді.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай коммуникативтік акт барысында қолданылатын проксемикалық амалдардың табиғаты жан-жақты талданды. Бұған көркем мәтіннен алынған мысалдар толық дәлел бола алады.

Жоғарыда келтірілген зерттеулерге сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: проксемика ғылымы тек коммуникативтік кеңістікті зерттеумен ғана айналыспай, оны қабылдаудың әдістерін де қарастырады. Сонымен қатар коммуникацияға қатысушылардың кеңістіктегі қозғалысы кинесикалық амалдар арқылы жүзеге асады. Адамдардың ұстанатын арақашықтығы олардың бір-біріне деген қарым-қатынасын, сезімін білдіреді.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ**.**

Әдебиеттер тізімі

1. Мәдениаралық қарым-қатынас. Қазақша-орысша терминдер сөздігі / құраст.: Г.Б. Мадиева, Ж.Р. Сейітметова, М.М. Мәмбетова, Д.Б. Мәдиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 89 б.

2. Ешимов М.П. Ым семантикасы универсалды және ұлттық табиғаты: филол. ғыл. канд. дис...: 10.02.19. – Алматы, 2004. – 140 б.

3. Крейдлин Г.Е. Невербальная семиотика: Язык тела и естественный язык. – Москва: Новое литературное обозрение, 2002. – 592 с.

4. Галичева А.И. Кинесический и проксемический компоненты речевого общения: автореф. дис. … канд. филол. наук: 10.02.19. – Москва, 1987. – 22 с

5. Толковый переводоведческий словарь / Л.Л. Нелюбин. – 3-е изд., перераб. – Москва: Флинта: Наука, 2003

6. Шаньлинь Л. Вербализация проксем в художественной прозе К.Д.Воробьева // Научный журнал КубГАУ. – 2015. - №107(03)

7. Ильина А.Б. Проксемы и такемно-проксемные узлы как маркеры невербального кода в архитектонике романа У. С. Моэма “The Painted Veil” Филологический аспект: международный научно-практический журнал. 2020. № 11 (67).

8. Казмагамбетова А.С. Вербализация проксемного поведения в языке художественной литературы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 165 стр.

9. Жүнісов С. Жапандағы жалғыз үй. Роман. – Алматы: Атамұра, 2005. –304 б.

10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М.Малмақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. – 800 б.

11. Әлімқұлов, Т. Таңдамалы [Мәтін]: әңгімелер, хикаяттар / Т. Әлімқұлов. – Алматы : ҚазАқпарат, 2015. – 115 б.

12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст.: Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.

13. Бөкеев О. Атау-кере (Кауіпті будан). – Астана: Фолиант, 2022.–288 б.

14. Тәңірбергенова Б. С. Жарнамадағы түр-түс атауларының берілу сипаты // ҚазҰУ

хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – №2(132).

15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том / Құраст.: Б. Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

16. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2009. – 400 б.

17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст. А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. –752 б.

18. Иванов В.Д., Иванова Е.В., Иванова А.В. Невербальная коммуникация учителя. Проксемическая система классной комнаты // Вестник ЮУрГУ. – 2005. – №4

19. Akizhanova D. Intercultural Communication: Business negotiations in Kazakhstan // International Conference on Advanced Computer Science and Electronics Information (ICACSEI). – 2013. – Volume 41. – Pp. 514-517.

20. Boyukkhanim E. Characterıstics of male and women's speech in the process of communication // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. – 2020. – No. 133(4). – Pp. 70–77. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-133-4-70-77

Ж.Т. Кошанова

Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Использование средств проксемики в коммуникации

Аннотация. В процессе общения люди обмениваются информацией, взаимопонимают друг с другом не только через разговорный язык, но и через невербальные приемы. Вербальные приемы являются основным источником информации, невербальные - логическим, эстетическим, эмоциональным наполнением речи, дают дополнительную информацию об этнокультурных, психологических и иных особенностях говорящего, то есть настроении, намерениях, искренности речи коммуниканта. В статье рассматриваются такие вопросы, как наука проксемика, отрасль паралингвистики, изучающая вербальные операции, и ее место в общении. Проксемика рассматривает пространственную коммуникацию, ее структуру и функции, определяющие соотношение людей в зависимости от их пространственного расположения. Цель исследования - показать, что в культуре казахского народа, прежде всего, особое место занимают проксемические компоненты взаимоотношений, которые являются отличительными чертами культуры, воспитания, передающего национальную идентичность, мировоззрение, кочевой образ жизни народа. На основе исследовательских работ ученых были всесторонне проанализированы виды расстояний, их специфические особенности. Также приводятся примеры, связанные с вербализацией проксем в художественных произведениях, путями передачи, определено их место в коммуникативном пространстве казахского народа, культурная, национальная специфика, на основании проведенных исследований доказано, что данные парамалы выполняют функцию языковых маркеров.

Ключевые слова: паралингвистика, лингвистический маркер, проксемика, пространство, кинесика.

Zh.T. Koshanova

North Kazakhstan University named after M. Kozybayev, Petropavlovsk, Kazakhstan

The use of proxemic means of interaction in communication

Abstract. In the process of communication, people understand each other not only through

spoken language, but also through non-verbal techniques. Verbal techniques are the main source of information, non-verbal ones are the logical, aesthetic, and emotional content of speech, and provide additional information about the communicant. The article discusses such issues as the science of proxemics, the branch of paralinguistics that studies verbal operations, and its place in communication. Proxemics considers spatial communication, its structure and functions that determine the ratio of people depending on their spatial location. The purpose of the study is to show that in the culture of the Kazakh people, first of all, a special place is occupied by the proxemic components of relationships, which are distinctive features of culture, upbringing, conveying the national identity, worldview, and nomadic lifestyle of the people. Based on the research of scientists, the types of distances and their specific features were comprehensively analyzed. Examples related to the verbalization of proxemes in works of art, ways of transmission are also given, their place in the communicative space of the Kazakh people is determined, based on the research conducted, it is proved that these paramals perform the function of linguistic markers.

Keywords: paralinguistics, linguistic marker, proxemics, space, kinesics.

References

1. Madieva G.B., Sejitmetova ZH.R., Mambetova M.M., Madieva D.B. Madeniaralyk karym-katynas. Kazaksha-oryssha terminder sozdigi [Intercultural communication. Dictionary of Kazakh-Russian terms] (Kazakh University, Almaty, 2015, 89 p.). [in Kazakh and Russian]

2. Eshimov M.P. Ym semantikasy universaldy zhane ylttyk tabigaty [Gesture semantics universal and National feature]: thesis for … Candidate of Philology: 10.02.19 (Almaty, 2004, 140 p.). [in Kazakh]

3. Krejdlin G.E. Neverbal'naya semiotika: Yazyk tela i estestvennyj yazyk [Nonverbal semiotics: Body language and natural language] (New Literary Review, Moscow, 2002, 592 p.). [in Russian]

4. Galicheva A.I. Kinesicheskij i proksemicheskij komponenty rechevogo obshcheniya [Kinesic and proxemic components of speech communication]: abstract of the thesis for … Candidate of Philology (Moscow, 1987, 22 p.). [in Russian]

5. Nelyubi L.L. Tolkovyj perevodovedcheskij slovar' [Explanatory translation dictionary] (Flint: Nauka, Moscow, 2003). [in Russian]

6. SHan'lin' L. Verbalizaciya proksem v hudozhestvennoj proze K.D.Vorob'eva [Verbalization of proxima in K.D.Vorobyov's fiction], Nauchnyj zhurnal KubGAU [KubGAU Scientific Journal], 107(03), (2015). [in Russian]

7. Il'ina A.B. Proksemy i takemno-proksemnye uzly kak markery neverbal'nogo koda v arhitektonike romana U. S. Moema "The Painted Veil" [Proxemes and takemno-proxeme nodes as markers of non-verbal code in the architectonics of W. S. Maugham's novel "The Painted Veil"], Filologicheskij aspekt: mezhdunarodnyj nauchno-prakticheskij zhurnal [Philological aspect: an international scientific and practical journal], 11(67), (2020). [in Russian]

8. Kazmagambetova A.S. Verbalizaciya proksemnogo povedeniya v yazyke hudozhestvennoj literatury [Verbalization of proxemic behavior in the language of fiction] (Kazakh University, Almaty, 2014, 165 p.). [in Russian]

9. ZHynisov S. ZHapandagy zhalgyz yj. Roman [The only house in Zhapan. Novel] (Atamura, Almaty, 2005, 304 p.). [in Kazakh]

10. M. Malmakov, K. Esenova, B. Hinayat zhane t.b. Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk. 14-tom. [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 14.] (Almaty, 2011, 800 p.). [in Kazakh]

11. Alimkylov, T. Tandamaly [Matin]: angimeler, hikayattar [Selected [text]: stories, stories]

(Kazinform, Almaty, 2015, 115 p.). [in Kazakh]

12. B. Syjerkylova, T.ZHanyzak, O.ZHybaeva zhane t.b. Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk. 3-tom. [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 3.] (Almaty, 2011, 744 p.). [in Kazakh]

13. Bokeev O. Atau-kere (Kauipti budan) [Name-Kere (Kauevin Budan)] (Folio, Astana, 2022, 288 p.). [in Kazakh]

14. Tanirbergenova B. S. Zharnamadagy tyr-tys ataularynyn berilu sipaty [The nature of the transmission of color names in advertising], Eurasian Journal of Philology: Science and Education, 132(2), (2011). – Available at: https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/908 (accessed date: 03.11.2024) [in Kazakh]

15. B. Abilkasymov, S.Bizakov, A.Zhynisbekov zhane t.b. Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk. 5-tom / [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 5] (Almaty, 2011, 752 p.). [in Kazakh]

16. Auezov M. Abaj zholy: Roman-epopeya [The way of Abai: a novel-epic] (writer, Almaty, 2009, 400 p.). [in Kazakh]

17. Kyrast. A. Fazylzhanova, N. Ongarbaeva, K. Gabithanyly zhane t.b. Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk. 13-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 13] (Almaty, 2011, 752 p.). [in Kazakh]

18. Ivanov V. D., Ivanova E. V., Ivanova A. V. Neverbal'naya kommynikaciya ychitelya. Proksemicheskaya sistema klassnoj komnaty [Non-verbal communication of the teacher, the proxemic system of the classroom], Vestnik YUUrGU [Bulletin of the South Ural State University], 4, (2005). [in Russian]

19. Akizhanova D. Intercultural Communication: Business negotiations in Kazakhstan // International Conference on Advanced Computer Science and Electronics Information (ICACSEI). – 2013. – Volume 41. – Pp. 514-517.

20. Boyukkhanim E. Characterıstics of male and women's speech in the process of communication. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 133(4), 70–77 (2020). DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-133-4-70-77

Автор туралы мәлімет:

Қошанова Жазира Төлегенқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан. E-mail: zhazira29092009@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2683-9376.

Koshanova Zhazira Tulegenovna – Candidate of Philology, Associate Professor, M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan. E-mail: zhazira29092009@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2683-9376.

Кошанова Жазира Тулегеновна – кандидат филологических наук, доцент, Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан. E-mail: zhazira29092009@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2683-9376.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.21.61 *DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-116-126*
Ғылыми мақала

Қарым-қатынастағы жастар киберсленгі

А.А. Макулбаева[1*], Д.Х. Байдрахманов[2], Ж.Б. Ибраева[3]
[1,2]*Л.Н. Гумилев атындағы* Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
[3]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан*

(*E-mail: [1]aidanamakulbayeva@gmail.com*, [2]dbaidrakhmanov@gmail.com, [3]igb1006@mail.ru)*

Аңдатпа. Мақалада жастар арасында қолданылатын киберсленг бірліктерінің корпусын анықтап, «киберсленг» ұғымы туралы түсінік қалыптастырылған, оның жастар арасында қазақ тіліне тигізетін әсері мен ғылыми жетістіктерді дамытудағы маңызы көрсетілген, ағылшын және қазақ тілдеріндегі киберсленг ұғымын түсінудегі айырмашылықтар анықталған, сондай-ақ киберсленг бірліктерінің мағыналарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар талданған. Тіл мамандары қарым-қатынастағы тіл үнемі өзгерістерге ұшырап отырады деп дабыл қағады. Мақаланың өзектілігі тілдің «ұтқырлығымен», яғни тілдік қатынастың барлық деңгейлеріндегі тұрақты өзгерістермен, әсіресе жаһанданған әлемде технологиялардың қарқынды дамуы салдарынан интернет-сленг те белсенді функция атқарып тұр. Осы орайда тіл тазалығы немесе «тіл экологиясы» деп аталатын мәселеге ерекше көңіл бөлінеді. Мақалада автор отандық және шетелдік авторлардың әдебиеттеріне талдау жасап, лингвистикалық экологияға көзқарастардағы айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, интернет кеңістігінде қарқынды дамуына байланысты «интернет сленгінің» пайда болу себептерінің бірі ретінде чаттар мен әлеуметтік желілерде бейтаныс адамдардан келген хабарламаның мағынасын жасыру мақсатында «тілді сақтау» мәселелеріне тоқталды. Мақаланың негізгі мақсаты – медиа-кеңістіктегі киберсленгтің қайнар көздерін (қазақстандық жаңалықтар порталдары және хабар алмасу құралдары) талдау және салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып, киберсленгтің тілдік және функционалдық ерекшеліктерін анықтау.

Түйін сөздер: киберсленг, интернет-сленг, киберсленг корпусы, тіл экономикасы, тіл экологиясы, тіл тазалығы.

Түсті*: 27.03.2025;* Жөнделді*: 09.06.2025;* Мақұлданды*: 13.06.2025;* Онлайн қолжетімді*: 25.06.2025*

Кіріспе

Заманауи жаһандану дәуірінде интернеттің қарқынды дамуы тек қана дамыған мемлекеттерде ғана емес, барша елді мекендерді қамтып, тез дамып келеді. Заман талабына сәйкес жас буын мен орта буын медиа-кеңістікті күнделікті тұтынып отыр. Айталық, ақпарат құралдарын интернет желілері арқылы оқып, күнделікті тұрмыста ұялы телефонды шамадан тыс пайдаланып жатқаны да айқын. Интернеттің пайда болуымен қатар, жастардың әлеуметтің желілердің және мессенджерлердің жиі пайдалануынан сленгтің жаңа түрінің, атап айтқанда, «кибersленгтің» дамуы қарқынды жүзеге асып жатыр [1]. Соңғы жиырмажылдықты атап айтқанда, ғылым мен техника бірегей дамып, әсіресе компьютер тез дамып жатқаны анық. Осыған орай, тілде киберсленгтер пайда болып жатқаны айқын дүние. “Oxford Learner›s Dictionaries” ағылшын сөздігіне жүгінсек, электронды байланыс желілеріне қатысты, әсіресе интернетпен байланысқан деп аударылады:

“Cyber” connected with electronic communication networks, especially the internet”;

“Slang” very informal words and expressions that are more common in spoken language, particularly used by a particular group of people, for example, children, criminals, soldiers, etc” [2].

Яғни, ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін өте бейресми сөздер мен сөз тіркестері, әсіресе белгілі бір адамдар тобы қолданатын, мысалы: балалар, қылмыскерлер, әскерилер және т.б. деп аударылады. Қорытындылай келе “киберсленг” дегеніміз компьютерге қатысты сленгтер [2]. Киберсленг сонымен қатар, интернет желілерді қолданылатын хат алмасу тілі, интернет-сленг, интернет тілі немесе чат спик (chatspeak) деп те аталады [1]. Әлеуметтік желілерде және мәтіндік хабар алмасуда жиі қолданылатын сөздерді, аббревиатураларды немесе қысқартылған сөздерді білдіреді. Дүние жүзіндегі адамдардың көпшілігі хаттарды мессенджерлер арқылы “sms”-ке ауыстырғандықтан, олар өзгеше жаза бастады. Қоғамда адамдар уақытты үнемдеу мақсатында, пернелерді басуларды азайту немесе хабарламадағы таңбаларды шектеу мақсатында жиі киберсленгті пайдаланады. Мақалада автор “киберсленг” ұғымын “интернет-сленг” деп қарастырады және бұл ұғымдар бір-біріне синоним болып пайдаланылады. Ағылшын тіл мамандарының зерттеу жұмыстарына жүгінсек, киберсленгтің интернет әлемінде коммуникация құралы ғана емес, қоғамдағы күнделікті ауызекі сөйлеу стиліне ауысып жатқаны байқалады [1,4].

Әдебиеттерге шолу

Интернет коммуникациясы және киберсленг. Бүгінде жастар ғаламторды, әлеуметтік желілерді шамадан тыс күнделікті пайдаланып отыр. Ағылшын тілінде кең тараған киберсленгтің мысалдарына LOL (“қатты күлу” дегенді білдіреді) аббревиатураны пайдалану, “you” ағылшынша “are” сияқты сөздерді «u» және «r» әріптерімен ауыстыру және «4ever» сияқты стандартты емес жазбаша сөздерді пайдалану жатады. Жастар арасында «өтінемін» орнына «plz» «please» сөзін жиі қолданып жатады [5]. Дави зерттеу жұмыстары сүйенсек, “youth language” яғни жастар арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығына тоқталып өтеді [6]. Атап айтқанда, Еуропаның батыс аймағында 12-17 жас аралығында, Үндістанда 20-25 жас аралығында және Оңтүстік Африкада 14-35 жас аралығында сленгтерді тұрмыста және интернет желілерінде жиі пайдаланып отыр.

Еліміздегі жастар арасындағы қарым-қатынас кірме сөздер, сленгтер, жаргон және киберсленгтер әсерінен едәуір өзгерістерге ұшырауда. Киберсленг пен жастар ұғымы ажырамас күнделікті өмірдің бір бөлігі. Өкінішке орай, жоғарғы қауым мен жастар арасындағы белгілі сленгтерді түсінбей, коммуникацияда түсіністіктен қиыншылықтар туындап жатады. Себебі, жастарға белгілі шекара қою мүмкін емес. Отандық ғалымдар Ауғанбаева, М., Мамаева, Г. Б., & Тусупбекова, Г. А. зерттеу жұмыстарына сүйінсек, жиі қолданысқа ие окей, гоу, изи, хайп, хейт сияқты сөздер әдеби тілге кері әсерін тигізуде [7]. Жастар сленг тілдің ең өзгергіш бөлігі. Ағылшын, не орыс тілдерінде сленгтер бұрыннан қолданылатын болса, қазақ тілінде мұндай сөздердің дамуына әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің қолданылуы, мемлекеттің әлемдік аренаға орныуы үшін орын алған үштілділік саяси идеясы серпін берді. Қазіргі таңда оқушылар тіпті бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін емін-еркін меңгеріп жатыр. Белсенді дамудағы бұл өзгерістер де киберсленгтің жастөспірімдердің сөздік қорында жиі пайдалануына өз себебін тигізіп отыр. Бұл құбылыстарды жастар «сәнді сөйлеймін» деп мақтанса, қазақ тіліне жанашыр қауым мемлекеттік тілдің «шұбарлануы» деп айыптайды [7, 256].

Тіл тазалығы. Кез келген тіл сыртқы әсерлердің салдарынан, мысалы басқа тілдермен байланыста болып зақымдалуы мүмкін. Бірақ тілдер — икемді коммуникация жүйесі, уақыт өте келе өзгерістерге ұшырап отырады. Көп жағдайда адамдар бір-бірімен қарым қатынасқа түскенде санадан тыс, яғни бейсаналы түрде өзге тілдерді қосып, тілдің өзгеріске ұшырап отыруы ықтимал. Шын мәнінде, лингвист мамандар бұл құбылысқа қарсы шығып, оны өзгертудің немесе жақсарту мақсатында ұсыныстар жасап әлекке түсудің қажеті жоқ деп санайды [7]. Тілдің өзгеруі табиғи процесс болғандықтан, заман ағымына қарай сыртқы көрсеткіш факторлар өз салдарын тигізеді.

Алайда жоғары аталған идеяға қарама-қарсы ой білдірген авторлар да біршама: Эрнандес-Кампой, Дж. М. и Конде-Сильвестре, Дж. С. Олардың пікірінше, белгілі бір тілге басқа тілдердің бірліктерін енгізу тіл тазалығын құртады [8]. Яғни, өзге тілдерді араластырып сөйлеуді әдетке айналдырып, тілді шұбарлап, грамматикалық стильдерге бағынбай, тіл тазалығына аса құрметпен мән бермей, белгілі бір тілдің түбегейлі жоюына ықпалын тигізеді. Траск зерттеу жұмысына сүйенсек, лингвистикалық пуризмді немесе тіл тазалығын төмендегідей анықтайды: “Шет тілден енген сөздер және басқа да тілдік белгілердің тіл тазалығына нұқсан келтіретін ластану” [8, 254].

Қазақ тіліндегі дерек көздерге сүйенсек, тілдің экологиясына немесе тіл тазалығына қатысты отандық және әлемдік лингвист мамандар өз еңбектерінде қарастырған: М. Балақаев, Д.В. Громов, Г.А. Судзиловский, Н. Вебстер және т.б. Бір тілде өз ойын нақты жеткізе алмайтын қазақтар жастар арасында кездеседі. Осыған орай, өзге тілдерді жиі пайдаланатын жастар арасында “шала қазақ” деген ұғым да пайда болды. Киберсленгті шамадан тыс пайдалану да қазақ тілінің тазалығына тікелей оң және теріс әсерін береді. Күнделікті тұрмыста жас буын арасында “кешірім сұрадым” деген ойдың орнына “сорри” деп қолданып жатады. Әлеуметтік желілерден басқа, ақпараттық құралдары, атап айтқанда газет, журнал, телевизия және радио, ғылыми хабаршыларда қолданылып отыр. Киберсленгтің дамуына тікелей әсерін берген үштілділік саясаты түрткі болып отыр. Сонымен қатар, интернет сленгтің қарқынды дамуына өзге де факторлар өз себебін тигізіп отыр.

1 – сурет. Кибермәдениет дамуына негіз болған факторлар.

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [4,5]

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зертеудегі ең алғашқы қадам — киберсленг ұғымын отандық және шет елдік зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, түсінік қалыптастыру. Екінші кезеңде, онлайн медиа сайттардан мен ақпараттық порталды зерттеп, киберсленг корпусын жинақтау. Атап айтқанда, nur.kz, sozdik.kz, mangystaumedia.kz, https://www.azattyq.org, ernur.kz, syrboyi.kz, massaget.kz және т.б. ресми сайттар.

Зерттеу мақаласын жазу барысында салыстырмалы талдау жүргізу, жүйелеу, пікірлерді қорыту, мәтіндік талдау әдістері мен аударма тәсілдері қолданылды. Салыстырмалы талдау әдісі мен аударма тәсілі қолданысқа ие болды. Бірінші кесте бойынша шет елдік сөздерді сөзбе-сөз аудармасы арқылы “calque” тәсілі арқылы талқыланды.

Екінші кесте бойынша, уақытты үнемдеу мұқтаждығымен және эмоционалды бояу тудыру мақсатында ағылшын тілінде месенджерлерде немесе басқа интернет желілерде ағылшын тілінде жиі қолданылатын киберсленгтер түрлері және оның қазақ тілінде баламасын екі тілде салыстыру әдісіне автор жүгінеді. Ағылшын тіліндегі интернет-сленгтерді www.internetslang.com сайтын меңгеріп, автор жастар арасындағы жиі қолданысқа ие болып отырған смартфондарға арналған хат алмасу мессенджерінде интернет-сленгтермен салыстыра отыра зерттейді. Мысалдардың мағыналары “sozdik” және “Oxford Dictionary” ресми сөздіктеріне жүгіне отырып аударылды.

Нәтижелер мен талқылануы

Бөлім бойынша үш тармаққа бөліп талқыланды:

Ағылшын тілі мен қазақ тілінде дәлме-дәл немесе бірдей мағына беретін киберсленгтер.

Ағылшын тілі мен қазақ тілінде киберсленг айырмашылығы.

Уақытты үнемдеу немесе қысқартып тез хат алмасу мақсатында жастар арасында пайдаланатын интернет сленгтер.

Ағылшын тіліндегі біраз заманауи киберсленгтер қазақ тіліне де киберсленг болып еніп жатыр. Бұл сөздер заман талабына сай техниканың дамуына байланысты күнделікті

тұрмыста жиі пайдаланып отыр. Қазақстандық интернеттің ең танымал портал nur.kz сайтынан алынған мысалға нараз аударсақ:«Никнейм сіз қалдырған пікірлердің астында көрінетін болады. Оны өзге қолданушылар көре алады» деген пікірді парақшаның басты бетінен кездестіруге болады [10]. Бұл жерде никнейм сөзі ағылшын тілінің "nickname" сөзінен тікелей еніп, қолданысқа ие болып отыр. Ағылшын тілінен тікелей қазақ тіліне еніп жатқан жастар арасында жиі кездесетін дәлме-дәл мағына беретін эквиваленті мысалдар:

1– кесте. Салыстырмалы талдау.

№	Қазақ тіліндегі кибersленг	Мағынасы	English cyber slang	Meaning
1	ватсап	смартфондағы интернет желісі арқылы тегін хабарлама алмасу немесе бейнеқоңырау шалу бағдарламасы.	whatsapp	it allows users to send text, voice messages and video messages, and share images, documents, user locations etc.
2	Кибербул-линг	Интернет желілер арқылы бір адамға жаман сөздермен электронды хат жіберу немесе тұлғаны жәбірлеу мақсатында кемсітетін видео жіберу.	cyber-bullying	cyberbullying might happen in intenet platform while texting and sending videos to harass the person. It can take place in cell phones, computers, tablets or other digital technologies.
3	мессенджер	смартфонға арналған текст, суретті, видео мен аудио файлды лезде жіберетін бағдарлама немесе қосымша.	messenger	messenger is a free messaging app that helps you connect with anyone, anywhere.
4	мукбанг	тамақтану әдісіндегі видеолар.	mukbang	popular eating videos
5	селфи	Әдетте әлеуметтік желілерге жүктеу мақсатында камераны өз-өзіне қаратып суретке түсіру.	selfie	a photograph that one has taken of oneself, typically one taken with a smartphone or webcam and shared via social media.
6	юзер	пайдаланушы	user	a person who uses a product or service

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [2,3].

Кестедегі мысалдарға назар аударсақ, кибersленгтің пайда болуы "calque" яғни бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аудару арқылы және дыбысталуы да қайталану арқылы пайда болған [5,257].

II. Ағылшын тілінде кибersленг қазақ тіліндегі кибersленг сөздер екі тілде де бірдей мағына бере ме? Сөздің екі немесе бірнеше мағынасы бар, ағылшын елдерінде қолданыста көп жылдардан бері келе жатқан сөздер кибersленгке жатпайды. Мысалы, әлемге танымал "Discovery Channel" тақырыптық білім беру, ойын-сауық спутниктік және кабельдік телеарна арқылы "дискавери" кибersленгі қазақ тілде ауқымды қолданысқа ие болып, өсіп отыр. Қазақ тілінде sozdik онлайн сайтына жүгінсек дискавери "ашу, тауып алу, белгілі бір нәрсені алғашқы болып көру" деген мағына береді және бір ғана мағына береді [3]. Әрине, "discovery" сөзі ағылшын тілінде бірнеше мағына береді, ал қазақ тілінде бір

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

ғана мағынаға ие болып тұр. Оксфорд сөздігіне жүгінсек: 1. an act or the process of finding somebody/ something or learning about something that was not known about before; 2. a thing, fact or person that is found or learned about for the first time: one of the most important scientific discoveries of all time [2].

Сонымен қатар, "виртуалды" шындық сөзін алсақ та, осы бағыттағы сөздерге кіреді. Қазақ тілінде медицина, әскери дайындық немесе жастарға арналған түрлі ойын-сауықтардағы құрал-жабдықтар арқылы жасанды әлем ретінде пайдаланылады. Яғни, аталмыш сөздер like-лайк, proof- пруф, easy- изи, toxic-токсик ағылшын тілінде екі немесе одан да көп мағына беріп киберсленге жатпай тұр. Ал қазақ тілінде бір мағынаны білдіреді және бір мағынадағы кибермленг сөздер болып еніп тұр.

III. Ағылшын тілінде "language economy" сөз тіркесін бірнеше авторлар түбегейлі зерттеу жұмыстарын зерттеп айқындаған [11]. Күнделікті тұрмыс тіршіліктегі қарым-қатынастағы адамдар сөздердің санын азайтуға тырысады. Бұл ойды білдіру уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Яғни, аталмыш мағына бірнеше кілттерге негізделген қарым-қатынасты тиімдірек етуге көмектесетін принциптер мен ыңғайлы қысқарту жүйесі.

2–кесте. Салыстырмалы талдау. Уақытты үнемдеу мақсатында пайдаланатын ағылшын тілі мен қазақ тілдерінде қолданысқа ие болып отырған сленгтер баламасы:

Атауы	**Name**	**Ағылшын тілінде мысалы**	**Қазақ тілінде мысалы**
Тыныс белгілері	Punctuation	!?, ????, ...	!?, ????, ...
Бас әріптерді қолдану	Capitalization	STOP!	RAKHMET, РАХМЕТ! ИӘ.
Әріптік гомофондар	Letter homophones	u r gd= you are good H r u?=how are you?	кал қалай?-қалың қалай?
Акронимдер	Acronyms	ASAP - As Soon As Possible BC-because BRB - be right back ATB - All The Best FYI for your information IMO in my opinion OFC - of course	ЖШС, КИМЭП, КБТУ, МТС, ГАЗ.
Әріптер мен сандардың қисындасуы	Combination of numbers and letters	B4-before Gr8-great L8r-later 2moro-tomorrow	Кездеспейді.
Сөздерді жартылай қысқартып жазу	Shortcuts	vegetab-vegetables anytng-anything	ғо-ғой, сағ-сағат.
Ономатопеялық	Onomatopoeic	Hahaha, Ooof	хахахаха, хехе Ой!
Эмотикондар немесе эмоция білдіретін пиктограмма	Emoticons	;),))))))), :(	;),))))))), :(
Дауысты дыбыстарды тастап жазу	Delete vowels	Whn=when Gvn=given	калайсн-келесің, койш-қойшы, жүрш-жүрші, кайдасн-қайдасың.
Ауызекі сөйлеу	Spoken language	I dunno-I don't know	Баратыр-бара жатыр, Қуаныбатр-қуанып жатыр, Білмим-білмеймін.

Сөзді қате жазу/ орфографиялық қате	Spellings mistakes	Ho are you?-How are you? Buy- Bye	Индувидуализм-Индивидуализм, Рақымет/Рахмет-Рақмет.

Ескерту: автордың деректер негізінде құрастырылған [5,2].

Кестеге назар аударсақ, орта буын және жастар арасындағы уақытты қысқарту немесе қысқартып тез хат алмасу мақсатында жастар арасында пайдаланатын интернет сленгтердің ағылшын тілі мен қазақ тілдерінде қолданысқа ие болып отыр. Радикорф жұмысына сүйене отырып қазақ тіліндегі баламасындағы қолданысқа ие сөздерге талдау жасалынған [5]. Уақытты үнемдеу мақсатында қысқартып жазған интернет-сленгке назар аударсақ, қазақ тіліне кері әсерін тигізіп тұрғаны айқын көреінеді. Себебі, сөздер қысқартылып жазылғанда біршама өзгеріске ұшырап, грамматика тұрғыдан да қателер кеткен. Мысалы, “рақмет” сөзін алсақ бірнеше баламада жазылғаны белгілі. Бұл санатта жазушының түпнұсқаның жазу үлгісін білмегендігін көрсетеді және жас буынды сауатсыздылыққа апарады. Сауатсыздылыққа апаратын үлкен дерт туындап тұрғанын байқауға болады. Сонымен қатар, әдеттер жазушы асығып, ұялы телефон пайдалану барысында әріптің жанында тұрған батырманы басып, орфографиялық қате жібереді: Қалыі қалаң?=қалың қалай? Кпшан келесің?= қашан келесің? “П” әріпі “а” әріпі батырмасының жанында орналасқандықтан, тезірек жазғанда белгілі әріптің қасындағы батырма көп жағдайда басылып кетеді.

Қорытынды

Еліміздегі тілге қатысты қазақ тілі мәртебесін жоғарлату мақсатында және қазақ тілін меңгеру аясында түрлі іс-шаралардың өтіп жатқанына қарамастан, интернет-сленгтің қазақ тілінің тазалығына теріс әсерін беріп жатыр. Себебі, киберсленгтер ағылшын тілінен тікелей еніп, қолданысқа ие болып отыр. Екіншіден, ағылшын тілінде біраз жылдан бері қолдыныcқа ие болып отырған екі немесе одан да көп мағынаға ие сөздер, қазақ тілінде бір мағына беріп киберсленг сөздер болып еніп тұр. Жоғарыда көрсетілген 2 кестеге назар аударсақ, оқушылардың пунктуациядан немесе қарапайым грамматикадан үлкен қателіктерді жіберіп жатқанын байқауға болады. Өкінішке орай, жасөспірімдердің қарым-қатынастағы сөйлеу мәдениетінің төмендеуіне және тілдің шоғырлануына алып келеді. Заманауи сарапшылардың пікіріне ой салсақ, бірнеше онжылдықтарда қазақ тілі өзгерістерге ұшырап, жасөспірімдердің еркін ойлауы мен критикалық тұрғыдан талдаудан қиыншылықтар туындап, орфографиялық қатемен жазу көп кездесуі айқын. Жаңа киберсленгтердің, басқа сөздердің пайда болуы бір жағынан сөздік қорымызды байытса, екінші жағынан өте көп мөлшердегі интернет-сленгтер қазақ тілінің тілдік нормаларын бұзып бара жатқаны айқын. Әдемі тілдік қорымызды қолданыста жиі пайдаланып, оны әрі қарай дамытудың басты шарттарының бірі – тіл тазалығын сақтау.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат
Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. А.А. Макулбаева киберсленг бойынша мақала материалдарын толыққанды жинақтап, мақаланың кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды

бөлімдерді жазды. Және де мақаланы рәсімдеу бөлімімен айналысты. Д.Х. Байдрахманов, Ж.Б. Ибраева мақаланың негізгі бөліміне кері байланыс берді, идеяларды ұсынды. Зерттеу материалдарын сыни тұрғыдан қарап, түзетулер мен қосымшалар енгізді. Жұмыс пікір алмаса, деректердің тұтастығы мен дұрыстығына өзара көз жеткізе отырып талқыланды.

Әдебиеттер тізімі

1. Geana C.M. Cyberslang or the language used by the internet users // Journal of Romanian Literary Studies. – 2018. – №15. – Pp. 472-480.

2. Oxford Learner's Dictionaries [Электронды ресурс] – URL: https://www.oxfordlearners-dictionaries.com (қаралған күні: 06.01.2025)

3. Орысша-қазақша сөздік sozdik [Электронды ресурс] – URL: https://sozdik.kz (қаралған күні: 15.12.2024)

4. Barseghyan L. On some aspects of Internet slang // Graduate School of Foreign Languages. – 2013. – T. 14. – Pp. 19-31.

5. Ricaforte, L. B. Social Media Exposure and Usage of Cyber Slang: Bases in Examining the Academic Writing Conventions of the Students // Shanti Journal. – 2022. – T. 1. – № 1. – Pp. 229-254. DOI: https://doi.org/10.3126/shantij.v1i1.47906

6. Davie, J. Slang across societies: motivations and construction. – London: Routledge, 2018. – 210 c.

7. Ауғанбаева, М., Мамаева, Г. Б., Тусупбекова, Г. А. Жастар тіліндегі сленгтер мен жаргондар // Ш. Уәлиханов ат. Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №2. – Б. 31-41. DOI: https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp31-42

8. Hernandez-Campoy J.M., Conde-Silvestre J.C. The handbook of historical sociolinguistics. T. 68. – Chichester: John Wiley & Sons, 2012. –704 p.

9.Trask, R. L. Key Concepts in Language and Linguistics (Routledge, London, 1999, 256 p.)

10. Nur.kz ақпараттық порталы [Электронды ресурс]. – URL: https://kaz.nur.kz (қаралған күні: 10.12.2024)

11. Gorter D. Language economy and linguistic landscape // Linguistic landscape. – 2008. – Pp. 63-77.

12. Балақаев, М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Павлодар: С.Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 212 б.

13. Ali, S., Al-Jabri, H., AL-Adwan, A. et al. Subtitling Saudi Arabic slang into English: the case of "The Book of the Sun" on Netflix // Humanities and Social Sciences Communications. – 2024. – Vol.11. – e-481. DOI: https://doi.org/10.1057/s41599-024-02965-y

А.А. Макулбаева[1]*, Д.Х. Байдрахманов[2], Ж.Б. Ибраева[3]

[1,2] Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

[3] Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Молодежный киберсленг в коммуникации

Аннотация. В статье представлены результаты изучения корпуса единиц киберсленга, используемого в молодежной среде, сформировано осмысление понятия «киберсленг», показано его влияние на казахский язык в молодежной среде и его значение в

развитии научных достижений, установлена разница в понимании понятия киберсленг в английском и казахском языках, а также осуществлен разбор сходств и отличий в значениях единиц киберсленга. Были выявлены факторы, порождающие это явление. Актуальность статьи обусловлена «подвижностью» языка, то есть постоянными изменениями на всех уровнях языкового общения, в особенности в эпоху глобального обмена информацией и постоянного развития высоких технологий. В связи этим, особое внимание уделено вопросу чистоты языка или так называемой «языковой экологии». Анализ литературы отечественных и зарубежных авторов позволил выявить разницу в подходах к языковой экологии. Кроме того, автором затронуты вопросы «экономии языка» как одной из причин появления интернет-сленга для скорости общения в интернет-пространстве, а также с целью замаскировать смысл послания от посторонних в чатах и социальных сетях. Основная цель статьи — проанализировать источники киберсленга в медиапространстве (казахстанские новостные порталы и средства обмена сообщениями) и методом сопоставительного анализа выявить языковые и функциональные особенности киберсленга.

Ключевые слова: киберсленг, интернет-сленг, корпуса единиц киберсленга, экономия языка, языковая экология, языковой пуризм.

A.A. Makulbayeva[1]*, D.K. Baidrakhmanov[2], Zh.B. Ibrayeva[3]
[1,2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[3] Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Youth cyberslang in communication

Abstract. The article presents the results of studying the corpus of cyberslang units used among young people. It forms an understanding of the concept of "cyberslang", shows its influence on the Kazakh language among the young generation, and its importance in developing scientific achievements. Moreover, the article analyzes the similarities and differences within the meanings of cyberslang units. The relevance of the article relies on constant changes at all levels of linguistic communication, especially in the era of global information exchange and the constant development of technologies. Special attention is devoted to the issue of language purity or "language ecology". The analysis of literature by Kazakhstani and foreign authors is revealed. It also studies approaches to language ecology. The author touches upon the issues of "language economy" as one of the reasons for the emergence of Internet slang within youth communication to save time, as well as to disguise the meaning of a message from strangers in chats and social networks. The main objective of the article is to analyze the sources of cyberslang in the media space and use the method of comparative analysis to identify the linguistic and functional features of cyberslang.

Keywords: cyberslang, Internet slang, cyberslang units, language economy, language ecology, language purism.

References

1. Geana C.M. Cyberslang or the language used by the internet users. Journal of Romanian Literary Studies, 15, 472-480 (2018).

2. Sland. In: Oxford Learner's Dictionaries [Electronic resource]. – Available at: https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/slang?q=Slang (accessed 06.01.2025)

3. Oryssha-kazakhsha sozdik [Russian-Kazakh Dictionary]. – Available at: https://sozdik.kz (accessed 15.12.2024) [in Kazakh].

4. Barseghyan, L. On some aspects of Internet slang. Graduate School of Foreign Languages, 14, 19-31 (2013).

5. Ricaforte, L.B. Social Media Exposure and Usage of Cyber Slang: Bases in Examining the Academic Writing Conventions of the Students. Shanti Journal, 1(1), 229-254 (2022). DOI: https://doi.org/10.3126/shantij.v1i1.47906

6. Davie, J. Slang across Societies: Motivations and Construction. Linguistic landscape (London, Routledge, 2019, 210 p).

7. Auganbayeva, M., Mamayeva, G. B., Tussupbekova, G. A. Zhastar tilindegi slengter men zhargondar [Youth slang and jargon]. Bulletin of S.Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series, 2, 31-41. DOI: https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp31-42 [in Kazakh].

8. Hernandez-Campoy J.M., Conde-Silvestre J. C. The handbook of historical sociolinguistics. Vol. 68 (John Wiley & Sons, Chichester, 2012, 704 p.)

9. Trask, R. L. Key Concepts in Language and Linguistics (Routledge, London, 1999, 256 p.)

10. Nur.kz akparattyk portaly [Nur.kz information portal] [Electronic resource]. – Available at: https://kaz.nur.kz (accessed 10.12.2024) [in Kazakh]

11. Cenoz, J., Gorter, D. Language economy and linguistic landscape. In: E.Shohamy & D.Gorter (Eds.). Linguistic Landscape: Expanding the Scenery (London, Routledge, 2008, 55-69)

12. Balakayev, M. Kazakh adebi tili zhane onyn normalary [Kazakh literary language and its norms] (Pavlodar State University named after S. Toraigyrov, Pavlodar, 2010, 212 p.) [in Kazakh].

13. Ali, S., Al-Jabri, H., AL-Adwan, A. et al. Subtitling Saudi Arabic slang into English: the case of "The Book of the Sun" on Netflix. Humanities and Social Sciences Communications, 11, e-481 (2024). DOI: https://doi.org/10.1057/s41599-024-02965-y

Авторлар туралы мәлімет:

Макулбаева Айдана Азимханқызы – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: aidanamakulbayeva@gmail.com, ORCID: 0009-0007-1348-7347.

Байдрахманов Досым Хасенович – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: dbaidrakhmanov@gmail.com, ORCID: 0000-0002-9192-6268.

Ибраева Жанарка Бакибаевна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: igb1006@mail.ru, ORCID: 10000-0003-1487-5513.

Makulbayeva Aidana Azimkhankyzy – corresponding author, PhD student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: aidanamakulbayeva@gmail.com, ORCID ID 0009-0007-1348-7347.

Baidrakhmanov Dossym Khasenovich – Candidate of Pedagogy, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. Email: dbaidrakhmanov@gmail.com, ORCID: 0000-0002-9192-6268.

Ibrayeva Zhanarka Bakibaevna – Candidate of Philology, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan. E-mail: igb1006@mail.ru, ORCID: 10000-0003-1487-5513.

Макулбаева Айдана Азимханкызы – автор для корреспонденции, PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: aidanamakulbayeva@gmail.com, ORCID: 0009-0007-1348-7347.

Байдрахманов Досым Хасенович – кандидат педагогических наук, доцент, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: dbaidrakhmanov@gmail.com, ORCID: 0000-0002-9192-6268.

Ибраева Жанарка Бакибаевна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан. E-mail: igb1006@mail.ru, ORCID: 10000-0003-1487-5513.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.21.65 **DOI: https://***doi org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-127-142*
Ғылыми мақала

Ұлттық корпус: этномәдени бірліктердің сипаты

Ж.Қ. Өмірбекова
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ozhamila@inbox.ru)

Аңдатпа. Мақала тілде сақталған этномәдени бірліктерді ұлттық корпуста лексикографиялау мәселесіне арналған. Қазақ халқының өмір сүрген ортасына, аймағына, қоршаған табиғатына сай қалыптасып, тілде сақталған бірегей тарихи дамуы мен күнделікті өмір сүру ерекшеліктері, өмір сүру салты мен дәстүріне қатысты мәдениантанымдық этномәдени құндылықтарды зерттеу заманауи антропоөзектік парадигма аясында өзектелуде. Мақаламыз жадымызда сақталған этномәдени бірліктердің цифрлануымен ерекшеленеді. Қазақ мемлекетінің бүгінгі таңдағы даму барысын белгілейтін қоғамдық-әлеуметтік жаңару бағдарына сай тіл арқылы ұлт құндылықтарын игеру аса маңызды. Мақаламыздың маңыздылығы – этномәдени бірліктердің мәнін архетиптік санада жаңғыртып, бүгінгі тіл иесінің қолданысындағы сөз әлеуетін таныту. Мақаланың мақсаты – тілші-ғалымдардың танымдық көкжиегін кеңейтіп, тіл арқылы мемлекетшілдік сана деңгейін көтеру. Мақаланың өзектілігі – ұлттың дүниетанымымен, ұлттық болмысымен ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан, ғасырлар бойы жасаған ұлттық мәдениетімізді жаңғыртып, ұлттық корпус арқылы болашақ жастарға аманаттау. Ұлттық корпус мәселесі қазір дамып, салаланып, көптеген ішкорпустармен толыққан. Мақаланың нәтижелері мен талдаулары қолымызда жинақталған этномәдени атауларды жастарға дауылпаз, терме, әнші, жыр, ханталпай, қамажай сияқты этнолексикалық бірліктердің мағынасын түсіндіріп, корпус арқылы талдау. Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, диалектологиялық, әлеуметтанымдық т.б. зерттеулерде түсіндіріліп, жинақталған «қазақ әлемін» танытатын этномәдени бірліктердің жүйесін ұлттық корпуста берудің ғылыми-әдіснамалық үлгісін көрсету – мақаланың арқалаған міндеті. Мақаланың құндылығы тіл арқылы ұлт мәдениетін (болмысын) заманауи лингвистиканың ақпараттық көзі ретінде ізденушілердің жұмысын оңтайландыруында болып отыр.

Түйін сөздер: этномәдени бірліктер, антропоөзектік парадигма, ұлттық корпус, автоматтандыру, лингвомәдениеттану.

Түсті: 24.04.2025; Жөнделді: 04.06.2025; Мақұлданды: 09.06.2025; Онлайн қолжетімді: 25.06.2025

Кіріспе

Тілдің қызметі – этномәдени бірліктердегі ақпаратты ұлттың рухы ретінде ұлттың бойына сіңіріп, сақтау. Сайып келгенде, тілдің қызметі арқылы «тіл – халықты бір бүтін етіп тұтастырушы арқау» деген тұжырым халқымыздың бүгінгісі мен кешегісі, болашақ тарихы мен бағдарын белгілеудің өзектілігін құрайды. Қазақ тілінің ұлттық корпусы – ана тіліміздің мол байлығын көрсететін заманауи баға жетпес рухани қазына. Осыған байланысты ұлттық танымға нұсқау болатын, ұлттық нақышы айқын, ұлттық дүниетанымның мазмұнын лингвомәдени (этномәдени) бірліктер құраса, оның ең құнарлы бөлшегі – этномәдени лексика. Этномәдени лексика – этностың ақыл-ой санасының, дүниетанымының нәтижесі – материалдық және рухани мәдениетінің тілдегі көрінісін таңбалайтын тіл бірліктерінің жүйесі. Этномәдени лексиканы ұлттық дүниетаным мазмұнды тіл бірліктері, лингвокультуремалар құрайды. Осы болмысына сәйкес ұлттық тілдің тарихи дамуына байланысты күрделі, сан түрлі кезеңдерден өткен, өте кең ауқымды қамтитын ұғым болғандықтан, құрамы жағынан бірыңғай сипатта қолданыла бермейді.

Этномәдени лексика – қазақ тілінің өз тарихын, рухани-материалдық байлығын зерттеп-зерделеуінде өзін тану жолына жүгінетін тарихи куәсі. Аталмыш лексика қазақтың дәстүрлі мәдениетінің көріністерін әлі күнге дейін таңбалап, реликтілік сипатта осылайша сақталған лингвомәдени сөздердің мазмұнын тіл иесінің этномәдени болмысын бейнелейді. Олай болса, қазіргі қоғамдағы рухани жаңғыруға бет бұрған бағдарды жүзеге асырудың жаңа сапалық деңгейіне сәйкес рухани-танымдық тетік болатын, мемлекетшілдік сана қалыптастыруда қозғаушы күш ретінде танылатын, тереңнен жалғасқан танымдық-ақпараттық көздің бірі – этномәдени лексика. Ол – қазақтың біртұтас тілінің мәдени қолданысы мен тіл тарихының үдерісінде қазақ жұртының реликтілік тілдік көрінісі ретінде сақталған төл мәдениетінің бөлшегі. Заманға сай тіл ғылымының этномәдени бірліктерді бөліп зерттеуден гөрі оларды өзара байланыстыру этномәдени ақпарат жинақтары ретінде тұтас анықтап отырған кезеңінде мәдени лексиканы этномәдени дереккөзі, ұлттық мәдениеттің көрінісі тұрғысынан айқындап, оның мәдени-танымдық қызметін көрсетуге арналған зерттеу жұмыстарының маңыздылығын айқындап көрсетеді. Ұлттың тілінде таңбаланып, оның тұрмысымен байланысып келе жатқан ұлттық коды, осы этномәдени лексикадан кең көлемде таратылған, мәдени құндылықтарының этномәдени лексикада өзіндік ерекшеліктерін ала отырып, ұлттық мәдениетті айшықты толықтыра түсетініне ден қойып зерттеу тіл арқылы бейнеленген этномәдени тұтастықты зерттеу жұмысының өзектілігін нақтылай түседі. Тіл мен мәдениет сабақтастығының ғасырларға жалғасып келе жатқан терең байланысының көрсеткіші болып табылатын бейнелі тілдік бірліктердің бойында ұлттық болмыс, таным, ұлттық ұстаным сақталады. С.К.Сәтенова бұл мәселеге қатысты тұжырымын: «Айшықты сөз өрнектерінің үйқасын, үйлесімін тауып, жүйелі түрде өру логикаға, қабілет пен сезімталдыққа, абстракциялық ойлау жүйесіне байланысты» [1,76],-деп білдіреді.

Зерттеуші С.Б.Бектемирова өзінің «Лексикалық бірліктердің этномәдени табиғаты (түркі тілдеріндегі кинологиялық атаулар негізінде)» атты мақаласында: «Көбінесе лингвистикалық мәдениеттану этнолингвистикамен байланысты, біраз мәселелерді шешуде, теориялық, ғылыми принциптері, зерттеу нысаны мен мақсатының өзектес, тамырлас екені дау туғызбайды. Екеуінің арасын жалпы мен жалқының, бүтін мен бөлшектің байланысы іспетті қарауға болады», – деп жазады [2, 57]. Міне, бұдан этномәдени

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

бірліктерді қарастыратын этнолингвистика саласы екенін байқаймыз. Осымен байланысты тілдік қолданыста сақталған этномәдени бірліктер қазақ мәдениетінің құндылығын бойына терең дарытып жинақтаған, ғасырдан мұра болып келе жатқан байлығы деп қарастырсақ, оны жинақтап, жүйелеудің және ақпараттық-танымдық қорын ұлттық корпусқа сай автоматтандыру үдерісін жүзеге асыру – өте өзекті. Осыған орай бұл жұмыс этномәдени бірліктердің сөздігін құрастырып, әрі қарай оның этномәдени ішкорпусының алгоритмін жасауға жалғасады.

Әдіснама

Қазақ тілінің этномәдени лексикасы, оның деңгейі, этномәдени мазмұнды ерекшелігі, ұлттық болмысты танытатын рухани және материалдық мәдениеттің тілдік бірліктері зерттеудің негізгі материалы ретінде қарастырылады. Лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б. бірліктердің мазмұнында сақталған этномәдени болмысты ашудың тәсілдері ретінде лексика-семантикалық, мәдени-семантикалық, этнолингвистикалық, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылып, тілде сақталған этномәдени бірліктерді ұлттық корпуста беру үлгісіне негіз болды.

Ұлттық корпуста берілген этномәдени лексикалық бірліктер ұлттық рухани мәдениетті зерделеу, тіл мен этностың байланысын дәлелдейді. Бұл бағыттағы зерттеулерге ғылыми әдістемелік негіз болатын лингвомәдени, этнолингвистикалық зерттеушілер қазіргі қазақ тіл білімінде жаңа деңгейге көтерілуде (Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Мұқанов, К.Аханов, И.Маманов, Ә.Қайдар, А.Сейдімбек, Ә.Марғұлан, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Н.Уәли, С.Н.Смағұлова, А.Б.Салқынбай, Б.Қасым т.б.). Этномәдени лексика жайлы ұғымдарының этнос өміріндегі орнын сипаттайтын тіл қызметінен де хабардар етеді. Мәселен, ғалым Ә.Т.Қайдар зерттеп, зерделеп, індете қарастырған «тіл феномені», «тіл әлемінде» тіл иесінің пайым-парасатының орасан зор үлгілері сақталған. Осыған орай, «... тіл феноменін – «тіл әлемін»: этностың өзін танып-білудің қайнар көзі, біліктіліктің кәусар бұлағы десек, артық айтқандық емес. Бұл ұғымның ауқымына тілдің барлық қасиеті түгел сыйып тұрғандай: этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін өзі танып-білудің өлшемі де сол – тіл т.т. Осының бәрі «тіл әлемінен» табылады» деп анықтай келе, «Сонымен, тіл әлемі» дегеніміз – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті, миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі» [3,11],- деп қорытындылайды. Ғалымның тіл мен этнос сабақтастығындағы этнотанымдық зерттеу еңбектеріндегі моральдық-этикалық қалыптарды этностың көркем ойлау деңгейін танытатын тілдік бейнесі деп қарауға болады. Ал этномәдени лексика мәселелері – сол тілді қолданушы қауымның тарихымен, ұлттық мәдениетімен, рухани болмысымен, өмір тіршілігімен байланысты кешенді жүйе. Себебі сол тілде сөйлеуші этностың ұғым-түсінігіне, ой санасына, салт-дәстүріне байланысты мол мағлұмат бере алатын негізгі көз – тілдік ақпарат.

«Қазақ тілінің ұлттық корпусында» (https://qazcorpus.kz/about/1/) дауылпаз этномәдени лексемасы 78; әнші сөзі 2065; терме этномәдени лексикасы 140; жыр 6000, ханталапай 2; құжатта кездеседі [4].

Демек, ұлттық корпуста берілген этномәдени лексикалық бірліктер ақпараттық-танымдық қорды дамытуға өз үлесін қосатыны сөзсіз және автоматтандыру үдерісін жүзеге асыруға өз септігін тигізіп отыр. Ұлттық корпуста берілген этномәдени лексикалық

бірліктердің берілуі мақалада жинақтау, талдау, жалпылау, индукция, дедукция, топтастыру секілді жалпы ғылыми және семасиологиялық, статистикалық әдіс-тәсілдер пайдаланылды.

Әдебиетке шолу

Қазақ руханияты мен тіл арқылы ұлт болмысын танудың қазақ тіл біліміндегі бастау көзі Қ.Жұбанов, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ш.Уәлиханов т.б. еңбектерінен басталып, кейін І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты. Қазіргі заманауи лингвистиканың тіл-ұлт-мәдениет үш тағанындағы сабақтастықта жүргізілуі – антропоөзектік парадигма аясында қалыптасқан қағида. Осымен байланысты тілді коммуникативтік-прагматикалық, когнитивтік және лингвомәдени, лингвоәлеуметтік, психолингвистикалық, лингвоэкологиялық т.б. кешенді тұрғыдан қарастырудың концептуалдық негізінде анықтау, сөздердің коммуникативтік сапаларын ашу – тіл арқылы мәдениетті жаңғыртуға қатысты қазіргі тіл білімінің өзекті мәселесі. Себебі дәстүрлі-құрылымдық лингвистикада сөздердің мағынасы тура және ауыспалы немесе көпмағыналылық деңгейлермен шектеледі. Сонымен қатар көне сөз, тарихи сөз, кірме сөз деп ажыратылады. Сол сөздердің тарихи кезеңінің мәдениетін танытатын белгілерін, ұлттың этникалық болмысын, дүниетанымын, қабылдау әлемін айқындауда кезінде құрылымдық лингвистиканың жан-жақты зерттеуге ала-алмайтындығын байқатты. Сондықтан антропоөзектік бағытта этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, психолингвистика зерттеушілері сөздің денотаттық, коннотаттық, сигнификаттық мағынасын, бейнелі, жасырын және окказионалды, узуалды мағынасын, кешенді ұлттық кодын ашуға мүмкіндік береді. Ұлттық және антропоөзектік парадигмада екеуі бірдей зерттелетін этномәдени бірліктердің концептуалдық, семантикалық өрісін анықтап, болашақ ұрпаққа зерделеу ісі рухани жаңғыру үрдісін толықтыратын әрі пысықтай түсетін ғылыми-әдістемелік негіз ретінде айқындалуда. Сонымен қатар қазақтың ұлттық болмысын, ұлттық ерекшелігін танытатын, өткен тарихы мен тұрмыс тіршілігінен хабар беретін, қазақы ұлттық дәстүрдің бейнесін айқындайтын этномәдени бірліктерді келешек ұрпақ санасында сіңіру ісі ұлттық құндылықты дамытудың жалғастығын білдіреді. Осы мүддеге сәйкес этномәдени бірліктерді топтастырып, жинақтап, танытудың заманауи озық технологиясы ретіндегі ұлттық корпуста беру жаңа заман тіл иесі санасын танымдық-ақпараттық құрылымдауға септігін тигізеді.

Этномәдени лексиканың өзегін құрайтын этнолингвистикалық қағида болса, оның негізгі тармақтары – осы көрсетілгендер, яғни макрожүйе, ал микрожүйе тақырыптық топтарда анықталады. Оны Ж.Манкеева былайша түйіндейді: «Этнолексика түрінде сақталған ұшан-теңіз байлық кез келген жеке тілдік фактіге байланысты емес, белгілі жүйе бойынша, мағыналық тақырыптық топтарға бөлініп, өзара жіктеліп, сараланып зерттелуге тиіс, өйткені кез келген тілдің лексикасы белгілі бір қарым-қатынастар мен байланыстардағы тақырыптық семантикалық топтардың негізіндегі тілдің құрылымдық жүйесінен құралады» [5,83-,б.].

Кез келген тілдің лексикасы жалпы адами ұғымдарды атайтын сөздер мен ұлттық этномәдени мағына білдіретін атаулардан тұратынын ғалым Р.Г.Ахметьянов өз зерттеулерінде талдаған. Ғалым Волга бойындағы: татар, башқұрт, чуваш, марий,

удмурт, мордва халықтарының этномәдени лексикасын зерттеуге түрткі болатын сол халықтардың тілінің деректері санайды. Бұл тілдердің жекелей деректері бірін-бірі толықтыра отырып, көптеген ұғымдардың даму жолын айқындауға мүмкіндік береді. Осыған орай, Р.Г.Ахметьянов аталған халықтардың этномәдени лексикасын табиғат құбылыстары атаулары мен материалдық мәдениет және рухани мәдениет лексикасына бөліп, рухани мәдениет лексикасын: туыстық атаулар; қоғамдық қатынасты білдіретін сөздер; халықтардың рухани өмірін (музыка, өнер, ойын-сауық), білім және тәрбие; қоғамдық қатынас және құндылықтар; мифология, фольклор әдет-ғұрыпқа қатысты сөздер деп таратады [6, 3].

Зерттеуші М.К.Бисенбаева өзінің «Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі (аймақтық лексика материалдары негізінде)» атты докторлық диссертациясында: «Ана тілінің қоғамдағы орны, тіл арқылы ұлтты тануға деген қажеттілік туады. Осындай ұлтты тануға негіз болатын ұлттық бояуы қалың да айшықты, ұлттық дүниетаным мазмұнды тілдік бірліктер – лингвомәдени (этномәдени) бірліктер» [7] – деп тұжырымдаған болатын. Ол аймақтық лексиканың қазіргі қазақ тілін дамытудағы рөлін де айқындаған. Ұлттық корпуста берілетін этномәдени атаулардың мазмұнын ашуда да көрсетілген зерттеулердің нәтижесі мен тұжырымдары ғылыми-әдістемелік негіз ретінде пайдаланылады [8]. Сонымен қатар мәдени семантикалық белгіленім мен лексикалық мағынасын ашып көрсетіп, этномәдени тілдік бірліктердің қорын жасап, ұлттық корпустың ішкорпусын қалыптастыру – тіл арқылы ұлт болмысын танудың кешенді жүйесі.

Нәтижелер және талқылау

Ұлттық корпус компьютерлік біліктілік пен керек мәліметтерді іздеу жолдары үшін тілдің қазынасын сақтай отырып, мемлекеттік тілдің даму саласында өзекті болып, инновациялық ақпараттық технологиялардың негізінде оқу үрдісін жаңартуға бағытталған. Ғалым А. Жұбановтың пікірінше, «ұлттық корпус сол тілдің өмір сүрген белгілі кезеңіндегі сан алуан жанрын, стилін, аймақтық, әлеуметтік нұсқасын және т.б. да түрлерін қамтиды. Ұлттық корпус ғылыми зерттеулердің түр-түрін жүргізуді қамтамасыз етеді: лексикографияға, жасанды интеллектіге, әдебиеттануға сөйлеу тілін талдау мен жинақтауға және лингвистиканың барлық салаларына қатысты зерттеу түрлері. Сонымен бірге академиялық сөздіктер мен ғылыми грамматикаларды құрастыру да корпустар негізінде жүзеге асады» [9, 45]. Корпус жасаудың арқасында зерттеушінің уақытын үнемдеу, яғни тілдік ақпараттарды іздеу жұмысы мен тілдік бірліктерді реттеу және т.б. мәселелерді шешетіні сөзсіз. Ұлттық корпусты құру қазақ тілін үйренуге, тіліміздің тарихын танып білуімізге, ұлттық болмысымызды танытатын этномәдени бірліктерімізді лексикографиялық тұрғыдан стандарттау бойынша жұмыстар жүргізуге, оқулықтар, сөздіктер, анықтамалық құралдарды құруға, тілдік бірліктердің статистикасын шығаруға мүмкіндік береді. Қазақ ұлттық корпусының тағы бір пайда болу себебі техникалық құралдардың көмегімен үлкен қашықтықтарда информацияларды тарату қажеттілігіне байланысты. Сонымен бірге ақпараттық технологияның дамуы үлкен көлемді мәтіндермен жұмыс жасауға мүмкіндік берді. Қазақ тілінің ұлттық корпусының қалыптасуы – мемлекетіміз үшін маңызды мәселелердің бірі. Біз қарастырып отырған мәдени-репрезентативтің ішкорпусының ішіндегі этномәдени лексика – бұл дайындалып жатқан Қазақ тілінің ұлттық корпусының бір саласы. Бұл маңызды жұмыспен Ахмет

Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Этнолингвистика бөлімі арнайы айналысып отыр. Оның алғашқы қадамы ретінде біз этномәдени бірліктерді жинап, топтастырып, лексикалық, мәдени-семантикалық мағынасын ашып көрсетеміз. Бұл жұмыс этномәдени бірліктердің ішкорпусының глоссарийі ретінде пайдаланылады. Ғалым М.Малбақов лексикография саласының алдында тұрған мәселелерді көрсетуде сөздіктің маңыздылығы туралы: «Сөздік – бір тілдегі лексикалық бірліктер жиынтығы ғана емес, ол өзінің мақсаты мен арналған адресатына байланысты сөздік түзудің басты ұстанымдарын, сөздікте қамтылатын негізгі параметрлер құрамын анықтау керек» [10, 76] – деген болатын. Себебі тілдің танымдық қызметі ана тіліміздің қорында, оның сүбелі кездерінің бірі ретіндегі аймақтық қолданыста сарқылмайтын құндылық ретінде сақталып келе жатыр. Заманауи антропоөзектік бағытқа сәйкес профессор М.Малбақов: «Сөздің қазынасы – сан ғасырдың тарихи-әлеуметтік жағдайы, ата-бабамыздың елдік, ерлік салты, мәдени-рухани ұрпы, тағдырын сипаттайтын қазақ мәдениеті мен дүниетанымының энциклопедиясы, этномәдени коды» [10, 78] – деген тұжырымдарды қолдана отырып, түрлі ғылыми жұмыстарға жетекшілік жасап келеді. Шынында, сөздік ісі – үздіксіз ізденіске, терең білімге толы зерттеу нәтижесі. Қазіргі тіл ғылымында сөздіктің төмендегі қызметтері белгілі: 1. Жинақтау, анықтау, жүйелеу, тіркеу қызметі; 2. Танымдық; 3. Реттеушілік; 4. Сипаттамалық; 5. Атауыштық; 6. Нормативті коммуникативтік; 7. Тіл мәдениетін арттыру қызметі; 8. Мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қызметі; 9. Мәдениетаралық коммуникация; 10. Зерттеулерге дәйектік қызметі т.б. Тіліміздің сөздік қорын түгендеп, ұмыт бола бастаған түрлі атауларды жаңғыртып, жандандыра түсетін лексикографиялық еңбектердің қызметі ерекше болмақ. Қазіргі кезде сөздіктердің дәстүрлі жазба нұсқасымен қатар электронды нұсқасы қатар жүріп отыр. Осыған байланысты интернет-инновациялардың даму барысында жаңа лексикографиялық технологиялар алдыңғы қатарға шыға бастады. Қазақ тіл білімінде лексикография бағыты бойынша жаңа технологияларға деген қажеттілік «Қазақ тілінің ұлттық корпусын» жасау болып отыр. Корпустық жүйеде сөздің қолданыстағы қаншама контекстері көрсетілгендіктен, сөздікке енгізілмеген мағыналық реңкті айқындап беретін мысалдар да кездеседі. Төменде көрсетілген этномәдени бірліктердің музыкаға байланысты атауларын қарастырып көрейік. Ұлттық сөйленістер бойынша осы тілдік қолданыстағы топтардан дауылпаз, терме, әнші, ханталапай, қамажай т.б. сөздер кездеседі.

Дауылпаз - көпмағыналы құндылық. Бұл сөз тек құстың қалықтап ұшып жүрген бейнесін ғана емес, ежелгі музыкалық аспаптың қатты, әсерлі дауысы мен халық азаттығының жаршысы ретіндегі рухты да бейнелейді. Осы мақалада дауылпаз сөзінің тарихы мен мәдениеттегі орнын, оның табиғат пен өнер арасындағы байланысы ашылып көрсетіледі. Қазақтағы дауылпаз аспабының атауы мен оның қызметі тек қазақ мәдениетінде ғана емес, басқа да халықтарда әртүрлі атаулармен аталған. Мысалы, француздар оны тимбалес, итальяндар мен ағылшындар- тимпани деп атаса, орыстар-тулумбас, қырғыздар- доолбас, ұйғырлар- тевилваз, әзірбайжандар- тәбль-бас деп қолданған. Шанағы топырақтан жасалған дауылпаздың ең көне түрі Таулы Алтайдағы Пазырық қорғанынан табылған. Бұл археологиялық қазба жәдігер біздің заманымызға дейінгі VI–V ғасырларға тиесілі екен [11,265]. Қорғаннан табылған дауылпаз сол аймақтағы ежелгі мәдениеттің жоғары дамығанын көрсетеді. Бұл музыкалық аспаптың болуы сол дәуірдегі адамдардың рухани өмірінде музыка мен діни рәсімдердің маңызды орын алғанын білдіреді. Зерттеушілер бұл дауылпаздың салттық және рәсімдік мақсатта

қолданылғанын болжайды. Ұлы Моғолдар дәуірінде Персия мен Үндістанда биіктігі кісі бойындай дауылпаздар қолданылыпты. Кейін Араб елдеріне ауысқанда бұл аспапты олар «табль әл-кабир», яғни «үлкен дабыл» деп атаған [11,265]. Мұндай атау оның күшті дауысы мен әскери жорықтағы маңыздылығын көрсетеді Бұл аспаптың көне тарихы мен оның тек музыкалық емес, мәдени және тарихи құндылығы бар екенін дәлелдейді. Жалпы «Дауыл» сөзі — қазақ тілінде күшті жел, боран, табиғи құбылыс деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз қорқыныш пен қуатты сипаттайтын ұғым ретінде қабылданады. «Паз» — көне түркі тілінде «құрал», «аспап», «жасалған нәрсе» дегенді білдіреді. Бұл түбір қазіргі қазақ тілінде көп қолданылмайды, бірақ тарихи тіл қабаттарында жиі кездеседі. «Дауыл» және «паз» сөздері-дауылдың аспабы, яғни дауылды немесе күркіреген, жарқын үн шығаратын аспап деген түсінік қалыптасады. Алайда, қазіргі тіл білімінде «паз» жұрнақ деген түсінік қалыптасқан. Ол тұстан қарайтын болсақ, «паз» зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ. Демек, «дауылпаз» сөзі бұл тұста көпмағынаға ие болады: біріншіден, аспап; екіншіден, құс түрі; үшіншіден, ауыспалы мағынада, азаттық жаршысы; төртіншіден, дабыл секілді сайман мағынасын білдіреді екен. Әр мағынасын талдай кетсек, 1. Дауылпаз —ағаштан жасалған, шанағының бір беті терімен қапталған, ұрып ойнайтын көне саз аспабы [12,87].

Оның шанақтары әртүрлі материалдардан жасала береді. Оның қатарында топырақ, ағаш және металл көп қолданылады. Қазіргі кезде де бұл ұғымды аспап ретінде танимыз. Дауылпаздың жасалу процесі – күрделі әрі көп еңбекті қажет ететін жұмыс. Алғашқы қадам ретінде кептірілген жұқа тақтайлардан шанақшалар кесіледі. Содан кейін түпшеңбер мен тартпа дайындалып, шанақ жиналады. Оның әрбір бөлшегі желіммен бекітіліп, арнайы шегелермен ұстатылады. Шанақ толық дайын болған соң, оның бетіне нар терісінен жасалған жарғақ керіліп, бұрандалармен бекітіледі. Бұл тері арнайы өңделіп, дыбыс сапасын жақсарту үшін белгілі бір әдістермен созылып, қатайтылады. Тоқпақтар қатты ағаш түрлерінен – емен, жаңғақ, тобылғы, ырғайдан жасалады. Олар дыбысты қажетті қарқынмен шығару үшін арнайы дайындалады [11,266]. Дауылпаз жалпы соқпалы аспаптардың тобына жатады. Ұрмалы аспаптардың дыбысы Әл-Фараби тұжырымдауы бойынша, қатты денелердің бір-біріне соқтығысуынан пайда болады. Бірақ соқтығысатын заттар немесе денелер көлемі жағынан бірдей болмауы керек. Ұратын зат ұрылатын заттан кіші болуы керек екен. Сонда ғана ұрылған зат дыбыс шығаруға қабілетті болады. Сондықтан да дабыл я кепшік, немесе дауылпазды кішігірім таяқшамен немесе алақанмен я саусақпен қағып, дыбыс шығарады екен [11,266].

Бұл аспаптың бірнеше түрі бар, олардың әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен дараланады. Мәселен, музыкалық аспап ретінде қолданылатын үлкен дауылпаз «нардауылпаз» деп аталған. Оның атауы үлкендігіне және терісінің нар түйенің терісінен жасалғанына байланысты шыққан.

Кіші дауылпаз – қазақтың көне музыкалық аспаптарының бірі. Оны кейде қолдауылпаз деп те атайды. Бұл аспаптың көлемі шағын, шұңғыл шанақты, түйік баулы болады. Кіші дауылпаз бұрын аңшылар үшін маңызды құрал болған. Олар оны құстар мен аңдарды үркіту үшін пайдаланған. Сонымен қатар, жауынгерлер белгіленген шартты ырғақпен хабар беру үшін қолданған. Қосдауылпаз – XX ғасырдың 70-жылдары жасалған қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарының бірі. Бұл аспаптың ерекше нұсқасын композитор Нұрғиса Тілендиевтің ақыл-кеңесімен шебер Манап Сыпатаевтың қолөнері. Қосдауылпаз екі кіші дауылпазды біріктіру арқылы жасалған. Оның басты ерекшелігі – арнайы тарамыстың көмегімен жарғақты тартып-босату арқылы дыбысты реттеуге болады. Кіші

дауылпаздың жасалуы қарапайым. Шанағы тұтас қатты ағаштан ойылып жасалады. Бұл үшін көбіне қарағай, қайың сияқты ағаштар пайдаланылады. Шанақтың бетіне түйе, бұзау немесе серкенің терісі керіліп, таспамен көктеледі. Уақыт өте келе тері тозатындықтан, ол үнемі ауыстырылып отырады. Аспаптың сыртқы бөлігі ою-өрнектермен безендіріледі, кейде зергерлерге арнайы әшекейлетіледі [11,266]. Бұл аспап «Отырар сазы» оркестрінде кеңінен қолданылды. Қосдауылпазды бірнеше әдіспен ойнауға болады: Бұл аспап ұлттық музыканың дамуына үлкен үлес қосты. Қазақ халқы тұрмыстағы әрбір затты тиімді пайдаланған. Соның бір дәлелі – тұяқдауылпаз. Бұл аспап алғашында табиғи материалдардан жасалып, халық арасында кең таралды.

Тұяқдауылпазды жасау жолы: 1. Алдымен жаңа сойылған жылқының тұяғы жеке кесіп алынады; 2. Тұяқ қайнаған суға салынып, оның ішкі және сыртқы қабаттары аршылады; 3.Тұяқтың ашық бетіне жарғақ керіледі, оның жиегі желіммен жапсырылып, сыртынан былғары немесе ағаш қабыршақпен қапталады; 4. Тұяқтың табаны үш жерден тесіледі, дыбыс жаңғырығын күшейту үшін арнайы ойық жасалады.

Бұл аспап өзіне ерекше үніментанымал. Тұяқтауылпаздың тұяқтастанайырмашылығы – оған жарғақ керіледі, ал тұяқтасқа керілмейді [11,267]. Нұрғиса Тілендиев бұл аспапты қайта жаңғыртып, оны ең алғаш «Қыз Жібек» кинофильмінде қолданған. Осыдан кейін ол ансамбльдер мен оркестрлер арасында кең тарады. Академик Ахмет Жұбанов бір кезде Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрін ұйымдастырып, оның құрамына қобыз, домбыра, сыбызғы, дауылпаз сияқты ұлттық аспаптарды енгізе отырып, бұл аспаптардың академиялық деңгейге көтерілуіне жол ашқан еді. Қазіргі таңда сол табылған көне аспаптардың барлығы болмаса да, бірқатары оркестр құрамында қайта жаңғырып, музыкалық сахнада өз орнын табуда. Егер осы аспаптардың барлығы оркестр құрамында қолданылатын болса, олар толықтай академиялық деңгейге көтерілер еді. Айта кететін жайт, негізінде дауылпаз аспабы XX ғасырдың басында жоғалып кеткен. Осы және де шаңқобыз, сыбызғы, сазсырнай, шертер, дабыл, дауылпаз, жетіген аспаптарын жинап, зерттеп, орындау мәнеріне келтірген – Болат Сарыбаев еді.

"Дауылпаз" – қазақ мәдениетінде ерекше мәнге ие аспап әрі ұғым. Халық ауыз әдебиетінде, сондай-ақ белгілі ақын-жазушылардың шығармаларында дауылпаз сөзі жыртқыш құстардың бірін білдіреді. Негізінен дауылпаздың тұмсығы қосауыз мылтыққа ұқсас түтікшелермен жабдықталған, олардың ұштары алға созыңқы келеді. Бұл құс теңіз үстінде сағаттан астам уақыт су бетіне жақындамай ұшып жүре алады. Теңіз суын іше алатын құстарға шағалалар, суқұзғындары, бірқазандар және дауылпаздар да бұл қатарды толықтырады. Бұрын кейбір ғалымдар олардың ащы суды жұтпай, тек ауыздарын шайып, қайта төгетінін болжаған. Алайда соңғы зерттеулер теңіз құстарының тұзды суды іше алатынын анықтады [13].

Табиғатта дауылпаз теңіз құсы ретінде сипатталса, Абай Құнанбайұлы өзінің «Жазғытұры» өлеңінде бұл құс түрін сұңқар, қыран сияқты алғыр құстардың бейнесінде қолданған:

«Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,

Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауылпаз» [14,102]. Мұнда «көк дауылпаз» тегеурінді, биікке самғайтын құс ретінде сипатталып, оның ұшқырлығы ерекше айтылады. Ал мына өлең жолдарында «саңқылдаған дауылпаз» тіркесі арқылы, сол құстың табиғаттағы бейнесін көрсетіп, дауылпаз бен сұңқардың бірлесімділігі арқылы Көкшетау сырын ашып тұр:

«Білем, кім Көкшетаумен сырласқанын,
Көктемгі гүл, тұл арумен мұңдасқанын.
Теңізде саңқылдаған дауылпазға,
Даладан қызыл сұңқар үн қосқанын» [4]. Кейінірек дауылпаз сөзі ауыспалы мағынада – күрескер, халықтың азаттығын жырлайтын тұлғаларға берілген атақ ретінде қолданылды. Мысалы, қазақ әдебиетінде Сәкен Сейфуллинді «Қазақстандағы социалистік революция жеңістерін жырлаған дауылпаз дарыны» ретінде құрметтейді. Яғни халықтың мұң-мұқтажын жырлап, елдің бостандығын жақтаған, ұлттық рухты көтерген тұлға болғанынан ақпарат береді.

Ал Әбдікәрім Оңалбаевтың «Таң алдында» поэмасының үзіндісінде:
«Хош иісті лебіндей сұлу жаздың
Сусындырды халықты сөзі әздің.
Әлемнің аспанында қақты қанат,
Сол бір сөз өр үніндей дауылпаздың» [15,369] - дейді. Соңғы жолдағы тіркес арқылы сол әсерлі сөздің дауылпаздай жігерлі, зор үнмен айтылғаны суреттеледі. Бұл жердегі "дауылпаз" бейнесі — халықты оятатын, рух беретін күшті үн, яғни сөздің маңызын күшейтіп тұр.

Әли Есмамбетовтың «Жырлап өткем өмірді» шығармасында «Дауылпаз» деп ақынның шығармашылығының қуаттылығы мен әсерін сипаттайды:
«Дауылпаз Шота сынды ақын өткен,
От шашып, найзағайдай ағып өткен.
Алдағы арман қылып келер күнді,
Достықтың, махаббаттың жырын төккен» [16].

Дауылпаз қаққан дабылдан кейін батырлар сарбаздарын тасаға қарай әкетіп, бас сардардың алдынан өтуге әзірлене бастады (Ә.Әлімжанов, Жаушы). Мұндай ұрмалы аспап дабыл деп те аталған [17, 426]. Осыған байланысты дабыл байлады, дабыл қақты (қағылды), жау дабылы, соғыс дабылын қақтырды тәрізді фразеологизмдер бар: дабыл байлады, дабылын ұрып, бүркітті үркітіп аң аулады. Көк ала ат жаратып, Көн дабылды байлатып, Байлар ұғлы шоралар Көл жағалар жаз күні (Бес ғасыр жырлайды).

Ағаштан жасалған, шанағының бір беті терімен қапталған, ұрып, ойнатылатын көне саз аспабы дауылпаз деп аталған. Сонымен бірге аңшылардың аңға шыққанда қағатын дабылы, құс қайтаратын құралы да жорықтарда әскербасылардың айбарлы көрініп, қыр көрсетуі үшін ұстаған соғыс құралы, дабылы да осылай аталған. Қазақ зергерлері түрлі музыкалық аспап түрлерін жасап, оларды алтын-күміспен, былғарымен, үкімен, асыл тастарымен т.б. әшейкейлеп отырған. Зергерлер дайындайтын және әшекейлейтін муызкалық аспап атаулары мынадай: домбыра, адырна, асатаяқ, бозаншы, борғұй, бұғышақ, дабыл, дағыра, дауылпазы, дүңгір, қобыз, жетіген, сыбызғы, кепшік, керней, сырнай, нұғыра, сылдырмақ, тастұяқ, шертер, шаңқобыз т.б. қазақтың музыкалық аспаптарына байланысты ғылыми зерттеулер мен этнографиялық, өнертану тұрғысынан жазылған Т.Жаубасованың, Д.Шоқпарұлының, Ө.Бейсенбекұлының, Б.Кәмәлашұлының еңбектерінен музыка аспаптарына қатысты көптеген құнды деректерді табуға болады [18].

Шыңдауыл соқпалы музыкалық көне аспап, дауылпаздың бір түрі. Үскірік саз балшықтан күйдіріліп жасалған, қолға ұстауға ыңғайлы шағын, үрлеп ойнауға арналған аспап [5].

Дауылпаз – қазақ мәдениетінің маңызды бөлігі әрі ұлттық рухтың символы. Оның тарихы мен дамуы қазақ халқының өмірінде терең із қалдырды. Бұл ұғым табиғатпен байланысты болып, қазақ әдебиетінде алғыр құстардың бейнесінде қолданылды. Сонымен қатар, дауылпаз халықтың азаттық жолындағы күресі мен рухын білдіретін ұғымға айналды. Оның көне тарихы, түрлі материалдардан жасалуы, әскери жорықтар мен ұлттық оркестрлердегі орны дауылпаздың мәдениетіміздегі ерекше рөлін көрсетеді. Көптеген ғасырлар бойы дауылпаз халықтың қуаты мен күшінің, елдік бірліктің символы болып келеді. Сондықтан бұл аспаптың қайта жаңғыруы мен оны зерттеу қазақтың бай мәдени мұрасын сақтап, ұрпақтарға жеткізу үшін өте маңызды. Дауылпаз қақты бір жерге жиналуға шақыратын, үйіретін дабыл қақты, жиналуды хабарлады. Бұлайша тұжырымдауға басқа да антропоөзектік әдістермен қатар социолингвистикалық әдістер де септігін тигізеді. Жинақтап, зерттеп отырған моральдық-этикалық қалыптарының тілдік репрезенттелуі ақиқат атаулармен байланысты нақтыланып отырады.

Ән – «музыкалық шығарманың мәнерлеп, әсем ырғақпен, дауыстап айтылатын түрі, әуен, сазды үн. Ән – ең көне таралған музыкалық шығармалар жанры, музыка және поэзия өнерлерінің ортақ туындысы. Ән мазмұнына қарай (азаматтық, лирикалық еңбек, әзіл т.б.), шығу тегіне байланысты (халықтық, авторлық, қалалық, әскери балаларға арналған, діни т.б.) және орындалуы мен құрылымына байланысты (жеке дауысты, көп дауысты) болып бөлінеді. Әуендік-интонациялық, орындаушылық мәнер-нақышы және шырқау ерекшелігіне сай қазақ әндері: Арқа әндері, Жетісу сазы, Батыс Қазақстан мектебі, Алтай әуені, сыр бойы мақамы, т.б. болып айқындалады. (ҚҰЭ, 1, 684 б.). Ары қарай таратын айтар болса, әннің түрлері көп: ажарлы ән, әсерлі ән, әуезді ән, қажырлы ән, салтанатты ән, тамаша ән, шаттық ән, шабытты ән т.б.

Әнге қатысты ұғымдар мен тілдік бірліктер де жетерлік. Мысалы: Ән көңілдің ажары. Әннің де есері бар естісі бар, тыңдаушының құлағын кесері бар (Абай), жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен, Өмір – сәуле көрінер судай тынық (Абай), Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй, Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең менше сүй (Абай) т.т.

Әнші – белгілі әнді дауыстап, мәнеріне келтіріп, өз ырғағымен орындайтын тұлға.

Дәстүрлі дала мәдениетінде қазақ әйелдері қоғам мүшесі ретіндегі әлеуетін өнер-білім саласында, сондай-ақ қоғам қайраткері ретінде көрсетіп, өзін-өзі дамытып отырған. Өнер саласында атағы жалпақ жұртқа жайылған белгілі әншілер, ақындар, майталман күйшілер болды. Тарихта болған Болған ана, Домалақ ана, Дара ана, Қарқабат ана, Қызай ана, Найман ана, Ұлпан ана рулы елдің бүтіндігіне қызмет еткен қайраткер тұлғалар болса, Қарқабат, Абақ, Қызай аналар рулы елдің ұранына айналып, сол рудың атына негіз болған.

Ән салу «белгілі әнді дауыстап, мәнеріне келтіріп, өз ырғағымен орындау; қазақтың музыкалық (әншілік) дәстүрінде әндердің түрлері де оларды орындаудың тәсілдері де көп. Олар төмендегіше сипатталады: ағызып ән салу, аңқытып ән салу, аңыратып ән салу, арқыратып ән салу, асқақтатып ән салу, аспандатып ән салу, әуелетіп ән салу, күңіретіп ән салу, қалықтатып ән салу, мамырлатып ән салу, мың құбылтып ән салу, сарындатып ән салу, тебіретіп ән салу, шалқақтатып ән салу, шалқытып ән салу, шарықтатып ән салу, шырқыратып ән салу» **т.б.** [19, 457 б.]

Ән мен әншілік дәстүрі – бұл жалпы өнер әлемінің ерекше бір бөлігі, ол халықтың ұлттық болмысын, оның тарихын және мәдениетін келер ұрпаққа жеткізетін ең құнды мұра болып табылады. Осылайша, қазақтың дәстүрлі өнері мен әншілік жүйесі ұлттық

мәдениеттің ажырамас бір бөлігін құрайды. Әнші өз өнері арқылы халықтың жүрегіне жол тауып, оның өмір сүру салты мен ішкі әлемін бейнелейтін шынайы өнер иесі ретінде танылған. Бұл дәстүрдің терең тамырлары мен мәдени маңызы – ұлттық болмыстың, тарихтың және қоғамның тірегі болып табылады.

Жыр – 1. поэтикалық шығармалардың жалпылама атауы. Көне түркі тілінде «иыр» сөзі де қазіргі поэзия терминінің мағынасында; 2. Өлеңмен баяндалатын, жырлап айтатын уақиғалы, көлемді поэзиялық шығарма. Мәселен, батырлар жыры, эпостық, ғашықтық жырлар, тұрмыс-салт жырлары, толғау т.б. [19, 459].

Терме – қазақ халық поэзиясы мен музыкалық өнерінде қалыптасқан лирикалық өлең түрі; өткір де өтімді сөздер арқылы тереңнен толғап, ақыл-нақыл сөздермен тыңдаушысын ұйытып, ұзақ жырланатын ән-толғау. Халыққа молынан таныс терме өнерінің тәрбиелік мәні де зор. Термелеп сөйлеу «мағыналы сөздермен тереңнен толғап, өмірдегі түрлі жағдайларды, адамгершілік. Ар-ұят туралы ақыл айтып, ненің жақсы ненің жаман екенін өлеңдерге қосу». Термеші «ән мен жырдан гөрі термені жетік білетін, әрі өнерді бағалай білетін жан» [19, 460].

«Терме» сөзі сөздіктерде келесі сипаттамалармен берілген: «Ақыл-кеңес беру мақсатында айтылатын мән-мағыналы, философиялық өлең түрі»; «Домбыра сүйемелдеуімен орындалатын ұлттық жыр жанры». «Қазақ тілінің ұлттық корпусында»: «Қазақтың ауыз әдебиеті мен музыкалық дәстүрінің бір бөлігі»; «Өсиет пен тәрбие беретін философиялық мазмұндағы жанр»; «Халықтың даналығы мен рухани құндылықтарын сақтайтын әдеби-музыкалық мұра». QazCorpus-те бұл ұғымның нақты мысалдары сақталған және оның қолданылуы түрлі мәтіндерде көрсетіледі. Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ғалым толғау мен термеге анықтама беріп, ара жігін ажыратуға талпыныс жасайды. «Терме немесе түрлі өлеңдер. Терме деп ат қойылудың мәнісі: бұл түрлі шығармалар бір нәрсенің жайынан сөйлеп тұрмай, көп нәрсені теріп сөз қылып өтеді. Көп нәрсені сөз қылғанда, әрқайсысына айналып, баяндап жатпайды. Түрлі шөптің басын шалып, оттап, тоқтамастан желге қарай тартып бара жатқан мал сияқты. Терме айтушылары түрлі нәрсені сөз қылып, бірақ ешқайсысына айналмастан, кідірместен ілгері қарай сырғи береді» - [20] дейді А. Байтұрсынов.

Терме көбінесе ақыл-кеңес беру, өмірлік қағидалар мен тәрбиелік ойларды насихаттау құралы ретінде қолданылады. Ол домбыра немесе қобыз аспаптарының сүйемелдеуімен орындалады және өзіндік ерекше музыкалық үлгілерімен ерекшеленеді. Сөздіктер мен корпустардың мәліметтеріне сүйене отырып, «терме» ұғымының бірнеше деңгейдегі мағынасы байқалады: 1) тура мағынасы: жырдың түрі, өлеңнің философиялық түрі; 2) ауыспалы мағынасы: рухани байлық, тәрбиелік мазмұн, өсиет жеткізу құралы.

Қара Жорға – қазақтың халық биі. Қара жорға биін халық күйлері «Қара жорға немесе «Боз айғырдың» сүйемелімен жігіттер тобы (жеке де) орындайды. Би жорғаның жүрісі мен алғыр жігіттердің қимылын бейнелейді. 1934 ж.балетмейстер Ә.Ардобустың өңдеуімен М.О.Әуезовтің «Айман-Шолпан» спектакілінде қойылды. Қара жорғаны Моңғолия мен Қытайды мекендейтін қазақтар мен алтай халқының арасында сақталып, кең таралған». (ҚҰЭ, V, 571 б.).

Қамажай //Айгөлек биі – қазақтың: Айгөлек-ау, Айгөлек! Айдың жүзі дөңгелек. Айдай толған кезімде Би билеймін дөңгелеп, - деп айтып жүріп биленетін ұлттық би. Мұнда биші ұлттық киіммен шығып, оның өзі де басынан жоғары көтерілген қолы да дөңгелек биленеді [19, 466].

Міне, осы атауларды салыстыра зерттеу арқылы мақаламызда берілген этномәдени бірліктерді ұлттық корпуста беруге байланысты мынадай ерекшеліктерін байқадық: 1) этномәдени бірліктер азатжолдан қою бояумен беріліп, нүкте қойылып отырады; 2) этномәдени бірліктердің лексикалық мағынасы мен мәдени семантикалық мағынасы он бес томдық «Қазақ әдеби тілінінің сөздігі» мен т.б. лексикографиялық еңбектердің негізінде ашылады; лексикалық мағынасы курсивпен ерекшеленеді; 3) этномәдени бірліктерден кейін стильдік белгісөздер (пометалар) қойылады; 4) мағына түсіндірілгеннен кейін иллюстрациялық материалдар ретінде мысалдар беріледі, мысалдар көбінесе көркем мәтіндерден алынады.

Қорыта келгенде, төл мәдениетімізді жаңғыртып, мәдени мұраларымыздың мәнін түсінудің қажеттілігі үшін этномәдени бірліктердің этномәдени мазмұнын ашудың маңыздылығы айқындалды. Этномәдени бірліктерді жинақтап, ұлттық құндылықтарды тану тіл иесінің танымдық қабілетін дамытып, өз ұлтының мәдениеті астарланған этнобірліктердің табиғатын түсінуге ықпал жасайды. Көптеген материалдық және рухани мәдени өнімдер күнделікті қолданыста болмағандықтан, қазіргі тіл тұтынушысына танылмауы мүмкін. Мақаламызда этномәдени бірліктердің ұлттық корпуста берілу жолдарын қарастырумен қатар, қазіргі қолданыстағы жүйелігіне мән бердік. Тілдік бірліктердің этномәдени мағынасын ашудың ұлттық корпуста берілген үлгісін көрсетуге тырыстық. Демек, болашақ ұрпақтың этномәдени сөздерді ұмытпай, тілдік қолданысын түсінуі мен қазақ тілін зерттеушілерге көлемді тәжірибелік материалды тез тауып, оларға әрі қарай зерттеу жүргізу үшін қазақ тілінің ұлттық корпусы таптырмас құрал деп біледі. Себебі корпус – тек электрондық нұсқаға көшірілген мәтін базасы емес, ол терең аннотацияланған, тұтынушының сан түрлі сұранысына қарай тиісті ақпаратты беруге икемделген іздеу жүйесі бар базаның көзі.

Ұлттық корпус дегеніміз – мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің лингвистикалық базасы болатын инновациялық ақпараттық-анықтамалық жүйе, оның мәтіндері арнайы белгіленім арқылы өңделіп, іздеу тетіктерімен қамтамасыз етілген, статистикалық әрі ғылыми дәл ақпаратты барынша қысқа уақытта алуға мүмкіндік беретін онлайн жүйесінде кез келген пайдаланушыға қолжетімді.

Қазақ тілінің ұлттық корпусы – этномәдени бірліктерді әртүрлі типтегі мәтіндерден тез арада табуға мүмкіндік береді. Кез келген тұтынушыға қазақ тілінің бүкіл байлығын игеруге көмектеседі.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын AP23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» тақырыбындағы гранттық жоба негізінде жазылды.

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Әдебиеттер тізімі

1. Сәтенова С.К. Қазіргі фразеологиялық зерттеулердің бағыт бағдары // Ғылымдағы ғұмыр: Ана тілі және Түркі әлемі. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Алматы: Елтаным, 2014. – Б.76-79.

2. Бектемирова С.Б. Лексикалық бірліктердің этномәдени табиғаты (түркі тілдеріндегі кинологиялық атаулар негізінде) // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – №1 (54). – Б. 57-60

3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

4. Қазақ тілінің ұлттық корпусы. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты [Электронды ресурс]. – URL: https://qazcorpus.kz/?ysclid=m9okjovyjf831753027 (қаралған күні: 17.01.2025)

5. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. –Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.

6. Ахметьянов Р.Г. Общая лексика духовной культуры народов Среднего Поволжья. – Москва: Наука, 1981. – 143 с.

7. Бисенбаева М.К. Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі (аймақтық лексика материалдары негізінде): философия докторы (PhD) ... дисс. – Алматы, 2019. – 169 б.

8. Fazylzhanova A., Seitbekova A., Kobdenova G., Seidamat A., Ayazbayev G. The issues of developing the historical subcorpus of the National Corpus of the Kazakh Language // Lodz Papers in Pragmatics. – 2025. – Vol. 21, №1. – P. 169–191.

9. Жубанов А.К. Принципы автоматизации морфологической разметки текстов Национального корпуса казахского языка // Материалы международной научно-практической конференции «Контрастивные исследования и прикладная лингвистика». – Минск, 2014.

10. Малбақов М. Бір тілді түсіндірмелі сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.

11. Медеубекұлы С. Әл-Фараби және қазақтың музыкалық аспаптары. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2021. – 331 б.

12. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: оқу құралы / Қаз. ССР ҒА, Тіл білімі институты. – Алматы: «Ғылым», 1978.

13. Кыдырбаев Х., Бекенов А. Қазақстанның хайуанаттар әлемі. – Алматы: Қазақстан, 1977. — 152 б.

14. Құнанбайұлы А. Өлеңдер. — Алматы: Жазушы, 1976. — 240 б.

15. Оңалбаев Ә. Заман-ай: өлеңдер, дастандар мен поэмалар. — Астана: Фолиант, 2009. – 415 б.

16. Есмамбетов Ә. Шығармалар жинағы. – Астана: Фолиант, 2008. – 141 б.

17. Ержанова З. Қазақ қолөнеріне байланысты фразеологизмдердің этномәдени аспектісі. Филол.ғыл.канд.дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 129 б.

18. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Филол.ғыл.докт.ғыл.дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 2006. – 336 б

19. Ә.Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) II том. Қоғам. «Сардар» баспасы, 2013. -728 б.

20. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

21. Шоқабаева С., Серікжан Ф. Корпустың құрылымдық сипаты және қызметі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – №150(1). – Б. 172–185. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-172-185

Zh.K. Omirbekova
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

National corpus: characteristics of ethnocultural units

Abstract. The article addresses the problem of lexicographic description of ethnocultural units preserved in language within the national corpus. It explores cultural-cognitive ethnocultural values tied to the unique historical development of the Kazakh people, their daily life specifics, traditions, as well as their habitat, region, and natural environment, which evolved in harmony with their living conditions. A distinctive feature of the article is its focus on the digitalization of ethnocultural units preserved in collective memory. The relevance of the article lies in revitalizing the archetypal meaning of ethnocultural units in consciousness and revealing the potential of words in modern linguistic usage. The goal is to broaden the cognitive horizons of linguist-scholars and elevate the level of civic consciousness through language. The scientific novelty resides in renewing national culture, which has been transmitted across generations through worldview and national existence, and preserving it for future generations via the national corpus. Today, the national corpus is actively evolving, being structured, and enriched with numerous subcorpora. The results and analyses presented in the article include explanations of the meanings of ethnolexical units (such as *dauylpaz*, *terme*, änşı, *jyr*, *khantalpai*, *kamajai*) for younger generations and their analysis through the corpus. The article's objective is to demonstrate a scientific-methodological framework for systematizing ethnocultural units that reveal the «Kazakh world,» already studied in ethnolinguistic, linguocultural, dialectological, and sociocognitive research.

Keywords: ethnocultural units, anthropocentric paradigm, national corpus, automation, linguoculture.

Ж.К. Омирбекова
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Национальный корпус: характеристики этнокультурных единиц

Аннотация. Статья посвящена проблеме лексикографического описания этнокультурных единиц, сохраненных в языке, в рамках национального корпуса. Исследуются культурно-познавательные этнокультурные ценности, связанные с уникальным историческим развитием казахского народа, особенностями его повседневной жизни, традициями, а также средой обитания, регионом и природным окружением, которые формировались в соответствии с условиями жизни. Эти вопросы актуализируются в контексте современной антропоцентрической парадигмы. Отличительная черта статьи — акцент на цифровизацию этнокультурных единиц, сохранившихся в коллективной памяти. Актуальность статьи заключается в обновлении архетипического смысла этнокультурных единиц в сознании и раскрытии потенциала слов в современном языковом употреблении. Цель — расширить познавательный горизонт лингвистов-ученых и повысить уровень государственного сознания через язык. Научная новизна заключается в обновлении национальной культуры, веками передававшейся через мировоззрение

и национальное бытие, и её сохранении для будущих поколений через национальный корпус. Сегодня проблема национального корпуса активно развивается, структурируется и дополняется множеством субкорпусов. Результаты и анализы, представленные в статье, включают объяснение значений этнолексических единиц (таких, как дауылпаз, терме, әнші, жыр, ханталпай, қамажай) для молодежи и их анализ через корпус. Задача статьи — продемонстрировать научно-методологическую модель систематизации этнокультурных единиц, раскрывающих «казахский мир», которые уже изучены в рамках этнолингвистических, лингвокультурологических, диалектологических и социопознавательных исследований. Ценность работы заключается в оптимизации исследований, направленных на изучение национальной культуры (бытия) через язык как информационный источник современной лингвистики.

Ключевые слова: этнокультурные единицы, антропоцентрическая парадигма, национальный корпус, автоматизация, лингвокультурология.

References

1. Satenova S.K. Kazirgi frazeologialyk zertteulerdin bagyt bagdary. Gylymdagy gumyr: Ana tili zhane Turki alemi [Orientation of modern phraseological research. Life in science: native language and Turkic world] (Eltanym, Almaty, 2014, 76–79). [in Kazakh]

2. Bektemirova S.B. Leksikalyk birlikterdin etnomadeni tabigaty (turki tilderindegi kinologialyk ataular negizinde) [Ethnocultural nature of lexical units (based on canine names in Turkic languages)]. Bulletin of KazNU. Philology series,1 (54). 57-60 (2011). [in Kazakh] [in Kazakh]

3. Kaidar A. Kazak tilinin ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language] (Ana tili, Almaty, 1998, 304 p.) [in Kazakh]

4. Kazak tilinin ulttyk korpusy. Ahmet Bajtursynuly atyndagy Til bilimi instituty [National Corps of the Kazakh language. Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics] [Electronic Resource]. – URL: https://qazcorpus.kz/?ysclid=m9okjovyjf831753027 (accessed: 17.01.2025) [in Kazakh]

5. Mankeeva Zh.A. Kazak tilindegi etnomadeni ataulardyn tanymdyk negizderi [Cognitive foundations of ethno-cultural names in the Kazakh language] (Zhibek Zholy, Almaty, 2008, 356 p.) [in Kazakh]

6. Akhmetanov R.G. Obshchaya leksika dukhovnoi kultury narodov Srednego Povolzhia [The general vocabulary of the spiritual culture of the peoples of the Middle Volga region] (Nauka, Moscow, 1981, 143 p.) [in Russian]

7. Bisenbaeva M.K. Etnomadeni leksikanyn tanymdyk-katysymdyk kyzmeti (aimaktyk leksika materialdary negizinde) [Cognitive and participatory activity of ethnocultural vocabulary (based on materials of regional vocabulary)]: Doctor of Philosophy (PhD) ... diss (Almaty, 2019,169 p.) [in Kazakh]

8. Fazylzhanova A., Seitbekova A., Kobdenova G., Seidamat A., Ayazbayev G. The issues of developing the historical subcorpus of the National Corpus of the Kazakh Language. Lodz Papers in Pragmatics, 1(21), 169–191 (2025).

9. Zhubanov A.K. Prinsipy avtomatizasii morfologicheskoi razmetki tekstov Natsionalnogo korpusa kazakhskogo iazyka [Principles of automation of morphological markup of texts of the National corpus of the Kazakh language]. Proceedings of the international scientific and practical conference «Contrastive Research and Applied Linguistics» (Minsk, 2014. [in Russian]

10. Malbakov M. Bir tildi tusindirmeli sozdiktin kurylymdyk negizderi [Structural foundations of a monolingual Explanatory Dictionary] (Gylym, Almaty, 2002, 368 p.) [in Kazakh]

11. Medeubekuly S. Al-Farabi zhane kazaktyn muzykalyk aspaptary [Al-Farabi and Kazakh musical instruments] (Kazak universiteti, Almaty, 2021, 331 p.) [in Kazakh]

12. Kazak tilinin tusindirme sozdigi: oku kuraly [Explanatory Dictionary of the Kazakh language: textbook] (Gylym, Almaty, 1978) [in Kazakh]

13. Kydyrbaev Kh., Bekenov A. Kazakstannyn haiuanattar alemi [Zoos of Kazakhstan] (Kazakhstan, Almaty, 1977, 152 p.) [in Kazakh]

14. Kunanbaiuly A. Olender {Poems} (Zhazushy, Almaty, 1976, 240 p. [in Kazakh]

15. Onalbaev A. Zaman-ai: olender, dastandar men poemalar [Zaman-AI: epics and poems] (Foliant, Astana, 2009, 415 p. [in Kazakh]

16. Esmambetov A. Shygarmalar zinagy [Collection of works] (Astana: Foliant, 2008, 141 b. [in Kazakh]

17. Erzhanova Z. Kazak qolonerine bailanysty frazeologizmdardin etnomadeni aspektisi [Ethno-cultural aspect of phraseology related to Kazakh crafts]. Thesis for …. Cand. of Philology (Almaty, 2010, 129 p. [in Kazakh]

18. Shoibekov R.N. Kazak zergerlik onerinin leksikasy [Vocabulary of Kazakh jewelry art]. Thesis for …. Doct. of Philology (Almaty, 2006, 336 b. [in Kazakh]

19. Kaidar A. Kazaktar ana tili aleminde (etnolingvistikalyk sozdik) [Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary)]. Volume II (Sardar, Kogam, 2013, 728 p.) [in Kazakh]

20. Baitursynov A. Adebiet tanytkish. Zertteu men olender [Literature guide. Research and poems.] (Atamura, Almaty, 2003, 208 p.) [in Kazakh]

21. Shokabayeva S., Serikzhan F. The constructive nature and functions of the corpus. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 150(1), 172–185 (2025). DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-172-185 [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Өмірбекова Ж.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: ozhamila@inbox.ru, ORCID: 0000-0002-3162-0515.

Омирбекова Ж.К. – кандидат филологических наук, и.о. доцента, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: ozhamila@inbox.ru, ORCID: 0000-0002-3162-0515.

Omirbekova Zh.K. – Candidate of Philology, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: ozhamila@inbox.ru, ORCID: 0000-0002-3162-0515.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 17.71.01 *DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-143-154*
Ғылыми мақала

Солтүстік Қазақстан облысы түркі топонимдерінің лексика-семантикалық сипаты

Ж.С. Таласпаева[1], Е.В. Сабиева, М.Е. Какимова
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан

(E-mail: talaspaeva@inbox.ru)

Аңдатпа. Бұл зерттеу Солтүстік Қазақстан облысындағы түркі тілдес халықтардың топонимдерін лексикалық-семантикалық тұрғыдан жіктеуге бағытталған. Топонимдер - этностың өткенінен этнографиялық деректер жеткізе алатын, дәуірлік жүк арқалаған, ұлттық лексиканың негізгі саласының бірі. Аймақтық топонимдер тарихи, мәдени және тілдік ерекшеліктерді айқындаудың маңызды құралы болып табылады. Зерттеу мақсаты – облыс аумағындағы топонимдердің саласы - гидронимдердің шығу тегін, олардың құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін, сондай-ақ этномәдени маңызын ашу. Гидронимдердің лексика-семантикалық құрылымын талдау нәтижесінде олардың көбі табиғи нысандарға байланысты болса, кейбірі тарихи оқиғалар мен тұлғалармен байланысты екендігі анықталды. Топонимдердің мазмұнында қазіргі көпшілік тіл тұтынушыларына кодталған этномәдени семантика «жасырын» тұрады. Оның этномәдени семантикасының астарында ежелгі көшпелі қазақ қоғамының қоршаған орта, табиғат, өсімдік әлемі мен су көздеріне қатысты, олардың әр алуан қасиеті мен ерекшеліктері, таным, түсініктері туралы дәстүрлі халықтық білімдер жүйесі көрініс табатындығы айқындалды. Жұмыс барысында тарихи деректер, далалық зерттеу нәтижелері негізінде гидронимдер талданып, олардың негізгі семантикалық топтары анықталды: табиғи нысандар, жер бедері, аң-құс, өсімдік атаулары, тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты атаулар. Бүгінде мағынасы күңгірттенген атаулардың құрамында ата-бабамыз мекендеген жердің флорасы мен фаунасынан да ақпарат беретін терминдер айқындалды. Су көздері атауларының бойындағы мәдени және тарихи болмыс ментальды-когнитивтік тұрғыда қарастырылды. Нәтижесінде, зерттеу Солтүстік Қазақстан облысының геолингвистикалық сипаттамасын толықтыруға және ұлттық мәдени мұраны сақтауға ықпал ететін деректер ұсынылды.

Түйін сөздер: топоним, түркі тілі, лексика, гидроним, геолингвистика, мәдени семантика, этимология.

Түсті: 30.03.2025; Жөнделді: 20.05.2025; Мақұлданды: 09.06.2025; Онлайн қолжетімді: 25.06.2025

1 Хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Қазақстан аумағы ежелден бері көптеген этникалық топтардың мекен еткен жері болғандықтан, оның топонимдік жүйесі де ерекше мәнге ие. Әсіресе, Солтүстік Қазақстан облысы – тарихи-мәдени мұрасының байлығы мен географиялық ерекшеліктерімен көзге түседі. Облыс аумағы батыста Оралдың сырты, шығыста Ертіс маңы мен кең далалар, солтүстігінде қазақ жазығы мен оңтүстігінде Сарыарқа аймағымен шектелген. Бұл географиялық ерекшеліктер топонимдердің әртүрлілігін, олардың табиғи, тарихи және мәдени факторларға тәуелділігін көрсетеді. Көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан Қазақстанның топонимдері тарихи процестерге (көші-қон, мәдени өзара іс-қимыл, экономикалық өзгерістер, отарлау) байланысты әртүрлі өзгерістерге ұшырады. Нәтижесінде бастапқы мағынасы мен шығу себептері адам танымастай болып өзгеріп кеткен жағдайлар да аз емес.

Мәдениеттің, табиғи шындықтың айнасы ретінде ойконимдер, урбанонимдер, гидронимдер және т.б. болып бөлінетін топонимдер қазақ халқының тілі, тарихы, материалдық және мәдени мұрасын танытатын тарихи-мәдени код болып табылады. Осыған байланысты, Солтүстік Қазақстан облысындағы түркілік топонимдерді зерттеу – аймақтың тарихи, лингвистикалық және мәдени ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. «Әрбір халықтың болмысы, оның жер бетіндегі өмір – тіршілігі сөзбен таңбаланады. Халық тіліндегі осындай дәйекті де деректі атаулардың күрделі бір саласы – топонимдер, яғни, жер-судың, туған-өскен өлкенің атаулары, әр алуан географиялық объектілерге тағылған тілдік айырым белгілер болып табылады, - деп жазады тілші- ғалым А.Жұбанов [1, 49]. Топонимдер халықтың өткен тарихы мен таралу географиясынан, мәдени, сауда орталықтары мен бастан кешкен негізгі тарихи оқиғаларынан хабар береді.

Ресей елімен шегаралас орналасақан Солтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің түркілік қабатын зерттеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық сабақтастық негіздерін байланыстыру арқылы рухани тілдік құндылықтарымыздың зияткерлік әлеуетін айқындау болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам. Бұл мақалада топонимнің ауқымды саласы – гидронимдердің лексикалық-семантикалық құрылымы, олардың этимологиясы және құрылымдық ерекшеліктері талданады.

Зерттеу материалы мен әдістері

Зерттеу материалы ретінде Солтүстік Қазақстан облысындағы тарихи дереккөздер, топонимдік сөздіктер, энциклопедиялар және жергілікті тұрғындардан алынған далалық деректер пайдаланылды. Сонымен қатар, аймақтың әртүрлі аудандарындағы жер-су объектілері мен елді мекендердің атаулары жинақталды. Жиналған атаулардың саны – 92. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

Теориялық талдау: Берілген аймақтың гидронимдерін лексика-семантикалық тұрғыдан зерттеу арқылы атаулардың қандай мағыналық топтарға жататыны анықталды. Бұл әдіс гидронимдерді жүйелі түрде талдап, олардың мағыналық ерекшеліктерін және этимологиясын жіктеуге мүмкіндік берді. Уақыт өте келе өзгеріске ұшыраған немесе көмескіленген кейбір атауларға теориялық талдау жасау арқылы олардың қазіргі және тарихи мағынасы анықталып, семантикалық ерекшеліктері сарапталды.

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

Тарихи әдіс: фольклор мен аңыз-әңгімелер арқылы Баян көлі, Айымжан көлі гидронимдердің шығу тегі түсіндірілді. Біраз топонимдер уақыт өте келе фонетикалық, морфологиялық және семантикалық өзгерістерге ұшырайды. Кейбір атаулар қысқарып немесе мағынасы өзгеріп, басқа тілдік элементтермен алмасады. Зерттеу нысанына алынған аймақтың гидронимдерінің шығу тегін, тарихи дамуын және уақыт өте келе өзгерістерін зерттеу барысында бұл әдіс белсенді қолданылды. Осылайша теориялық талдау мен тарихи әдісті біріктіре отырып, топонимдердің мағыналық және тарихи ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге мүмкіндік туды.

Лингвомәдени талдау: Солтүстік Қазақстан облысының топонимикалық жүйесін лингвомәдени талдау зерттеушілерге тілдік, тарихи және мәдени ағымдар бірігетін қызықты саланы ашады. Бұл зерттеу топонимдерді облыстың мәдени мұрасының ажырамас бөлігі ететін ерекшеліктерді анықтауға бағытталды.

Жоғарыда аталған әдістер топонимдердің құрылымдық, семантикалық және тарихи аспектілерін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттерге шолу

Топонимдер жүйесі әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғылым салаларының сабақтас пәндерінде, ең алдымен, филология ғылымында, сондай-ақ соңғы кезде тарих, география, археология, этнография және т.б. сияқты ғылым салаларында белсенді зерттеліп келеді. Географиялық орындардың атаулары тарихи оқиғалар, табиғи жағдайлар, халықтың тілдік ерекшеліктері туралы ақпаратты сақтаушылар болып табылады, бұл топонимиканың лингвистика, тарих, өлкетану, география т.б. ғылым салаларымен тығыз байланысты болуының дәлелі. Зерттеудің негізгі бағыттарын келесідей бөлуге болады:

Қазақ топонимдерінің этимологиясы мен семантикасына бағытталған лингвистикалық зерттеулер олардың шығу тегі мен дамуын мәдени және тілдік орта контекстінде зерттейді. Бұл зерттеулер тарихи оқиғалар мен халықтардың көші-қонының топонимдердің қалыптасуына қалай әсер еткенін талдайды. Тарихи-географиялық зерттеулерге ерекше назар аударған ғалым Қ.Байпақов Қазақстанның топонимикасын зерттей отырып, топонимдерді, археологиялық жәдігерлерді зерттеу арқылы географиялық жер атауының мәдени мұрамен, халықтың тарихи оқиғаларымен тығыз байланысы туралы ақпарат береді [2, 11]. Қазақ ономастикасы ғылымының зерттелуіне мол үлес қосқан Т.Жанұзақов еңбектері құнды [3, 256]. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының елдегі ономастиканы зерделеуге бағытталған зерттеулерінің маңыздылығын атап өткен жөн. Топонимика саласында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері кеңінен зерттелген. Қазақстанның топонимдік жүйесін зерттеу барысында С.Қ.Иманбердиева, Г. Ахметжанова, С. Мәлікова, З. Тайшыбай және басқа да ғалымдардың еңбектері үлкен маңызға ие [4, 788]. Олардың зерттеулерінде топонимдердің құрылымдық ерекшеліктері, тарихи дамуы, сондай-ақ этномәдени семантикасы жан-жақты қарастырылған. Сонымен қатар, Хайдеггер, Леви-Стросс сияқты философтар мен мәдениеттанушылардың теориялық көзқарастары тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінуге қосқан үлесі зор. Олардың еңбектерінде мәдениеттің адамның дүниетанымына тигізетін әсері, топонимдердің қалыптасуындағы тарихи және экстралингвистикалық факторлар зерттеу нысаны ретінде қарастырылды [5, 109; 6, 384]. .

Осылайша, Қазақстан топонимдерінің қалыптасуын зерттеу көптеген факторларды: тарихи, лингвистикалық, мәдени факторларды талдауды қамтитын процесс болып табылады.

Бұл әдеби шолу зерттеу жұмысына теориялық база қалыптастырып, топонимдердің құрылымдық және семантикалық талдауына негіз болды.

Талқылау және нәтижелер

Топонимдердің этимологиясы мен құрылымдық ерекшеліктерін талдау көрсеткендей, көптеген атаулар ежелгі көшпелі қазақ қоғамының табиғатпен қарым-қатынасын, оның әлемді қабылдау тәсілін және мәдени дәстүрлерін сақтап қалған. Зерттеу барысында кейбір атаулардың мағынасы уақыт өте келе өзгергені және қазіргі тілдік ортада жаңа семантикалық қасиеттер алғаны анықталды. Адамзаттың мәдени мұрасы үшін географиялық аймақтардың атаулары құнды ескерткіштер болып табылады. Ұлы ғалым және академик В. В. Бартольд осыған байланысты: "Туысқан түркі халықтарының арасында қасиетті жерлердің топонимдері тапқырлығымен, дәлдігімен, қарапайымдылығымен және тарихи деректерімен таң қалдырады", - деген болатын [7, 24].

Түркі топонимдердің лексикалық-семантикалық жіктелуі:

Өңіріміздің жер-су, елді мекендер атауларын этнолингвистикалық тұрғыдан кең ауқымда зерттеу аса маңызды. Топонимдер гидроним, ороним, ойконим, урбаноним, дромоним, дримоним т.б. түрлерге бөлінеді. Біз осы түрлерінің ішіндегі гидронимдерге зерттеу жүргізуді мақсат еттік. Солтүстік Қазақстан облысының топонимикасын зерттеген ғалымдар Солтүстік Қазақстан облысының аумағы 97,99 мың шаршы км десек, оның 60 -ын су алып жатыр. Бұл осы облыстың климаты, шаруаға жайлылығы жөнінде мол ақпарат береді. Көлі ең көп орналасқан Жамбыл ауданы екендігін аңғарамыз, одан кейін Мамлют, Қызылжар аудандары. Ақжар, Ғабит Мүсірепов аудандарында көлдің саны өте аз деген тұжырым жасайды [4, 19].

Солтүстік Қазақстан облысындағы топонимдер бірнеше негізгі семантикалық топқа бөлінеді, соның ішіндегі гидронимдерді зерттеу нәтижелері бойынша келесі негізгі бағыттарда жіктеп көрсетеміз:

- Табиғи нысандарға қатысты гидронимдер

By anchoring its function within a centuries-long tradition of linguistic evolution, extract positions passive voice as a tool of stylistic integrity that befits established norms of English writing. It is polemic to critiques that have portrayed passive voice as indefinite or elusive instead, it holds that its good use brings clarity and maintains information balance in writing.

A comparative study of passive voice categories in Kazakh and English provides valuable insights into their semantic differences. These insights help attract the attention of scholars from developed English-speaking countries to scientific potential of Kazakh language. In turn, such comparisons contribute to highlighting the status of Kazakh as a language of science.

Conclusion

The practical value of semantic analysis in comparing passive voice in Kazakh and English follows from its theoretical and practical importance for linguists. It allows a better cognizance of language, improves the teaching-learning process and perfects inter-lingual communication. The article presents a well-developed comparative analysis of passive voice constructions in Kazakh and English from a functional-semantic perspective. However, it would benefit from a clearer and more explicit articulation of its practical applications beyond the general study of grammatical categories.

The discussion could be significantly strengthened by highlighting how the findings may inform related fields such as Translation Studies, particularly in resolving syntactic mismatches between source and target languages in passive constructions. Furthermore, the research has clear potential for integration into Computational Linguistics, especially in areas like Machine Translation, Natural Language Processing and Automated Syntactic Parsing where understanding voice constructions is critical for accurate semantic interpretation. Accurately identifying and converting passive constructions in Machine Translation are critical for preserving the intended meaning.

In NLP detecting passive voice enables more precise information extraction, sentiment analysis and question answering by allowing systems to differentiate between agents and patients within a sentence.

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

For Automated Syntactic Parsing passive constructions pose unique challenges in both languages due to their distinct morphological and syntactic markers.

Incorporating language-specific features such as affix-based passivation in Kazakh and auxiliary verb structures in English enhances parsing accuracy and contributes to multilingual computational models.

Lastly, extending the comparative approach to cross-linguistic syntactic analysis would position the work within a broader typological context. This, in turn, allows its insight to contribute to the development of universal grammar models and multilingual language education.

Emphasizing the interdisciplinary applications would not only broaden the impact of the research but also underscore the importance of studying voice as a core component of linguistic systems in both theoretical and applied domains.

Incorporating these practical perspectives could also enhance the article's pedagogical value. For instance, identifying cross-language passive structures could assist language teachers in creating more effective instructional materials that bridge grammatical contrasts. Such integration would be particularly useful in multilingual classrooms or in training translators and interpreters who must navigate the structural nuances of passive constructions. Moreover, emphasizing the relevance of the findings of real-world language use could increase the study's applicability in policy-making contexts, such as curriculum development and language standardization initiatives.

The broader implication is that a comparative study of passive voice not only illuminates internal grammatical mechanisms but also offers pathways for meaningful cross-disciplinary collaboration.

Conflict of Interests

There are no conflicts of interest in the publication of this article.

Contribution of the authors. Taubeyeva A. generated the ideas for the research, created the methodological framework, performed the primary analysis of functional-semantic features of passive voice and wrote the first draft of the article. Igilikova S. conducted the literature review and participated in the analysis of the findings. Provided a critical revision for the intellectual contents in the article to ensure there was coherence and clarity.

References

1. Жұбаева О.С. Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоөзектілігі : Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореферaты. 10.02.02 мамандығы бойынша / Жұбаева, Орынай Сағынғалиқызы ... – Алматы : [Б.ж.], 2010. – 52 б.

2. Туресбаева Г.М. Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы мен әдістері / «Сейфуллин оқулары-9: Жоғары білім мен ғылымды дамытудың жаңа бағыттары» атты ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы. – 2013. – Б. 471-474

3. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2009. – 348 б.

4. Есеналиева Ж. Салыстырмалы тіл білімі. – Алматы, 2020. – Б. 191

5. Исаев С. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы, 2014. – 448 б.

6. Маманова Ы. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы, 2007. – 260 б.

7. Rayevska, N.M. Modern English Grammar for Senior Courses of the Foreign Language Faculties in Universities and Teachers' Training Colleges. Institute of Strategic Information Technologies in Education. – Bishkek, 2009. – 425 p.

8. https://sozdikqor.kz/

9. Chief Compiler Martin H. Manser. Oxford Learner's Pocket Dictionary. – New York, 2002. – 496 p.

10. Wierbicka A.S. Sravnenie kul'tur cherez leksiku i grammatiku [Comparison of Cultures through Lexicon and Grammar], (Moscow, 2003, 288 p.)

11. Salkynbay A., Yegizbayeva N., Ramazanova Sh., Imanaliyeva G., Abdrakhmanova Zh. Functional Semantics of the Voice in the Kazakh Language // Revista ESPACIOS. – 2017. – Vol. 38 (№ 25) Año 2017.

12. Banks, D. The Extent to Which the Passive Voice is Used in the Scientific Journal Article, 1985-2015 // Banks *Functional Linguistic* (2017). DOI 10.1186/s40554-017-0045-5.

Т.Ә. Тәубеева*, И.С. Игиликова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Ырықсыз етісті қолданудағы салғастырмалы талдау

Аңдатпа. Мақалада туыстық байланысы жоқ екі тілдік жүйедегі ырықсыз етіс құрылымдарының қолданылу ерекшеліктерін салғастыруға бағытталған. Зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын тілдіеріндегі ырықсыз етістердің грамматикалық құрылымдарын, синтаксистік және семантикалық қызметтерін, сондай-ақ олардың когнитивтік аспектілерін кешенді түрде қарастыру. Мақалада ырықсыз етістің функционалдық-семантикалық ерекшеліктеріне байланысты когнитивтік құзыреттілікке ерекше назар аударылады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етіс категориясын зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, теориялық және практикалық әдістерді біріктіретін кешенді зерттеу әдістемесі сипатталған. Сонымен қатар, екі тілдегі ырықсыз етісті зерттеудің маңыздылығы атап көрсетіледі. Екі тілдегі ырықсыз етістің ерекшеліктері мен қолданылу аясы мысалдар арқылы көрсетіледі. Етіс құрылымдарының синтаксистік және семантикалық функциялары ашылып, олардың сөйлемдегі рөлі айқындалады. Айырмашылықтар мен ұқсастықтарды терең зерделеудің маңыздылығы салғастырмалы грамматика саласын ғылыми тұрғыдан байыту қажеттігін дәлелдейді. Зерттеудің практикалық деңгейі тілді оқытудың негізделген әдістерін ұсынады. Зерттеу білім беру саласына үлесін қосып, ырықсыз етістің семантикалық қызметін тереңірек түсіндіру арқылы тіл үйренушілерге қазақ және ағылшын тілдеріндегі грамматикалық құрылымдарды ажыратуға көмектеседі. Зерттеу нәтижелері көптілді ортада коммуникативтік дағдыларды дамытуға және тілдер арасындағы өзара түсіністікті арттыруға ықпал етеді. Зерттеу екі тілдегі ырықсыз етістің функционалдық маңыздылығын атап, тіл үйренушілерге теория және практикалық жағынан тиімділігін көрсетеді.

Түйін сөздер: ырықсыз етіс, семантика, салыстыру, ұқсастық, айырмашылық

Т.Ә. Тәубеева*, И.С. Игиликова
Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Сравнительный анализ использования страдательного залога

Аннотация. Статья направлена на сравнение особенностей использования страдательных конструкций в двух несвязанных языковых системах. Цель исследования – дать комплексное представление о категории залога через анализ грамматических структур, синтаксических и семантических функций, а также когнитивных аспектов. В статье подчеркивается значимость когнитивной компетентности в контексте функционально-семантических характеристик страдательного залога. Описана интегрированная методология исследования, включающая теоретический и практический подходы, с учетом мнений отечественных и зарубежных ученых изучавших категории залога в казахском и английском зыках. Рассматривается актуальность изучения страдательного залога с точки зрения его синтаксических и семантических функций. Специфические особенности и сфера применения страдательного залога в обоих языках представлены с примерами. Различия и сходства доказывают необходимость их глубоко обоснованного понимания, что научно обогащает область структурной сравнительной грамматики. Анализируются механизмы формирования страдательного залога, его влияние на смысл предложения и различия в формировании страдательных конструкций в английском и казахском языках. Практический уровень исследования предоставляет конструктивные аспекты обучения языку основанные на научных данных. Статья вносит вклад в сферу образования, помогая лучше объяснить семантические функции страдательного залога, тем самым облегчая изучающим различение грамматических структур казахского и английского языков. Это исследование способствует развитию межъязыкового понимания и совершенствованию коммуникативных навыков в полилингвальной среде. Статья не только раскрывает научные аспекты категории залога, но также имеет практическое значение для методики преподавания языков.

Ключевые слова: страдательный залог, семантика, сравнение, сходство, различие

References

1. Zhubayeva O.S. Kazakh tilindegi grammatikalyk kategoriyalardyn antropotsentristigi [Anthropocentricity of Grammatical Categories in the Kazakh Language], Dissertation. (Almaty, 2010, 310 p.) [in Kazakh]

2. Turesbayeva G.M. Studentterdin madeniaralyk kommunikativtik kuzyrettiligin kalyptastyrudyn manyzy men adisteri [The Importance and Methods of Forming Intercultural Communicative Competence in Students], "Seifullin okulary-9: Zhogary bilim men gylymdy damytudyn zhana bagyttary" atty KR Tungysh Prezidenti kunine arnalgan Respublikalyk gylymi-teoriyalyk konferentsiya materialdary. (Almaty, 2013, 471-474 p.) [in Kazakh]

3. Baitusynuly A. Til quraly [Language Tool] / Qurastyrushy: Ye. Tileshov (Almaty, 2009, 192 p.) [in Kazakh]

4. Yesenaliyeva Zh. Salystyrmaly til bilimi [Comparative Linguistics], (Almaty, 2020, 191). [in Kazakh].

5. Isayev S. Kazak til bilimi maseleleri [Issues of Kazakh Linguistics], (Almaty, 2014, 448 p.) [in Kazakh]

6. Mamanov Y. Kazakh til bilimi maselelrei [Issues of Kazakh Linguistics], (Almaty, 2007, 260 b.) [in Kazakh].

7. Rayevska, N.M. Modern English Grammar for Senior Courses of the Foreign Language Faculties in Universities and Teachers' Training Colleges. Institute of Strategic Information Technologies in Education, (Bishkek, 2009, 425 p.)

8. https://sozdikqor.kz/ [in Kazakh]

9. Chief Compiler Martin H. Manser. Oxford Learner's Pocket Dictionary. – New York, 2002. – 496 p.

10. Wierbicka A.S. Sravnenie kul'tur cherez leksiku i grammatiku [Comparison of Cultures through Lexicon and Grammar], (Moscow, 2003, 288 p.) [in Russian]

11. Salkynbay A., Yegizbayeva N., Ramazanova Sh., Imanaliyeva G., Abdrakhmanova Zh. Functional Semantics of the Voice in the Kazakh Language, Revista ESPACIOS. ISSN 0798 1015 Vol. 38 (№ 25) Año 2017.

12. Banks, D. The Extent to Which the Passive Voice is Used in the Scientific Journal Article, 1985-2015 // Banks *Functional Linguistic* (2017). DOI 10.1186/s40554-017-0045-5.

Information about authors:

Taubeyeva A.T. – PhD student, Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan. E-mail: nur-muba19@mail.ru, ORCID: 0000-0002-6399-0609.

Igilikova S.I. – PhD, Senior Teacher, Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan. E-mail: igilikkyzy@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5017-1658.

Тәубеева Ә.Т. – PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: nur-muba19@mail.ru, ORCID: 0000-0002-6399-0609.

Игілікова С.И. – PhD, аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: igilikkyzy@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5017-1658.

Тәубеева Ә.Т. – докторант PhD, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: nur-muba19@mail.ru, ORCID: 0000-0002-6399-0609.

Игілікова С.И. – PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: igilikkyzy@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5017-1658.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.21.33 *DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-167-178*
Ғылыми мақала

Абай мұрасы: Оралхан Бөкей прозасындағы интертекстуалдылық

Г. Төкенқызы[1], Қ.Т. Қаирбаева[2], Ш.Б. Саликжанова[31]
[1]Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Астана, Қазақстан
[2]Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан
[3]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [1]adon70@mail.ru, [2]kuralai_kt@mail.ru, [3]akbulak07@mail.ru)

Аңдатпа. Мақала Абай мұрасының қазақ әдебиетіндегі көрінісін зерделеуге арналған. Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы интертекстуалдылықтың көркемдік және танымдық ерекшеліктері талданады. Атап айтқанда, Оралхан Бөкей шығармаларындағы интертекстер мен олардың Абай мұрасымен байланысы зерттеледі. Абай мұрасы – халықтың рухани өмірінде тұғырлы темірқазық, халыққа айқын жол сілтейтін, ұлттық құндылықтарымыздың алтын қоры, ұрпаққа тағылым. Ақын туындыларының қазіргі қазақ әдебиеті мен қазақ прозасына ықпалын жан-жақты зерттеудің маңызы зор. Сондай-ақ мақалада қазіргі кезеңдегі қазақ прозасында кездесетін интермәтіндер қарастырылады. Интермәтінділік құбылысы арқылы халық мақал-мәтелдері, Абайдың өлеңдері мен қарасөздері жазушы шығармаларында жаңа көркемдік мәнге ие болып, ұлттық мәдени кодтарды жаңғыртады. Әр мәтін интермәтіндік сипатқа ие болуы мүмкін. Мақалада қарастырылған прецеденттік атаулар қазақ мәдениеті мен әдебиеті, тарихындағы бірқатар маңызды мәселелерді құрайды. Олар тарихи тұлғалардың, мифтік бейнелердің, яғни антропонимдердің ұлттық санасы мен мәдениетін сақтауға мүмкіндік береді, яғни ұлттық мәдениет туралы білімнің қайнар көзі болып табылады. Мәтіндер арасындағы семантикалық және стилистикалық байланыстарды анықтау үшін интермәтінділік, салыстырмалы және антропологиялық әдістер қолданылған. Зерттеу барысында Бахтин, Кристева және басқа ғалымдардың интермәтінділік теорияларына сүйене отырып, көркем мәтіндегі прецеденттілік пен мәдени мәндер сараланған. Мақалада интермәтіндердің әдеби шығарманың идеялық мазмұнын тереңдетуге, дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіруге ықпал ететіні көрсетіледі. Сонымен қатар, Оралхан Бөкей прозасындағы фольклорлық және классикалық үлгілердің үндестігі ұлттық әдебиеттің дамуындағы маңызды фактор ретінде тұңғыш рет қарастырылады.

Түйін сөздер: мәтін, интермәтін, интертекстуалды, интертекстуалдылық, прецеденттік құбылыстар, медиамәтін.

Түсті*: 29.01.2025;* Жөнделді*: 31.05.2025;* Мақұлданды*: 13.06.2025;* Онлайн қолжетімді*: 25.06.2025*

[1] Хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Лингвистика мен әдебиеттану саласында интертекст және оның әр түрлі аспектілері зерттеуді талап етеді. Интертекстердің қазіргі әдеби шығармаларда дәстүрлер мен инновациялардың тоғысында айырықша орны бар. Әдебиет пен мәдениеттің өзара байланысты құрылымдары мен мәтіндер арасындағы байланысты зерттеу қазіргі тіл мен әдебиетте маңызды. Абай мұрасының қазіргі қазақ прозасындағы көрінісін, ықпалы мен байланысын зерттеу өзекті мәселе болып отыр. Халық мақал-мәтелдері, Абайдың шығармалары, т.б. алынған интертекстер әдебиетте фольклор мен ұлттық танымның біртұтас тұтастығы ретінде әсер етуді жалғастыруда. Оралхан Бөкей шығармаларындағы интертекстуалдылыққа назар аударсақ, қазақ әдебиетіндегі интертекстуалдылықтың маңызды рөлін айқындайтын мысалдар келтіріледі. Мақалада қарастырылған тақырыптар ұлттық әдебиеттің көркем және идеялық деңгейін кеңейтетін жаңа көзқарастарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдіснама

Мақаладағы әдіснама негізінен интертекстуалдылық теориясына және постмодернистік әдебиеттанудағы ұғымдарға негізделген. Мәтіндер арасындағы өзара байланыс пен ықпалды тереңірек түсіну үшін, Бахтиннің интертекстуалдылық концепциясы басты орын алады. Бахтиннің теориясы бойынша, әрбір мәтін басқа мәтіндермен үздіксіз диалогта болады, бұл диалог мәтіндер арасындағы мағыналық өрістің қалыптасуына ықпал етеді. Яғни, жаңа мәтіндер бұрынғы мәтіндермен өзара байланыс нәтижесінде пайда болады, бұл процесс әдебиеттегі мағыналық кеңістіктің үздіксіз дамуымен тікелей байланысты. Бұл әдіс қазақ әдебиетінде, әсіресе Абай Құнанбайұлының шығармашылығы мен оның қазіргі қазақ прозасына, соның ішінде Оралхан Бөкейдің туындылары ықпалына қатысты маңызды зерттеу алаңы ұсынады.

Зерттеуде қолданылатын тағы бір әдіс – салыстырмалы талдау, құрылымдық тәсілдер мен мәтіндер арасындағы фольклорлық және мифологиялық байланыстарды анықтауға бағытталған антропологиялық әдіс. Бұл тәсілдер әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара қарым-қатынасын зерттеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар ұлттық құндылықтар мен заманауи көзқарастардың синтезін ашады. Абай мұрасының қазіргі қазақ әдебиетіндегі ықпалы, оның идеялық және көркемдік негіздері осы тұрғыда тереңірек талданады.

Мақалада қолданылған басты әдіс – интертекстуалдық талдау, ол мәтіндер арасындағы семантикалық және стилистикалық байланыстарды зерттеуге бағытталған. Бұл әдіс Абай шығармаларының қазіргі қазақ прозасындағы іздерін, оның ішінде Оралхан Бөкей шығармашылығындағы көрінісін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеушілердің назарын қазақ әдебиетінің ұлттық және мәдени кодтары мен олардың өзара байланысына аударады, бұл әдіс арқылы әдеби мәтіндер арасындағы терең ықпалды айқындауға болады.

Әдебиеттерге шолу

Көрнекті жазушы Оралхан Бөкей шығармаларында интермәтіндерді, соның ішінде Абай тілін қарастыру барысында фольклорлық интермәтін, Абайдың нақыл сөздері, қарасөздері де мақсатты қолданылғанын көруге болады. Шетелдік ғалымдардың

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

зерттеулеріне негізделген интертекстуалдылық (интермәтін) теориясының негізі, мысалы, Бахтиннің т.б шетелдік ғалымдардың еңбектерінде табылғанымен, оның үзінділерін қазақ әдебиеттануының алғашқы кезеңдерінде табуға болады. Бірақ зерттеушілер интертекстуалдылық мәселесін тар және кең түрде түсіндірді.

Тіл білімі мен әдебиеттанудағы "интертекстуалдылық", "интермәтін", "интертекстуалды" терминдері туралы саналуан пікір кездеседі. Бүгінгі таңда интертекстуалды мәселені жүйелі зерттеу маңызды саналады. Бұл тақырып тіл мен әдебиеттің тоғысқан жерінде қарастырылады. Интертекстуалдылықтың лингвистикалық аспектілері мәтіндік лингвистика контекстінде айқындалады. Неміс зерттеушісі В.Хайнеманн пайымдауынша, мәтіндік лингвистикада "интертекстуалды синдром" бар, ол кез келген интертекстуалды байланысты интертекстуалды ретінде шешуге ұмтылудан көрінеді [1, 178]. И.В. Арнольд интертекстуалдылық жайлы пікірі мынандай: мәтінге дәйексөздер, тұспалдаулар, ескертулер, таңбаланған немесе таңбаланбаған, өзгертілген немесе өзгертілмеген түрдегі тұтас басқа мәтіндерді немесе олардың басқа сөйлеу тақырыбы бар фрагменттерін қосу түсініледі. [2, 15]. А.В. Кремнева, екінші жағынан, "шетелдік сөз" (немесе "мәтіндегі мәтін") бүгінде көркем, публицистикалық және жарнамалық мәтіндерге тән. Көптеген "бөтен сөздерді" біз «иемдендік» және «сөйлеу клишелеріне айналдық» және коммуникативті арсеналымыздың ажырамас бөлігіне айналдық» [3, 105-106],- деп пайымдайды. Зерттеулер қазақ прозасы мен поэзиясындағы интертекстуалды поэзияның фольклорлық негізінде басталды. Дегенмен, автордың ауызша әдебиет мысалдарындағы дәстүрлердің сабақтастығы принципін интерпретациялық байланыс түрінде түсінуінің инновациялық сипаты фольклордан шығуы керек. Б.А. Әбдіханова, Р.К. Конкаева фольклорлық шығармалардың лингвистикалық мәдени рөлін XXI ғасырдағы көркем шығармаларға негізделген прецеденттік мәтіндер ретінде қарастырады, интермәтіндікті мәдени кодты жеткізу, беру тәсілдерінің бірі ретінде ажыратады [4, 689].

Интертекстуалдылық пен прецеденттілік ғылыми бағыттар ретінде М.М.Бахтиннің "бөтен сөз" және "диалог"туралы еңбектерінің арқасында қалыптасты. Бұл қазіргі лингвистер тар бағытта дамып келе жатқан мәтіндер арасындағы қатынастарды зерттеудің жалпы бастауы. Интертекстуалдылық пен прецеденттілік ұқсас ұғымдар болып табылады, кейбір контексттерде бір – бірін алмастыратын болып көрінеді, ғалымдар олардың әртүрлі анықтамаларын алға тартып, терминдерді ажыратуға бірқатар негіздер береді. Біз әртүрлі ғылыми дереккөздердегі жақын, бірақ бірдей емес ғылыми тұжырымдамаларды жалпылама түсіндіруді ұсынамыз. Ресейде прецеденттік теорияның негізін XX ғасырдың 30-жылдарында М.М. Бахтин қалаған [5, 260-256].

"Дәйексөзді" зерттеу нәтижесінде Ю. Кристева дамытқан интертекстуализм теориясы пайда болды [6]. Интертекстуалдылық – бұл бастапқы мәтінге жүгіну арқылы жүзеге асырылатын мәтіндік коммуникацияның бір түрі. Интертекстуалдылықтың қайнар көзі кез-келген белгілі мәтін бола алады [7]. Интертекстуалдылық деп "мәтіндегі мәтін", мәтінаралық өзара әрекеттесу түсініледі. Әр түрлі сілтемелерді мәтін авторы мазмұн деңгейінде де, форма деңгейінде де қолдана алады (композиция, мәтін құру және т.б.). Көптеген ғалымдар медиа мәтіндердің құрылымы бойынша гипермәтіндерге немесе интермәтіндерге ұқсас екенін атап өтті. М.Ю. Казак атап өткендей, медиатекстің интертекстуалдылығы дәйексөздің екі түрінің міндетті болуымен байланысты:

– сараптамалық пікірге немесе ықпалды адамдардың мәлімдемелеріне сілтемелер;

– лингвомәдени құндылығы бар және эмоционалды-экспрессивті бағалауды қалыптастыратын интертекстуалды белгілер [8, 176].

Сондықтан мәтіндер үшін интертекстуалдылық категориясы, әсіресе бұқаралық коммуникация мәтіндері үшін өте маңызды. Мәтінді интертекстуалдылық объективі арқылы талдау, біздің ойымызша, ең толық болып табылады және әртүрлі проекциялардағы мәтіндердің өзара әрекеттесуін зерттеуге мүмкіндік береді. «Іс жүргізу құқығының мәтіні» термині – оны Ю.Н Караулов ойлап тапқан. Ғалым мынадай анықтама берді: «бұл лингвистикалық тұлға үшін танымдық және эмоционалды маңызы бар, тұлғасыз сипатқа ие және белгілі бір лингвистикалық тұлғаның дискурсында үнемі жаңарып отыратын мәтіндер» [9, 114].

Прецеденттік құбылыс – бұл белгілі бір қоғамға қатысты, кеңінен танымал және сөйлеуде үнемі жаңарып отыратын құбылыс. Прецеденттің тағы бір ерекшелігі – өмір сүрудің семиотикалық режимі, яғни прецеденттік құбылыстардың тұтас тірек бірлігі ретінде әрекет ету қабілеті. Танымдық кеңістік прецеденттік құбылыстардың қызмет етуінде маңызды рөл атқарады [7]. Жеке танымдық кеңістікке ұжымдық танымдық кеңістіктер мен танымдық база, яғни белгілі бір лингвистикалық тұлға байланысты болатын лингвистикалық және мәдени қауымдастықтың білімі мен тұжырымдамалары кіреді. Танымдық кеңістіктің орталығы «мәдени объектілер» болып саналады, ал танымдық базаның орталығы прецеденттік құбылыстар болып табылады [10]. Прецедент құбылыстардың жалпы сипаттамаларын, кез-келген лингвистикалық тұлға немесе жалпы қоғам үшін танымдық маңыздылығын, сөйлеудің жаңаруын анықтайды және басқа белгілер жүйелеріндегі интерпретацияны сипаттайды. Прецеденттік құбылыстың негізгі құрамдас бөлігі – құндылық және мәдени маңыздылығы, инвариант [10]. В.В. Красных интертекстуалдылық пен прецеденттілік ұғымдарын салыстырды. Олардың ұқсастығы – мәтін семантикалық қабаттардың мозаикасы ретінде түсініледі, ал интерпретация интерпретатордың өзін түсінуге байланысты. Бұл ұғымдар интертекстуалдылық теориясы көркем мәтіндерді, ал прецеденттік теория табиғи коммуникация процесінде пайда болған мәтіндерді зерттейтіндігімен ерекшеленеді [11, 18-20]. Алайда, қазіргі зерттеушілер көркем мәтіндер негізінде прецеденттік құбылыстарды зерттейтінін атап өткен жөн. Н.А.Кузьминаның пікірінше, интертекстуалдылық эстетикалық және мәдени маңыздылықты көрсететін Мәңгілік категорияға ие, ал прецеденттілік белгілі бір уақытта құндылыққа ие. «Интертекстуалдылық – мәдениеттің аударылған коды, ал прецеденттілік – мәдени фактіге айналуға ұмтылатын өмір құбылысы» [9]. Н.А.Кузьмина прецедеттік медиа мәтінге, ал интертекстуалдылық көркем шығармаларға тән екенін атап өтеді [12].

Бұл ұғымдар интертекстуалдылық теориясы көркем мәтіндерді, ал прецедент теориясы табиғи коммуникация процесінде пайда болған мәтіндерді зерттейтіндігімен ерекшеленеді [11, 18-20]. Дегенмен, қазіргі зерттеушілер көркем мәтіндер негізінде прецеденттік құбылыстарды зерттеп жатқанын атап өткен жөн. Н.А.Кузьминаның пікірінше, интертекстуалдылық эстетикалық және мәдени маңыздылықты көрсететін Мәңгілік категорияға ие, ал прецеденттілік белгілі бір уақытта құнды. «Интертекстуалдылық-аударылған мәдениет коды», ал «прецеденттілік – мәдени факт болуға ұмтылатын» өмір құбылысы» [9]. Н.А.Кузьмина прецедентизм медиа мәтінге, ал интертекстуалдылық көркем шығармаларға тән екенін атап көрсетеді.

Нәтижелер және талқылау

Оралхан Бөкей шығармаларындағы интермәтіндерден мысал келтірер болсақ: «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ... артында соқпақ қалған екен, күндердің күні,

әйтеуір, бір судың ағары хақ, әйтеуір, бір бұлақтың іздеп табары хақ» (Оралхан Бөкей. Терісаққан). Бұл мысалдағы «бір судың ағары хақ, әйтеуір, бір бұлақтың іздеп табары хақ» тіркесі автордың қанатты сөзі, интермәтіндік сипатқа ие десе де болады. «Ағынды суда қақ тұрмайды» деген халық даналығы бар. Жазушы ақиқатты таныту мақсатында жұмсаған.

«Жаман болса да шыққан тегі, ендеше: «Өлсем орным қара жер болар, бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ, тегімнен жерір тентегің мен емес», - деп қасқая қарсы қарап тұрар қайда?» (Оралхан Бөкей. Қайдасың, қасқа құлыным). Автордың Абайдың нақыл сөздерін шеберлікпен қолданғанын көруге болады. Мысалддағы «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» - халық мақалы. Жазушы халық мақалдарын қолданып, фольклор үлгілері интермәтін ретінде келген.

«Төр жайлауға қарай суыртпақтанып кете барған соқтырмасы көп соқпақпен Бураның тұңғыш рет жүруі еместі. Ол бұдан бұрынғы от оттап, су ішіп өткен жылдарында, бұл жолмен тек жайраңдай басып, тайраңдап қана өткен» (Оралхан Бөкей. Бура). «Мұндай пиғылымды аңғарған ол: «Ақырын жүріп, анық бассаң ғана, алысқа барасың»,- дейтін» (Оралхан Бөкей. Қайдасың, қасқа құлыным).

Жазушы прецедентті есімдер басында Абайды атамай өтпейді. «Мәдени топырағы құнарлы қазақ халқы Абай, Шоқан, Мұхтардың мәуесін ғана теріп, ыңғай-ылғи жарылқана берген жоқ, сұрқиялары мен сатқындарының да сан алуан түрін көрді, көріп те жүр» (Оралхан Бөкей. Атау кере).

«Жандос пен Бөкенші-Борсақтың кейінгі өмірі не болды, қандай ұрпақ тарады, ол айрандай ұйып тірлік кешті ме, оны білгіңіз келсе, ұлы жазушымыз Мұхаңның «Абайын» оқыңыз; *қайран сары інген, сен* «Абай жолын» бастап берген екенсің-ау» (Оралхан Бөкей. Айпара-ана).

Мысал атаулары – адамдарға поэзия мен фольклорда белгілі кейіпкерлердің есімдері. Үлгілі мәтіндер біздің мәдениетімізде, әдебиетімізде және тарихымызда ерекше орын алады. Оралхан Бөкей шығармаларында прецедентті мәтіндер де Абайға қатысты алынған, жазушы кейіпкері ән шырқаса да Абай әндерін орындайды. «Біздің осыншалық бақытты шағымызға әлдене жетпейтін біз әлденені елегізе іздеп едік, ол – «Желсіз түнде жарық айды» шырқап салған Алтайдың әнші қызы Бибигүлдің әні еді» (Оралхан Бөкей. Қайдасың, қасқа құлыным).

Табиғатты суреттеген Абайда:

«Жоғары-төмен үйрек, қаз

Ұшып тұрса сымпылдап».

Оралхан Бөкейде: «Сымпылдай ұшқан үйректердің бат-бағы, шегірткенің шырылы, ешкішектің үні жым болған; шерменде ән әуелеген сайын, тұншығып қала береді, құмыға береді (Оралхан Бөкей. Бура).

Сымпылдай ұшқан үйрек, қаңқылдаған қаз мамырлай жүзіп, қиқуға қиқу қосып, өзен бойын сырлы да сыбызғы думанға айналдырған (Оралхан Бөкей. Терісаққан).

Сымпылдай ұшып келген бір топ шүрегей Марқакөлдің айдынын төсімен тілгілей қонды да, мамырлап жүзе жөнелді (Оралхан Бөкей. Ардақ).

Оралхан Бөкейдің Абай шығармаларындағы өрнектерді қолдана білуі мен сөз құра білуі оқырманға әсер етеді. Жазушы «қиуын тауып, қисынын келтіріп» фразеологизмер дәл таңдалған тілдік қолданыстар. Осындай соны өрнектерді пайдалану, белгілі тұлға бойындағы өзгерістер, өрнектер жеңіл ойнату, алынған тілдік бірліктер арасына сөздерді қосу да кездеседі. Автор туындыларында халықтың нақыл сөздер жиі кездеседі. Ол

бірліктер өзгеріссіз орындарын тапқан. Мысалы, «Ұлы Бабамның құдіретті жасасы мынадай сөздер басталушы еді: «атың шықпаса жер өрте» (Мұзарт).

«Жан бермек оңай ма. Жан бермек оңай болса мынау ұстап тұрған суішкілік жібіңді қиып жіберейін бе?» *(Мұзарт).*

«Жеке суреткер тіліндегі образды фразеологизмдердің типтерінің, олардың азды-көптігін, ескі-аздылығын түгендеу үстінде ақынның не жазушының фразеологизмдер саласындағы байырғы қазынаны қаншалықты игеріп, кәдеге асырғанын, қаншалықты жаңаларын ұсынғаннан көруге болады. Ал бұл шығармашылық контекст немесе авторлық даралық дегенді танытады, тіпті кеңірек қарасақ, суреткер тіліндегі фразеологизмдер әлемі оның поэтикалық тіл арқылы көрінетін дүниетанымын көрсетеді»,- дейді белгілі ғалым Р. Сыздықова [13, 30]. Ғалымның пайымдауынша, жазушының шығармаларындағы фразеологиялық бірліктерді іздеу оның қазақ қарасөз әлемі туралы терең түсінігін көрсетеді. Шешен сөз шебері О. Бөкей лексикалық бірліктерден жаңа мағыналар құра білді, сондай-ақ оларды өз жұмысында ұтымды, тиімді пайдалана алды.

«Емін-еркін уаз кешкен бұғы-маралдар құрықты қолды білмей, табиғат сыйға тартқан жас құрақ, жасыл жайлау төсінде шөптің сонысын, судың тазасын таңдап, бір қиырдан қиырға, көңіл шіркін қалаған жаққа жосып, мамырдың барқыт түнінде оранып, қаперсіз жусайтын» (Оралхан Бөкей. Кербұғы).

«Көзден де, көңілден де бұлбұлдай ұша берген қапысыз қайран жастығы тек ендігі сағыныштың сыңсып айтар жырына айналып, қос жанардан жас болып сорғалайтын» (Оралхан Бөкей. Кербұғы).

Абайда сұлулық «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, Аласы аз қара көзі нұр жайнайды»,-деп берілген.

Оралхан Бөкейдің «Ардақ» прозасында сұлулық: «Ай астында ағарып отырған он жеті жасар қыздың қақтаған ақ күмістей сұңғақта сұлу бітімі - ертеректе ғана болатын су перісіне ұқсайды»,-деп өрілген.

«Қалың ел, қайран жұрт етек-жеңін жиып, ел болғанша қоныс аудара тұруды ләзім көрген Тобықты жұртын қаңыратып, бір-ақ күнде көшіп кеткен еді» (Оралхан Бөкей. Айпара-ана).

«Қыран баласы қияға қарап өсер болар» (Оралхан Бөкей. Айпара-ана).

«Улап-шулаған азалы көштің дабыр-дүбырынан сескенген үйрек-қаз бытырай көтеріліп, қиқулай ұшып бара жатты» (Оралхан Бөкей. Айпара-ана).

«... Шаруаның көңіл құсы қоса ұшып, ұя салар бәйтеректі және көксегендей; енді бір туар, енді бір жасар жасыл өмірді сағынғандай; көксе, сағын, бәрі бекер; артында жосылып қалған із де жоқ, көктеп шығар түбір жоқ, қоқсып өткен қайран жылдар-ай; «Сап-сап көңілім, – деді шаруа сансақ, сандала берме, өкінішті күндерім көп болғанымен, өксіп өтер жылдарым болған жоқ...

– Өлсем орным – Түйетас болсын, – деп, бөтен қыр аңғартқан соң, сырқат апшысын тарылтпайын деп, шолақ қайырысты бұл әңгімені. Болар» (Оралхан Бөкей. Қамшыгер).

«Көктемнің оралғаны – ырысбақтың қой болып қозылап, жылқы болып кісінері, аққу, қаз боп сұңқылдары, қырда айтылған әндей тамылжып төгілері, жанжануар, құртқұмырсқаның масайрауы» (Оралхан Бөкей. Терісаққан).

«Тілеп алған аурудың дауасы болмаса керек, болмас керек...» (Оралхан Бөкей. Терісаққан).

«Ол ең әуелі қиялдау, түйсіну, сезіну, яғни әлемге ақыл көзімен қарау сынды ұлы ұғымдарды бірсіндеп болмысына дарытып, жас шағындағы тайдай тулаған талантын

бүтіндей болмаса да, тым құрығанда, жарым-жартылай қайтаруын мінәжат айтып тіледі, жалбарына сұрады Құдайдан» (Оралхан Бөкей. Атау-кере).

«Дүниені парықтап, жамандық пен жақсылықтың екі арасына белгі сап көрмеген тұйық әрі жуас жігіттің шын жігері, шын намысы, шындықты көпе-көрнеу ластатпайтын адалдығы, асау мінезі тұнбадай ішінде тұнып жатады екен» (Оралхан Бөкей. Үш кезең).

«Телі тентек өзеннің долы сарынын тыңдап сілтідей тынып мең-зең тұр» (Оралхан Бөкей. Мұзтау).

«Баяғы жартас, баяғы қара жамылған орман, баяғы ауыл — сол ауыл жым-жырт, құлаққа ұрған танадай (Оралхан Бөкей. Мұзтау). Абайдың «Сегіз аяқ» туындысында «Баяғы жартас бір жартас, Қаңқ етер түкті байқамас» деген жолдар бар.

Көркем сөз шебері О. Бөкей интермәтіндерді өз шығармаларында ұтымды пайдалана алды. Мұнда біз жазушының тілдік шеберлігін, даралығын, өзіндік ерекшелігін байқаймыз. Абай шығармаларынан басқа жазушы халық ауыз әдебиеті мәтіндерін де таңдап шеберлікпен жарата алған.

« – Баяғыда, ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде осы жерді тайпалы ел, тайпалған жорға мінген ері бар алты мың қазақ мекен етіпті-мыс» (Мұзтау).

Мақал-мәтелдер де шебер ұстаның қаққан шегесіндей жазушы шығармаларында өз орындарын тауып, шығарманың шұрайын келтірген.

Мұзтауда: «Атадан бала не озып туады, не азып туады» дейді екен. Сен азбай, озып туғаныңды ішім сезеді. Сен бәрімізден озық тудың, ақылың көп. Түбі асқанға бір тосқан болып, басыңа бір қаралы күн туса онда осы ақылымды рәсуаламай жұмсағайсың. Жауда ақыл жоқ дейтіндер ақымақ. Ақыл біреу – ол ұлы іске де, ұрлық іске де бағыштала бермек. Сен өз ақыл-ойыңды қандай іске сарып етеріңді өзің шеш» (Мұзтау).

Халық даналығы: «Бір бала, атаға жете туады, Бір бала, атадан өте туады,
Бір бала, кейін қарай кете туады».

Оралхан Бөкей интертекстінің табиғатын талдау барысында ол көпшілікке таныс материалды, яғни интертексті оқырманға тұжырымдарды мағыналы және анық жеткізу үшін қолданғаны анықталды. «Уақыт қанжар, заман оның қылпылдаған жүзі, бүгін бетін берсе, ертең артын береді».

Жазушы прозасындағы интермәтіндік қолдану кейіпкерлерді сипаттауда, автордың сипатталған оқиғаларға қатынасын білдіруде және автордың өз ойын оқырманына образды түрде жеткізуінде ерекше рөл атқарады. «Кірпішке ұқсаған транзистор радиоқабылдағышты дүкенге кірген сайын сатып алмаққа оқталған, бірақ «итке темір не керек» дегей ойын аттап өте алмай-ақ жүр» (Оралхан Бөкей. Мұзтау).

О.Бөкей мұрасын қарастыру барысында біз интермәтіндердің атқаратын мынандай рөлін анықтадық: мәтіннің оқырманға әсер ету функциясын арттырады, оқырманның мәдени, тарихи білімін кеңейтеді және ұлттық кодты дамытуға ықпал етеді. «Құдай-ау, мынау көктем кімді жарылқамаған; мынау көктем жан-жануардың өлерде көрген әрі келте, әрі шолақ ізгі шағы ғой; ей, әлем, жасарып қал, жасанып қал; ей, асау Ағарыс, сенің бүйтіп мамыражай баз кешуің қандай тәкаппар әм салтанатты болса, сондай қысқа екенін білесің бе; ау, Ағарысты жағалай жайлаған, жамиғат сенің де тотыдайын таранып, сұңқардайын сыланған шағың осы болар; көктем лайымдық па екен, көктем жарықтық ұшықсыз ғой; ғұмыр бойы масайрап өтер мамырстан өмір қайда?!» (Терісаққан).

Автор бұл құбылыстың аясын ауызша сөйлеудегі тұрақты өрнектердің мәртебесін сақтай отырып, кейде ауызша сөйлеудегі тұрақты өрнектерді өзгерту және құру арқылы

биіктетті. Мұнда біз жазушының тілдік шеберлігін, даралығын, өзіндік ерекшелігін байқаймыз [14]. Оралхан Бөкей интертекстінің табиғатын талдау барысында ол көпшілікке таныс материалды, яғни интертекстті оқырманға тұжырымдарды мағыналы және анық жеткізу үшін қолданғаны анықталды. Жазушы прозасындағы интертексттер көбінесе фольклорлық сипатта болады [15]. Тұрақты мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер, халықтық теңеулер де жиі қолданылған. Интермәтіндік қолдану кейіпкерлерді сипаттауда, автордың сипатталған оқиғаларға қатынасын білдіруде және автордың өз ойын оқырманына образды түрде жеткізуінде ерекше рөл атқарады.

Қорытынды

О. Бөкей мұрасын қарастыру барысында біз интермәтіндердің атқаратын мынандай рөлін анықтадық: мәтіннің оқырманға әсер ету функциясын арттырады, оқырманның мәдени, тарихи білімін кеңейтеді және ұлттық кодты дамытуға ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, кез келген халықтың өмірі мен танымындағы бүкіл дүние халықтың жадында сақталып, тек олардың тілінде ғана көрініс табатынын атап өткен жөн. Тіл арқылы біз мәдениетті: халықтың тарихын, дәстүрін, мінезін, менталитетін танимыз. Халықтың дүниетанымы негізінде қалыптасқан мәдениеттің кейбір құпия сырлары тілде жасырылған. Қазақ халқының ұлттық танымында қалыптасқан әрбір тілдік бірлік халықтың рухани және материалдық мәдениетінде де, салт-дәстүрінде де өз орнын алады. Әлемдік және ұлттық мәдениеттің бейнесін, халықтың салт-дәстүрлері мен наным-сенімдерін, осы тілде сөйлейтін адамдардың тарихын бейнелейтін кез келген халық ұғымындағы сөздер баға жетпес лингвистикалық қазына болып табылады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат
Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. Г. Төкенқызы мақаланың негізгі материалдарын жинау, сұрыптау, жүйелеу жұмыстарын, ғылыми талқылау, жүйелеу жұмыстарын жүргізді. Қ.Т. Қаирбаева мақаланың ғылыми рәсімделуі мен материалдардың ғылыми жүйелеу жұмыстарын жүргізді. Ш.Б. Саликжанова мақаланың талапқа сай рәсімделуін және талқылау, мақаланың міндеті мен нәтижелердің шынайылығы дәрежесін тексеру, толықтыру жұмыстарын жүргізді.

Әдебиеттер тізімі

1. Чернявская В.Е. Лингвистика текста: Поликодовость, интертекстуальность, интердискурсивность. [Текст]: учеб. пособие. – М.: Либроком, 2009. – 248 с.

2. Арнольд И. В. Семантика. Стилистика. Интертекстуальность [Текст]: сб. ст. / И. В. Арнольд; науч. ред. П. Е. Бухаркин – Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский государственный университет, 1999. – 443 с.

3. Кремнева А. В. Основные направления интертекстуальных исследований и возможные перспективы дальнейшего изучения проблемы межтекстового взаимодействия // Известия Волгоградского государственного педагогического университета, Филологические науки. – 2017. – С. 105–115.

4. Абдыханова Б.А., Конкаева Р.К. Лингвокультурологическая роль фольклорных произведений как прецедентных текстов (на основе художественных произведений XXI в.)

[Текст] // Scientific Collection «Interconf», № 3(36). Challenges in Science of Nowadays Washington, USA, 26-28.11.2020. – С. 688–695.

5. Бахтин М. М. Вопросы литературы и эстетики: исследования разных лет. – Москва, 1975. – 506 с.

6. Фомин К.А. Концепция интертекстуальности Ю. Кристевой как трансформация теории литературной традиции // Идеи и идеалы. – 2015. – №3 (25). – С.54-57

7. Петрова Н. В. Эволюция понятия прецедентный текст // Вестник Иркутского государственного лингвистического университета. – 2010. – №2 (10). – С.176-182.

8. Казак М.Ю., Махова А. А. Медиатексты в аспекте теории интертекстуальности и прецедентности // Научные ведомости Белгородского государственного университета. Серия: Гуманитарные науки. – 2011. – Том 12, № 24 (95). – Pp. 175-182.

9. Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность. – Москва, 2016. – 240 с.

10. Рудиянова Н. А., Исаева Л. А. Использование прецедентных феноменов в качестве заголовков статей // Актуальные вопросы современной филологии: теория, практика, перспективы развития. Материалы VI международной научно-практической конференции. – Краснодар, 2021. – С.54-57.

11. Багаева Д.В., Гудков Д.Б., Захаренко И.В., Красных В.В. Когнитивная база и прецедентные феномены в системе других единиц и в коммуникации // Вестник Московского университета. Серия 9: Филология. – 1997. – № 3. – С. 62-85.

12. Кузьмина Н.А. Интертекстуальность и прецедентность как базовые когнитивные категории медиатекста // Электронный научный журнал «Медиаскоп» [Электронный ресурс]. – 2011. – №1. – С. 1-13. – URL: http://www.mediascope.ru/node/755 (дата обращения: 02.10.2024)

13. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 319 б.

14. Liu Gi-Zen, Lin V., Kou X., Wang H.-Y. Best practices in L2 English source use pedagogy: A thematic review and synthesis of empirical studies // Educational Research Review. – 2016. – Volume 19. – Pp. 36-57. DOI: https://doi.org/10.1016/j.edurev.2016.06.002

15. Айтуғанова, С., Жорашова, А. Төлен Әбдікұлының «Тұғыр мен ғұмыр» хикаятындағы автор мен нарратор бірлігі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №149(4). – Б. 144–153. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-144-153

Г. Токенкызы[1], К.Т. Каирбаева[2], Ш.Б. Саликжанова[3*]

[1]Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Шайсултана Шаяхметова, Астана, Казахстан

[2]Восточно-Казахстанский университет им. Сарсена Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

[3]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Наследие Абая: интертекстуальность в прозе Оралхана Бокей

Аннотация. Статья посвящена изучению отражения наследия Абая в казахской литературе. В ней рассматриваются художественные и познавательные особенности интертекстуальности в современной казахской прозе. В частности, исследуются

интертексты в произведениях Оралхана Бокея и их связь с наследием Абая. Всестороннее изучение влияния произведений Абая на современную казахскую литературу и прозу имеет особое значение. Также в статье рассматриваются интертексты, встречающиеся в казахской прозе современного периода. Через феномен интертекстуальности народные пословицы и поговорки, стихи и проза Абая приобретают новое художественное значение в произведениях писателей, оживляя национальные культурные коды. Каждый текст может обладать интертекстуальными характеристиками. Прецедентные имена, рассматриваемые в статье, охватывают важные вопросы казахской культуры, литературы и истории. Они дают возможность сохранить национальное самосознание и культуру через исторические личности, мифологические образы, то есть антропонимы, становясь источником знаний о национальной культуре. Для выявления семантических и стилистических связей между текстами использованы интертекстуальный, сравнительный и антропологический методы. В исследовании с опорой на теории интертекстуальности Бахтина, Кристевой и других ученых анализируются прецедентность и культурные значения в художественном тексте. В статье показывается, что интертексты способствуют углублению идейного содержания литературного произведения, гармоничному сочетанию традиций и новаторства. Кроме того, впервые рассматривается согласованность фольклорных и классических элементов в прозе Оралхана Бокея как важный фактор развития национальной литературы.

Ключевые слова: текст, интертекст, интертекстуальность, прецедентные явления, медиатекст.

G. Tokenkyzy[1], K.T. Kairbayeva[2], Sh.B. Salikzhanova[3*]

[1]National Scientific and Practical Center "Til-Kazyna" named after Shaysultan Shayakhmetov, Astana, Kazakhstan

[2]East Kazakhstan University named after. S. Amanzholov, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

[3]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Legacy of Abai: Intertextuality in Literary Prose of Oralkhan Bokei

Abstract. This article explores the reflection and influence of Abai Kunanbayev's literary and philosophical legacy in contemporary Kazakh prose through the lens of intertextuality. Focusing primarily on the works of Oralkhan Bokey, the study investigates how Abai's poetic and philosophical texts are reinterpreted and integrated into modern literary narratives. The article emphasizes that Abai's heritage functions as a cultural compass and a reservoir of national values, playing a crucial role in shaping the spiritual and moral consciousness of the Kazakh people. By applying intertextual, comparative, and anthropological methods, the research analyzes the use of precedent texts—such as proverbs, poetic lines, and references to historical and mythological figures—in Bokei's prose. These intertexts serve to revitalize national cultural codes and enrich the semantic and stylistic depth of modern Kazakh literature. The study also highlights the interplay between folklore and classical literary models in Bokei's works, considering it a key factor in the continuity and evolution of national literature. Drawing on the theories of Bakhtin, Kristeva, and others, the article demonstrates how intertextual references contribute to the dynamic dialogue between tradition and innovation in Kazakh prose.

Keywords: text, intertext, intertextual, intertextuality, precedent phenomena, media text.

References

1. Chernyavskaya V.E. Lingvistika teksta: Polikodovost', intertekstual'nost', interdiskursivnost' [Text linguistics: polycode, intertextuality, interdiscursivity.]: Textbook (Librokom, Moscow, 2009, 248 p.) [in Russian]

2 Arnold I.V. Semantika. Stilistika. Intertekstual'nost' [Semantics. Stylistics. Intertextuality] (Saint Petersburg State University, Saint Petersburg, 1999, 443 p.) [in Russian]

3 Kremneva, A.V. Osnovnye napravleniya intertekstual'nyh issledovanij i vozmozhnye perspektivy dal'nejshego izucheniya problemy mezhtekstovogo vzaimodejstviya [Main directions of intertextual research and prospects of further research of intertextual interaction]. Ivzestia of the Volgograd State Pedagogical University, Philological Sciences, 3 (116), 105–115 (2017) [in Russian]

4 Abdyhanova, B. A., Konkaeva, R. K. Lingvokul'turologicheskaya rol' fol'klornyh proizvedenij kak precedentnyh tekstov (na osnove hudozhestvennyh proizvedenij XXI v.) [The linguistic and cultural role of folklore works as precedent texts (based on literary works of the 21st century)]. Scientific Collection «Interconf», 3(36). Challenges in Science of Nowadays. (Washington, USA, 26-28.11.2020, Pp. 688–695). [in Russian]

5. Bahtin M.M. Voprosy literatury i estetiki: issledovania raznyh let [Questions of literature and aesthetics: studies from different years] (Moscow, 1975, 506 p.) [in Russian]

6. Fomin K.A. Koncepciya intertekstual'nosti YU. Kristevoj kak transformaciya teorii literaturnoj tradicii [The concept of intertextuality by Yu. Kristeva as a transformation of the Theory of Literary Tradition]. Idei i Idealy, 3(25), 54-57 (2015) [in Russian]

7. Petrova N.V. Evolyuciya ponyatiya precedentnyj tekst [The evolution of the concept of precedent text]. Bulletin of Irkutsk State Linguistic University, 2(10), 176-182 (2010). [in Russian]

8. Kazak M.Yu., Makhova A.A. Mediateksty v aspekte teorii intertekstual'nosti i precedentnosti [Media text in the aspect of the theory of intertextuality and precedent]. Scientific Bulletin of Belgorod State University. Series: Humanities, 24 (119), 175-182 (2011). [in Russian]

9. Karaulov Yu.N. Ruski iazyk i iazykovaia lichnost [Russian language and linguistic personality] (Moscow, 2016, 240 p.) [in Russian]

10. Rodionova N.A., Isaeva L.A. Ispol'zovanie precedentnyh fenomenov v kachestve zagolovkov statej [The use of precedent phenomena as headlines of articles]. Current issues of modern philology: theory, practice, development prospects. Proceedings of the VI International Scientific and Practical Conference. – Krasnodar, 2021. – Pp. 54-57. [in Russian]

11. Bagaeva, D.V., Gudkov, D.B., Zakharenko, I.V., Krasnykh, V.V. Kognitivnaya baza i precedentnye fenomeny v sisteme drugih edinic i v kommunikacii [Cognitive base and precedent phenomena in the system of other units and in communication]. Bulletin of the Moscow University. Series 9: Philology, 3, 62-85 (2017). [in Russian]

12. Kuzmina N.A. Intertekstual'nost' i precedentnost' kak bazovye kognitivnye kategorii mediateksta [Intertextuality and precedent as basic cognitive categories of media text] [Electronic resource]. Mediascope, 1, 1-13 (2011). [in Russian]

13. Syzdykova, R. Kazak adebi tilinin tarihy [History of the Kazakh literary language] (Ana tili, Almaty, 1993, 319 p.) [in Kazakh]

14. Liu Gi-Zen, Lin V., Kou X., Wang H.-Y. Best practices in L2 English source use pedagogy: A thematic review and synthesis of empirical studies. Educational Research Review, 19, 36-57 (2016). DOI: https://doi.org/10.1016/j.edurev.2016.06.002 [in Kazakh]

15. Aituganova C., Zhorashova A. Unity of the author and the narrator in Tolen Abdikuly's story «Statue and life». Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Se-

ries, 149(4), 144–153 (2024). DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-144-153 [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Төкенқызы Г. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Астана, Қазақстан. E-mail: adon70@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4993-9927.

Қаирбаева Қ.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, басты ғылыми қызметкер, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан. E-mail: kuralai_kt@mail.ru, ORCID: 0000-0002-5837-2267.

Саликжанова Ш.Б. – хат-хабар үшін автор, доктор PhD, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: akbulak07@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5082-0654.

Tokenkyzy G. – Leading Researcher, Candidate of Philology, Associate Professor, National Scientific and Practical Center "Til-Kazyna" named after Shaysultan Shayakhmetov, Astana, Kazakhstan. E-mail: adon70@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4993-9927.

Kairbayeva K.T. – Candidate of Philology, Chief Researcher, East Kazakhstan University named after. S. Amanzholov, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: kuralai_kt@mail.ru, ORCID: 0000-0002-5837-2267.

Бұл классификацияның құндылығы мынада: ол очерк жанрының даму иерархиясын қадағалап отыруға мүмкіндік береді және очерктің жанр ретінде қарапайым формадан күрделіге қарай өту жолдарының эволюциясын көрсетеді, очерктің жанр ретіндегі өзге очерктермен және де эпикалық жанрлармен байланысының өзгеруін қадағалап отырады.

XIX ғасырдың көркем жанры ретінде очерк - халық өмірі туралы жалпылама көркем әңгімелердің пайда болуына дайындық кезеңі болды. Көркем деректі очерктер қазіргі қоғаммен байланысты бірқатар әлеуметтік және философиялық мәселелерді дамытты. Очерк авторлары халықтың біртұтас, көркемдік жағынан кемел өмір салтын құру міндетін алға қойған жоқ, соған қарамастан халық әдебиетіне өмірдің кең ауқымын бейнелейтін идеялық және көркемдік жағынан алуан түрлі шығармалар енгізді. Әдебиеттің дамуындағы көркем шығарманың жанр ретіндегі маңызын айту үшін XIX ғасырдағы қазақ, орыс әдебиетінің негізгі өкілдері кейіннен канонизацияланған әдіс-тәсілдердің көркем шығарманың дамуында кемелденгенін ескеру қажет. [8, 129 б.].

XIX ғасырдың 40-жылдарынан бастап әдеби жанрлардың шеткі очерктері әдеби процестің дәл ортасына келіп, тілдің белсенді көркемдік дамуын байқататын «бағдарламалық» жанрға айналды деп айта аламыз. Соның ішінде орыс очерктері ғасыр ортасында әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысында орыс әдебиетінің жалпы – «адамның тағдыры» атты тенденциясы тарихи байланыс пен бірлікті бейнелеуге деген ұмтылысы көрініс тапты. [9].

Очеркте халық өмірін эпикалық бейнелеу, оның барлық қырларын толық қамту үрдісі байқалады, бұл - очерктің циклділігі, өзіндік жанрдың жасалуына әкелді. Ғасырдың екінші жартысындағы авторлардың барлығы дерлік осы жанрға бет бұрды. Өзінің циклдік очерктерінде И.Левитов, Г.Успенский, М.Я.Салтыков-Щедрин, И.С.Тургенев және басқа да авторлар орыс халық тұрмысының тұтас бейнесін жасады. Циклдер жазушыларды

халықтық бейнелердің, халықтық идеалдардың алуан түрлілігін, халықтың өмір қозғалысын бейнелеуге итермеледі.

Кейбір теоретиктер очерктерді орта эпикалық әдеби жанрларға жатқызады. Мысалы, Оскар Чепан: очеркті – деректі элементтерді, әңгімені, оқиғаны немесе тұжырымдаманы әдеби өңдеумен сипатталатын нақты және көркем проза шекарасындағы әдеби жанр ретінде анықтайды.

Ол очерктің дамуы журналистиканың дамуымен тығыз байланысты деп санайды. Очерктегі жекелеген тақырыптарды өңдеуді әңгімеге құрылымдық кіріспесі (прелюдия) ретінде қарастыруға болады, ал субъективті емес очерк журналистік жанрларға жақындау келеді [10].

Қазақ очеркін зерттеген ғалым, филология ғылымдарының докторы М.Шындалиева қазақ очеркін тоғыз топқа топқа бөліп қарастырып, әрқайсысының ерекшеліктерін айқындап көрсетеді. Әр түріне жан-жақты талдау жасай отырып, мынадай қорытынды жасайды: «...басқа очерк түрлеріне қарағанда оқиғалы очерктердің оқиға желісі бір-біріне ұласып, жалғасып кете береді, оқырман шын мәніндегі өмір ағысын көзбен көргендей әсер алады. Көлемді көркем шығармалардағы оқиғалар бірнеше тарауларға бөлініп, бір-бірімен жалғасып барып бір арнаға құйылса, ал көркем очекртегі оқиғалар білгілі бір оқиға төңірегінде қысқа да тиянақты баяндаумен шектеледі. Бір немесе бірнеше адамның басынан кешкен жағдайы немесе солардың қарым-қатынасы төңірегіне топталып, оқиға логикалық тиянақты оймен аяқталса ғана өз міндетін атқарғаны болып шығады» [11, 222].

Жоғарыдағы еңбектерге сүйенсек, очеркте зерттелетін тақырыптың хронологиялық, ғылыми негізделген тарихы баяндалады. Очерк қоғамдық өмірдің нақты фактілері мен құбылыстарын көрсетеді және талдайды, әдетте ол автордың тікелей түсіндірумен сүйемелденеді.

Кесте 1 – Салыстыру кестесі:

Очерк	Әңгіме
Көркем әдебиет пен публицистиканың тоғысқан жеріндегі жанр.	Көркем әдебиет жанры.
Сипаттама элементтері, еркін композициясы бар қарапайым дамымаған сюжет.	Мазмұны мен композициялық релаксацияға бейім көлемі мен құрылымы жағынан романға ұқсас, қарапайым, күрделі емес сюжет.
Ол нақты материалдарға негізделген, көбінесе деректі.	Ол көркем фантастиканы мойындайды, тікелей әңгімені тезірек баяндауға ұмтылады.
Оқиғалар, проблемалар, бейнеленген кейіпкерлер туралы автор өз пікірін білдіреді.	Автордың позициясы бейтарап.
Ерікті композиция болғанымен, сюжеті сахна тізбегі түрінде құрылған.	Мәселенің нақты құрамы, күрделілігі мен тереңдігі, сондай-ақ көрсетілген жағдайлардың кеңірек негізділігі шамамен берілген.
Сюжеттік ситуациялардағы динамизмнің болмауы.	Айқын конфликт, аяқталған сюжет.
Сюжет локализацияланған, қысқа уақыт кезеңі сипатталған.	Ол ұзақ уақыт аралығын қамтиды, оқиға бірнеше жерде болуы мүмкін.

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

Статистикалық ақпаратты және басқа да толық ақпараттың үлкен көлемін қамтуы мүмкін.	Хабардар ету көркемдік әдіс деңгейінде жүзеге асады.

Очерк қазақ, орыс әдебиетінде танымал болғандай, еуропа әдебиетінде де кең етек алған. Мысалы, XVIII ғасырдың соңында Луи-Себастьян Мерсье мен Рестиф де ла Бретон осы жанрдың әлемдік әдебиетте негізін қалаушылар болып саналады. Олар қаланың физиологиясы деп аталатын қалалық қолөнершілер өмірінің қыр-сырын ашқан. XIX ғасырда Этьен де Жуи «Chaussée d›Antin» кітабында өзін бақылаушы ретінде көрсете отырып жазған очерктерімен танымал болды. Сондай-ақ, очерктерді Поль Кок, Э.Сю, Ф.Суле және О.Бальзак, А.Мюссе сияқты бірқатар ірі жазушыларда жазған. Чех әдебиетінде Б.Немцова, Я.К.Тыл, Я.Эрбесен, Я.Неруда сынды қаламгерлер өздерінің очерктерімен танылған [12, 92].

В.Г.Белинский өзінің «Петербург физиологиясына кіріспе» мақаласында орыс өмірі жағдайында оның даму жолдарын болжай отырып, көркемдік сипаттағы мүмкіндіктер мен міндеттерді алғаш рет сипаттады. Сыншы, очерк «жазушыларды фактография мен натурализмнен сақтандыра отырып, үлкен талантты, байқаушылық пен жазу шеберлігін талап етеді» деп атап өтеді [8, 131]. Осылайша, сыншы очеркті өнер туындысы, оқиғалар мен кейіпкерлер туралы нақты баяндау деп сипаттайды.

Дегенмен, В.Г.Белинский автордың біржақтылығы мен мәтіннің анық емес лиризмін ескере отырып, көркемдік сипат таза көркемдікке айналуы мүмкін деп ескертеді. Орыс әдебиетінде очерк, әсіресе 1840-жылдары В.Г.Белинскийдің және оның поэзияның эстетикалық бағдарламасының тікелей ықпалымен қалыптасқан мектеп жазушылары арасында өте танымал болды. Бағдарламада бірге жас авторлар тобы, прозаиктер И.С.Тургенев, Ф.М.Достоевский, Н.И.Некрасов, А.И.Герцен, Д.В.Григорович, И.О.И.Панаев және т.б. Н.В.Гогольдің әдеби мұрасының негізгі қағидаттары мен бағыттары бойынша дамыды.

В.Г.Белинский редакциялаған «Отандық жазбалар», 1847 жылдан бері «Современник» журналының төңірегінде шоғырланған жазушылардың шығармашылығынан олардың өмірдің жаңа бағыттарына, әсіресе әлеуметтік мәселелерге ерекше назар аударғанын байқаймыз. Жанрлық тұрғыдан алғанда қысқа прозалық шығармаларды – табиғаттан алынған суреттерді, әсіресе физиологиялық ерекшеліктерді (fysis = табиғат, logos = сөз, ғылым), яғни сужеттің дәстүрлі құрылымынан және ертегілерден прозалық бірліктерді артық көреді. Әртүрлі әлеуметтік орталарды, әртүрлі әлеуметтік типтерді, әлеуметтік жіктелмеген адамдарды бейнелеуге бағытталған бұл қысқа формалар прозаның жаңа стилін, өмірдің қарапайымдылығын сезінуге ықпал етті және осылайша орыс реалистік туындыларының өскен фонын көрсетті.

Очеркті анықтаудағы қиындықтар XIX және XX ғасырлардағы әдеби шығармалардағы оның қызметін нақтылауда жатыр. XIX ғасырдың екінші жартысында жанр әртүрлі жанрлық формалардың элементтерін синтездеуге қабілетті еркін форма ретінде өмір сүрді. Бұл таң қаларлық жағдай емес, өйткені әр түрлі көркем бағыттағы жазушылар

И.С.Тургенев, В.Г. Белинский, Н.И. Некрасов, Д.В. Григорович т.б. очеркті жаңа сюжеттермен және кейіпкерлермен байытты. Мұндай шығармашылық еркіндік очерктің көркемдік формасын қиындатты. Очерк жанры 1920-1940 жылдары «жалаңаш фактіге

қызығушылық басым» [13, 518] және тарихи фактілермен байланысты шығарма ретінде түсіндіріле бастаған кезеңде өзгерістер пайда бола бастады. 1950 жылдардың ортасынан бастап очеркті жіктеу туралы пікірталастар басталып, оның жанр ретіндегі негізгі белгілері нақтыланды. Ресейлік академиялық басылымдарда очерктерді көркем, деректі немесе публицистикалық деп бөлу ұсынылды (Н.И.Глушков оның атауын беллетристік деп өзгертуді ұсынады).

Бұл классификацияның осалдығы мынада болады: біріншіден, «деректі және көркем очерктер арасында шекара жоқ. Көбінесе очеркисттер өз шығармаларына деректі образдармен қатар ойдан шығарылған көркем кейіпкерлерді де енгізеді» [13, 28 б]. Екіншіден, априоралық классификация деректі очерктердің көркемдігін жоққа шығарады. Үшіншіден, бұл классификация XX ғасырдың очерктеріне қатысты ғана болуы мүмкін.

Чех әдебиеттанушысы, педагог және аудармашы И.Поспишил өзінің «Циклизация как нисходящий поток в развитии русского романа» атты жұмысында әртүрлі өнер түрлеріндегі циклді түсіне ойлау дәстүрлі түрде ежелгі Риммен байланысты, оның үш көзін көрсетеді:

а) пифагореялық «сфера музыкасына» негізделген космогония және космология;

б) технологиялар (технософистер немесе адам қызметі теориясы);

в) психология (неоплатониктер психикасы немесе адам жаны теориясы) [14]

Автордың пікірінше, әдебиеттің циклдік даму тұжырымдамасы гипотетикалық емес, өйткені әдебиеттің циклді қозғалуына дәлел жоқ. Әдеби циклдар мәңгілік қайту деп аталатын Элиада тұжырымдамасын еске салады. И.Поспишил бізге ұстамды болуды және бұл мәселеге күмәнмен қарауды ұсынады, өйткені «өкінішке орай, бұл әдеби құбылыстың циклі кейде талғампаз, таңқаларлық тұжырымдамаларды тарта отырып өзіне қарапайым шешімдерді жасайды» [14, 119 б]. Біз қызықты жаңалықтарды екінші технологиялық тәсілден табамыз, онда әдебиеттанушы-ғалым әдеби цикл толық еместігін, әдеби жанрлардың аяқталмауын атап өтеді.

Поэтикалық цикл - бұл неғұрлым күрделі әдеби құрылым жасау әрекетінің көрінісі. Зерттеу тұрғысынан бізді үшінші, психологиялық көзқарас қызықтырады. Онда цикл оқиғаның уақыт кезеңі ретінде анықталады белгілі бір тәртіпке немесе реттілікке сәйкес орын алады және үнемі қайталанады; метафоралық мағынада И.Поспишил көркемдік циклды «өзара байланысты объектілері бар артефактілер тобы» (өлеңдер, романдар және т.б.) деп анықтайды. [14, 120]. Көркемдік циклды анықтауды аяқтау мүмкін емес деген қорытынды жасалады. Көркемдік цикл тұжырымдамасында оқырманның (ізденушінің) көркем шығарманың көрсетілген циклдік сипатын жүзеге асыру қабілеті маңызды рөлді атқарады, бұл, әрине, қабылдаушының жеке көзқарасына байланысты субъективті процесс. XX ғасыр деректі прозаға және көркем журналистикаға деген қызығушылыққа байланысты очерктің көркемдік гүлденуінің жаңа толқыны болып табылады. Бүгінде бұл сирек кездеседі (кейбір әңгімелер шын мәнінде очерк болып табылады).

Нәтижелер

Очерктің жанр ретіндегі теориясы мен тарихына қатысты ғалымдардың зерттеу нәтижелері бойынша бірнеше қорытынды жасауға болады. Очерк жанрында көркем әдебиетке де, публицистикаға да тән сипаттардың тоғысып жатыр. Очерктің әдеби жанрлар жүйесіндегі орнын анықтағанда оның «екіжақты, қосарлы» сипатын ескеру

қажет: очерк деректі және көркем әдебиеттің шекарасында тұр және эстетикалық әсер ету жағынан ерекше құрал [15]. Очерк өмір шындығымен байланысты. Әдеби туындыларда автор өмірдің нақты, шынайы бейнесін нақты деректермен көркем бейнелейді. **Онда автор оқиға барысына белсенді түрде араласып, өз көзқарасын білдіреді. Талдауларды саралай келе,** ғалым Е.Гузановаңың пірімен толық келісуге болады [16]. **Ол өз зерттеуінде** очерк жанрының дамуы әдеби үдерісте объективтілік пен деректілікке бет бұрудың артуымен тығыз байланысты екенін айтып, уақыт өте келе дәстүрлі жанрлық құрылымдар трансформацияланып, жаңа пішіндер қоғамдағы жедел өзгерістерді нақты әрі шапшаң түрде бейнелеуге ұмтылғанын атап көрсетеді. Осы талаптарға сай келетін жанр ретінде очеркті алға шыққанын, оның құрылымдық икемділігі мен жедел мазмұн жеткізу қабілеті жазушыларға әлеуметтік мәні зор, өзекті мәселелерді көркемдік және публицистикалық деңгейде жедел көтеруге мүмкіндік бергеніне тоқталады.

Қорытынды

Сонымен, түйіндеген қорытындыларымыз XIX ғасырдың екінші жартысындағы очерк әдебиеті туралы білімнің даму ерекшеліктерін ескере отырып жасалды. Бұл кезеңдегі очерктің жаңаруы кем дегенде екі фактімен түсіндіріледі: біріншіден, әдебиеттің объективтілік пен деректілікке ұмтылуы, өнер мен ғылымның жақындасуы; екіншіден, әдебиеттің жанрлық жүйесінің өзгеруі, реформадан кейінгі кезеңнің өзгермелі шындығын көрсететін жанрлық канондармен шектелмейтін жаңа әдеби нысандарды іздеу. XIX ғасырдағы реалистік әдебиет деректі жанрлардың эстетикалық мүмкіндіктерін, олардың мәні мен тарихи қажеттіліктерін мойындады. Реализмнің пайда болуы жаңа типтегі жазушылардың дүниеге келуін көрсетті. Бұл қатаң жанрлық канондармен шектелмеген жаңа әдеби формаларды қажет етті. Бұл халық өмірінің барлық алуан түрлілігін көрсетуге мүмкіндік беретін ерекшелік болды. Очерктің пәрмеңділігі, икемділігі, оның әсерлілігі жазушыларға халық өміріндегі өзекті мәселелерге үн қосуға мүмкіндік берді.

Біздің ойымызша, очерк – бұл шынайы оқиға немесе автордың «Мен» рөлі бар маңызды тұлға туралы көркем-деректі әңгіме. Негізгі функциясы – нақты фактіні зерттеу, сипаттау, өмірдің шынайы бейнесін көрсету екені сөзсіз.

Кешегі күнге дейінгі қазақ әдебиетінде очерк әдеби жанрлардың ішінде жетекші орынды алды: ол елдегі жағдайды егжей-тегжейлі бейнеледі және журналистикамен бірге уақыттың негізгі проблемаларын көрсетті. Бұл әдебиет пен публицистиканың күрделі, көп қырлы жанры деуге толық негіз бар.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ**.**

Авторлардың қосқан үлесі. Қ.Ө. Есенова мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланың негізгі бөлігін жазды. Ә.Қ. Кесикбаева тілдік материалдарды жіктеуге, олардан тұжырымдар жасауға, жалпы мақаланың тұжырымдамасын нақтылауға үлес қосты. Жұмыстың барлық аспектілері бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады, зерттеу жұмысының тұтастығы мен деректердің дұрыстығы өзара талқыланып, пікір алмаса отырып жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Богданов В. А. Очерк // Краткая литературная энциклопедия / Гл. ред. А.А. Сурков. — М.: Сов. энцикл., 1962—1978. Т. 5: Мурари — Припев. — 1968. — Стб. 516—519. – URL: https://feb-web.ru/feb/kle/kle-abc/ke5/ke5-5163.htm

2. Нұртазин Т. Жазушы және өмір. – Алматы: Жазушы, 1960. – 201 бет.

3. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 374 бет.

4. История русской литературы XIX века. 1840-1860 гг. [Учеб. пособие для филол. фак. вузов]. - 2-е изд., испр. и доп. - Москва: Высш. школа, 1972. - 470 с.

5. Глушков, Н.И. Очерк в русской литературе [Текст] / Рост. гос. ун-т. — Ростов н/Д : Изд-во Рост. ун-та, 1966. — 76 с.

6. Глушков, Н.И. Очерковая проза. - Ростов н/Д : Изд-во Рост. ун-та, 1979. - 215 с.;

7. Быконя, Э.Н. Русский очерк 1880-1890 годов о Сибири: 10.01.01: Автореферат дис. на соискание ученой степени кандидата филологических наук / Моск. гос. пед. ин-т им. В. И. Ленина. – Москва, 1974. – 23 с.

8. Белинский, В.Г.(1811-1848). Полное собрание сочинений [в 13-ти т.] / [ред. коллегия: Н. Ф. Бельчиков (гл. ред.) и др.]; Акад. наук СССР. Ин-т русской литературы (Пушкинский дом). – Москва: Изд-во Акад. наук СССР, 1953-1959. – 13 т.

9. Фридлендер, Г.М. Поэтика русского реализма: Очерки о рус. литературе XIX в. – Ленинград: Наука, 1971. – 293 с.

10. Harpáň, M. Teória literatúry. – Tigra, 2004. – 283 s.

11. Шындалиева М. Қазақ очеркінің қалыптасуы, дамуы «Генезис, эволюция, поэтика). Монография. Алматы, 2005. – 276 бет.

12. Honzík, J. Dvě století ruské literatury. – Praha: Torst, 2000. – 426 s.

13. Bachtin, M.M. Problemy poetiky romana. – Bratislava: Slovenský spisovateľ, 1976.

14. Pospíšil, I. Ruský román znovu navštívený: historie, uzlové body vývoje, teorie a mezinárodní souvislosti: od počátků k výhledu do současnosti / Ivo Pospíšil. - Brno: Nadace univ. [etc.], 2005. – 209 с.

15. Құлбарақ, С., Тұяқбаев, Ғ., Уткелбаев, Қ. Ауған соғысы тақырыбындағы шығармалардың поэтикалық сипаты // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №137(4). – Б. 120–135. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-120-135

16. Гузанова Е. В. Интегративные свойства очерковых произведений писателей Мордовии периода Великой Отечественной войны // Интеграция образования. 2012. - № 3. - с. 97-101. https://cyberleninka.ru/article/n/integrativnye-svoystva-ocherkovyh-proizvedeniy-pisateley-mordovii-perioda-velikoy-otechestvennoy-voyny/viewer

К.О. Есенова, А.К. Кесикбаева*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Особенности очерка как прозаического жанра

Аннотация. В статье рассматриваются особенности очерка как прозаического жанра. Очерк относится к сфере прозы как к одному из литературных жанров, отражающих реалии жизни в художественном и источниковом плане. Структура

состоит из повествования, описания, диалога и т. д., характерных для прозаических произведений. Его главная характеристика-представление реальности жизни художественным языком на основе реальных данных. В эссе используются авторские взгляды, публицистические толки, приемы художественного накопления, исходя из реальных людей и событий. Немаловажное место в этом жанре занимает образ героя и его действия в общественной среде. Очерк схож с другими жанровыми вставками прозы, такими как рассказ, новелла, очерк, однако отличается тем, что построен на реквизите. В статье дифференцируются повествовательный стиль, композиционная структура и широта темы эссе в рамках характера жанра. А ранжирование характеристик в результате слияния публицистического стиля и художественного стиля в очерке, системы языковых средств и стилистических приемов в нем с точки зрения языкознания будет содержаться в дальнейших исследованиях. В результате этого исследования определяется место эссе в жанре прозы, его специфические черты и литературно-художественные особенности, научно обосновывается его роль и значение в художественной литературе.

Ключевые слова: очерк, художественный очерк, прозаический жанр, литература, литературный цикл.

K.O. Yessenova, A.K. Kesikbayeva*
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Specifics of the essay as a prose genre

Abstract. The article discusses the features of an essay as a prose genre. An essay belongs to the field of prose as one of the literary genres that reflect the realities of life in an artistic and source-based manner. Its structure consists of narration, description, dialogue, and other elements typical of prose works. The main characteristic of an essay is its ability to present the reality of life through artistic language based on real data. An essay uses the author's perspective, journalistic insights, and techniques of artistic accumulation, drawing from real people and events. The image of the hero and his actions in the social environment occupy an important place in this genre. The essay is similar to other genre inserts of prose, such as a short story, novella, or essay, but it differs in that it is based on props. The article differentiates the narrative style, compositional structure, and the breadth of the essay's topic within the genre's character. Further research will focus on the ranking of characteristics resulting from the fusion of journalistic and artistic styles in the essay, as well as the system of linguistic means and stylistic devices used in it. This research will determine the place of the essay in the prose genre, its specific features, and literary and artistic characteristics, as well as its role and significance in fiction.

Keywords: essay, artistic essay, prose genre, literature, literary cycle.

References

1. Bogdanov V. A. Ocherk [Essay]. Kratkaya literaturnaya enciklopediya [Brief literary encyclopedia]/ Ed. A.A. Surkov. Vol. 1962—1978. T. 5: Murari — Pripev. (Moscow, 1968, Pp. 516—519). – URL: https://feb-web.ru/feb/kle/kle-abc/ke5/ke5-5163.htm [in Russian].

2. Nyrtazin T. Zhazushy zhane omir [Writer and Life] (Zhazushy, Almaty, 1960, 201 p) [in Kazakh]

3. Kabdolov Z. Adebiet teoriyasynyn negizderi [Basics of Literary Thyeory] (Mektep, Almaty 1970, 374 b.) [in Kazakh]

4. Istoriya russkoj literatury XIX veka. 1840-1860 gg. [History of Russian Literature of the XIX century. 1840-1860] (Vysshaya shkola, Moscow, 1972, 470 p.) [in Russian]

5. Glushkov, N.I. Ocherk v russkoj literature [Essay in Russian Literature] (Rostov University Press, Rostov-on-Don, 1966, 76 p.) [in Russian]

6. Glushkov, N.I. Ozherkovaya Proza [Essay prose] (Rostov University Press, Rostov-on-Don, 1979, 215 p.) [in Russian]

7. Bykonya, E.N. Russkij ocherk 1880-1890 godov o Sibiri [Russian essay of 1880-1890 years about Siberia]: 10.01.01: Abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Philology (V.I. Lenin Moscow State Pedogagical Institute, Moscow, 1974, 23 p.) [in Russian]

8. Belinsky, V.G. (1811-1848). Polnoe sobranie sochinenij [v 13-ti t.] [Complete Works [in 13 vol.] (Academy of Sciences of the USSR, Moscow, 1953, 13 p.) [in Russian]

9. Fridlender, G.M. Poetika russkogo realizma: Ocherki o rus. literature XIX v. [Poetics of Russian Realism: Essays on Russian Literature of the XIX century] (Nauka, Leningrad, 1971, 293 p.) [in Russian]

10. Harpáň, M. Teória literatúry. (Tigra, 2004, 283 p.) [in Polish]

11. Shyndalieva M. Kazak ocherkinin kalyptasuy, damuy (Genezis, evolyuciya, poetika) [Formation and development of the Kazakh essay (Genesis, Evolution, poetry)]. Monograph (Almaty, 2005, 276 p.) [in Kazakh]

12. Honzík, J. Dvě století ruské literatury. (Torst, Prague, 2000, 426 p.) [in Polish]

13. Bachtin, M.M. Problemy poetiky romana [Problems of the poetics of the novel]. (Slovenský spisovateľ, Bratislava, 1976). [in Russian]

14. Pospíšil, I. Ruský román znovu navštívený: historie, uzlové body vývoje, teorie a mezinárodní souvislosti: od počátků k výhledu do současnosti [The Russian novel revisited: history, nodal points of development, theory and international context: from origins to present-day outlook] (Nadace, Brno, 2005, 209 p.) [in Polish]

15. Kulbarak C. ., Tuyakbayev G., Utkelbaev K. Augan sogysy takyrybyndagy shygarmalardyn poetikalyk sipaty [The poetic nature of the works on the theme of the Afghan war]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 137(4), 120–135 (2021). DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-120-135 [in Kazakh]

16. Guzanova E. V. Integrativnye svojstva ocherkovyh proizvedenij pisatelej Mordovii perioda Velikoj Otechestvennoj vojny [The Integrative properties of the works of the writers of Mordovian period of the Great Patriotic War]. Integraciya obrazovaniya [Integration of Education], 3, 97-101 (2012). – Available at: https://cyberleninka.ru/article/n/integrativnye-svoystva-ocherkovyh-proizvedeniy-pisateley-mordovii-perioda-velikoy-otechestvennoy-voyny/viewer [in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер:

Есенова Қалбике Өмірбайқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: kalbike_65@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7402-3625. ORCID:0000-0001-7402-3625

Кесикбаева Әсем Қабибекқызы – хат-хабар үшін автор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: hazretosman@mail.ru.

Yessenova Kalbike Omirbaikyzy – Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: kalbike_65@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7402-3625. ORCID:0000-0001-7402-3625

Kesikbayeva Asem Kabibekovna – corresponding author, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: hazretosman@mail.ru.

Есенова Калбике Омирбайкызы – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан. E-mail: kalbike_65@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7402-3625

Кесикбаева Асем Кабибеккызы – автор для корреспонденции, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан. E-mail: hazretosman@mail.ru.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ӘДЕБИЕТТАНУ/ LITERATURE STUDIES/ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

ХҒТАР 17.07.21 *DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-218-229*
Ғылыми мақала

Міржақып Дулатұлының шығармашылығы: деколониялық дискурс

А. Исмакова
Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: aigul.ismakova@nu.edu.kz)

Аңдатпа. Бұл мақалада Міржақып Дулатұлы шығармашылығындағы деколониялық: әдеби және ғылыми дискурсы талданады. Зерттеу барысында автордың әдеби және ғылыми туындыларына сүйене отырып, отарлық жүйеге қарсы бағытталған саяси әлеуметтік идеялар, ұлттық тарихи сана мен тіл, дәстүрлі мәдениетті сақтау мәселелері қарастырылады. М. Дулатұлының «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамал» және ғылыми еңбектеріндегі ұлт-азаттық, отарлау езгіге қарсы идеялары оның шығармашылығын деколониялық дискурстың жарқын үлгісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мақалада отарлық саясатқа қарсы тұру, ұлттық болмыс пен тарихи жадты қайта жаңғырту бағытындағы әдеби тәсілдер мен идеялар жүйелі түрде сарапталады. Міржақып Дулатұлының шығармалары — қазақ әдебиетіндегі деколониялық бағыттың бастауы ретінде ерекше бағаланады. М.Дулатұлы Алаш ғалымы А.Байтұрсынұлының емлесін қолдауды өзіне парызы деп санаған. М.Дулатұлы қазақ ғылымындағы шоқантанудың басында тұрған ғалым. «Тарихты білу керек» деген міндетке байланысты М.Дулатұлының «Хан Абылай». («Айқап», 1912. №12), «Қазақтың тарихы» («Қазақ», 1913. № 7; «Қазақ», 1913. № 3; «Қазақ», 22 март 1913.№ 7) зерттеулерінің ғылыми деколониялық ұстанымы анық. Ғалымның бұл зерттеулері отарлық үстемдікке қарсы тұрып, ұлттық айдентиканы сақтауға, отарлық білім жүйесінің үстемдігінен арылуға сол кездің өзінде зор әсер еткен ғылыми дискурс.

Түйін сөздер: деколониялық дискурс, Міржақып Дулатұлы, ұлттық сана, отарлық жүйе, ұлттық әдебиет, «Оян, қазақ!», ұлт-азаттық ұстаным.

Түсті: 21.03.2025; Жөнделді: 31.05.2025; Мақұлданды: 20.06.2025; Онлайн қолжетімді: *25.06.2025*

Кіріспе

Қазақ әдебиеті тарихында Міржақып Дулатұлының шығармашылығы ұлттың рухани жаңғыруының, отарлық санаға қарсы бағытталған идеялардың жарқын көрінісі ретінде ерекше маңызға ие. ХХ ғасырдың басындағы саяси, әлеуметтік өзгерістер қазақ зиялыларының, соның ішінде Алаш қозғалысы өкілдерінің шығармашылығында терең із қалдырды. Міржақып Дулатұлы — осындай тарихи кезеңде қазақ халқының азаттығы, ұлттық сананың оянуы және мәдени тәуелсіздігі жолында күрескен қайраткер, ақын, жазушы, тарихшы.

Оның «Оян, қазақ!» атты публицистикалық туындысы мен «Бақытсыз Жамал» романы – қазақ қоғамының отарлық кезеңдегі күйін айна-қатесіз бейнелеген, ұлт азаттығы мен рухани еркіндік идеяларын көтерген көрнекті шығармалар. Бұл еңбектердің мазмұны мен көтерген мәселелері қазіргі таңда деколониялық дискурс тұрғысынан қайта зерделеуді қажет етеді.

Зерттеу мақаламыздың өзектілігі – Міржақып Дулатұлы шығармашылығындағы отарлық үстемдікке қарсылық, ұлттық болмыс пен тарихи жадты сақтау идеяларын ашып көрсету. Мақалада автордың әдеби тіл мен көркемдік құралдар арқылы жеткізген ұлт-азаттық идеологиясы, қазақ қоғамын отарлық езгіден азат етуге бағытталған ұмтылысы ғылыми тұрғыда талданады. Міржақып Дулатұлының шығармаларындағы деколониялық дискурс туралы сөз етпей тұрып, жалпы әдебиеттегі деколониялық дискурс туралы ғылыми анықтамаға тоқталып өтсек.

Әдебиеттегі деколониялық дискурс — отарлық кезеңнің идеологиялық және мәдени әсерлеріне қарсы тұратын, отарланған халықтардың өзіндік мәдениетін, тілін және дүниетанымын қайта қалпына келтіруге бағытталған әдеби және теориялық бағыт. Бұл дискурс отарлық үстемдікке қарсы тұрып, ұлттық идентивтікті нығайтуға, отарлық білім жүйесінің ықпалынан арылуға ұмтылады.

Деколониялық дискурс әдебиетте отарлық тіл мен мәдениеттің үстемдігін сынап, жергілікті тілдер мен мәдениеттердің құндылығын мойындауға шақырады. Ол отарланған халықтардың тарихы мен мәдениетін қайта жазуға, отарлық білім жүйесінің ықпалынан арылуға бағытталған. Бұл бағыт әдебиетте жаңа әдіснамалар мен теорияларды енгізуге, отарлық кезеңнің әдеби мұрасын жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді [1].

Әдебиеттегі деколониялық дискурсқа берілген ғылыми анықтамаға мұқият зер сала отырып, біз оның М. Дулатұлы шығармашылығында қалай көрініс беретіндігін өз зерттеу жұмысымыздың барысында дәлел келтірдік.

Міржақып Дулатұлының шығармашылығында деколониялық дискурс айқын көрінеді. Ол қазақ халқының отарлық кезеңдегі әлеуметтік, мәдени және саяси жағдайын сынға алып, ұлттық сана мен ұлттық бірлікті қалыптастыруға ұмтылды. Оның шығармалары отарлық үстемдікке қарсы тұрып, қазақ халқының өзіндік мәдениетін, тілін және дүниетанымын қайта қалпына келтіруге бағытталған.

Міржақып Дулатұлының шығармашылығындағы деколониялық дискурстың негізгі аспектілерін ұлтжандылық концептісі, надандыққа қарсы күрес, әйел теңдігі мәселесі, қазақ тілінің мәртебесін көтеру деп қарастырдық. Ең алдымен осы аталған аспектілердің негіздемесін ұсынсақ:

1. Ұлтжандылық концептісі: Дулатұлының шығармаларында ұлтжандылық концептісі ерекше орын алады. Ол қазақ халқының ұлттық бірлігін нығайту, ұлттық мәдениетті

сақтау және дамыту мәселелеріне үлкен мән берді. Бұл концепт оның «Оян, қазақ!» сияқты деколониялық шығармаларында айқын көрінеді.

2. Отарлауға қарсы күрес: М. Дулатұлының шығармаларында колониялыққа қарсылық, жалпы сауатсыздықтан арылу, білім мен мемлекеттік тәуелсіздікті насихаттау көрініс тапты. Ол қазақ халқының заманауи оқу-біліммен бірге азаматтық құқығының сақталуын талап етуді басты мақсат етті.

3. Әйел теңдігі мәселесі: М. Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы тұңғыш рет қазақ қоғамындағы әйелдің мүшкіл жағдайын сипаттап, оның тең құқықты болуын талап етті. Бұл роман арқылы ол әйелдің қоғамдағы орнын арттыруды көздеді: ұлт Анасы деңгейінде.

4. Қазақ тілінің мемлекеттік деңгейдегі мәртебесін көтеру: М. Дулатұлы қазақ тілінің мәртебесін көтеруге, оны ғылым мен білім саласында кеңінен қолдануға ұмтылды. Оның «Есеп құралы» сияқты еңбектері қазақ тілінде жазылған алғашқы оқу құрал: ғылым дискурсы болып табылады.

Әдістеме және зерттеу әдістері

«Оян, қазақ!» деп ұлтының еңсесін көтерген Алаш ардақтысының ғылыми мұрасы қазіргі Тәуелсіз кездегі ғылымға қосылған сүбелі үлес екені айқын. Қазақ тіліндегі тұңғыш оқулық есеп құрал иесі, ұлттың тарихы, тілі мен әдебиеттануын тарихи контексте қарастырып, оның негізгі өкілдері туралы осыншама ғылыми құнды зерттеулер қалдырған Алаш ғалымы М. Дулатұлы туралы ғалымдар мен ізденушілердің зерттеулері баршылық. Бұл ретте академик Кеңес Нұрпеисов бастаған тарихшылардың еңбектері ерекше. Мәселен С.Е. Тапанова мен А.Қ. Умбетованың «М. Дулатұлының публицистикалық еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар» атты ғылыми мақаласында Міржақып Дулатұлының публицистикалық шығармаларындағы ұлттық идеялар, адам құқықтары және қазақ баспасөзінің рөлі талданады. Аталған еңбекте: «Бүгінгі ұлттық идеямыздың негізін құрайтын үш таған: жер, тіл және білім. Ұлттық идеяның пәрмеңділігі - оның қалың бұқараға түсініктілігінің жоғары болуын қамтамасыз етеді», - делінеді [2, 59]. Қазіргі тәуелсіздік жағдайында да маңызын жоғалтпаған идеяның жалғасы «Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы Ғаламның тілдік бейнесі» атты ғылыми жұмысында көрініс берген іспетті. Бұл жұмыс М. Дулатұлының шығармаларындағы мәдени концептілерді зерттейді, әсіресе «ұлтжандылық», «ислам діні», «әйел теңдігі» сияқты ұғымдарды талдайды. Автордың тіл ерекшеліктері мен мәдени концептілердің жүйелік өзгешелігі қарастырылады. Оны зерттеуіндегі мына бір тұжырымнан байқауымызға болады: «М. Дулатұлының тіліндегі «ғаламның тілдік бейнесі» ұлтжандылық, дін, қиял, оқу, ғылым, өнер-білім, ана тілі, қазақ жері, татулық, азаттық, әйел теңдігі концептілерінен құрылғандай сипат алады. Басты ақынның арманы - қазақ ұлтының өнер-біліміне, оқу ғылымына қолы жетіп, терезесі тең ел дәрежесіне көтерілуі. Ақын дискурсындағы ең басты ерекшелік - осындай басқа ұлттық құндылықтарға құрылған дүниенің тілдік суреті. Әлемдік этикеттің озық үлгілерін, қазақы мінездің қаймағын бұзбай, халыққа тарату - М. Дулатұлы ғаламының тілдік бейнесінде байқалатын арманы» [3]. Автор шығармашылығының дүниетанымдық рухани бастаулары, тарихи-әлеуметтік алғышарттары, әлеуметтік-этикалық мәселелері мен ағартушылық идеялары көптеген зерттеу жұмыстарына арқау болғандығы ақиқат.

Біздің зерттеу нысанамызға алынған М. Дулатұлы шығармашылығындағы деколониялық дискурс дәл осы зерттеу жұмыстарының логикалық жалғасы іспетті. Айталық, «Міржақып Дулатов шығармашылығындағы әлеуметтік философиялық дүниетанымы» атты жұмыс М. Дулатовтың шығармашылығындағы әлеуметтік философиялық көзқарастарды зерттейді, оның дүниетанымының қалыптасуы мен әсерін талдайды.

Аталған жұмыста «М. Дулатов өз шығармашылығында бостандықтың осы болмыстың — субстанциялық негізіне үңіледі. Бұл жерде біздің бостандықтың субстанциялық негізі деп отырғанымыз — ұлттық ерік-жігер мен ар-намыс, ұлттық сана. Сондықтан болар XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының, соның ішінде, М. Дулатовтың арман-мақсаты ғасырлар бойы аяққа басылып, жаншылып келген ұлттық сезім мен сананы ояту болды», - деген ғылыми көзқарас ұсынылды [4]. Ал, Жамбыл Елемесұлы Күзембаевтың «Міржақып Дулатұлының әдеби публицистикалық мұрасы» атты диссертациялық жұмысы М. Дулатұлының әдеби публицистикалық мұрасының тақырыптық ерекшеліктері мен көркемдік құндылықтарын анықтауға бағытталған. Автор бұл жұмыста әдеби тіл ерекшелігіне ғылыми талдау жасап, тарихи контекст қарастырғандығын аңғаруға болады. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде публицистика қазақ халқының қоғамындағы ұлт тәуелсіздігін, жер, оқу, денсаулық мәселелерін, қазақтың мәдени-рухани өмірін, дінін, тілін ашып айтып, әрі оның орындалуын талап етті. Міржақып Дулатұлының публицистикалық сарындағы шығармаларында XX ғасыр басындағы қазақ халқының қоғамдық өмірінің жағдайы суреттелген. М. Дулатұлы публицистикасы әдеби, мәдени-эстетикалық дәстүрлерге сәйкес жанрлық болмысын сақтап, XX ғасыр басындағы ұлттық әдебиетімізде қазақ халқының ұлттық сана-сезімін ояту мақсатында өз дәуірінің көкейкесті мәселелерін көтеріп, ағартушылық идеяларын насихаттаушы қызметін атқарады» [5, 13]. Осы тұжырымдардағы зерттеушілердің ғылыми түсініктемелеріне сілтеме бере отырып, біз өз зерттеу жұмысымызда М. Дулатұлының ғылыми еңбектеріндегі деколониялық дискурсты талдап көрсеттік.

Талқылау мен бақылау

М. Дулатұлы қазақ тіліндегі тұңғыш деколониялық гендерлік «Бақытсыз Жамал» романының авторы. Романның басты ұстанымы: қазақ қызы, болашақтағы ұлттың Анасы болғандықтан оның қоғамдағы орнын көтеру қажет деп санаған тұңғыш романист. Қазақ қызы күң болса, одан өзі сияқты құл ұрпақ туады деп санаған. Осыдан 100 жыл бұрын халқымыз отарланған кезде қазақ қызының жағдайын дұрыстауды Алаш ұстанымы етіп көтерген бірегей деколониялық гендерлік романда орыс саясатының озбырлығы мен ұлтты тоздырып құлдыратқан отарлаушы биліктің тетіктері айғақталған. Бұл да деколониялық дискурс.

М. Дулатұлы «Абай» мақаласына «Опат. 23.06.1904» деп ақынның өлген жылын анықтап жазған. Абайдың қайтқанына 10 жыл болу қарсаңында («Қазақ», 1914 жылы № 67 санында) жарияланған. «Қазақ әдебиетінің атасы, Хакімінде тарихта аты алтынмен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында алпыс жыл өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді» [6, 189]. Абай туралы 1904 жылы Омскіде Ахмет Байтұрсынұлынан естігені, Ә.Бөкейхан бастауымен 1909 жылы Абайдың балалары ақын кітабын бастырып, Петербордан шығарғаны сөз етілген. «Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі, қазақ басқа жұртпен үзеңгі

қағысып, тең халық болып жасай алмауы – тарихы, әдебиеті жоқтығынан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері болуы қиын. Әдебиет, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады» [6, 190]. Осы тұста М.Дулатұлы: Әдебиет не үшін керек, ол нені көрсетеді? деген сауалға жауап береді: «Қандай жұрттың болса да, жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ». Әдебиетші «Абайтану не үшін керек?» деген сауалға: «Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей», – дейді.

1908 жылы жарық көрген «Ибраһим ибн Құнанбаев» мақаласында («Уақыт» № 383) Абайдың кім болғаны айтылған. М.Лермонтовтың «Жалғыздықта» өлеңінің қазақша аудармасын Абай қалай жасағаны, неге осы өлеңді таңдағаны сөз етілген. «Өлеңдері есіткеннің жүрегін жігерлендірерліктей табиғи болып, шығармаларының асыл негізі Лермонтовқа үндес. Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымды, ауқымды еді». Абай қандай адам болды? «Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді» [6, 31]. М.Дулатұлы таңдап алып келтірген Абай өлеңі өзіне үндес екені «Оянбай, қайран жұрт» деген сөздерден де көрініп тұр: «Қуатты оттай бұрқырап, Уәзінге салып тізілген. Жаңбырлы жайдай зырқырап, Көк бұлттан үзілген. Қайран тіл, қайран сөз, Наданға қадірсіз. Тәуекел мен батыр ой Өткір тілді найза етіп. Сайысып-ақ бақты ғой. Неше түрлі айла етіп. Оянбай қайран жұрт. Ұялмай қал жым-жырт! «Уақыт», 1908 №383 [6, 31].

М.Дулатұлы Алаш ғалымдары сияқты «асыл сөз – қазақ елінің тарихы, оның жаны туралы болу керек» деп санаған. Әдебиетші «тарихты білу керек» деген міндетке байланысты М.Дулатұлының «Хан Абылай» («Айқап», 1912. №12), «Қазақтың тарихы» («Қазақ», 1913. № 7; «Қазақ», 1913. № 3; «Қазақ», 22 март 1913. № 7) атты еңбектерінің ғылыми деколониялық ұстанымы анық.

Шоқан Уәлихановтан кейін екінші болып Абылайхан туралы мақала жазған М.Дулатұлы «Хан Абылай» мақаласында Абылай туралы деректер әдеби мәтіндермен дәлелденген: «Кеше Кенесары заманында шыққан Тобылбай бидің баласы Арыстан ақынның айтқаны да бар: Қылады Мақаржада байлар сауда. Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда. Сұрасаң Абылайдың тұрған жері Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда» [6, 48].Қазақтың ханы Абылай XYIII ғасырда туып, Көкшетау деген жерде «қазақ жұртына 48 жыл хан болып тұрыпты» деген дерек осылай айғақталған. «Бұл күнге шейін қазақ жұртында Абылайдың анық аты-жөнін білуші кем» деп мойындаған әдебиетші ханның ата тегі, шыққан ортасы туралы сол кездегі белгілі тарихи деректерді келтірген. Төренің жас кезінде әркімнің малын баққаны, «Сабалақ» есімін не себептен алғаны айтылған. Жиырма жасар Абылайдың жылқышы болып жүргенінде қалмақтармен соғыста аты шыққан. Қазақ батырлары жеңіліп, қайтпақшы болған тұста: «Қазақтың қайтарына көзі жетіп, топтан бөлініп оңаша шығып, атынан түсіп, шүберек белбеуін құрығының басына байлап ту қылып: «Абылай, Абылай!» деп ұран шақырып, қалмақтың қамалына жалғыз өзі кірген де кеткен. Бақыт жұлдызы жанайын деп тұрған шағы! Атқан оқ, шапқан қылыштан Алла сақтап, кірген жерін есік, шыққан жерін тесік қылып, қалмақтың қамалын бұзып, жылқыны дүркіретіп қуа бастағанда, қазақтың батырлары да қайрат танып қосыла шауып, қалмақты қызыл ала қан қылып, шаш етектен олжаға батып қайтады» [6, 50]. Абылайдың

Қызылжардағы «Абылайдың ақ үйі» қашан, қандай мақсатпен, кім салып берген? деген мәлімет те осы тұста айтылған.

Алаш ғалымы М.Дулатұлы өзі естіген тарихи тұлға туралы мағлұматты осы зерттеуінде бүгінгі ұрпақ үшін жазып кетті. Бұл ғылыми маңызды еңбек тек ХХ ғасырдың соңында ғана Тәуелсіз қазақ елінің ғылымына қайта оралды. Совет ғылымы бұрмалап отырған ұлт тарихының шынайы беттерін Алаш ғылымы осылай анықтап берген. М.Дулатұлы «Оян, қазақ!» ұранын тек өлеңмен ғана емес, осындай ғылыми, тарихи маңызды зерттеулерімен де айғақтап берді.

«Эсперанто тілі», «Ғабдолла Тоқаев», «Жер аудару», «Қазақ жайлы», «Қазақта муфтилік мәселесі», «Құлдар достығы», «Тірі жүк», атты мақалалары ХХ ғасыр басындағы деколониялық ұстанымменсаяси-әлеуметтік, ғылым, әдебиет мәселелеріне арналғанымен құнды.

М. Дулатұлы қазақ ғылымындағы шоқантанудың басында тұрған ғалым. «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан *(1837–1865*)» атты зерттеу 1914 жыл «Қазақ» газетінің № 71, 73 сандарында жарияланған. Мақала Шоқанның қайтыс болуына 49 жыл қарсаңында жазылған. «Шоқанның кім екенін көп қазақ білмейді» деп жазылған мақала Шоқанның ататегі, шеше-тегі, оқуы, оның ғалымдық ісі туралы мағлұматтарға құрылған. М.Дулатұлы Потаниннің Шоқан туралы сөзін келтірген: «Орысша оқыған қазақтың ең естісі, артына кітап қалдырғаны – осы Шоқан» [6, 196].

Шоқан қандай азамат болды? деген сауалға М.Дулатұлы Потанин сөзімен жауап берген: «Потанин жазады: «Шоқан өз жұртын өте сүюші еді, қолынан келсе, жақсылық қылу, қазақ халқының кемшілігі үшін қызмет ету оның бар мақсаты еді». «Мен ең әуелі қазағымды жақсы көремін, онан кейін Сібірді, онан кейін Россияны, онан кейін бүкіл адамзатты жақсы көремін. Орыс қазақты сабап жатса, мен қазаққа болысамын. Егер орысты француз сабап жат са, менің жүрегім орыс жақта», – *деуші еді Шоқан. Шоқан шешен, өткір тілді, өшіккен кісісін әзілмен, сықақпен кемітіп тастайтын еді. Шоқанның мінезінде Пушкин, Лермонтовтардың мінезін еске түсірерлік белгілер бар еді. Заманында қазақтан оқушы болса, Шоқан қазақ халқының данышпан жазушысы, қазақ әдебиетіне бірінші негіз құраушы болмақ еді, бірақ заман һәм тағдыры опа қылмады, Шоқан арманда кетті...»* [6, 203]. М.Дулатұлы Шоқантануды осылай қалыптастырып берген тұңғыш ғалым. Совет кезінде тура осы Шоқантануды Әлкей Марғұлан ғана жалғастырды. Күні бүгін қазақ ғылымында осы екі ақ шоқантанушы бар.

«Тіл құрал». Қазақ тілінің һарфі (шығарушы Ахмет Байтұрсын) «Қазақта», 1915 №93 М.Д. деген есіммен жарық көрген. Бұл кітапқа берген пікір ғана емес. Ғалымның келесі ойлары өзін жойған емес: «Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз айтамыз... Бірақ құр «бай, таза» деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете алар ма? Қай жұрттың болсын тілі болса да, түу басында біздікі секілді таза да, бай да болған. Бірақ оларға көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған» [6, 219].

Осы ретте М.Дулатұлы Алаш ғалымы А.Байтұрсынұлының емлесін қолдауға өзін міндетті деп санаған: «Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынұлы қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмірі тарады. Жаңа емлемен 15-тей кітап шықты. Бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл

емлені тосырқап, «түсінбейміз, оқи алмадық» деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық ғана қызмет, иншаллаh. Мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор» [6, 220].

«Ұлы» ма, «ов» па? «ов» туралы мақаласында («Қазақ», 1915 №121) қазақтың «ұлы», «қызы» деп жазылуы құпталған. Қолдау ретінде «Әлихан Бөкейхан», «Назипа Құлжан» мысал ретінде келтірілген [6, 238]. Үлгі ретінде М.Дулатұлы: «Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Едіге, Мамай, Ноғай, Жәнібек, Әйтеке есімдерін келтірген. Стамбұлдағы түріктерді тарих Қаңлы дегені, олардың салты біздікіндей, азаматтарын өз атымен атайтыны айтылған: Мұстафа Кемал. Алаш ғалымының ұстанымы анық айғақталған: *«Бізге де газет те, журнал да, кітап та, кеңсе де қазақ жұртының тіл салтына түскен оң. Біз өз жұртымыздың тіл салтына, заңына түссек, елге жылдам жақындаймыз, елге жанасқан сайын, ел ағартқан іс гүлдейді»* [6, 239]. Сондықтан деколониялық ұстаныммен: «Біздің айтайық дегеніміз, «ов»-ты орысқа қалдырып, қазақтың таза тілінің салтын қолдану керек дейміз. Бұдан былай қол қойғанда, не сөз арасында біреуді атағанда «Байтұрсынұлы Ахмет», «Дулатұлы Міржақып» деп жазу дұрыс. «ов»-ты етегіне намаз оқыған мещандарға берейік. Еш нәрсені тесе қарап тексермей, тоқ қарынға мәз болып жүре беретін, не дінді, не білімді, не тұрмысты, не төрені сынамаған, байға, төреге еліктеген, өмірін малша өткізген адамды А.И.Герцен «мещанин» деп атаған. М. Д.» [6, 239].

М.Дулатұлы – қазақ әдебиеттану ғылымында ахметтанудың да негізін қалаған ғалым. «Ахмет Байтұрсынов» (М.Дулатов. Биографический очерк. Труды общества изучения Киргизского края. Вып. III. Оренбург, 1922) атты орысша мақала Ахмет Байтұрсынұлы 50 жасқа толу мерейтойына арналып, орыс тілінде жазылған. «Ақжол» газетінде М.О. Әуезов мақаласымен қатар басылған бұл мақала алғаш ғұмырнамалық дерегі мол зерттеу. Ахмет Байтұрсынұлының туған жері, оқу жолы, шығармашылығы, ататегі толығымен қарастырылған. Өзіміздің шенеуніктердің ақталған кезде жіберген ақауы арқасында бізді күні бүгін шатастырып келе жатқан дерек, бұл жерде дұрыс берілген. Ахаңның әкелерінің тексті істері, өзінің жастай кедейліктен көрген тауқыметі, бірақ білім арқылы осы қасіреттен құтылуы көрсетілген. «Ахаң қандай білім алған?» деген сауалға жауап осы зерттеуде берілген. Ғылыми еңбектерімен қатар, Ахаңның ақындығы, аудармашылығы нақты талдаулар арқылы айқындалған.

Деколонилық ұстаным былай келтірілген: «Через всю литературную деятельность Ахмета Байтурсынова красной нитью проходят беспощадная критика и строгий анализ царской политики и протест против нее» [7, 63]. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлы ерекше дарынды көсемсөзші екені айғақталып, «Қазақ» газетін ашуы үлкен азаматтық іс ретінде анықталған. Ахмет Байтұрсынұлының кеңес кезінде де ұлты үшін бәріне көніп іс басында болуы ер азаматтық, тұлғалық қызмет ретінде бағаланған. Ахаңның тілтану, әдебиеттану ғылымдарының қалыптасуына себеп болғаны ерекше аталған. А.Байтұрсынұлының Крылов мысалдарын аударуы сол кездегі тілі байлаулы Алаш қайраткерлерінің қолданған амалы деп анықталған. Деколониялық мақсат ашық айтылған: «Ахмет Байтурсынов – народный поэт. Поэтическая деятельность его начинается с перевода басен Крылова на казахский язык. Как у человека, посвятившего всю свою жизнь просвещению народный массы, основная идея его высказывается и тут: как поэт-протестант, А.Байтурсынов поэзию превращает в оружие борьбы с политикой монархической России, угнетавшей

казахов. Принимаясь перевести басни Крылова, он прежде всего имеет в виду великую возможность басен для воспитания детей и взрослых. Он выбирает для перевода из Крылова такие басни, которые понятны и соответствуют казахскому духу. Если Белинский про Крылова говорил: Хотя он брал содержания некоторых своих басен из Лафонтена, но переводчиком его назвать нельзя, его исключительно русская натура все перерабатывала в русские формы и все проводила через русский дух», – то же самое мы можем сказать и в отношении А.Байтурсынова. Как у Крылова, так и у Ахмета Байтурсынова, о естественности, простоте и разговорной легкости языка тоже не приходится говорить. Ахметом переведено 40 басен Крылова, и под названием «Сорок басен» сборник выдержал уже несколько изданий» [7, 62]. А.Байтұрсынұлының ақындық әлемінің де басты деколониялық дискурсы былай суреттелген: «В своих стихотворениях А.Б. не поет о любви, о женщине, о природе, у него нет ни высокопарных слов, ни крылатых фраз. Он простым и понятным казахским языком поёт о свободе, о нации – призывая ее к просвещению, к труду и к освобождению от вековой спячки и пробуждая в каждом казахе чувства гражданства. Стихотворения А.Байтурсынова по внешней своей простоте, по внутреннему содержанию, легкости и равномерности занимают первое место в казахской литературе. У А.Байтурсынова, кроме «Сорока басен», имеется еще небольшой сборник оригинальных и переводных стихотворении под названием «Маса» и несколько не напечатанных стихов лирического характера» [7, 62].

А.Байтұрсынұлының деколониялық қызметіне келесі әділ баға берілген: «В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсынова мы имеем казахскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию казахского языка, теорию словесности и историю культуры. Этим кропотливым трудом Ахмет Байтурсынов поднял казахскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы» [7, 66 б]. Мақаланың орыс тілінде жазылуы – жалпы жұртқа таныту үшін екені анық. Бүгінгі ахметтанушылар қолданып жүрген мәліметтер толығымен осы зерттеудің негізінде екені де айқын. Сондықтан ахметтанудың негізін қалап берген әдебиетші М. Дулатұлы екенін мойындауымыз керек және қажетті жерде сілтемелер беруге тиістіміз.

М.Дулатұлы «Қазақ халқының бас адамдарына» мақаласында (Азамат Алашұлы. «Айқап» 1911. №7) күні бүгін өзін жоймаған сөздер келтірілген: «Біздің әрбір ісіміздің негізі бос, өмірі қысқа. Оқығандарымыз бар – қалтасы тесік, байларымыз бар – төбесі тесік. Екеуі бір жерге желімдесе де қосылмайды» [6, 41 б]. Алашқа жаны ашыған тұлға осы екі қауымның басын қосуды меңзейді. Биік дәрежедегі жігіттеріміз бен қазақты билеп, жұрт ағасы болып келе жатқан ел ішіндегі жақсыларға айтқан сөздері бүгін де өз күшін жойған емес: «Қазақ халқын жетектеп жарық дүниеге шығарушы қаһармандарға мұқтажбыз», – дейді Алаш ғалымы. Осыдан 100 жыл бұрын айтылған бұл сөздер күні бүгін қазақ үшін қажетті.

«Оян, қазақ!» деп ұлтының еңсесін көтерген Алаш ардақтысының ғылыми мұрасы қазіргі Тәуелсіз кездегі ғылымға қосылған сүбелі үлес екені айқын. Қазақ тіліндегі тұңғыш оқулық Есеп құрал иесі, ұлттың тарихы, тілі мен әдебиеттануын тарихи контексте қарастырып, оның негізгі өкілдері туралы осыншама ғылыми құнды зерттеулер қалдырған Алаш ғалымы М.Дулатұлы қазақ тіліндеге есеп құрал математиканы қазақшалаған, қазақ тілі, әдебиеті, тарихы, көсемсөзін осыдан 100 жыл бұрын деколониялық тұрғыда қалыптастырып берген біргей қазақтың Ғалымы.

Нәтижелер

Біз мақаламызда Міржақып Дулатұлының шығармаларында деколониялық дискурстың жүйелі көрінісі бар екіндігіне дәлелдер келтіре отырып, зерттеу жүргіздік. Оның әдеби және публицистикалық туындылары отарлық үстемдікке қарсы тұру, ұлттық сана мен тарихи жадыны сақтау мәселелерін алдыңғы қатарға шығаратындығын ғылыми тұрғыда негіздедік. Бұл – автордың қазақ халқының отарлық езгіге қарсы ішкі қарсылығын идеялық-көркемдік деңгейде жеткізуге талпынысының көрінісі екендігіне басымдық таныттық. Ал, автордың «Оян, қазақ!» еңбегі – ұлттық сананы серпілтуге бағытталған саяси-публицистикалық манифест. Онда Міржақып қазақ халқының ұйқыдағы хәлін сипаттап, білімсіздік пен енжарлықтың себептерін отарлық жүйемен байланыстырады. Бұл туындыда автордың деколониялық ұстанымы нақты айқындалады: халықтың тарихи жадын оятуға, өзін-өзі тануға, ұлт ретінде тірілуге үндеу жасалады.

Автор шығармаларындағы тілдік, стильдік, поэтикалық тәсілдер де деколониялық дискурсты тереңдете түседі. Міржақып Дулатұлы қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба дәстүрін шебер ұштастыра отырып, отарлық қысымнан туған рухани дағдарысқа қарсы әдеби қарсылық тудырады. Міржақып Дулатұлы шығармашылығы – қазіргі қазақ әдебиетіндегі деколониялық бағыттың бастау көзі ретінде маңызды. Оның идеялары тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетке де ықпал етті. Осы тұрғыдан алғанда, М. Дулатұлының шығармалары тарихи ғана емес, қазіргі тарих пен әдебиетті зерттеуде де өзекті жол болып табылады.

Қорытынды

Міржақып Дулатұлының шығармашылығы – қазақ әдебиетіндегі деколониялық дискурстың терең көрінісі. Оның әдеби және ғылыми еңбектері отарлық билікке қарсы тұрудың мағлұматты идеялық үлгісі ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананы оятуға, тарих, тіл мен мәдениетті сақтауға бағытталған маңызды рухани мұра болып табылады.

«Оян, қазақ!» атты үндеуі – санасы отарланған халқына бағытталған айқын саяси әрі рухани серпіліс, ал «Бақытсыз Жамал» романы – отарлық кезеңдегі әлеуметтік теңсіздік пен ұлттық құндылықтардың жойылу қаупін бейнелейтін терең психологиялық шығарма. Бұл туындыларда автор отарлық жүйенің рухани және мәдени зардаптарына сын көзбен қарап, ұлттың ішкі қуатты әлеуетін оятуға ұмтылады.

Зерттеу барысында Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы ұлт-азаттық идеялар, тарихи жад пен ұлттық бірегейлікті қалпына келтіру жолындағы тарихи және көркемдік тәсілдер жүйелі түрде қарастырылды. Автордың шығармашылығы қазіргі әдебиеттанудағы деколониялық дискурсты зерделеуде маңызды үлгі ретінде бағалануға әбден лайық.

Осылайша, Міржақып Дулатұлы – отарлық үстемдікке қарсы күрескен қазақ зиялыларының жарқын өкілі ғана емес, сонымен қатар ұлттық әдебиеттің деколониялық бағыттағы көрнекті өкілі ретінде де ғылыми тұрғыда танылуы қажет тұлға.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Әдебиеттер тізімі

1. Gabelia A. Whispering Without A Body, (De)colonization of the Indigenous Language and Cultural Codes: Jorge Sanjinés from Manifestos to Third Cinema // Central Asian Journal of Art Studies. – 2023. – Том 8, № 1. – Pp. 15–29. DOI: https://doi.org/10.47940/cajas.v8i1.634
2. Тапанова С.Е., Умбетова А.Қ. М.Дулатұлының публицистикалық еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2023. – №1 (142). – 59–65. DOI: https://doio rg/10.32523/2616-7174-2023-142-1-59-65
3. Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы Ғаламның тілдік бейнесі / Jospar білім порталы [Электронды ресурс]. – 2014. – URL: https://jospar.at.ua/publ/ylymi_zh_ mystar/mirzha_yp_dulat_ly_shy_armalarynda_y_alamny_tildik_bejnesi/11-1-0-190?utm_ source=chatgpt.com (қаралған күні: 02.01.2025)
4. Абдикалык К., Балтабаева Н., Кожекеева Б. Трагическое в стихотворении М. Дулатова «Қайда едің?» (Где были вы?) // Научный диалог. – 2024. – №13(4). – С. 153-171. DOI: https://doi.org/10.24224/2227-1295-2024-13-4-153-171
5. Күзембаев Ж.Е. Міржақып Дулатұлының әдеби публицистикалық мұрасы: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореферат: 10.01.02 / Күзембаев, Жамбыл Елемесұлы ... – Алматы: [Б.ж.], 2010. - 24, [6] б.
6. Міржақып Дулатұлы. Шығармалар жинағы. 5 томдық. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2004.
7. Міржақып Дулатұлы. Шығармалар жинағы. 5 томдық. 3-том. – Алматы: Мектеп, 2004.
8. Ісімақова А. М. Қазіргі әдебиеттану: деколониялық дискурс: монография. – Алматы, 2024. – 306 б.
9. Нұрпейісұлы Қ. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ. М. Мұтатов. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 386 б.
10. Өскен Ә., Қамзабекұлы Д., Екіджі М. Ясауи және Абай – Алаш халқының рухани тұғыры // Керуен. – 2024. – No.4, 85-том. – Б.30–46. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-02
11. Тоқтар Г.М., Сарсенбаева Ж.Б., Құрманбаева А.П. Алаш қаламгерлерінің шығармаларындағы тәуелсіздік идеясы және ұлттық құндылықтар мәселесі // Керуен. – 2024. – No.4, 85-том. – Б. 183-194. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-14

А. Исмакова

Назарбаев Университет, Астана, Казахстан

Творчество Миржакыпа Дулатулы: деколониальный дискурс

Аннотация. В данной статье анализируется проявление деколониального дискурса в творчестве Миржакыпа Дулатова. В ходе исследования, опираясь на литературные и публицистические произведения автора, рассматриваются идеи, направленные против колониальной системы, а также вопросы сохранения национального самосознания, языка и культуры. Идеи национального освобождения и духовного обновления, представленные в таких произведениях, как «Оян, қазақ!» («Пробудись, казах!»), «Несчастная Жамал» и других, позволяют рассматривать творчество М. Дулатова как яркий пример деколониального дискурса. В статье системно анализируются литературные приемы и идеи, направленные на противостояние колониальной политике и восстановление как

национальной идентичности, так и исторической памяти казахского народа. Произведения Миржакыпа Дулатова оцениваются как истоки деколониального направления в казахской литературе. М. Дулатов одним из первых поддержал правописание реформатора казахской письменности ученого Алаш А. Байтурсынова. М. Дулатов - это ученый, стоящий у истоков Шокановедения в казахской науке. Он являестя автором первой научной статьи о творчестве Ш.Валиханова. В научных исследованиях М. Дулатова «Хан Абылай» («Айкап», 1912. №12), «Қазақ тарихы» («Қазақ», 1913. № 7; «Қазақ», 1913. № 3; «Қазақ», 22 марта 1913.№ 7) выявлена открытая деколониальная позиция ученого. Эти исследования по истории казахского народа уже в то время оказали огромное влияние на сохранение национальной айдентики, направленной против колониальной зависимости казахского народа.

Ключевые слова: деколониальный дискурс, Мыржакып Дулатов, национальное самосознание, колониальная система, национальная литература, «Оян, қазақ!», национальное освобождение.

A. Ismakova
Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

Writings of Mirzhakyp Dulatuly: decolonial discourse

Abstract. This article analyzes the manifestations of decolonial discourse in the works of Mirzhakip Dulatuly. The research examines the ideas opposing the colonial system, issues of national identity, language, and cultural preservation, based on the author's literary and journalistic works. The concepts of national liberation and spiritual revival presented in Dulatuly's notable works, such as «Oyan, Qazaq!» and «The Unfortunate Jamal», among others, allow his creative legacy to be viewed as a vivid example of decolonial discourse. The article systematically explores literary techniques and ideas aimed at resisting colonial policies and restoring national identity and historical memory. Mirzhakip Dulatuly's body of work is highly regarded as the foundation of the decolonial trend in Kazakh literature. M. Dulatuly considered himself obliged to support the spelling of the Alash scientist A. Baitursynov. M. Dulatuly is a scientist at the head of Shokan studies in Kazakh science. In connection with the task of knowing history, the scientific decolonical position of M. Dulatuly's research «Khan Abylai» («Aikap», 1912. No. 12), «Kazakh history» («Kazakh», 1913. No. 7; «Kazakh», 1913. No. 3; «Kazakh», March 22, 1913. No. 7) is clear. These studies of the scientist were a scientific discourse that had a great influence, even then, on the preservation of national identity, overcoming the dominance of the colonial education system, and opposing colonial domination.

Keywords: decolonial discourse, Mirzhakip Dulatuly, national consciousness, colonial system, literature, «Oyan, Qazaq!», idea of national liberation.

References

1. Gabelia A. Whispering Without A Body, (De)colonization of the Indigenous Language and Cultural Codes: Jorge Sanjinés from Manifestos to Third Cinema. Central Asian Journal of Art Studies, 8 (1), 15–29 (2023). DOI: https://doi.org/10.47940/cajas.v8i1.634

2. Tapanova S., Umbetova A. M.Dulatulynyn publicistikalyk enbekterindegi ulttyk kundylyktar [National values in publicistic works of M.Dulatov]. Bulletin of L.N. Gumilyov

Eurasian National University. Journalism Series, 142(1), 59–65 (2023). DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7174-2023-142-1-59-65 [in Kazakh]

3. Myrzhaqyp Dulatuly shygarmalaryndagy Galamnyn tildik beinesy [Linguistic world view in Myrzhakyp Dulatuly's works] [Electronic resource]. Jospar, 2014. – Available at: https://jospar.at.ua/publ/ylymi_zh_mystar/mirzha_yp_dulat_ly_shy_armalarynda_y_alamny_tildik_bejnesi/11-1-0-190?utm_source=chatgpt.com (accessed date: 02.01.2025) [in Kazakh]

4. Abdikalyk K., Baltabayeva N., Kozhekeyeva B. Tragicheskoe v stihotvorenii M. Dulatova «Qajda edің?» (Gde byli vy?) [Tragic Elements in M. Dulatov's Poem 'Qaida edıñ'? (Where Were You?)]. Nauchnyi dialog, 13(4), 153-171 (2024). DOI: https://doi.org/10.24224/2227-1295-2024-13-4-153-171 [in Russian]

5. Kuzembayev Zh.Ye. Myrzhakyp Dulatulynyn adebi publististikalyk murasy [Literary and journalistic heritage of Mirzhakyp Dulatuly]: abstract… thesis for Candidate of Philology. 10.01.02 / Kuzembayev, Zhambyl Yelemesuly (Almaty, 2010, 24 p) [in Kazakh]

6. Mirzhakyp Dulatuly. Shygarmalar zhinagy. 5 tomdyk. 2-tom [Mirzhakyp Dulatuly. Collection of Works. In 5 volumes. Vol.2] (Mektep, Almaty, 2004). [in Kazakh]

7. Mirzhakyp Dulatuly. Shygarmalar zhinagy. 5 tomdyk. 3-tom [Mirzhakyp Dulatuly. Collection of Works. In 5 volumes. Vol.3] (Mektep, Almaty, 2004) [in Kazakh]

8. Ismakova A.M. Kazirgi adebiettanu: dekoloniyalyk diskurs [Modern literary studies: decolonial discourse]: monograph (Almaty, 2024, 306 p.)

9. Nurpeisuly K. Onegeli omir [Moral life] / Ed. G. M. Mutatov (Kazakh University, Almaty, 2021, 386)

10. Osken A., Kamzabekuly D., Yekidji M. Yasaui zhane Abaj – Alash zhurtynyn ruhani tugyry [Yassawi and Abay – the spiritual pedestal of the Alash people]. Keruen, 4(85), 30-46 (2024). DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-02

11. Tokhtar G.M., Sarsenbaeva Zh.B., Kurmanbayeva A.P. Alash kalamgerlerinin shygarmalaryndagy tauelsizdik ideyasy zhane ulttyk kundylyktar maselesi [The idea of independence in the works of Alash writers and issues of national values]. Keruen, 4(85), 183-194 (2024). DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-14 [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Исмакова Айгүл Серікқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан, E-mail: aigul.ismakova@nu.edu.kz, ORCID: 0009-0003-3374-0742.

Исмакова Айгуль Сериковна – доктор филологических наук, профессор, Назарбаев Университет, Астана, Казахстан, E-mail: aigul.ismakova@nu.edu.kz, ORCID: 0009-0003-3374-0742.

Ismakova Aigul Serikovna – Doctor of Philology, Professor, Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan, E-mail: aigul.ismakova@nu.edu.kz, ORCID: 0009-0003-3374-0742.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ӘДЕБИЕТТАНУ/ LITERATURE STUDIES/ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

ХҒТАР 17.09.09 *DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-230-246*
Ғылыми мақала

Абай дәстүрі Мағаз Разданұлы өлеңдерінде

Т. Қадыл
Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

(E-mail: taldaobekashimhan@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада М. Разданұлының шығармашылық өсу жолы, Абайдан қабылдаған үлгісі (мазмұн, форма жағынан) зерттеледі. Зерттеудің мақсаты – Мағаз жасампаздығының ашылмаған тың қырларын ашу. Мағаз қытайдағы қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі болған дарынды ақын. Ол поэзиясында өз басынан кешкен күрделі өмірді суреттей отырып, XX ғасырдың 30-шы жылдарынан 80-ші жылдар аралығында болған Қытай қоғамының тарихи, әлеуметтік шындығын ашады. Осы мақсатты орындау үшін оның «Асулар толғауы», «Уақытқа жауап», «Босаға», «Ертең» қатарлы жыр кітаптарына талдау жасалады. Мағаз өлеңдеріндегі шеберлік пен тереңдікті зерттеу де, әсіресе ондағы Абай үлгісін көрсету кезінде екі ақынның өлеңдері салыстыра талданады. Сондан-ақ зерттеудің теориялық негізін бекемдеу үшін шетелдік жазушы, философтардан Дерек Джонстон, Реми Хесс, Нән Фань, Ло Гэньзы, Фыи Фың, ал отандық ғалымдардан Мұхтар Әуезов, Ғарифолла Есімнің ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды. Мақаланың ғылыми және практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижесінде М.Разданұлының поэзиялық мұрасы туралы маңызды тұжырымдардың жасалуы. Зерттеудің жаңалығы мен нәтижесі – Мағаз Разданұлының Абай дәстүрін жалғастырушы ақын екенінің дәйектелуі. Сондай-ақ ақынның түрмеде туған тағдырлы жырларындағы уақыт шындығы мен философиялық мәні танытылады. М.Разданұлының абақтыда туған шығармаларының тарихи мәні, заманалық суреті қоса көрсетіліп, оны ақын басынан кешкен күрделі өмір шындығымен сабақтастырыла қарастырлады.

Түйін сөздер: Мағаз Разданұлы, поэзия, Абай үлгісі, философиялық тереңдік, тарихи астар, көркемдік шеберлік.

Түсті: 20.12.2024; Жөнделді: 03.03.2025; Мақұлданды: 05.06.2025; Онлайн қолжетімді: 25.06.2025

Кіріспе

Мағаз Разданұлы – өз дәуірінің қоғамдық ойын жеткізуде зор дарынын әйгілеген көрнекті тұлға. Ол 1924 жылы 22 сәуірде қазіргі ҚХР Алтай аймағы Буыршын ауданының Дулайты ауылында дүниеге келген. Мағаздың алғаш сауатын ашқан адам әкесі болса, қара қанаттанып өнерге аяқ басқан шағында рухани ұстаз тұтқан кісісі – ұлы Абай болды. Абай өлеңдерін қолынан тастамай оқыды, «Көзбен көріп, ішпен білуге» құмартты. Абайды ұстаз тұта отырып, алғашқы өлеңдерін соған еліктеп жазды, және әр туындысын Абайша терең ойлы етіп жазуға талпынды. Мағаз поэзиясына бажайлап үңілеген адам оның алғашқы өлеңдерінен тартып, толысқан ақын болған шағына дейінгі жазғандарынан Абайдың үлгісін байқамай, аңғармай қалмайды. «Өнердің жақсысы» (1949 ж.) деген мына өлеңінде де ұлы ұстазы Абай салған нәш-нақышпен түрлендіре жазады.

Атаққа құмартпай,
Ғылымды көздеңіз.
Құдық қаз инемен,
Ерінбей іздеңіз.

«Сен жақсы» дегенге
Мақтанға беріліп.
Құр қалып жүрмеңіз,
Әншейін еліріп.

Құр далбай не болар,
Бір сәуле қонбаса.
Абырой оралмас,
Шын ғылым болмаса [1, 63].

Ақын жалпы 11 шумақтан тұратын бұл өлеңінде адамдарға «Арғы атам бай болған, би болған» деп аруақ өңгеріп бос мақтан іздемей, ғылым тауып, адамшылық жолында болуды дәріптейді.

Осы сарындас «Кел өспірім жас ұлан» (1948 ж.) атты өлеңінде де ұрпақты оқу оқып, білім алуға шақырып ұран тастау жағы айқын көрінеді. Бұл – Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген әйгілі өлеңінен нәр алып, өркен жайған жас бұтақ тәріздес еді.

Кел өспірім жас ұлан,
Мектеп міне ашылды.
Шыққан күндей нұрланып,
Сәулесі оның шашылды.

Мектеп ана ұрпағын,
Адамдыққа баулымақ.
Балалықты қи бауырым,
Тентектіктен бол жырақ.

Еркелеткен ата-ана,
Ер жетер деп үмітті ол.
Ақтағандай еңбегін,
Сен білімді жігіт бол [1, 72].

Мағаз өмірінің бұл тұсы қазақ даласының әр жерінде білім ошақтары жарқырай жанып, сәулесін енді-енді шаша бастаған кез тұғын. Ақын өз халқының баяғыдай аз ғана малды түгемес байлық санап арқаны кеңге салмай, адамның көкірек көзін ашып, өзге жүртпен терезесін тең ететін өнер-білім үйренуді дәріптейді. Мұндай ғылым пайдасын бәрінен артық қоятын ұлы идеялар – Абай өлеңінің де үлкен арқауы болғаны анық. Бұл жағынан келгенде де Мағаз ойлары ұлы Абай ойымен тоғысады. Бұл зерттеу еңбекте Мағаздің тарихи астары қалың тағдырлы жырларын талдай келіп, оның Абай үлгісін қалай қабылдап, қаншалық дәрежеге жеткізгенін ашып беруді мақсат еттік.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің материалы ретінде Мағаз Разданұлының «Уақытқа жауап» (1984), «Ертең» (1998), «Босаға» (1998), «Асулар толғауы» (1982) қатарлы жыр кітаптары мен Абай өлеңдері пайдаланылды. Мағаз өлеңдеріндегі Абай үлгісін көрсету үшін Мағаздың Абай жасаған өлең үлгілерінің құрлымдық (пішіндік) жағынан да үйреніп, сол үлгіге түсіре отырып жазаған бірқанша өлеңдері салыстырыла талданады. Әрі салыстыра талдау кезінде Мағаз өлеңдеріндегі ой тереңдігі мен дәуір рухы, замана суреті де қоса көрсетіледі. Зерттеудің теориялық негізін бекемдеу мақсатында шетелдік ғалымдардан Дерек Джонстон, Реми Хесс, Нән Фань, Ло Гэньзы, Фыи Фың, ал отандық ғалымдардан М.Әуезов, Ғ.Есім қатарлы ғылымдардың ғылыми тұжырымдары зерттеудің негізі ретінде басшылыққа алынды.

Зерттеудің негізгі теориялық (әдіснамалық) тәсілі – Мағаздың Абайды ұстаз тұта отырып, одан қабылдаған үлгісін дәлелдеп көрсетуде екі ақынның өлеңдері салыстра талданды. Өлеңнің сырт құрлымы, ішкі тереңдігі, дәйр суреттерін беруі секілді жақтарын көрсетуде талдау, саралау, жинақтау, қорытындылау, т .б. ғылыми әдістер қолданылды. Зерттеу мәселесіне байланысты пікіріміздің ғылыми, әрі сенімді болуы үшін ақынның поэзиясына қатысты тұжырымдар; және ондағы кейбір философиялық атаулар (шайтан, қайғы жеу) салыстыра талдау, сипаттау әдістері арқылы терңдей ашылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Абайды өзіне ұстаз тұтқан Мағаз Абайдан үйрене отырып, өз сара жолын салуға құлшыныс жасайды. Абайға еліктеу барысы негізінен Мағаздың алғашқы өлеңдерінде көбірек ұшырасады. Дегенмен алғашқы қадамының өзінде әр өлеңінің іші мен сыртын бірдей әсем де әсерлі етіп шығаруға тырысады. Өлеңге Абайша зор талап қойды. Әрі өз өлеңіне алдымен өзі сыншы бола білді. Бұл кезде Мағаз Абайдың өлеңдерін ғана емес, Мағжан, Сәкен, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Ақыт сияқты көптеген атақты ақындардың да өлеңдерін оқитын, және өз жазғанын солармен салыстырып та көретін. Өз өлеңі солардан төмен деңгейде жатыр ма деп ұялып тартынатын да еді. Сондықтан да болар алғашқы өлеңдерін айналасына біршама танымал болған өлеңші, айтыскер ақын жеңгесі Зәме Қосайқызының (Мәсіғұттың әйелі) атымен газет бетінде жариялайды. Мұнан өзге сол

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

кезде шыққан «Бірлік» журналында «Мір» деген қалам атпен бірқыдыру өлеңдері мен «Адасқан аюдың ақтық өсиеті» атты сатиралық дастаны жарық көреді.

Мағаздың алғашқы шығармаларын өзгенің атында немесе қалам атпен жариялауында да өзіне қойған талап-тұрғысының биік екенін байқауға болады. Абайға еліктеуден бастаған алғашқы өлеңдерінде өзіне тән бөгенайы, стилі менмұндалайды. Оның 24 жасында жазған «Көктем» деген өлеңінде кәнігі суреткерге тән алымдылдық, ойлылық бар.

Бұзылды сайларда қар, өзенде мұз,
Бүркенген ақ жаулығын тастады құз.
Күн лебін сүйе қарап сүйді әлем,
Тұрғандай қолын бұлғап бір сұлу қыз.

Жылтиып жер бетінде жауқазындар,
Көгеріп күшіктеді жас өрім тал.
Шұбыртып шөбересін арттан ертіп,
Жөнелді күншуаққа кемпір мен шал.

Тастапты жылқышылар қошқар тонын,
Ескен жел тотықтырған өңін оның.
Маужырап жыл шыққан мал есін жиып,
Төседі арық-торпақ күнге жонын.

Жас төлдер дүркіресіп қотанда ойнап,
Шолып еткен шабақтайын салып ойнақ.
Аққу, қаз көлде жүзіп қиқуласа,
Бозторғай шырылдайды көкте сайрап [1, 87].

Мағаздың жаңа бастап жазып жүрген бұл өлеңінде Абай поэзиясының үлгісі бар десекте, ақын жалаң еліктеумен қалып қоймай, өзінше өрнек төккен.

Мағаздың ұқсас тақырыпты қалай жеткізіп жазғанын түсіну үшін Абайдың «Жазғытұры» өлеңімен салыстыра оқып көрелік:

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбаңдасар өзінің түрғысымен.

Кемпір мен шал шуақ іздеп, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қуанар.
Жыршы құстар әуеде өлең айтып,
Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар.

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,
Ол қайтсын қара түнде жарқылдамай.
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өңі қашып, бола алмас бұрынғыдай [2, 120].

Абай «Жазғытұры» өлеңінде табиғат құбылысы мен қыр жайлаған малшы өміріндегі өзгерістерді шендестіре суреттей келе, тіршілік диалектикасын, заңды құбылысын философиялық ойларға ұластырады.

Мағаз Абай үлгісінен үйрене отырып, содан тың жол тапқан ақын. Өлеңнің ішкі мән-мазмұнын да, сыртқы образ-бояуын да нанымды шебер бере біледі. Әрбір көрініс деталды соншама жанды бейнелеуінен тіпті бұл өлеңді Мағаздың алғашқы қаламсынау өлеңі деп айту қиын. Көктемгі табиғат көрінісін, малшы өмірін айнытпай дәл, образды кестелеген. «Күн лебін сүйе қарап сүйді әлем, тұрғандай қолын бұлғап бір сұлу қыз», «Жылтиып жер бетінде жауқазындар» сықылды образды метафоралар керемет орнын тауып, өлеңге жан бітіріп, мол әсерге тоғытып тірі суретке айналдырып жіберген.

Абай:
Безендірген жер жүзін тәңірім шебер,
Мейірбандық, дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер [2, 121].

Мағаз:
Мінеки, көктем нұры жерге ұласты,
Мейіріммен анаң иіп төсін ашты.
Тілазар я серімас, болмай тентек,
Төсіне махаббатпен төсе басты [1, 88].

Абай да, Мағаз да қара жерді мейірбан анаға балап суреттейді. Ұқсас тақырып, ұқсас мазмұнды екі ақын өз тұрғысымен қарап шеберлік көрсетеді.

Мағаз әр уақыт Абайды оқып, одан жанды түрде үйрене білді. Болмыстың тереңіне Абайша үңіліп, Абайша толғанды. Сондықтан да ақынның қай өлеңінен болсын өзіндік сара із, айқын стиль сайрап жатады. Мына бір өлеңінде Мағаз өз өмірінің бұралаңға толы қилы суретін сызады. Басынан аунап бара жатқан қымбат шағының, асыл өмірінің еріксіз бұғауда өтіп жатқанына налиды. «Барады көлеңкені күн ұзартып» деп мезгілмен бірге таусылып бара жатқан өмірді Абайша суреттеп, айшықты балама жасайды.

Абай:
Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса [2, 57].

Мағаз:
Барады көлеңкені күн ұзартып,
Қараймын көкжиекке көз мұнартып [1, 93].

Тұс қиған соң көлеңке басы ұзартыны – жаратылыс заңдылығы, көз көрген болмыс шындығы. Мұндағы көлеңке – өмірдің баламасы. Оны ұзартып ары қарай түн құшағына тұншықтырып жоқ ету уақыт дейтін құдыреттің ісі. Осы әмбеге аян қарапайым шындықты өлең жолына көшіру – ақындық шабыт арқылы орындалады.

Мағаз өлеңінің бұл тармағы мазмұн жағынан Абай өлеңіне ұқсағанымен, дәл көшірмесі емес. Мұны ұлы Мұхаңның – Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда: «ойдың көпшілігі жұрт айтқан болуы мүмкін, бірақ соны басқаша түрде айта білудің өзі қасиет» [3, 122].

Мағаз өлеңінде «барады көлеңкені күн ұзартып» деген бұл тармағындағы көлеңкенің ұзаруын өткен өмірдің символы ретінде алғанымен, өлеңнің тұтас мазмұнында ақын өмірінің өкінішке, арманға толы жан елжіретер суреті бар. Өлеңнің әр жолынан ақын тағдырының айқын ізін көргендей боламыз. 1974-ші жылы түрмеде жүріп жазған ақынның бес шумақтан тұратын тағдырлы жырын бөліп-жармай толық оқиықшы:

Көп құдым қашағанды, қайтты ажар,
Заманым жатырқағыш болды ожар.
Өкініш ордым ылғи, үміт егіп,
Осыны кейінгі ұрпақ бір аңғарар.

Басқан із, бастың бітті артта қалмақ,
Тағдыр жоқ туған күнге қайта бармақ.
Келер күн не дайындап келе жатыр,
Қат-қабат салады сол ойға салмақ.

Барады көлеңкені күн ұзартып,
Қараймын көкжиекке көз мұнартып.
Көңілдің көк дөненін жуасытып,
Келемін ұзақ көштің жүгін артып.

Тас төсек – уайым бейне, ұйқысызбын,
Ой – талғау, үміт – арық, сабыр – тізгін.
Азайған ақыл, қайрат, сынық қамшым,
Қалғаны осы болды қолда біздің.

Ең жақсы бір кітаппын мен сендерге,
Оқып көр, көндім қалай күнелтерге.
Болайын мен не болсам, сен аман бол,
Сандалған түспе ізіме, соңыма ерме [4, 64].

Өлеңнің әр жолы ойға, сырға толы. Онда қоғамның, заманның ақын тағдырына аяусыз салған өшпес дертті жарасы бар. «Көп құдым қашағанды, қайтты ажар» дейді ақын. Жас күнінде тағдырдың мұндай ауыр соққысына ұшырамай тұрғанда асқақ арман, биік мұраттың соңынан алаңсыз жетем деп қуып еді. Заман бір аунап түскенде, енді міне жазықсыздан өмірі босқа өксіп өтіп барады... бұл өлеңді жазғанда ақынның айдауда, түрмеде жүргеніне 16 жылдай болған. Өткен өмірін оймен қыдырған ақын өзінің тұтас тағдырын, жалақор заманның сиқын бес шумақ өлеңге сидырып отыр.

«Заманым жатырқағыш болды ожар» – шындығы мол сөз. Отаным, елім деп ет жүрегі елжіреген ақынды ұққан жоқ. Өнерлі, саналы адамдардың барлығына жау көзбен жатырқай қарайтын керзаман оның алдына кесірін тосты. Күткен үмітім ылғи кері бағып өкінішіме айналып отырды, мені заманым түсінбеді, бірақ, сен ескер келешек ұрпақ дейді ақын.

Мағаздың осындағы үміт, өкініш туралы ойлары да Абай ойымен астасады. Мағаз «Өкініш ордым ылғи, үміт егіп» дейді. Бұл оның басынан кешкен тағдыр суреті. Жүрегіңді

шымыр еткізер осы тірі тіркесте ақынның аңдатып отырған үміті мен өкінішін қалай түсінеміз? үміті – «оны үйтсем екен, бұны бүйтсем екен» дейтін қара басының қамынан туған тілектер ме? өкініші шы? әлде ол да пенделікке бой алдырған қатардағы қалың қарақұрсақтың бір сүрініп кеткен қате қадамына бола айтқан байбаламы ма? жоқ, мүлде олай емес. Ойлы адамның үміті де, өкініші ондай надандыққа салынған қораштықтан аулақ. Оның үміті мен арманы – келешек ұрпаққа өлмес өнегелі өнер қалдыру еді, соның жолында бар күш-қуатын арнап білек сыбана кірісе бергенде тыныш өмірді ойламаған жерден «соқты да дауыл, бұзды да кетті» (Қ.Аманжолов).

Абай «үміт» сөзін бір ғана мағынада қолданбапты. Соның тағы бірнешеуін талдап көрелік. Себебі осылай істегенде Мағаз өлеңінде айтылған үміт, өкініш сөзінің түкпірін толық көре аламыз ба деймін.

Абай өлеңінде «тірі адамның ісі – үміт» дейді [5, 183]. Үміт тірліктің жай белгісі ғана емес, мағыналы өлшем-бағыты. Тірі адам әйтеуір бір үмітке сүйеніп күн кешеді. Алайда Абайдың айтып отырғаны әйтеуір кеудесінен жаны шықпай, жер басып сүлдесін сүйретіп жүрген бұралқы тіршілік емес. Мағаздың да айтып отырған үміті – алыс қиырды меңзейді. Үміт – келер күннен жақсылық күту, ғылым іздеп, өнер жолына түсу арқылы келешек ұрпаққа өлмес үлгі, мәңгілік мұра қалтыру. Абай айтқандай: «өлмейтұғын артына сөз қалдыру». Үмттің жетер мәресі осы.

Абай: «Көк тұман алдыңдағы келер заман» деген өлеңнің келесі тармағында «үмітті сәуле етіп көз көп қадалған» дейді. Қатардағы көп адамдар үшін келер күннің келбеті бұлғыңыр, не болмағын бір тәңірінің өзінен басқа білмейді. Данышпан Абайдың өзі келешектің қандай боларына болжау айтып сәуегейлік жасамайды. Керісінше шындыққа жүгіне отырып, келер заманды «көк тұманға» теңейді. Ал сол белгісіз дүниені, бейнесіз кеңістікті адам тек үміт арқылы елестетеді. Бүгінгі өмірінің мәнін келешек мұраты арқылы ашады. «Әр заманның өз сұрқылтайы бар» дегендей әр қоғам өз адамын тұлғалайды. Соған сай тауқыметі, бөлек тағдыры болады. Адам алдағы өмірінде өкініш арқалап, сор кешіп өтем деп ойламайды, жүрегіндегі асыл-асыл, асқақ-асқақ армандарды орындауы үшін үмітті тек алдағы күннен күтеді, отанына, еліне сенім артады. Мағаз өлеңінде айтылған үміт, өкініш міне осындайдан туған еді.

Абай: үміт сөзінің мағынасын келесі өлеңінде кеңейтеді. «Алды – үміт, арты – өкініш, алдамшы өмір» дейді. Бұл – тұтас адам тағдыры туралы айтылған мейлінше кең мағынадағы философиялық түйін. Мұндағы өкініш болмай қоймайтын өмір заңдылығы. Өмірдің адам бұза алмас қағидасын ешкім де аттап өте алмақ емес. Абай төртінші қара сөзінде: «...Адам баласы жылап туады, кейіп өледі», – дейді [5, 160]. Адамның жылап туатыны – болмыс, көзтаныс шындық. Ал үміт пен өкініш арасы – тіршілік. Тіршілік ортасы – қуаныш аралас бола ма? тұтас өмір азаппен, жылаумен өте ме? ол заманға да, тәңір басқа жазған жазымышқа да байланысты болады.

Мағаз өлеңінің екінші шумағында өмірдің жалғандығы, өтпелілігі туралы философиялық ой айтылады. Бұл ойын ақын өз тағдырымен байланыстыра отырып, тұтас адам баласының өміріне ортақ идеялармен тұтастырады. Өз өмірінің, қымбат уақытының жазықсыз жаламен текке өтіп бара жатқанын жай байбаламмен жеткізе салмайды. Бұл ойлары Абай өлеңімен бір арнада тоғысып жатыр.

Абай:
«Жас – қартаймақ, жоқ – тумақ, туған – өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

Басқан із, көрген қызық артта қалмақ.
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.» [2, 84].

Мағаз:
«Басқан із, бастың бітті артта қалмақ,
Тағдыр жоқ туған күнге қайта бармақ.
Келер күн не дайындап келе жатыр,
Қат-қабат салады сол ойға салмақ» [1, 162].

Бұл екі өлең мазмұны мен ойды бейнелеу ерекшелігі жағынан ұқсастау. Мағаз өз өмірінің сырын өнерде пір тұтып, болашақ жолына бағдар еткен ұстазы Абай сияқты тереңнен толғап, ұлы ойларға ұластырып әкетеді.

Мағаз – Абайды ұстаз, үлгі тұтты. Өнер жолында оның поэзиясынан үйренсе, өмірде Абай сөздерін әрдайым тура жолға салып отыратын бағдаршы етті. Жалғаннан жала жабылып, басына күн туғанда Абай сөзімен өзін сабырға шақырды. Қиын күнде адастырмас, ар жолынан тайдырмас темірқазығы Абай деп білді. Заман, қоғам шындығын жырласа да, табиғат суретін салса да Абайша толғанып, шым тереңге бойлады. Қазақ ақындарының ішінде Абайды жақсырақ таныған, және жақындап барған адамның бірі – Мағаз Разданұлы деп айтуға болатындай. Өйткені оның көп өлеңдерінің жазылу стилі, ой биіктігі жағынан Абаймен үндесіп жатқандығы дәлел болады.

Мағаз «Соңғы нүкте» атты өлеңінде қоғамдық өзгеріс пен адамдар санасының оянуына ілесе езілген халықтың азаттыққа шығып, теңдікке жете бастағанын суреттейді. Және оны өз басындағы жайлармен, өзі көріп қанықкан объективтік дүниемен бауырластыра, жымдастыра бейнелейді. Ақын болмыс суретін құрғақ баяндап беруден мүлде аулақ. Әр ойын ұлы ұстазы Абай сияқты астары қалың сөз-образбен жеткізеді. Аталған өлеңнің алғашқы шумағы былай беріледі:

Құдай куә шайтаннан көп кішімін,
Дегенмен буырыл тартқан кісімін.
Өзімменен заманы бір жылдардың,
Асырадым сырттанын да күшігін [6, 58].

Өлеңді желдіртіп оқи салмай, ішіне үңіліп көңіл аударған адам оның әр тармақ, әр сөйлеміне әлдеқайда терең мағына сиғызып отырғанын байқайды. Мағаз өлеңінің бірінші тармағын «...шайтаннан көп кішімін» деп алады. Біз мұны ақынның тек ұйқас үшін ғана қосарлай салмаған сөзі деп білеміз. Осы «ШАЙТАН» сөзін Абай да бірқанша рет қолданған. Осы арада Абай философиялық ұғым дәрежесіне көтеріп қолданған бұл сөздің мәнін сәл кеңірек таратып айтқанды орынды көреміз.

Әсілі шайтан – алланың өзі ерік беріп жаратқан періштелерінің бірі еді. Аллатағала періштелерді (менің ойымша да шайтан періштеден бөлініп шыққан) оттан жаратады да, оларды биікте – көкте тұруға ұйғарады. Сосын бір періштені өзі топырақтан жасап жерге түсірген адамның қамқоршысы болып соған бағын (иман келтір) дейді. Бірақ әлгі менменшіл періште «мен оттан жаралған тұрсам, не үшін топырақтан жасалынған адамға бағынуым керек» деп өзін жаратқан аллаға қарсы келеді. Сонымен ібіліс атанған бұл періштені аллатағала адамдар арасына қуып жібереді. Алайда алланың қаһарына ұшырап

періштелер арасынан қуғындалғанымен, шайтан атанған бұл періште жаратушыдан ақырзаманға дейін адамдар ісіне араласып, азғындық жасауға рұхсат алады. Сондықтан алланың рұхсат-қалауымен болған шайтанның (ібілістің) әрекеті алланың өзіне қарсы әрекет емес, қайта адамға қатысты. Адамдар арасына келген шайтан ұясын – адамның жүрегіне, жанына (көңіл. ниетіне) салады. Іс жүзінде шайтанның қызметін алланың өзі берген. Ол адамның шешуге ақылы жетпейтін алланың мәңгілік жұмбақтарының бірі. Шайтан – адам табиғатын ашып беретін сыншы. Шайтан – адам табиғатының сырын ашуға көмектесетін алланың ерекше жаратындысы. Ал ендігі шайтан не үшін адамға қастандық жасаушының – азғырушының символына айналды дегенді жобалап айтсақ, шайтан (тегінде, шайтан да періште) өзінің мекенінен қуаланғандығын адамдардан көріп, оларға өмір бойы өштесіп кеткен. Сондықтан оның әрекеттерін шайтандық іс деп атаймыз. Адамдардың ізгі істерінен зұлымдық артығырақ түсіңкіреп жатса шайтанның көбірек иектегенінен яғни оның жеңе бастағанынан дерек береді. Ал адам баласы шайтанның қосшысы болып кетпей, шайтаннан алыс болудың, одан сақтанудың жолын іздейді, қорғаушысына (періштесіне) сүйенеді. Адамды шайтанға жығып беретін (шайтанмен дос, қолдас ететін) нәрсе – оның білімсіздігінен, көкірегін қараңғылықтың басуынан болады. Шайтан – жамандықтың иесі болса, оның қарсы жағында ізгілік иесі – періште тұрады. Адамдарды албастының (шайтанның) басуынан, жеңіп кетуінен қорғайтын қорғаушы – періште. Ол адамдардың жүрегін ауық-ауық кірден тазалап, игі іске ынтықтырып тұрады. Демек «шайтан – зұлымдықтың баламасы» [7, 63]. Адам санасына шайтан көбірек қараңғылық түсірсе, ол шайтанға ілеседі. Шайтандық жасайды яғни шайтанның нұсқағанын істейді. Мұны қазақша айтқанда жаманшылыққа жол ашады. Мағаз өлеңінде «...Шайтаннан көп кішімін» деп отырғаны өзін түрлі жамандықтардан аулақпын дегені. Шайтандықтың көбейтушісі – надандық. Ал Мағаз сияқты рухани дүниесі бай адамдар шайтандықты маңына жолатып, жүрегінен ұя бермейді. Сондықтан қалай айтсақ та Мағаз бұл жерде алысқа құлаш сермеп, ойшылдығын танытып отыр.

Жоғарыда, «шайтан» сөзін Абай да бірқанша жерде қолданған дедік. Енді соған мойын бұрайық: Абай «Қартайдық, қайғы ойладық...» деп басталатын 12 шумақтан тұратын өлеңінде біреу емес, бірқанша ойларын ұсынады. Өлеңінің басқы шумақтарында адамның тууы, қартайуы, өлуі сынды жаратылыстық заңдылығын айтса, одан кейінгі жерлерінде өнер үйреніп, ғылым-білім іздеу, жалқаулықтан тыиылып адал еңбек ету сияқты адамдық қасиеттерді сәдеттей келіп, ел жақсысы атанып атқа мінгендердің өз нәпсісінің жетегінде кетіп шайтандық жолға түскенін сындайды. Шайтанның жетегінде кету – надандықтың кесірінен, ғылым-білім жоқтығынан болады. Ел билеуге құмартқан пысықтардың надандығынан ел азды, салт бүлінді дейді Абай. Сондықтан осы өлеңінің соңында Абай:

Ел бұзылса, салады шайтан өрнек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек [2, 52].

Елдің бұзылуы – жамандықтың жайылып өріс алуы яғни шайтандықтың еркіндеп еніп, тайраңдап өрнек салуы. Бір сөзбен түйіндеп айтқанда, шайтанның салған өрнегі – түрлі жамандықтардың жиынтық аты. Оған Абай өлеңінде сындап отырған барлық жамандықтар кіреді. Сондықтан Абай елді бұзатын нәрсе – Шайтандық. Содан сақтанбақ,

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

арылмақ керек дейді. Осы өлеңнің екінші тармағында «періште төменшіктеп, қайғы жемек» делінеді. «Тегінде қайғы жеу – періштеге емес, ол адамға тән қасиет» [8, 23]. Шын мәнінде иіні түсіп төменшіктеп, қайғырып отырған періште емес, адам. Адам болғанда да надандық кебін киген көнкеуделер емес, ішкі дүниесі біліммен нұрланған қайғы жей білетін (қайғы – тереңдіктің символы) парасат иесі. Сондықтан бұл арада Абайдың астарлап отырғаны өзі секілді – Мағаз айтқандай «шайтаннан көп кіші» тұратын адам. Періштенің қайғы жеуін – рухани тазалықты, тереңдікті білдіретін философиялық концепция ретінде қарауға да болады. Неге десеңіз, «қайғы – адамның дүниеге көзқарасының, рухани кеңдігінің өлшемі» [9, 227]. Адамдар көбінде кемшіліктерін өздерінің надандығынан туып отырғанын білмей, шайтандықтың азғырындысына айналады. Өлеңнің соңғы тармақтарының түйіні де осыған келіп тоқтайды. Абайдың бұл өлеңінде таратып айтылар астар көп мәнді меңзейді. Алайда дәл осы жерде Абай өлеңіне байланысты айтылған періштенің қайғысы мен шайтанның дүниетанымы туралы сөз астарын қазбаласақ, атымызды тым алысқа айдап алатын сияқтымыз. Сондықтан тақырыбымыздан бұра тартар әңгімені, талдауды осымен доғара тұрайық та, негізгі мазмұнға көшейік.

Мағаз Абайдан үйренгенде екі жақтан – нақтылап айтқанда өлеңнің тысқы өрнегі мен ішкі тереңдігі жағынан бірдей үлгі алды. Алғашқы өлеңдерінде сыртқы формалық жақтан еліктеу біршама басымдырақ болса, ал жасампаздық жақтан әбден толысып, қалыптасқаннан кейінгі шығармаларында ішкі тереңдік басымдық орын алады. Әр ойын Абайша салмақтап, алысты аңдатуға күш салғаны анық аңғарылады. Жоғарыда мысалға алған «Өнердің жақсысы» (1949 ж.), «Кел өспірім жас ұлан» (1948 ж.) өлеңдері Мағаздың 24-25 жасында жазған алғашқы өлеңдері болғандықтан өлеңнің идеялық жағынан да, сырт құрылысы жағынан Абайға еліктеп, соның ізімен ғана кетіп қалғаны анық байқалады. «Мағаз өлеңдері негізінен дәстүрлі қара өлең ұйқасымен келеді» [10, 86]. Тек алғашқы үйрену, еліктеу сатысында тұрған кезінде Абай жасаған өлшем-өрнектермен жазып көрген өлеңдері де кездеседі. Бірақ бұлары онша сәтті шықпаған. Мысалы, «Кей кезде көңілің» (1949 ж.), «Мақтанам» (1951 ж.), «Желікпей жақын кел» (1956 ж.) сияқты бірқыдыру өлеңдері алты буынды болып келеді. Мұндай алты немесе сегіз буынды өлеңдер Абайда көп ұшырайды. Салыстырып көрсек:

Абай:
Қызарып сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі.
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі.

Аяңдап ақырын,
Жүрекпен алысып.
Сыбдырын, тықырын
Көңілмен танысып. [2, 44].

Мағаз:
Азыңа-ақ желігіп,
Ентігіп еліріп.
Надан деп басқаны,
Қарайсың жеріліп.

Өзіңді танымай,
Деміктің жаным-ай.
Нан илеп кеудеңмен,
Сөз қойды жарымай. [1, 64].

Бұл – Мағаздың алғашқы қаламсынау өлеңдерінің бірі. Өлеңнің құрылыс жүйесі – ұйқас, буын, екпін, ырғағы жағынан мысалға келтіріліп отырған Абай өлеңіне ұқсайды. Ал «Балшық мола» атты мына өлеңінің құрылысы Абайдың «Бай сейілді» деп басталатын өлеңімен бірдей шыққан. Ақын өлеңін ұлы ұстазы Абай жасаған өлшем-қалыпқа сала отырып, өз ой-өрнегін төккен.

Абай:
Бай сейілді,
Бір пейілді-
Елде жақсы қалмады.
Елдегі еркек
Босқа селтек
Қағып, елін қармады.

Жөнді-жөнсіз,
Сөз – теңеусіз,
Бас пен аяқ бір қысап.
Ұрысса орыс,
Елге болыс
Үйден үрген итке ұқсап [2, 76].

Мағаз:
Балшық мола
Саған бола,
Тастап келдік біз жолды.
Келіп кеткен,
Тауап еткен
Күндеріміз көп болды.

Келген кезде
Мейлі сезбе,
Мейлі сезін бір есеп.
Біздер үшін
Құрметтісің,
Әйтпесе біз келмес ек [1, 36].

Мағаз бен Абайдың өлеңін қатар қойып салыстырып отырғандағы себебіміз – ол алғашқы жасампаздық жолынан бастап ұлы Абайдың тәжірибесін бойына сіңіре отырып, поэзияда өзіндік мәнер-машығын тауып стилдік ерекшелігін қалыптастырғандығын баса айту болатын. Жоғарыда біз Мағаздың Абай поэзиясынан екі жағынан яғни біріншіден,

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

формалық жағынан – өлшем-өрнегінен; екіншіден – аз сөзбен көп ойды бейнелейтін ішкі тереңдігінен үйренді дедік. Осы ойларымызды ары қарай толықтыра түсу үшін келесі кезекте Мағаздың ақындық туралы көзқарастары мен Абайға арнаған өлеңдеріне азырақ тоқталамыз.

Мағаз Разданұлы «Ақын және жыр» атты өлеңінде ақын тағдыры және оның қызметі, поэзия құдыреті мен сыр-сипаты хақында ұзағырақ сыр толғайды.

«Ақын кім? сөнбес жұлдыз, тұтас дәуір,
Қысқы аяз, жазғы шуақ, күзгі дауыл.
Өлмес жан, өшпес рух, осы үшін
Сөз қозғау дәтің жетіп қандай ауыр» [11, 164], – деп ақынның рухани образын жасап, статусын анықтайды. Ақын табиғаты мен ақындық өнер жайында әуелден қалыптасқан әркімнің өзіндік жеке пікірлері болатыны рас. Оқушы жұртшылық Мағаздың беріп отырған бұл анықтамасын да жалпы ақындыққа қатысты қалыптасқан бұлжымас теория деп емес, автордың жеке пікірі деп қабылдайды. Дегенмен осы тектес пікірлердің бас түйісер тұстары да жоқ емес, олардың сарқып құяр сағасы – ақындық дегеніміз ой-сезім, парасат жағынан қарапайым адамдардан озғын, өзгеше болмысыққа ие жандар.

Қазақ әдебиетінде ақындық табиғат пен өлең сөздің теориясын кемелді түрде түсіндірген теорик, әдебиеттанушы ғалымдарымыз жетерлік. Ең қызығы, әдепкі жағдайда, ешкім де әліге дейін өлеңге Абайдан артылтып өлшем, сын айта алмағандай, Абай нұсқаған сол тұсқа кідіріп жалтақтай беретініміз бар. Әйтеуір, осы жағынан келгенде Абайдың сөзі бұзылмас берік қорған, таусылмас азық болып келеді. Өлең деген не деген сауалға Абай: «Өлең деген әр сөздің үйлесімі, сөз қосарлық орайлы жарасымды» [2, 41] деп келеді де, оған қойылар «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деген өлшем-талабын ұсынады. Қазақтың танымындағы ақындықтың қадыр-қасиеті туралы да құр қалдырмай, айтарын жеткізе айтып (жазып) кеткен. Сөйтіп, біз іздеген, және әркім-әркім өзінше көзқарас айтқан мәселелердің бәріне де Абай тегіс жауап беріп қойыпты.

Әлбетте, осы маңынан табылып отырған Мағаз ойын да осалға балай алмаймыз. Мысалы аталған өлеңнің мына бір шумағына зер сала кетейікші... «Өлеңді өнер деп білген жан ешқашан оны ермек санап, көңіл қошын басудың құралына айналдырмайды» [12, 165]. Абайша түсіндірсек: ер жақсысы түбі терең сөз жақсысын тани да, келістіре де біледі, асыл сөзін «көр жерге» жұмсап қасиетін қашырмайды. Осы ойдың желісі Мағазда былайша өріледі:

Тәттінің санасызға дәмі кермек,
Сезілер ойы кемге өлең ермек.
«Не арзан – өлең арзан» деп жүргендер,
Қымбатқа қалай, қайтып баға бермек? [11, 176].

Қай заманда да ақиқатты айтушыларға тосқауыл аз болмаған ғой!? әсіресе кешегі тарылған заманда ақын, жазушы аталатын елдің маңдайға басар адамдары алдымен қуғын-сүргін көрді. Оқтың ұшына бірінші болып солар ұсталды. Олардың жазығы — туған елін, халқын сүйгені, шындықты айтып, ұлы өнер тудыруы еді. Амал нешік? надан қоғам – қашанда парасатты жандарды көзге шыққан сүйелдей көріп, оны ортасынан аластауға

қолынан келген барлық қаскүнемдік әрекетін жасайды. Тарих бәрін дәлелдеп келеді. «Тілге кісен салып», «Кітапты соттаған» [13, 46] қоғамның ешуақытта да оңбайтындығын уақыт өзі шындыққа шығарды. Адамдар жүрегіне сәуле шашатын парасат иесі ақын-жазушылардың соңына шырақ алып түсіп, «қасақана қолмен трагедия жасау – бірер адамның жеке басына келген апат емес, бүкіл бір ұлттың тағдырына жасалған зорлық-зомбылық есептелінеді» [14, 35]. Мағаз өлеңінің аңдатып отырғаны да міне осы тұс.

Бейшара не көрмеді пақыр заман,
Басына түскен талай ақыр заман.
«Сор шекпей бақыт жоқ» деп ақын сонда,
Күреске жері бар ма шақырмаған.

Дүниенің сәл жамалса жарықшағы,
Жанданып оңалғандай қамшы табы.
Жұлдызы оң, жақсы күннің жаршысындай,
Бәрінен бұрын көнген ақын тағы.

Қара жер мыс қазандай қойған асып,
Қайнады бірде баяу, бірде тасып.
Бақыттың, сордың да әйтеу алдында ақын,
Келеді бірге жасап жағаласып.

Ақынның ақ көңілге тілі тәтті,
Өзімшіл қазымырға тиер қатты.
Екі ұрты біреуі бал, біреуі у,
Тағдыры ақынды өстіп зор жаратты [15, 177].

Өлең – көңілдің күйі десек, бұл өлеңдерінен де Мағаздың өзі кешкен өкінішті өмірінің ізі білінеді. Мағаз – өмір тауқыметін өзі тұстас адамдар ішінде көбірек тартқан жан. 21 жылдық түрме өмірі ақынға көп нәрсенің сырын ұқтырып қана қойған жоқ, оның жүрегіне жазылмастай жара салды. Өлеңдеріне әлсін-әлсін сол заманның сағымы түсіп, көңіл күйі кірігіп кете беретіні осыдан.

Мағаз өмірде де (басына қиындық түскен сол кезеңдерде), өнерде де Абайды ұстаз тұтып, Абай сөзін әр уақыт басшылыққа алып отырды. Соның куәгері – Абайға арнаған өлеңдері. Өнер жолына қадам қойып, жаңа бастап жазып жүрген кезінде де алғашқы жырын Абайға арнапты. Сол жырларының бірпарасы мынау:

Абайды мен жасымнан өстім тыңдап,
Деген ол – екі нәрсе сыр мен сымбат.
Сыр – іші, сымбат – сырты, сол себепті,
Жақсының өзі тұлға, сөзі қымбат.

Көмулі қазына екен Абай сыры,
Симайды деп айтуға «көптің бірі».

Бұл екен он мың жылдар кетседе өтіп,
Бәрінде жеті күннің Абай тірі.

Алаштан Абай туған мен де туғам,
Сол үшін жасқанғам жоқ айғай-шудан.
Семейдің суын қазақ «зәмзәм» десе,
Бетімді Қара Ертістен менде жуғам.

Ең әсерлісі – аурухана төсегінде жатып, жарық дүниемен қоштасар сәтінде де ауызға алғаны Абай сөзі екен. Ең соңғы жазған өлеңін де Абайға арнап жазыпты. Сол соңғы өлеңі «Ой тәңірі» деп аталады. 13 шумақтан тұратын өлеңінде Мағаз Абайды күллі қазақтың мақтанышы, адамзаттан асып туған данышпан деп бағалайды. Сол айтулы өлеңнен бірер шумақ оқиық:

Мықтыға аты мәшһүр жүрмес талас,
Абай бір жемісі мол аласа ағаш.
Бір жұлдыз аспанынан жанып туып,
Төрінің кетік жерін толтырды алаш.

Абай тек ақын емес, ой тәңірі,
Айтуға асқақ үкім жетті әмірі.
Арқауын көркемөнер ширатар да,
Болмады муза алдында әрі-сәрі.

Төске өрлеп барған сайын алыстады,
Қай оймен оза шауып таныспады?!
Дүние мойындайтын болды әмірі,
Шығыстың аты әйгілі данышпаны.

Әңгіменің түп түйініне келсек, Мағаз Разданұлы – тынымсыз ізденумен өткен суреткер ақын. Абай, Шәкарымдердің поэзиясымен ғана емес, қазақтың фольклорлық және жыраулық әдебиетін де, ХХ ғасырдың басындағы алаш қайраткерлерінің еңбектерімен де жақсы таныс болған.

Қорытынды

Қорытып айтқанда, Мағаздың өнер жолына түсуіне үлкен игі ықпал еткен, және өмірде де, ұстаз тұтқан адамы Абай болды. Мағазға әкесі алғаш оқуға ұсынған кітап – Абай Құнанбайұлының өлеңдер жинағы еді. Мағаз әкесінің қадағалап түсіндіруі бойынша бұл кітапты әр уақыт қолынан тастамай оқиды, көп жерін жаттап алады, өлеңнің терең мағынасына бойлауға құлшынады. Мағаз 1939 - 1940 жылдары Сарсүмбедегі педагогикалық мектепте (Мұғалымдарды тез жетістіру күрісі) оқып жүргенде, бұл кітапты өзгелердің де оқуы үшін толық көшіріп шығады. Осыдан бастап Абайды өмірлік рухани ұстазы етеді. Алғашқы өлеңдерін де Абай үлгісіне салып жазады.

Мағаздың тұтас жасампаздығынан өз өмірі, яғни адам өз кескінін айнадан көргендей анық көрініп тұрады. Оның өмір жолы бір сыдырғы мамыражай тыныш өмір болған жоқ.

«Асты-үстіне түсіп» дегендей тым орныққсыз аласапыран қоғамдық жағдайға дөп келді. Шытырманды, соқпақты өмір кешті. Жазушының шын ойшыл суреткерге айналуы үшін оған тек талантты болу жетіспейді, күрделі тағдыр кешу керек сияқты дейтін сөз бар. Мүмкін бұл өмір шындығына сүйеніп шығарылған даналық тұжырым болар. Мағазды философ еткен де, гуманист күрескер еткен де оның қилы-қиян тағдыры. Барлық қазақ ақындары Абайдан үлгі алды, бірақ Абайдан үйренгеннің бәрі мықты ақын болып кеткен жоқ. Мағазды ақын еткен – оның драмалы тағдыры. Қиянатшыл заманның зорлық-зомбылығын көп көріп, «жүрегі қырық жамау» (Абай) болған ақынның өлеңдерінде тек өз күйінішті ғана орын алған жоқ, оның халқының тағдыры туралы жиы толғанып, ақиқат, әділет, адамшылық жайына көбірек қалам жүгірте беретіні де содан еді. Сондықтан да, Мағаз Разданұлының ақындық ерекшелігін тереңірек барлап байыптағанда байқайтынымыз – шығармашылығының айқын бір қыры болып тағдыры жатса, енді бір жағында – ақиқат жолында күрескен өршіл ақынның асқақ тұлғасы, ажал алқымдап келген қиын сәттерде де өзінің сабырын жоғалтпайтын, адамшылық жолынан адаспайтын маңғаз бейнесі көрініп жатады. Мейлі қай тақырыпты қаузаса да өлеңінен өзімен тұстас жылдардың суреті көрініп тұрады. Уақыт, тарих, заман, қоғам, адам тағдыры жайындағы терең толғаныстары өзі басынан кешкен кезеңнің астан-кестен аласапыран жайімен астасып жатады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Әдебиеттер тізімі

1. ماعاز رازدان ۇلى. اسۋلار تولعاۋى. -كۇيتاڭ: دله حالىق، 1982. -135 ب.

2. Құнанбайұлы А. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы, I-том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.

3. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.

4. ماعاز رازدان ۇلى. ۋاقىتقا جاۋاپ. -بەيجيڭ: ورتالىق ۇلتتار، 1984. -110 ب.

5. اباي قۇنانباي ۇلى. اباي اقىلياالارى. -بەيجيڭ: ورتالىق ۇلتتار، 2008. -250 ب.

6. ماعاز رازدان ۇلى. مرتەڭ. -كۇيتاڭ: دله حالىق، 1998. -147 ب.

7. Есім Ғ. Хакім Абай. Монография. – Астана: Фолиант, 2012. – 395.

8. Дерек Джонстон. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2018. – 216 б.

9. Реми Хесс, Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019. – 360 б.

10. ميدىحات ماعاز ۇلى. بەلەستەر بەلگىسى. -بەيجيڭ: ورتالىق ۇلتتار، 2000. -380 ب.

11. ماعاز رازدان ۇلى. تاڭدامالى شىعارمالارى. -ءۇرىمجى: شينجياڭ حالىق، 2016. -420 ب.

12. 南帆. 文学理论. 北京：北京大学出版社，2008. 306 页.

13. 罗根泽.中国文学批评史. 上海书店. 2003 年版. 74页.

14. 费鹏. 新世纪长篇小说的历史现象. 吉林：东北师范大学，2019 年134页.

15. ماعاز رازدان ۇلى. بوساعا. ءۇرىمجى: شينجياڭ حالىق، 1998. 120 ب.

Т. Кадыл
Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Традиции Абая в стихах Магаза Разданулы

Аннотация. В статье изучается творческий путь Магаза Разданулы, манера выражения, перенятая у Абая. Цель исследования – раскрыть нераскрытые грани творчества Магаза - талантливого поэта, одного из основоположников казахской литературы в Китае. Описывая в своих стихах нелегкую жизнь, которую он пережил, он раскрывает историческую и социальную реальность китайского общества 1930-1980-х годов. Для достижения этой цели анализируются его поэтические книги «Асулар толғауы», «Уақытқа жауап», «Босаға», «Ертен». Изучение мастерства и глубины стихов Магаза, особенно на примере Абая, представляет собой сравнительный анализ стихов двух поэтов. Для укрепления теоретической базы исследования в качестве метода исследования использовались научные выводы зарубежных писателей и философов Дерека Джонстона, Реми Хесса, Нань Фаня, Ло Гэньцзы, Фэй Фэна, а также отечественных ученых М. Ауэзова, Г. Есима и др. Научно-практическое значение статьи заключается в том, что результаты исследования дают материальную основу для поэтических произведений М. Разданулы. Новизна и результаты исследования заключаются в том, что пример Магаза, взятый у Абая, подвергается сравнительному анализу. Оно призвано раскрыть искренность и философский смысл судьбоносных стихов поэта, рожденных в тюрьме. Показаны также историческое значение и современная картина произведений Магаза, рожденных в тюрьме, и они рассматриваются во взаимосвязи с трудной реальностью, пережитой поэтом.

Ключевые слова: Магаз Разданулы, поэмы, пример Абая, философская глубина, исторический фон, художественное мастерство.

T. Kadyl
R.B. Suleymenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Tradition of Abai in the poems by Magaz Razdanuly

